Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 374.02 Қолжазба құқығында

**БЕКЖАНОВА БАХЫТЖАМАЛ ЖОРАБЕКҚЫЗЫ**

# Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру

6D010300- Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
п.ғ.д., профессор
Тұрғынбаева Б.А.
Шет елдік кеңесші
п.ғ.д., профессор
Мартишаускиене Э.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2014

**МАЗМҰНЫ**

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**......… 3
**АНЫҚТАМАЛАР**...... 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**......… 6
**КІРІСПЕ**...... 7
**1 ЖОҒАРЫДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА МАМАНДАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**...... 16
1.1 Болашақ педагогикалық мамандарды дайындау мәселесінің ғылыми теориялық еңбектерде талдануы...... 16
1.2 Акмеологиялық амал - магистрлер дайындаудың әдіснамалық негізі ретінде...... 29
1.3 Болашақ ғылыми-педагогикалық мамандардың акмеологиялық дайындығының мәні, мазмұны, құрылымы ...... 40
**2 ЖОҒАРЫДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА МАМАНДАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**..... 59
2.1 Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандар дайындаудың қазіргі жағдайы мен стратегиялық бағыттары...... 59
2.2 Болашақ ғылыми - педагогикалық мамандарды дайындаудың акмеологиялық тұжырымдамасы...... 71
2.3 Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі...... 80
**3 ЖОҒАРЫДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА МАМАНДАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**...... 92
3.1 Магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың шарттары...... 92
3.2 Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығының бастапқы диагностикасы ...... 105
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперимент және оның нәтижелері...... 117
**ҚОРЫТЫНДЫ**...... 142
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**...... 145
**ҚОСЫМШАЛАР**...... 161

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-ІІІ ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы, Астана, Ақорда және 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487–ІV ҚРЗ, Астана, Ақорда.

Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. «Егемен Қазақстан» 10 шілде, 2012 ж.

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж.,ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғарыдан кейінгі білім. Магистратура. Негізгі ережелері.23 тамыз, 2012 жыл. №1080 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік технологияны оқытудың оқу үрдісін ұйымдастыру ережелері».

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. ҚР Президентінің 2012.27.08. № 371 жарлығымен бекітілген.

Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырушы ұйымдар қызметінің типтік ережелері.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 347 бұйрығы.

Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелері.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 347 бұйрығы.

Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген кредиттік оқу технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 365 бұйрығы.

# АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Акме –** (грек тілінен аударғанда – шың, кемелдену кезеңі) – бұл жоғарғы нүкте, тұлғаның кемелденуі, оның жоғарғы жетістіктерге қол жеткізудегі кезеңі, оның барысында әр түрлі салалар бойынша тұлға жетілуінің көрініс беруі, оның қабілеттері мен даралығының барынша дамуы байқалады.

**Акмеология -** жаратылыстану, қоғамтану және гуманитарлық пәндер негізінде пайда болған ғылым, ол адамның жетілу кезеңіне дейінгі оның даму заңдылықтары мен феноменін зерттейді.

**Акмеологиялық әдіс** – акмеологиялық мәселелер мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін тәсілдер мен әрекет ету амалдарының жиынтығы.

**Акмеологиялық әсер ету–** бұл гуманистік мазмұндағы кіріктірілген және мақсатқа бағытталған тұлғаға немесе топқа әсер ету.

**Акмеологиялық білім –** бұл ғылыми-әдіснамалық бағыттағы және үш компонентті құрылымнан тұратын арнайы кешенді білім.

**Акмеологиялық заңдылықтар –** тұлғаның және іс-әрекеттің кәсібилігіне қарай ұмтылудағы қатынастар мен басымдылықтардың тұрақты байланыстарының сипаттары.

**Акмеологиялық зерттеу** – акмеологияның жетекші қағидаларына негізделген, акмеологиялық мәселелер мен міндеттердің шешілуімен байланысты ғылыми зерттеу.

**Акмеологиялық құзыреттілік** – А.К. Маркова ұсынған категория, кәсібиліктің жүйесін және оның кәсіби жүргізілуінің саласын құрайтын таным компоненті.

**Акмеологияның пәні -** жетілген тұлғаның ілгері дамуына ықпал ететін және оның жоғары кәсіби жетістіктеріне себеп болатын заңдылықтарды, психологиялық және акмеологиялық тетіктер, шарттар мен факторларды сипаттайды.

**Акмеологиялық амал -** акмеологиялық мәселелер мен міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін, психологиялық-акмеологиялық қағидалар мен әдістер жиынтығын сипаттайтын базистік жалпылама акмеологиялық категория.

**Акмеологиялық технология** – гуманистік мазмұндағы тұлғалық-кәсіби дамуға бағытталған «психологиялық технология» ұғымына жақын категория. Акмеологиялық технологиялардағы басты әдіс – акмеологиялық әсер ету.

**Акмеологиялық факторлар -** қозғаушы күштер сипатындағы негізгі себептер, кәсібиліктің басты анықтаушылары (В.Г. Зазыкин).

**Акмеологиялық шарттар –** тұлғалық және іс-әрекеттің жоғары кәсібилігіне қол жеткізудің маңызды шарттары.

**Тұлғаның кәсібилігі -** бұл кәсіби маңызды және тұлғалық-іс-әрекеттік қасиеттерді дамытудың жоғары деңгейін бейнелейтін еңбек субъектісінің сапалық сипаты, ілгерушілік дамуға бағытталған креативтіліктің жоғары

деңгейі, түрткілер жүйесінің және құндылықтық бағдарлардың адекватты деңгейі.

**Тұлғалық-кәсіби даму** - бұл жоғары кәсіби жетістіктерге және өзін-өзі дамыту, кәсіби іс-әрекетінде және өзара әрекеттесулерде жүзеге асатын тұлғаның кәсібилігіне қарай бағдарланған оны қалыптастыру үдерісі (А.А.Деркач, В.М.Дьячков).

**Шеберлік** - иілгіш дағдылар мен шығармашылық көзқарас негізінде қол жеткізілген, белгілі бір саладағы кәсіби біліктердің жоғарғы деңгейі ретіндегі, тәжірибе арқылы жинақталған тұлғаның сапасын сипаттайтын, акмеология мен еңбек психологиясына жататын категория.

**Іс-әрекет кәсібилігі** – жоғары кәсіби біліктілікті және құзыреттілікті, сонымен бірге шығармашылық шешімдерге, қазіргі алгоритмдер мен кәсіби міндеттердің шешілу тәсілдеріне негізделген тиімді кәсіби дағдалар мен біліктерді, бейнелейтін жоғары тұрақты өнімді іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін еңбек субъектісінің сапалық сипаты (А.А.Деркач, В.Г.Зазыкин).

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы
ЖОО - Жоғары оқу орны
ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
БДТІ - «бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет»
ЗІ – зерттеушілік іс-әрекет
МҒЗЖ – магистранттардың ғылыми –зерттеу жұмысы
КЕ- кешенді емтихан
МД – магистрлік диссертация
МК – міндетті компонент
ТК – таңдау компоненті
АҚШ – Америка құрама штаттары
PhD – философия докторы
ҚазҰПУ – Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
ҚМУ – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
СМУ – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі**.

Еліміздің әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында мамандар дайындау сапасын арттыру бүгінгі күні білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі. Қоғамдағы үдемелі өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ педагог мамандарда жаңа кәсіби ойлауды қалыптастыруды көздейді. Заманауи қоғам бәсекеге қабілетті, шығармашыл, жаңа өзгермелі жағдайларға тез бейімделуге дайын, өзін-өзі дамытатын, өз бетінше шешім қабылдай білетін азаматтарды тәрбиелеуге қабілетті, кәсібилігі жоғары педагог мамандарды қажет етеді. Осы қоғамдық сұранысқа сәйкес лайықты маман дайындауда ең бастысы олардың кәсіби шыңдалуына басымдық берілуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деп, білім саласының алдына зор міндет жүктелген болатын [1]. Ал «Қазақстан әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық сөзіндегі 13-ші қадамында Елбасы Білім және ғылым министрлігіне орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орындарында «Акмеология, жеке және әлеуметтік табыс негіздері» атты оқу курсын енгізу жөнінде тапсырма бергенді [2].

Осыған орай, кәсіби әрекетте және өмірдің басқа да салаларында табыс биігіне жетуді мақсат ететін тұлғаны дамыту, бәсекеге қабілетті сапалы адам капиталын құруды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесі алдындағы аса жауапты міндеттер болып табылады.

Қойылған міндеттерді шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [3], Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [4], Қазақстан Республикасы жоғарғы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы [5], Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттар [6] және басқа мемлекеттік нормативтік құжаттар мен Елбасының жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау ретінде ұсынатын стратегиялық бағдарламалары құрайды.

Болашақ мамандарды дайындау білім алушыларды кәсіби білімді меңгеру, еңбек жағдайында қарым-қатынас жасау, ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, кәсіптік міндеттерді тиімді шешу біліктерімен қаруландыру мәселелерін шешу болып табылады. Осыған орай, магистратура жағдайында болашақ маманды жоғары шеберлік деңгейде қызмет етуге дайындау ерекше қоғамдық мәнге ие, өйткені олардың білімі кәсіби құзырлылықпен тікелей байланысты.

Қазіргі педагогикалық білім беруде болашақ мамандардың кәсіпке деген мотивациясын күшейту, олардың шығармашылық әлеуетін жетілдіру, тұлғаның шығармашылық әрекетке дайын болуын қалыптастыру арқылы кәсіби іс-әрекетте жетістікке қол жеткізу үшін жеке мүмкіншіліктерін анықтау мен пайдалануды қамтамасыз ету алдыңғы орынға шығарылады. Магистратурада

білім алушыларды өзінің таңдап алған болашақ мамандығына деген сүйіспеншілігін арттырып, тек қана педагогикалық іс-әрекет негіздерін игеріп қана қоймай, кәсіптік шеберліктің шыңына жетуге бағдарлануы жас маманның акмеологиялық дайындығының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Бұл ретте интегративті-кешенді ғылым ретіндегі акмеологияның алар орны ерекше. «Акме» ұғымы кәсібиліктің шыңына шығу сол арқылы өмірде табыстарға жету, шығармашылық әлеуеттің дамуы мен адамның шығармашылық әрекет жағдайында ұзақ болуымен түсіндіріледі. Маманның кәсіби тұрғыдағы жетілуі және оның шыңына жетуі оның кенеттен әрі бірден қалыптаса салмайтын полифункционалды жағдайы. Оған индивидтің алдыңғы сатыда алған білімдері мен жинаған тәжірибелері «жұмыс жасайды». Тек солар ғана маманның қандай тұлғалық бағдарлары мен кәсіби қабілеттері, қаншалықты білім қоры мен білік, дағдылары оны жасампаз субъект деңгейіне жетелейтінін көрсетеді.

Педагогика және психология ғылымдарында болашақ мамандар дайындау мәселесіне дәстүрлі түрде көңіл бөлініп келеді. Өткен ғасырдың орта тұсынан басталған осы бағыттағы үрдіс нәтижесінде қазіргі кезде бұл мәселені көтеріп, оның түрлі астарларын терең зерттеуге қажетті ғылыми қор бар деп есептеуге болады.

Белгілі ғалымдар (С.И.Архангельский [7], А.А.Вербицкий [8], В.А.Сластенин [9] т.б.) студенттердің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру мәселесін және олардың өзін-өзі әрі қарай үздіксіз білім алу арқылы дамытуын жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісінің заңдылықтарын ескеру мен студенттерді оқытуды технологияландыру, маманның іс-әрекет моделін құрылымдау арқылы қарастырады.

Сонымен қатар (В.И.Андреев [10], Ю.К.Бабанский [11], Н.В.Кузьмина [12], В.В.Сериков [13], т.б.), маманды кәсіби даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздеріне, мамандықтың мәніне, өзіндік ерекшеліктері мен функцияларына тоқталады. Оның құрылымын негіздей отырып, маманның іс-әрекетінің кәсіби бағдарын, студенттердің шығармашылық және өздігінен дербес білімін жетілдіруге байланысты ғылыми-әдістемелік бағдар ұсынады.

Отандық ғалымдар Н.Д. Хмель [14], А.А.Бейсенбаева [15], С.Т.Каргин [16], А.Қ.Рысбаева [17], Қ.К.Жампейісова [18] болашақ мамандарды дайындаудағы біртұтас педагогикалық үрдістің теориясы мен практикасы мәселесінің әртүрлі аспектілерін зерттеу нысанына алған.

Білім беру мұратына сәйкес педагог мамандарды даярлау тәжірибесі Г.Қ.Ахметова [19], педагогтердің зерттеу мәдениетін қалыптастыру З.А.Исаева [20], болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыру Б.А.Оспанова [21], А.С.Швайковский [22], Қ.М.Нағымжанова [23] студенттің креативтігін қалыптастыру мақсатында инновациялық технологияларды пайдалану Г.Қ.Нұрғалиева [24], жоғары мектеп дидактикасының дамуы Т.С.Сабыров [25], Е.Ө.Жұматаева [26], жоғары оқу орнындағы оқыту мәселелерін Болон үдерісі талаптарына сай басқару Н.А.Асанов [27], С.Ә.Әбдіманапов [28] еңбектерінде

зерделенген. Болашақ мамандардың кәсіби даярлығын білімдік үрдісте ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы қалыптастыру саласында орындалған ғылыми еңбектер қатарына болашақ мамандардың ақпараттық және зерттеу мәдениетін қалыптастыру (Е.Ы.Бидайбеков [29], Р.Ч.Бектұрғанова [30], К.М.Беркімбаев т.б.) [31] және т.б. жатады.

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру жолдары туралы М.А.Құдайқұлов [32], Б.Кенжебеков [33], Ш.Т. Таубаева [34], Е.Ш. Қозыбаев [35] және т.б. ғалымдардың еңбектерінің біздің жұмысымыз үшін маңызы жоғары болды.

Педагогикалық білім беру мазмұны, болашақ педагог-мамандарды кәсіби әрекетке даярлаудың қырлары, педагогтардың кәсіби қабілеттерін қалыптастыру, мұғалімдерді даярлаудың тарихына арналған зерттеулерді Қ.Б. Сейталиев [36], Р.К. Бекмағамбетова [37], А.Д. Қайдарова [38]) және т.б. жүргізген.

Педагогтардың кәсіби дарындылығын дамыту мәселесіне Л.М. Нәрікбаева [39], ал болашақ маманның біліктілігін, шығармашылық әлеуетін дамыту Б.А. Тұрғынбаева [40], магистрлерді дайындауда зерттеушілік іс-әрекеттің рөліне Б.Ш.Баймұхамбетованың [41-44] зерттеу жұмыстары арналған.

Дегенмен болашақ маманның акмеологиялық дайындығын қалыптастыру категориясы педагогика ғылымында жеткілікті дәрежеде жарық көрмегендігі қазіргі жоғарғы және одан кейінгі деңгейлерде шығармашыл оқытушы үлгілерін қалыптастыруға жаңа талаптарға сәйкес келетіндей мүмкіндік бермейді. Сондықтан мәселені түбегейлі жаңаша қарау қажеттігі туындайды.

Зерттеу барысында зерделенген әдебиеттерде ЖОО болашақ мамандарды кәсіби әрекетке дайындау үрдісін **акмеологиялық парадигма** талаптарына сай қайта қарау, оның теориясы мен ғылыми-әдістемелік негіздерін жаңарту мәселесі арнайы зерттелмегендігі анықталды. Мамандар дайындаудың практикасы магистратурада әртүрлі пәндер бойынша беріліп жатқан білімнің бір- бірімен байланысының аздығынан маманның жоғары кәсібилік пен «акме» деңгейде еңбек етуге дайын болуын қалыптастыруға әлеуеті жеткіліксіз екендігін байқатты. Бұл жағдай:

- ЖОО болашақ ғылыми - педагогикалық мамандарды акмеологиялық тұрғыда дайындауға деген қоғамдық сұраныс пен оған негіз болатын тұжырымдамалық тұғыр мен тиімді жолдарының айқындалмауы арасындағы;
- жоғарыдан кейінгі білім деңгейінде мамандар дайындаудың мазмұны мен білім алушылардың оқу әрекетінің негізінен өткен әлеуметтік тәжірибеге сүйенуі мен оларды болашақ кәсіби әрекетке, белгісіз жағдайлар мен педагогикалық шығармашылыққа дайындау арасындағы;
- болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың сапасын көтерудің объективті қажеттілігі мен осындай мүмкіндіктің жүзеге асуын қамтамасыз ететін тиімді шарттардың ғылыми негізделмеуінің арасындағы **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетеді.

Осындай қарама-қайшылықтар магистранттарды болашақта «акме»

деңгейге жеткізетін жоғары кәсібилік тұрғыдағы дайындығын жетілдірудің теориялық және тәжірибелік негіздерін айқындау мәселесін туындатып, зерттеудің тақырыбын **«Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру»** деп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, оның тиімділігін арттыратын тұжырымдамасын, моделін, шарттарын айқындау, тәжірибеден өткізу.

**Зерттеу нысаны:** жоғарыдан кейінгі білім беру сатысында мамандар дайындау үдерісі.

**Зерттеу пәні:** болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру.

**Зерттеудің ғылыми болжамы: егер** магистратура жағдайында инновациялық қоғам талаптарына сәйкес мамандар дайындаудың тұжырымдамасы мен моделі жасалып, оқыту мазмұны шығармашылықты дамытуға бағытталса, білім алушылардың кәсібиліктің жоғары деңгейінде еңбек етуге қажетті сапаларын жетілдіруді тиімді ететін шарттар жүзеге асырылса, **онда** болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығының қалыптасуы нәтижелі болады, **өйткені** бұл жағдайда педагогикалық ортаның әлеуетінің мейлінше толық пайдаланылуы мүмкін болады.

**Зерттеудің міндеттері**

1. Болашақ мамандарды дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, «акмеологиялық дайындық» ұғымының мәнін ашу.
2. Жоғарыдан кейінгі басқышта мамандарды дайындаудың қазіргі жағдайына талдау жасап, оны акмеологиялық тұрғыда жетілдірудің стратегиялық бағыттарын анықтау.
3. Болашақ мамандардың жоғарыдан кейінгі білім сатысында акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың тұжырымдамасын жасау.
4. Магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындап негіздеу.
5. Магистратурада мамандардың акмеологиялық дайындығын нәтижелі ететін психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтап, сынақтан өткізу.

**Зерттеу жұмысының жетекші идеясы** – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі мамандардың дайындығын акмеологиялық деңгейге жеткізу болашақ педагогикалық мамандардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының ғана емес, жалпы білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

**Зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздерін** шығармашылықтың мәні, педагогикалық шығармашылық жайлы философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер, диалектикалық таным теориясы, жеке тұлғаның дамуы мен әрекет теориясы, тұтас педагогикалық үрдіс теориясы, үздіксіз білім және кәсіби педагогикалық білім, тұлғаның шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы жайлы теориялар құрайды.

**Зерттеу көздері:** акмеологиялық білім мен шығармашылық жайлы

философтардың, психологтардың, педагогтардың, әдіскерлердің еңбектері, Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми материалдары (Заңдар мен бағдарламалар), Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары (тұжырымдамалар, бағдарламалар, стандарттар, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.), ғылыми-педагогикалық мерзімді басылымдар, диссертанттың педагогикалық тәжірибесі.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері**

**Бірінші кезеңде (2011-2012 жж.)** зерттеу мәселесі айқындалып, ғылыми аппараты құрылды, тақырып бойынша материалдар жиналды. Эксперимент жұмысының жоспары, бағдарламасы жасалды. Оқу-әдістемелік материалдар сұрыпталды. Оқу орындарының педагогика магистрлерін дайындауға жасалған құжаттары зерделенді.

**Екінші кезеңде (2012-2013 жж.)** айқындау эксперименті барысында магистранттардың алғашқы білім деңгейлері тексерілді (тест, сауалнама жүргізіліп, тапсырмалар берілді және т.б.), нәтижесі қорытындыланды, қалыптастыру эксперименті жүргізілді, теориялық материалдар жүйеге келтірілді.

**Үшінші кезеңде (2013-2014 жж.)** қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, зерттеу нәтижелері сұрыпталып, өңделді. Диссертация талап бойынша рәсімделді, әдебиеттер жүйеленді.

**Зерттеу әдістері**

- теориялық (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге теориялық-әдіснамалық, логикалық тұрғыда талдау жасау; зерттеудің ғылыми болжамын нобайлау, модельдеу, тұжырымдау);
- эмпирикалық (бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу, өзіндік талдау, нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау және шешу, магистранттардың конкурстық материалдарын, өзіндік және шығармашылық тапсырмаларын талдау, педагогикалық эксперимент).
- зерттеу барысында алынған мәліметтерді математикалық және статистикалық тұрғыда өңдеу.

**Зерттеу базасы:** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. Педагогикалық эксперимент жұмысына қатысқан магистранттардың жалпы саны – 298.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні**

1.Болашақ мамандар дайындау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «акмеологиялық дайындық» ұғымының мәні ашылды.

2. Жоғарыдан кейінгі басқышта мамандарды дайындаудың қазіргі жағдайына талдау жасалып, оны акмеологиялық тұрғыда жетілдірудің стратегиялық бағыттары анықталды.

3.Болашақ мамандардың жоғарыдан кейінгі білім сатысында акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың тұжырымдамасы жасалды.

4.Магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың

құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды.

5.Магистратура жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың шарттары айқындалып, зерттеліп отырған сапаны қалыптастыруға негіз болатын «Педагогикалық акмеология» атты элективті курс бағдарламасы дайындалып тәжірибеден өтті.

**Зерттеудің практикалық мәні** Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың моделін, тұжырымдамасын, таңдау курсын, акме-тренингтер мен технологиялар, қолдану бағытындағы педагогикалық эксперимент жасалынып, нәтижелері қорытындыланды. Соның негізінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жоғарыдан кейінгі білім беру үдерісін жаңартуда, біліктілікті арттыру жүйесінде пайдалануға болатындығымен сипатталады.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар**

- Мамандардың акмеологиялық дайындығының теориялық-әдіснамалық негіздері тұлғаның дайындығы феномені туралы қалыптасқан тұлға мен іс-әрекет кәсібилігінің құрамдас бөлігі, тұлғаның ішкі белсенділігінің біртұтас көрінісі ретіндегі қарастыратын психологиялық-педагогикалық теориялар жүйесі;

- Болашақ мамандардың «акмеологиялық дайындығы» олардың ғылыми және педагогикалық жұмыстарды жоғары өнімділікпен атқаруға мүмкіндік беретін педагогикалық шығармашылық кәсібилік, шеберлік жайлы акмеологиялық білімдерін, өз мамандығына оң көзқарасы мен жетістікке жетуге деген тұрақты талпынысын, кәсіби мәнді сапалары мен эмоционалдық еріктік аймақтарын кіріктіретін тұлғаның интегративті сипаттамасы;

- Акмеологиялық тұжырымдама зерттеушінің болашақ жоғары оқу орнының оқытушысының кәсіби іс-әрекетті жоғары жетістікпен жүзеге асыруға қажетті субъективті (жасай аламын) және объективті (жасай алады) дайындығын қамтамасыз етуді ұйымдастыруға байланысты авторлық көзқарас жүйесі, байламы;

- Магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жоғары оқу орнының болашақ оқытушысын ғылыми педагогикалық әрекеттерінің дайындығын қамтамасыз ететін ұстанымдарды, компоненттерді, құралдары мен формаларды ашып көрсететін әдіснамалық, теориялық және әдістемелік сипаттағы негізгі қағидалар жиынтығынан түзілген құрылым.

- Магистратура жағдайында мамандарды акмеологиялық тұрғыда дайындау: жоғарыдан кейінгі білім беру үдерісі мазмұнының акмеологиялық дайындықты қалыптастыруға бағыттылығы; магистранттардың акме-дайындығын тиімді ететін тренингтер мен белсенді әдістер қолдану; магистранттың шығармашылық іс-әрекеттегі субъектілігін дамыту; магистранттардың акме-дайындығына әсер ететін педагогикалық ортаны жасау сияқты шарттар жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі** – зерттеу мақсатына сәйкес кешенді әдіс-тәсілдердің қолданылуымен, магистранттың өзіндік танымдық іс-әрекетінің қалыптасуына арналған философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердегі қағидалардың басшылыққа алынуымен; тәжірибелік эксперимент жұмыстарының нәтижелерін өңдеумен және алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етіледі.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспе бөлімінде** зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, объектісі, нысаны, ғылыми болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негізі, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлдануы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

**«Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандарды акмеологиялық дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздері»** деп аталатын бірінші бөлімде мамандар дайындау мәселесінің отандық және шетелдік зерттеулерінде талдануы, сонымен бірге магистрлер дайындаудың әдіснамалық негізі ретінде акмеологиялық амал сипатталып, «акмеологиялық дайындық» ұғымының мәні ашылады, құрылымы анықталады.

**«Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері»** атты екінші бөлімде жоғарыдан кейінгі білімде мамандар дайындаудың қазіргі жағдайы, болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың тұжырымдамасы, құрылымдық-мазмұндық моделіне сипаттама беріледі.

**«Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандар дайындаудың психологиялық педагогикалық шарттары және оларды жүзеге асыру»** атты үшінші бөлімде болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың психологиялық педагогикалық шарттары мен зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың қорытындылары келтіріледі.

**Қорытындыда** зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдар сипатталады.

Қосымшада жұмысқа енбеген, зерттеу барысында пайдаланылған диагностикалық материалдар беріледі.

**Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу.** Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары мен нәтижелері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының Педагогикалық мамандықтар кафедрасы отырыстарында, халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда талқыланды.

**Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру:** Зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрді.

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім жағдайында мамандардың кәсіби

құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері // Қазақстан мектебі. – 2012. - №1(2). – Б. 114-118.

2. Психология ғылымында шығармашылықты зерттеу мәселелері// Хабаршы. Психология сериясы. - Абай атындығы ҚазҰПУ. – 2012.- №3(32).- Б.66-71.

3. Педагогикалық акмеология – әлеуметтік педагогикалық мәселе ретінде// Хабаршы. Педагогика сериясы. - Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2013.- №1 (37).- Б.69-72.

4. Жоғарыдан кейінгі білімде болашақ мамандар даярлаудағы акмеологиялық тұғыр// Хабаршы. Педагогика сериясы. - Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2013.- №2(38).- Б.69-74.

5. Магистратура мамандарын дайындаудың акмеологиялық технологиясының жобалануы // Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының хабаршысы. №4 (шілде-тамыз),2013. Б.82-88.

6. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімде мамандар дайындаудың құрылымдық-мазмұндық моделі // Хабаршы. Психология сериясы. - Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2014.- №1(38).- Б.273-282.

7. Әлеуметтену өрісінде тұлғаның психологиялық ерекшеліктері // Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның инновациялық саясатының басымдық бағыттары мен технологиялары атты халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция. - Абай атындағы ҚазҰПУ, 27 наурыз, 2012. - Б. 71-76.

8. Тұлғаның кәсіби дамуының акмеологиялық ерекшеліктері // Жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми - педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция. - Абай атындағы ҚазҰПУ, 28 қараша, 2012. - Б. 244-248.

9. Жеке тұлғаның дамуын зерттеудің акмеологиялық тұғыры // Конференция «Магистранттар мен PhD докторанттарды кәсіби даярлауда акмеологиялық амалды іске асырудағы психологиялық-педагогикалық шарттары». Алматы., 4 ақпан 2013ж. Б.112-119.

10. Акмеологические аспекты психолого-педагогичесой подготовки будущих специалистов // «Образование и наука без границ» международная научно-практическая конференция. 07-15 декабрь,2011. Польша.Том 18.Педагогические науки. С.43-46.

11. Акмеологические аспекты профессионального самосовершенствования субьектов образовательного процесса // VIII Международной научно-практической конференции «ACHIEVEMENT OF SCHOOL – 2012» 17-25 November,2012.Том 15. Педагогические науки. С.23-28.Место издания: Бял ГРАД-БГ (г.София, Болгария)

12. Магистратура жағдайында педагогикалық кадрлар дайындаудың акмеологиялық астарлары // «Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы» атты халықаралық ғылыми конференциясы; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы. 25-26 сәуір, 2013 жыл. Б.254-259.

13. Исторический обзор этапов становления акмеологии как

самостоятельной науки // «Білім әлеуметтануы» екінші халықаралық симпозиум; 16-17 мамыр,2013 жыл. Б.552-557.

14. Жоғарыдан кейінгі білім беру жағдайында мамандар дайындаудың шет елдік тәжірибелеріне талдау // «Қазіргі замандағы жоғары мектеп дамуы: Білім беру сапасы және жаһандық контекст » атты жоғары білім беру саласындағы халықаралық симпозиум. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті -–Елбасы қоры, Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы, Қ.И.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ. 30-31 мамыр,2013 жыл. Б.94-101.

15. Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандар дайындаудың қазіргі жағдайы. // «Бектаев оқулары 1: Ақпараттандыру – Қоғам дамуының болашағы» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция. Шымкент, 2014 жыл. Б. 773-780

16. Akmeological approach in professional training of theundergraduates in terms of postgraduate education. // 2n$^{d}$ Cyprus International Conference on Educational Research13-15 February 2013, Ataturk Teacher Training Academy, Lefkosa (Nicosia), North Cyprus Procedia - Social and Behavioral Sciences 89(2013) 544-548

17. Specific features of masters students professional development. // 5$^{th}$ World Conference on Educational Sciences- WCES 2013. Procedia- Social and Behavioral Sciences 116 (2014) 4764-4769.

18. Acmeological aspects in teaching scientific and pedagogical staff // Middle-East Journal of Scientific Reasearh 14 (11): 1445-1451.2013

19. Experimental Verification of the Pedagogical Conditions for Individual Socialization in a Multiethnic Environment // World Applied Sciences Journal 23(2):258 – 266. 2013.

20. Acmeologic bases of scientific and pedagogical personnel in the conditions of masters program // Lithuanian University of Educational Sciences, Scientific journal “Pedagogica” - Vol.113, No1. pp.76-89, 2014.

# 1 ЖОҒАРЫДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА МАМАНДАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Болашақ педагогикалық мамандарды дайындау мәселесінің ғылыми теориялық еңбектерде талдануы

Білім саласы үшін мамандар дайындаудың мәні әлемдік білім беру стандарттарын ұлттық негізде және еліміздегі жоғары білім берудің мәдени-тарихи ерекшеліктерімен үйлесімді ету қажеттілігімен анықталады. Өйткені, бүгінгі ғаламдық аймаққа шығып кеткен кең ауқымды және жан-жақты мазмұнға ие экономикалық қарым-қатынастар ең алдымен жоғарыдан кейінгі басқышта білім алған, кәсіби тұрғыда дайындалған, әмбебап мамандарға деген сұранысты қалыптастырып отыр. Осыған орай, экономика мен әлеуметтік саладағы жаһандану тенденциялары білім берудегі және ғылымдағы интеграциялық үдерістердің қарқындылығын айқындай отырып, республикадағы көп сатылы жоғары білім беру жүйесінің жаңғыртылуын талап етеді.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестің, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қаншалықты кең тараса да, бір қарағанға тұрақты болып көрінгенімен, «білім» түсінігі көп мәнділігімен ерекшеленеді. Әдетте, бұл термин мазмұны жағынан келесідей түсініктемелерге ие: білім – жалпы адамзаттық құбылыс; білім - әлеуметтік мәдени мұра; білім – жүйе; білім – педагогикалық үдеріс; білім – нәтиже.

Білім беру дамып келе жатқан адам үшін нақты шарттарды кепілдік етеді, жаңа ой-өрісті, өмір мәнінің жаңа көрінісін қалыптастырады. Адам үшін құндылықтың барлығын, оның әлеуетін, өмірлік күш-жігерін сақтай отырып, қоғамның өмір барысын қайта құрады және бағыттайды. Білім беру – адамның өзіндік күштерін ашуға және ол кез-келген қоғамның қозғаушы күші ретінде мемлекеттің барлық ниеттерін алдын-ала анықтап, даму бағыттарын табуға мүмкіндік береді.

Білімді ғылыммен ұштастырып тұрақты дамыту стратегиясын басшылыққа алған жоғары дамыған елдер, әсіресе, Жапония, Қытай, Корея, Малайзия, Сингапур сияқты Азия елдері жаһандану үрдісін, ақпараттық-коммуникациялық революцияны, инновациялық технологиялардың ендірілуін басқа елдермен белсенді және тиімді экономикалық қарым-қатынас орната отырып, жедел даму мүмкіндігі есебінде пайдаланса, екінші жағынан, өздерінің ұлттық рухани және экономикалық тәуелсіздігін, қауіпсіздігін сақтаудың, ұлттық өркендеудегі бірден-бір кепілі ретінде өз елдерінің білім саласын реформалауға аса үлкен мән беріп, оны мемлекеттің басым саясатына айналдырып отыр.

Қазіргі ғасырды адамзат «ұтқырлық ғасыры», «кірігу ғасыры», «ақпарат ғасыры» деп бағалап жүр. Бұған «білім ғасыры» деген анықтаманы да қосуға

болады. Өйткені, білімді болудың аса үлкен қажеттілік екендігін адам баласы осы ғасырда өте жақсы түсінді. Бұл ретте адам баласын білімдендіру ісімен айналысатын арнайы дайындалған мектеп мұғалімі, университет оқытушы біздің тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан жандар. Өйткені ел болашағының кілті – бүгінгі жас ұрпақтың қолында болса, жас ұрпақтың тағдыры олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші – ұстаздардың қолында. Демек ұстаз дайындау, оның бойында барлық адами қасиеттерді дарыту мен дамыту өте қасиетті іс. Бұл жайында ойшылдар кемеңгерлік пікірлер қалдырса, әр саланың белгілі ғалымдары ұрпаққа мұра болатын еңбектер жазды.

Солардың бастауында тұрған ұлттың ұлы ұстазы әл-Фараби көрсеткен он екі қасиетті болашақ маманның бойында ұштастыра жетілдіру мінсіз адамды қалыптастыру идеясын жүзеге асырудың алтын арқауы деуге болады. Ол қасиеттер мыналар:

- адамның мүшелері мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда егер осы адам әлде бір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір істі істемек болса, ол мұны оп-оңай атқаратын болады;

- жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жапсарына сәйкес ұғып алатын болуы керек;

- өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан ешнәрсе ұмытпайтын болуы керек;

- әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт;

- өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын тілмаш болуы шарт;

- өнер-білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болу керек;

- тағамға, ішімдік ішуге келгенде қанағатшыл болуы керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт;

- шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік – жалған мен суайттарды жек көру керек, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт;

- оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болуға тиіс;

- дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да төл нәрселеріне жирене қарап, жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көретін болуы керек, жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділдікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет;

- әділ болу керек, бірақ қыңыр болмау керек, әділеттілік алдында қияс мінез көрсетіп қасарыспау керек;

- әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болуы шарт, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанша шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болу керек [45] .

Бұған өз тарапымыздан қосарымыз оқытушы тұлғасының бойында осы он екі қасиет табылатын болса, кез келген іс-әрекетте нәтижелілік пайда болып, кемелдену жүзеге асады, яғни барлық жағынан ілгері жылжу орын алады.

Біз қарастырып отырған маманның кәсіби еңбекте шыңға жету мәселесі адамның жеке дара қасиеттерімен байланыста қарастырылады. Бұл ретте адам философиясының бастаушысы, негізін салушысы Сократтың ойынша, белгілі бір асыл қасиет туралы білім жинаған адам сол қасиетке жете алады, бәрі адамның өзіне байланысты, адам тәнін емес, рухын, жанын шыңдауға үнемі ұмтылуы тиіс, себебі, жаны бақытқа бөленген адам ғана бақытты деген пікір білдірсе [46], Аристотельдің ойынша, рахатқа бөлену - болмыстың жетілгендігі мен әдемілік болса, адам үшін бұл жетілгендік – өзінің адам ретіндегі іс-әрекетінің, қызметінің жетілгендігі. Ақыл-ой әрекеті дәл осындай адамды биікке бастайтын, оны рахат сезімге бөлейтін асыл қасиет **болады, яғни адам үшін рахат – асыл қасиетке жетуде** [47]. Біздің ойымызша кәсіп иесінің еңбекте биіктерге жетуі оны өмірдің ләззатын сезіну, қанағаттану сияқты сезімдерге бөлейді. Сондықтан да жоғарыда келтірілген ойлар педагогикадағы адамтану, оны жетілдірудегі тұлғаның күрделі әрі қызықты, шым-шытырығы мол ішкі әлеміне, рухани жан-дүниесіне үңіле білу арқылы оқыту мен тәрбиелеуде табысты болуға қол жеткізетін жоғары мектеп оқытушылары үшін аса маңызды пікірлер деп санаймыз.

Сонымен қатар, қазақ зиялысы, ұлы ойшыл Абай Құнанбаев адам тәрбиесіне, оның өсіп келе жатқан жас бала мен жастардың жетілуіне аса мән беру керектігін айтып, жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуы үшін қажетті қасиеттерін дамыту туралы жазады: «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек; өзіңе сен, өзіңді алып шығар, енбегің мен ақылың екі жақтап» [48].

Жоғарыда келтірілген философиялық ойлардың қай қайсысында болмасын болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне деген жоғары талаптың болғандығы көрсетіледі, сондықтан олар бүгінгі болашақ маман дайындаумен айналысатын адамдар үшін бағдарламалық пікір болуы тиіс деп санаймыз.

Маман дайындау мәселесі көптеген ғалымдардың назарын аударған психология мен педагогикаға, әлеуметтану мен ортақ мәселе болып табылады. Мысалы психологтар болашақ маман дайындауды тұлға қалыптастыру, әрекет теориясы тұрғысынан қарастырады. Енді сол бағыттағы еңбектерге талдау жасай кетейік.

Т.Тәжібаев [49], М.Мұқанов [50]; Қ.Б. Жарықбаев [51] этнопсихологиялық теориялар негізінде тұлғаның іс-әрекетке дайындығын оның ұлттық психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін дамыту тұрғысынан қарап жеке тұлғаның жан-жақты дамыту қажеттілігін атап көрсетсе, С.Қ. Бердібаева шығармашылық іс-әрекеттің этнопсихологиялық ерекшеліктерін [52] қарастырған. Бұл еңбектерді болашақ маман тұлғасын қалыптастырудың

ұлттық ерекшеліктерін жалпы әлемдік мәселемен ұштастыра жүргізуде басшылыққа алуға болады.

Х.Т. Шерьязданова болашақ мамандарды психологиялық тұрғыда дайындаудың жеке үдеріс ретінде ұйымдастырылуына көңіл бөліп, оқыту мазмұны және әдістемелерінде білім алушылардың ерекшеліктерін ескеруді ұсынған. Ол болашақ педагог-психологтарды біртұтас жүйе тұрғысынан кәсіби дайындаудың алғаш рет психологиялық үлгісін жасаған ғалым. Бұл үлгі қарым-қатынас психологиясының теориялық және практикалық мәселелеріне негізделеді. Ғалымның пікірінше, психологиялық дайындау психодиагностикалық және психокоррекциялық бағыттағы жұмыстарды қамтиды. Психологиялық осы білімнің топтастырылған сипаттағы дәрістері және білім алушыларды меңгертілген психологиялық, академиялық білімді тәжірибеде қолдана білуі кәсіби дайындаудың басты шарты деген пікір білдіреді [53].

Болашақ мамандарды даярлауда С.М. Жақыповтың «бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет» тұжырымдамасының маңызы зор. Ол педагогикалық психология саласы бойынша «оқу іс-әрекеті» және «оқыту іс-әрекеті» категорияларының психологиялық мазмұнын қарастыру барысында арнайы ұйымдастырылған оқыту жағдайларында адамның таным іс-әрекетінің бірыңғай жүйесіне таным процестерін синтездеудің шарттары мен тетіктерін анықтайды. Оның пікірінше, оқыту үдерісі ерекше психологиялық құбылыс ретінде таным процестердің өзара әрекеттесуін және бұрынғы жинақталған жүйесіне жаңа білімнің қосылуын қамтамасыз ететін субъектінің когнитивтік тәжірибесін түрлендіру үшін қажетті жағдайларды жасайды [54]. Ғалымның бұл ойларын біз тарқата келе, таным тәжірибесін қайта құру индивидтің бүкіл өмірін қайта қарауды және оған тиісті қатынасының өзгеруін талап етеді, осылайша адамның тұлғалық қасиеттерінің өзгеруі іске асады деген болар едік. Ал тұлғаны тек тұлға ғана қалыптастырады.

Тұлғаның қалыптасуындағы субъектілік мәселелерін отандық ғалымдар Ж.Ы. Намазбаева [55], А.Р. Ерментаева [56] және ресей ғалымдары Б.Г. Ананьев [57], С.Л. Рубинштейн [58], Б.Ф. Ломов [59], К.А. Абульханова-Славская [60] қарастырған. Ол еңбектерді зерделеу бізге болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығының мәнін ашуға ықпал етті.

А.Р. Ерментаева тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту мәселелерін жоғарыдан кейінгі білім беру саласы жағдайында қарастырудың маңыздылығын сөз етеді. Осыған байланысты ол «өзіндік даму», «өзіндік жетілу», «дербестік», «белсенділік» сияқты тұлғаның субъектілігін сипаттайтын ұғымдарды қолдану қажеттілігін айтады [61]. Ал Ресей ғалымы Б.Г. Ананьев «субъектілік қасиеттердің ең жоғарғы интеграциясы шығармашылық болып табылады» [62] деп, «субъектілік ұстаным болашақ мамандардың тіршілік әрекетінде инновациялық және шығармашылық әлеуеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ете алады» деген тұжырымын айтқан. Бұл тұжырым біздің зерттеуіміздің теориялық негізін құрайды.

Осы тұрғыдан ресейдің психолог-зерттеушісі А.Н. Леонтьев «іс-әрекетке

даярлық» категориясын тұлғаның бағыттылығын, білімдер мен біліктерді және қасиеттерді біріктіретін біртұтас құбылыс ретінде анықтап, іс-әрекет моделінің тұжырымдамасы негізінде тұлға іс-әрекетінің құрылымындағы өзара байланысты: қажеттілік, мотив, мақсат, әрекеттер, операциялар, шарттар сияқты компоненттерді айқындайды [63].

С.Л. Рубинштейн субъект категориясы үздіксіз, «жоғарыға қарай» үдемелі жетілуді, дамуды білдіретіндігін атап көрсетеді. Тұлғаның субъект дәрежесіне жету үшін үнемі әрекет жағдайында болуы, белсенділік көрсетуі қажет екендігі басты шарт ретінде алға шығарылады [64]. Рубинштейннің еңбектерінде субъектіліктің өзектілену жағдайы мен тетіктері нақтыланған: адамның даму сатысына сай ішкі ахуалы сыртқы себептермен ғана анықталмайды, оның өзі сыртқы өзгерістердің негізі болатындығында. Осыған орай, оның пайымдауынша, тұлғаның даму, тану, тұлғалық ерекшеліктеріне қарай психологиялық даярлығы: субъектілік –анықтауыш, психологиялық тетік және қажетті шарт сипаттарымен түсіндіріледі.

К.А. Абульханова іс-әрекет субъектісі бола алған тұлғаның сапалық өзгерістерін қарастырып, адам бойында өтетін өзгерістердің үш түрін ажыратып көрсетеді [65]:

- 1-ден, психикалық процестер, қасиеттер, қабілет, кейіп тұлғаның өмірдегі тірлігі мен іс-әрекетін қамтамасыз ету құралы ретінде қолданылады;
- 2-ден, психикалық процестер, қасиеттер, қабілет, кейіп тұлғаның іс-әрекетіне бағынышты болатын жеке-даралықтың композициясын құрайды;
- 3-ден, тұлға субъект болған соң бойындағы өз шамасына, қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарамастан өмірдегі және іс-әрекеттегі өз стратегияларына өзін бағыттайды.

К.А. Абульханованың осы пікірінен, біз әрбір субъект шығармашылық іс-әрекетке даяр болып, өзін-өзі жетілдіруге, кемелденуге ұмтылуға тырысады, яғни үйлесімді тұлға болып қалыптасады, деген қорытынды жасаймыз.

Жоғарыда қарастырылған субъектілік мәселелері туралы ғалымдар пікірлерінің ортақ ерекшелігі тұлғаның іс-әрекетке даярлығына субъектілік қасиеттердің ықпал етуімен түсіндіріледі. Білім алушылардың психологиялық даярлығын ерекше құрылымдық қасиет ретінде мақсатқа сай дамитыны, олардың психологиялық даярлығын қалыптастыруда негізгі құрал ретінде субъектілігін дамыту болып табылатыны біздің зерттеуіміз үшін маңызды тұжырым.

Сонымен бірге, кәсіби педагогтарды дайындау мәселесіне педагог-ғалымдар өздерінің көптеген еңбектерін арқау етті. Мысалға, ұлы педагог Я.А. Коменский, болашақ мұғалімдерді дайындауда ең бастысы олардың терең ойлауын дамыту, өзі ісін сүюге тәрбиелеу қажеттігін айтады. Оның пікірінше, болашақ мұғалімнің білім, білік-дағдылары, жалпы кәсіби дайындығы мектептегі оқыту және тәрбиелеу үдерістерінің сапасын қамтамасыз етеді [66].

К.Д. Ушинский мұғалімнің қоғамдағы орнын ерекше атап өтіп, оның бойында педагогикалық әдеп мәдениетінің болуы тиіс деген, ол әр кезеде өзін жетілдіріп, педагогика мен психологияны тиянақты түрде оқып, білуге ұмтылу

керек. Болашақ педагогтерге қойылатын талаптарды К.Д. Ушинский «Мұғалімдер семинариясының жобасы» деп аталатын еңбегінде сипаттаған [67].

Ал өз заманында А.С. Макаренко мұғалімдерді даярлаудағы кәсіби жұмыстың сапасын көтеру үшін педагогикалық жоғары оқу орындары мен техникумдардың бағдарламасын қайта қарау керектігін мәлімдеген. Педагогикалық жоғары оқу орындарын бітіруші білімдердің кең ауқымын игеруге тиіс, оның пікірінше; «жоғары оқу орындарында оқу барысында студент тек арнайы білім игеріп қоймай, сонымен бірге арнайы тәрбиелену керек, яғни мәдениетті, зиялы, ұйымдастыру қабілеті жоғары дамыған, өзін-өзі басқара білетін және өз ісіне баға бере алатын маман болып шығуы тиіс» [68].

Мінекей, қай заман болмасын, болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесі оларға деген жоғары талаптың болуымен сипатталынады.

Педагогика ғылымында мамандар дайындау мәселесі XX ғасырдың 40-50-ші жылдарынан бастап жан-жақты зерттеле бастап, үздіксіз білім теориясы тұрғысынан талданады. Болашақ мамандарды дайындаудағы тұтас педагогикалық үрдістің теориясы мен практикасын Н.Д. Хмель [69], А.А. Бейсенбаева [70], Қ.К. Жампеисова [71], Б.Ә. Әбдікәрімов [72] және т.б. еңбектерінде қарастырылады.

К.С. Мусин болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуын [73], Г.К. Ахметова (магистерлік бағдарламалардың мазмұнын жүзеге асырудың ерекшеліктері) [74] педагогикалық білім берудің теориялық негіздерін жасап, үздіксіз білім беруді заманауи әрекеттегі білім беру мекемелерінің жүйесі ретінде қарастырып, ондағы білім беру мазмұны мен технологияларының сабақтастығын қамтамасыз ету мәселесін алға қояды.

Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселесінің теориялық және әдіснамалық қырлары мен әр елдердегі үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің даму жолдарын А.К. Құсайынов [75], Б.К. Момынбаев [76], Ш.Т. Таубаева [77], Е.Ш. Қозыбаев [78] және т.б. салыстырмалы түрде жан-жақты талдайды.

Ғалымдардың зерттеулерінде үздіксіз білім беруге келесі сипаттама беріледі: қоғам мен жеке адамның қажеттіліктері мен тілектерін ескеретін, оларға жалпы білім беретін, кәсіби даярлаудың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің шынайы әрекеттегі жүйесі. Яғни үздіксіз білім беру жүйесі тұлғаның өмір бойы оқуына, білімін өздігінен тәжірибемен тиімді ұштастыруға және өз өміріндегі әрекет субъектісі ретіндегі дамуына мүмкіндік беретін жүйесі болып табылады.

Жоғары оқу орнының қызметі болашақ педагогты кәсіби әрекетке мақсатты даярлаумен қоса педагогикалық шығармашылық қызметке әзір болуға дайындаумен тікелей астасып жатуы тиіс. Ол болашақ мұғалімнің жалпы мәдени, әдіснамалық, әдістемелік пәндерді меңгеру арқылы қамтамасыз етіледі. Мамандықты меңгеру барысында олардың ішкі ашылмаған мүмкіндіктері іске қосылып, жаңашыл педагог болуға қажетті таланттары, қабілеттері жетіледі. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер қатарына болашақ

педагогтардың кәсіби дарындылығын дамыту мәселесіне арналған Л.М. Нәрікбаева [79], болашақ маманның біліктілігін, шығармашылық әлеуетін дамытуды қарастырған Б.А. Тұрғынбаева [80] еңбектерді жатқызамыз. Соңғысының пікірінше, педагогика маманы АКМЕ жағдайға бірден жоғарылай қоймайды. Ол алдымен шеберлік, кәсібилік, құзырлылық сияқты сатылардан өтуі тиіс. Бұл ойлар біздің зерттеуіміздің пропедевтикалық бағыттылығын айқындайды.

Жоғарыдан кейінгі білім беру жағдайында магистранттар мақсатты түрде ғылыми педагогикалық маман ретінде қалыптасады. Қоғамның ілгерілеуі ғылымның жетістігімен, ғылыми қызметкерлердің жасаған жетістіктері арқылы жүзеге асады десек, дәл осы саладағы мамандардың шығармашылығы жоғары болуы тиіс. Біртұтас педагогикалық үдеріс магистранттардың кәсіби дүниетанымын, кәсіби мәнді қасиеттерін және жалпы педагогикалық мәдениетінің дамуына, өз мүмкіндігін бағалай білуінің қалыптасуына, тұлғалық тұрғыда білімдену – даму траекториясын магистранттың өзінің ұйымдастыра білуіне мүмкіндік туғызуға бағытталады. Осы бағытта Ш.Т. Таубаева педагогика магистрлерінің әдіснамалық даярлықтарының құралы ретінде логикалық-құрылымдық сұлбалар құрастырып, студенттер мен магистранттардың ғылыми-педагогикалық зерттеу тақырыбын негіздеу және оны бағалау туралы білімнің құрылымы мен мазмұнын ашып көрсетеді [81].

Жоғары оқу орындарында мамандарды «дайындау» мәселесін отандық ғалым Г.К.Нұрғалиева зерделеп, қазіргі білім беру жүйесінде мамандарды дайындау сапасын арттыруды алға қояды[82]. Бұл айтылғандар біздің еңбегіміз үшін маңызды ойлар болып табылады.

Акмеологиялық тұрғыдағы кәсіби әрекетке дайын маман бойында болуға тиісті тұлғалық қасиеттердің міндетті минимумына мына төмендегілер жатқызылады: өзге адамды оң қабылдау; серіктесті белсенді эмпатиялық тұрғысынан қабылдау; өз сезімдері мен эмоцияларын шынайы білдіру; ар-ұят; шыншылдық; толеранттылық; шығармашылық белсенділік; азаматтылық деген болар едік. Тек осындай ізгілік қасиеттері бар педагогтар басқаны төмендетпей, өз биігіне көтеріле алады, биікте тұрып басқаларға шарапатын шашады.

Бұл ойларымызды жоғарғы оқу орнында болашақ мамандарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін қарастырған Г.А. Омарова, Р.А. Мукажанова еңбектерінен де көруге болады. Олар білім беруді ізгілендіру тұрғысынан бес ұстанымды ұсынады:

- жалпы адамзаттық құндылықтар ұстанымы;
- ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында тұлғаның өзін-өзі дамытуы ұстанымы;
- бірыңғайлық ұстанымы;
- әлеуметтік өзара-әрекеттесу немесе қоғамға қызмет ету ұстанымы;
- мәдени тұрпаттылығы ұстанымы [83].

Осы аталған ұстанымдар жоғары оқу орнынан кейінгі білім жағдайында рухани-адамгершіліктік және интеллектуалдық дамуын интеграциялауда басты назарға алынуы тиіс.

А.А. Бейсенбаеваның еңбектеріндегі негізгі түйінді ойлар жоғары оқу орны мен одан кейінгі білім беруде болашақ маманның тұлғалық сапаларын қалыптастыру мәселесін ізгіліктілік идеясына бағындыру және гуманистік қасиеттерді білім мазмұны арқылы оқу құралдарының тәрбиелік компоненті арқылы жүзеге асыру болып табылады [84].

Болашақ маманды кәсіби еңбекке дайындау олардың тұлғалық, зияткерлік және кәсіби маңызды қасиеттерін, шығармашылық қабілеттері мен құзырлылықтарын дамытумен анықталынады. Болашақ магистрлердің кәсіби дайындығының нәтижесі – бұл кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті білімдер мен біліктерді қамтитын бітірушінің құзырлылықтары болып табылады. Магистрдің құзырлылығы құрамында магистратура бітірушісінің дайындық сапасын қамтамасыз ететін зерттеушілік іс-әрекетке даярлығының қалыптасу деңгейімен анықталатын зерттеушілік құзырлылық қарастырылады. Магистерлік білім беру бағдарламаларында «зерттеушілік іс-әрекет» магистратура деңгейінде кең мағынадағы ұғым ретінде қарастырылып, оқу-зертеушілік және ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттердің синтезін құрайды.

Б.Ш. Баймухамбетова магистранттардың зерттеушілік іс-әрекетке даярлығын зерттеп, осы іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін, кәсіби-маңызды тұлғалық қасиеттер, мотивациялық-құндылықтық қатынасты қамтитын магистранттың ішкі интеллектуалдық және тұлғалық дамуының нәтижесі мен қатынасын бейнелейтін біртұтас тұлғалық жаңақұрылым - деп анықтайды. Ғалым магистранттардың «зерттеушілік іс-әрекетін» ғылыми танымның әдіснамасын игеру бойынша және зерттеуге қатысты ізденісін жүргізудегі арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет – деп түсіндіреді [85]. Әрине, болашақ маман педагогикалық қызметкер ретінде жетістіктерге жетуі үшін туындаған мәселелердің шешімін табуда ғылыми еңбектерге ден қояды, оның зерттей алу қабілеті еңбекте табысты болуды қамтамасыз етеді.

Сонымен, педагогикалық теорияларда жоғары оқу орнынан кейін білім беруді ұйымдастырудың ерекшелігі оның мамандырылған сипатымен түсіндіріледі. Ең бастысы еліміздегі жоғары оқу орынынан кейінгі білім жағдайында білімнің, дағды - біліктің жиынтығын меңгеріп қана қоймай, білім алушыны субъектілік жағдайға қоятын, оның еркіндігі мен дербестігін есепке алатын, өз бетінше ізденіп, өзін-өзі жетілдіруге мол мүмкіндік беретін, шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқытудың кредиттік жүйесі.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында мамандар дайындау мәселесінің әртүрлі аспектілеріне жақын шет елдік ғалымдар еңбектерін арнаған. Мысалы Г.А. Бордовский көпсатылы жүйенің моделі бойынша педагогикалық ЖОО-нын дамытудың басты бағыттары арасында заманауи педагогикалық білім беруді іргелендіру мен педагогтың жалпы мәдени дайындығының кеңеюіне бағдарлану қажеттігін атап өтеді. Білім беру үдерісі сапасының педагогикалық тұрғыда қамтамасыздануының түрлі аспектілерін қарастырды. Жоғары білім берудің көпсатылы жүйесінің идеяларын жүзеге асыру шеңберінде дамитын білімгерлердің ұтқырлылығы қалыптасқан, кез келген жағдайға бейімделетін және жаңашылдықты игеруге дайын болатын мамандарды даярлауға

бағытталуы тиіс екендігіне тоқталған. ЖОО-да білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін тетіктерді жасауды қарастырады. ЖОО-да мамандарды кәсіби дайындаудың сапасын қамтамасыз ететін білім беру жүйесі қабілеттілігін тиімді ету жолдарын қарастырып, еңбек нарығына қажетті біліктілігі бар мамандарды дайындауды ұсынған [86]. Шынында да қазіргідей жылдам өзгеретін қоғамда тек шапшаң, шалт қимылдап, уақыттан оза алатын ұтқырлардың табыс биігінен көріну мүмкіндіктері бар.

Е.В. Бондаревская жоғары білімнің сапалы жаңаруының өзекті мәселелерін қарастыра келе, оқытудың инновациялық технологияларын әзірлеп, көпсатылы оқыту жағдайында білім алушылардың дайындығын бағалаудағы амалдардың тиімділігін зерттейді [87].

Ю.С. Мануйлов жоғары оқу орындарында мамандар дайындауда білім беру кеңістігінің сипаттамалық анықтамасын тұжырымдайды. Ол оны тұлғаның ішкі кеңістігімен салыстырады, себебі білім берудің мәні педагогикалық университет бітірушінің бейнесін өздігінен құрудың жолдарын қарастырады деп есептейді. Ғалым кеңістіктік-ортаны жобалауды келесі түрлерде қарастырады: *ортаның шешуші мүмкіншіліктерін жобалау; ортаның қажетті мәндерін құрастыру; ортаға қажетті мағыналық мәндерді қалыптастыру үшін ортаны құрудың стратегияларын модельдеу; анықталған стратегияларды жүзеге асыруға бағытталған шараларды жоспарлау* [88]. Автор ұсынған кеңістіктік-орта амалы білім беру жүйелерінің процессуалдық сипаттамасы мен жобалаудан сызықтық ұстанымдарына негізделген білім беру іс-әрекеті субъектілерінің өзара әрекеттесудің сызықтық емес тәсілдеріне өтуге мүмкіндік береді. Магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыруда Ю.С. Мануйлов ұсынып отырған тұжырымдарды басшылыққа алу істі нәтижелі етеді деп санаймыз.

XX ғ. соңында психологияда белгіленген акмеологиялық бағыттылықтың мәнін құрайтын тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үдерісіндегі кәсіби шығармашылыққа қол жеткізудің жолдары ғалым Л.М. Митина еңбегінде анықталады, білім алушылардың кәсіби және тұлғалық дамыту үдерістерін біртұтас қарастырады. Ол кәсіпқой адам мен маман арасындағы айырмашылықтарды ажыратып, көрсетеді: кәсіпқой адам маманға қарағанда кәсіби іс-әрекеттің субъектісі болады, ал маман – білімдер мен біліктердің тасымалдаушысы деген сипаттама береді [89].

Талдаған келесі еңбек И.А. Зимняяның жұмысы. Ол жоғары басқышта оқытудың жетекші бағдары мен өлшемі ретінде білім берудің әр сатысындағы бейінді ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы салалардың өзекті сұраныстарына сәйкес игерілетін жалпы және арнайы құзыреттер жиынтығын сипаттайды [90].

Магистрлік білім алу мәселесінің кейбір астарларын мына төмендегі ғалымдар да қарастырған: жоғары білімнің біртұтас европалық білім беру кеңістігіне енудің тиімді шарттарын, жалпы әлемдік тенденцияларды ескере отырып, кәсіптік білім беру модернизациялаудың стратегиялары мен тактикасын В.И. Байденко [91]; магистратура деңгейінде білім алуды кәсіби алға жылжу, кәсіби өсу, адамның кәсібилікке ұмтылудың кезеңі ретінде

сипаттайтын Н.В. Кузьмина [92]; магистратурада оқыту үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін С.С.Витвицкая зерделеген [93]. Бұрынғы кеңестік мемлекеттер үшін жаңа білім сатысы болып табылатын магистрлік білім жайлы бұл зерттеулер осы деңгейдегі оқу тәрбие жұмыстарын жетілдіруге ықпалы зор деп санаймыз.

Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды, магистранттарды дайындау үдерісін жетілдіру мен дамытудың сауалдарын В.А. Козырев [94] А.Ф. Аменд [95], А.М. Новиков [96] зерттеген. Мысалы, В.А. Козырев заманауи қоғамдағы кәсіби білім беруді жаңартудың негізгі бағыты ретінде оқыту үдерісінде болашақ мамандардың іс-әрекеттік ұстанымын қалыптастыру жолдарын табу деп анықтаған. Оның пікірінше, бұл ұстаным кәсіби іс-әрекетті жүйелі, біртұтас көрінісін бақылау тәжірибесін қалыптасуына, ондағы әрекеттердің жүйелілігін, жаңа проблемалар мен міндеттердің шешімдерін табуға ықпал етеді [97].

Ал В.С. Сенашенко жоғары мектептің білім берудің құзырлылық модель ретіндегі жаңа стандарттарына көшудегі объективті қиындықтарды қарастырып, дидактикалық мәселелерді шешудегі «құзыреттілік амалдың» сипатын береді [98]. А.Ф. Аменд болашақ мамандардың өзіндік жұмысы барысында ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың технологияларын жүзеге асырудың шарттарын анықтап, жүйелілік, іс-әрекеттік және тұлғаға бағдарлану амалдары тұрғысынан теориялық негіздерін жасаған. Ресейдің білім беру саласын модернизациялаудан бұрын болашақ мамандарға экономикалық білім берудің нақты тәжірибелік жолдарын ұсынған [99].

Магистерлік бағдарламалардың мазмұнын жүзеге асырудың ерекшеліктерін Ресей ғалымы А.М. Новиков педагогикалық университетте ғылыми мамандарды дайындаудың тиімділігін арттыру және сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында бакалаврлардың, магистрлердің және аспиранттардың ғылыми зерттеу құзырлықтарының мазмұнын нақтылауға арналған маңызды зерттеулер жүргізді [100]. Сонымен бірге ғылыми кадрларды дайындау және ғылыми зерттеу құзырлылықтарын қалыптастыруға қатысты жұмыстарды В.А.Мазилов жүргізіп, педагогикалық жоғары оқу орындарында білім алушылардың инвариантты ғылыми зерттеу құзырлылықтарын анықтады. Сонымен бірге құзырлылықтардың көрсеткіштері мен оларды оқыту үдерісінде қалыптастырудың шарттарын тұжырымдап, сипаттады. Нәтижесінде ғылыми зертттеу құзырлықтарын кезеңмен, тізбектей қалыптастырудың әмбебап моделін жасады [101].

Магистерлік бағдарламалардың мазмұнын жүзеге асырудың ерекшеліктерін Е.А. Деревянченконың еңбектерінен көруге болады [102]. Ол мәдениаралық өзара әрекеттесудің теориялық негіздерін педагогика магистрлерін дайындаудың аспектісі ретінде қарастыра отырып, бұл үдерістің төмендегідей шарттарын ұсынады:

- әдіснамалық және тілдік деңгейлерде отандық және шет елдік білім беру жүйелері мен педагогикалық парадигмалардың мәдени айырмашылықтарын көрсете отырып, мәдени аралық өзара әрекеттесуге магистранттар

дайындығының мазмұнын анықтау;

- жоғары мектептің мәселесін бейнелейтін, орыс және шет ел тілдеріндегі мәтіндер осы айырмашылықтардың формасы ретінде ұсыну;

- ұйымдастырушылық шарттар: шет ел әріптестерімен іскерлік хат алысу, халықаралық конференцияларға сырттай қатысу, шет ел әдебиеттерімен жұмыс жасау және сыни тұрғысынан талдау жүргізіп, оларды ресей білім беру жүйесіне бейімдеу. Әрине, біз қарастырып отырған түйткілді мәселені шешуде де бұл айтылған ойлардың алар орыны ерекше.

Ю.В. Соляниковтың жұмыстарында магистранттардың зерттеу іс-әрекетінің ерекшелігі айқындалады. Ғалым білім сапасын қамтамасыз ету факторларының бірі ретінде магистранттардың зерттеу құзырлылықтарын бөліп қарастырады. Оның осы тұжырымдамалық зерттеуі магистратурада мамандар  дайындау жұмыстарының негізі бола алады. Ғалым педагогикалық университет магистранттарын ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне дайындаудың сапасын қамтамасыз ету мәселесін қарастырып, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы олардың зерттеу біліктерінің жүзеге асуы үшін  ықпалын тигізетінін айтқан. Осындай ғылыми зерттеу жұмыстары олардың ғылыми интуициясын, өз бетінше әрекет ету қабілетін дамытып, шығармашылық іс-әрекеттің әр түрін игеру мүмкіншілігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар ұжымда жұмыс жасау біліктерін тәрбиелейді – деген пікірін білдірген [103].

Магистранттың іс-әрекеті зерттеушілік сипатта болуы тиіс. Сондықтан да магистратура деңгейінде зерттеушілік іс-әрекетке (ЗІ) даярлық кәсіптік дайындаудың маңызды және жүйелілік факторы болып табылады, өйткені ол магистрант тұлғасын тиімді дамытудың мақсаты мен құралы ретінде анықталады.  Осылайша, ғалым ғылыми зерттеу жұмыстарын орындаудың әдістері мен техникасын игеру мен пайдаланудың бірізділігі мен жан-жақтылығын, курстар бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының сабақтастығын, ғылыми шығармашылықтың әдістері мен түрлері, формаларының күрделенуі логикасын сипаттайды.  Бұдан шығатын қорытынды магистратурадағы білім берудің сапалы нәтижелері білім берудің мәселелерін шешуге бағытталған зерттеу жағдаяттардың контекстінде магистранттардың іс-әрекет тәжірибесі қалыптасуын анықтайтын  педагогикалық шарттардың  екі тобының (дидактикалық және ұйымдастырушылық) орындалуымен қамтамасыз етілуі тиіс деген тұжырым жасауға болады.

Ал А.В.Райцев жоғары оқу орындарында білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмысы тиімділігінің шарттары ретінде келесі қағидаларды қарастырады [104]:

1) білім алушылардың алдында оқу-ғылыми мақсаттарды қою, ғылыми жұмысқа оң көзқарасын және қызығушылығын қалыптастыру;

2) теориялық білімнің және ғылыми жұмыстың амал-тәсілдерін практикалық тұрғыдан игерудің үйлесімділігі;

3) оқу барысында ғылыми-танымдық жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен мазмұнының және өндірістік (педагогикалық) тәжірибе мен аудиториядан тыс жұмыстың өзара байланысы;

4) зерттеу жұмысын ұйымдастырудың түрлерін және әдістерін, мазмұнынын жүйелі және тізбекті күрделендіру;

5) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін және дайындық деңгейін ескеру, проблемалық және эвристикалық тапсырмалардың саралануы.

Осы шарттардың сақталуы мамандар дайындау үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл тиімділік теория мен практиканың арасындағы байланыстың болуымен анықталынады.

Магистранттарды дайындау үдерісінің сапалы нәтижесін қамтамасыз ету мақсатында өз кезегінде П.И. Пидкасистый өзіндік жұмыстардың жіктемесін ұсынады. Осы жіктеме бойынша өзіндік жұмыстар репродуктивті, конструктивті вариативті, эвристикалық (жекелей ізденушілік) және шығармашылықтық зерттеулер болып, бөлінеді [105].

Репродуктивті өзіндік жұмыс үлгі бойынша тапсырмалар мен әртүрлі жаттығуларды орындауды көздейді. Бұл деңгейде оқу ақпараттарын меңгеру жүзеге асады. Бұл репродуктивті жұмыс материалды меңгерумен байланысты болғанымендe шығармашылық белсенділікті арттырмайды.

Конструктивті-вариативті өзіндік жұмыс білімнің функционалдық сипатын ғана емес, оның құрылымын қайта жаңғыртуды, алынған білімді басқа бір мәселені, проблеманы, жағдаятты шешуге пайдалануды көздейді. Зерделеніп отырған құбылысты ой елегінен өткізу және түсіну жүзеге асады.

Эвристикалық (жекелей ізденушілік) өзіндік жұмыс дәрістерде, семинар сабақтарында, зертханалық жұмыстарда, практикалық сабақтарда берілген сұрақтардың, мәселелердің шешімімен байланысты. Ол мәселені көру, оның туындау себептерін өз бетінше анықтай алу, шешу жоспарын жасау біліктерін қалыптастыруды көздейді. Сонымен бірге, құбылыстар мен үдерістерді терең түсіну жүзеге асырылып, шығармашылық іс-әрекет басталады. Бұл деңгейде ақыл-ой іс-әрекеті барысында магистранттардың зияткерлік әлеуеті мен шығармашылық қабілеттері көрініс береді, олардың зерттеушілік қабілеттері іске қосылады. Өзіндік жұмыстың көрсетілген түрлерін шығармашылық іс-әрекет барысында магистранттар қабілеттерінің барынша жоғары деңгейіне жету үшін бірнеше кезеңдерден өтуі тиіс .

Осыған орай, өзіндік жұмыстардың жіктемесіне сәйкес магистранттардың дайындық деңгейін сатылап көрсетуге болады. Олардың барлығы магистранттың шығармашылық іс-әрекетке бағыттылығымен, яғни оның мүмкіншіліктерімен сипатталынады.

Магистратура жағдайында болашақ мамандарды дайындаудың ерекшеліктерін Н.И. Мачинская талдап тармақтаған. Ол магистранттардың зерттеушілік құзырлылығын дамыту мақсатында олардың өз бетіндік жеке жұмыстарын оқу үдерісінің негізгі құрылымдық компоненті ретінде қарастыруды ұсынады. Ол өз бетіндік жеке жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын келесі талаптарын топтастырады:

- интернет торабының іздестіру жүйесінің барлық түрлерін пайдаланып, магистранттардың үнемі жүйелі түрде жаңа ақпарат алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

- сабақ беру үдерісінде түрлі ынталандыру шараларын пайдалану, оқыту және әрбір білім алушыны дамыту үдерісіндегі өз бетінше жұмыстарын, бастамашылдықтарын қолдап отыру;

- шығармашылыққа және орындаушылық кәсіптік іс-әрекетке қабілеттілікті дамыту мақсатында іс-әрекетке ерекше назар аудару;

- шығармашылық ойлаудың дамуын және зерттеу іс-әрекеті дағдыларын игеруін өз деңгейінде қамтамасыз ететін өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалардың түрлерін қалыптастыруда даралау және саралау әдіс тәсілдерін пайдалану және т.б[106].

Өз бетіндік жеке жұмыстарын жасау барысында магистранттардың ізденімпаздығы дамуының үш деңгейін С.О.Сысоева бөліп көрсетеді [107]:

- жоғары деңгей, бағалау критерийі: тұлғалық қасиеттердің үнемі көрініс беруі, өз пікірін дәлелдей алуы, пікір айту мен әрекет етуде бір жақты шешім қабылдай алуы,бөгде адамдардың көмегінсіз әрекет ете алу;

- орташа деңгей, бағалау критерийі: өз пікірін айтуда бір жақты пікір айта алмауы, күмәндануы, бөгде адамдардың көмегімен өз пікірін дәлелдеуі, ересек адамдардың қолдауымен шешімді әрекет ете алуы;

- төменгі деңгей, бағалау критерийі: айналасындағы адамдарға бағдарлануы, магистранттың іс-әрекетіне ересектердің тікелей араласуы.

Осы деңгейлерді талдай отырып, магистранттың жеке тапсырмаларды орындаудағы белсенді ұстанымы, мотивациялық дайындығын қалыптастыру көп жағдайда әртүрлі оқыту әдістерін пайдалану тиімділігіне тәуелді болатынын байқаймыз. Магистранттар өзіндік жұмыстарының әдістерін дәрістерде, семинар сабақтарында, практикалық сабақтарда пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда да магистранттың өзіндік жұмысы оқытушының жетекшілігімен орындалады. Ал егер өзіндік жұмыс аудиториядан тыс орындалатын болса, онда оны магистранттар өз бетінше орындайды.
Осылайша құзырлылықты, жауапты және тиімді іс-әрекетке қабілетті, жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандар дайындау, оларды кәсіби өсуге және шығармашылық белсенділікке ынталандыру өзіндік жұмыстардың рөлін арттыру арқылы жүзеге асырылады екен.

Жоғарыда қарастырылған ғалымдардың зерттеулерін талдай отырып, біз келесі тұжырым жасаймыз: магистранттардың өз бетіндік жұмыстары олардың қабілеттерін, ғылыми зерттеу жұмысын және шығармашылық іс-әрекеттерін дамыту арқылы ашылмаған мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға жағдай жасауды көздейтін оқу үдерісін ұйымдастыру формасы болып табылады. Өз бетіндік жұмыстар олардың ойлау үдерісінің даму сипатымен, білім мен біліктердің деңгейімен, жұмыс қабілеттілігімен, танымдық және тәжірибелік ізденімпаздығымен, ерік жігерінің даму ерекшеліктерімен байланысты. Олай болса, магистратурада мамандар дайындау ісінде білім алушылардың өзіндік жұмыстарына басымдық беру оларды акме деңгейіне дейін дамытудың негізгі бағыты ретінде қарастыруға әбден болады.

Жоғарыдан кейінгі білім беру жағдайында магистрантарды даярлау дегеніміз – бұл белгілі бір кәсіби бағыт бойынша мамандықты тереңдетуге,

мамандық бойынша берілген білімді шығармашылық деңгейде меңгеруге мүмкіндік беретін, ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне магистранттарды дайындаудың жоғары кәсіптік білім беру сатысы. Ал оның қорытынды нәтижесі – болашақ маманның жалпыадамзаттық идеялары, тұлғаның кәсіби-құндылықтық бағдарлары мен қасиеттері, сонымен бірге танымның әмбебап тәсілдері мен педагогикалық іс-әрекеттің ізгіліктік технологиялар жүйесін құрайтын кәсіби мәдениетінің қалыптасуы және болашақ кәсіби әрекетте шеберлік танытуға даяр болуын қамтамасыз ету болып табылады

Жалпы елімізде де, алыс жақын шет елдерде де жоғарыдан кейінгі білім беру жағдайында мамандар дайындау мәселесі бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілген. Алайда, оларда мамандарды дайындаудың акмеологиялық ерекшеліктері қарастырылмаған. Сондықтан жоғары кәсіптік білім беру деңгейінде магистранттардың дайындығын «акме» деңгейіне дейін жеткізуге бағыт-бағдар бола алатын акмеологиялық амал әдіснамалық негіз ретінде келесі параграфта сипатталады.

### 1.2 Акмеологиялық амал - магистрлер дайындаудың әдіснамалық негізі ретінде

Қазақстан Республикасы нарық жағдайындағы адам капиталын қажет ететін қоғамның жаңа сапасына енді. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беру саласына әсерін тигізбей қойматындығы белгілі. Бұл мамандар дайындаудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру мен жүзеге асыруды талап етеді. Мамандардың жоғары кәсібилігі және шығармашылық шеберлігі – ғаламдық дағдарыс мәселелерін тиімді шешімінің факторы болып анықталатын адами ресурстардың ең маңыздысы.

Теория-ғылыми танымның әсер етуші күші. Философиялық энциклопедиялық сөздікте әдіснама (грек сөзінен methodos – зерттеу жолы, таным, ілім, білім; logos – сөз, түсінік) қағидалар жүйесі және тәжірибелік теориялық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы оқу; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиынтығы дегенді білдіреді делінген [108]. Әдіснаманың негізіне белгілі бір білімдер (ұғымдар, заңдылықтар) жүйесі жатады.

Әдіснаманың ақиқаттығы оның негізінде жатқан теорияның ақиқаттығына байланысты. Ғылыми әдіснама дұрыс құрылған теорияға негізделсе, зерттеу барысында қателіктер болмауы тиіс. Жалпы алғанда, әдіснама танудың елеулі қызметін атқарады, оның ішінде белгілі білім саласының дамуының, әсіресе, әлеуметтік ғылымдардың әртүрлі саласына қатысы қызметін атқарады. Оның бұл қызметтерін жүйе ұйымдастырушылық, түсіндірме-бағалаушылық, жобалаушылық ретінде анықтауға болады.

Педагогика ғылымының әдіснамасының атқаратын қызметтері төмендегілер:

- гносеологиялық (танымдық) қызмет – бұл қызметтің жүзеге асуы педагогикалық құбылыстар мен пәндерде (не бар?) екеніне сипаттама береді, (неге олай?) екенін түсіндіреді; (не болатынын?) болжайды.

- праксеологиялық (өзгертушілік) қызмет – педагогикалық практикаға білімдік мақсаттарға жетудің жолдарын, құралдарын, технологиялары мен әдістерін сипаттап тәжірибеге ендіруді қамтамасыз етеді. Праксеологиялық қызметті жүзеге асыру педагогика ғылымының қолданбалылығын, практикалық құндылығын айқындайды.

- аксиологиялық қызмет немесе педагогика ғылымына сыни көзқарасты дамыту. Бұл қызметтің жүзеге асуы педагогикалық үлгілердің, өзгерістердің, жаңашылдықтардың бағасын беретін өлшемдер мен көрсеткіштер әзірлеуге ықпал етеді.

- рефлексивтік қызмет – педагогика ғылымының нәтижелерін талдап, мағынасын ұғынуға, зерттеу әдістері жүйесін жетілдіруге бағытталған, яғни рефлексивтік қызмет педагогика ғылымының өзін зерттеуге бағытталған деуге болады.

- нормативтік ұсыныс қызметі – «ненің қалай болатынын» көрсетсе;

- эвристикалық (шығармашылық) қызмет – педагогика ғылымының қызметтерінің іске асуы барысында теориялық және практикалық міндеттердің қойылуы мен таңдалуы мәселесін қарастырады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізі ретінде педагогика мен психологияда кеңінен қолданылатын:

- педагогикалық жүйенің барлық компоненттерін (магистранттарды оқытудың мақсаты, міндеттері, мазмұны, ұстанымдары, формалары, әдістері) тығыз байланыста қарастыратын **жүйелілік** ұстанымын (В.В.Краевский [109], Г.П.Щедровицкий [110], Э.Г.Юдин [111]және т.б.);

- педагогиканың жүйе түзуші факторы болашақ маманның тұлғасы, яғни өзінің жеке іс-әрекеті арқылы тікелей өзін-өзі жетілдіруді қарастыратын **субъектілік** ұстанымын (Б.Г.Ананьев [112], С.Л. Рубинштейн [113], Н.В.Кузьмина [ 114], А.А.Деркач [115] және т.б.);

- болашақ маманның құзырлылығын қалыптастыруды көздейтін және магистратураның білім беру ортасында мамандар даярлау сапасын анықтау тұрғысында базалық болып саналатын **құзырлылық** амалын ( Дж.Равен [116], А.В. Хуторской [117] және т.б.);

- іс-әрекетті тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың негізі, құралы және басты шарты ретінде қарастыратын; жеке тұлғаны қоршаған әлемді барынша тиімді түрлендірушілік шығармашылық еңбекке ұйымдастыруға бағыттайтын; іс-әрекет үдерісінде тұлғаны дамытудың оңтайлы шарттарын анықтауға мүмкіндік беретін **іс-әрекеттік** амалды (С. Л. Рубинштейн [118], А. Н. Леонтьев [119], А. В. Брушлинский [120] және т.б.);

- адам мен мәдениеттің дамуын құндылықтар жүйесі ретінде және адамның өзін дамытуы, оның шығармашыл тұлға және мәдениет субъектісі ретінде қалыптасуы ретінде қарастыратын **мәдениеттанымдық** амалдың (В. Л. Сластенин [ 121], Е. В. Бондаревская [122], Н. Д. Никандров [123] және т.б.). идеялары тірек етілді. Олар жайлы жұмыста арнайы сипатталып көрсетіліп тұрмағанымен атқарып тұрған қызметін диссертациядан байқау қиын емес. Атап айтсақ, жоғарыдағы әдіснамалық ұстанымдар мен амалдарға тән

жұмыстың құрылымында жүйелілікті, зерттеу материалдарын сипаттауда бірізділікті сақтау, болашақ оқытушы тұлғасында акмеологиялық дайындықты қалыптастыруда әрекетті басшылыққа алу, зерттеу нәтижесіне жету үшін қалыптасқан педагогикалық объектіні жаңа жағдайға өзгерту басшылыққа алынды.

Дегенмен зерттеудің нақты, өзіндік міндеттерінің тиімді шешілуіне мүмкіндік беретін **акмеологиялық амалды** басты әдіснамалық тұғыр ретінде таңдауды жөн деп есептедік. Өйткені акмеологиялық амал шығармашылық теориясының бастапқы жағдайлары, негізі мен құрылысы, дамымалы қоғам жағдайында үздіксіз өзгеріп тұратын педагогикалық ақиқатты дұрыс көрсететін көзқарастар ұстанымдары мен білімді табу тәсілдері туралы білім жүйесін құрайды.

«Амал» ғылыми әдіснамада өте жиі қолданылатын категория болып табылады да, теориялық және практикалық мәселелерді шешуде қолданылады. Әдіснамалық категория ретінде амал зерттеу алдына қойған міндеттерді шешуде әдіснамалық құрал, зерттеудің негізі қызметтерін атқарады. Кей жағдайда білімді жобалаудың ұстанымы, тіпті әдісі де бола алады. Ғылыми әдебиеттерге берілген интерпретацияларда амал – зерттеушінің өз әрекетін саналы түрде жүргізу үшін таңдаған, бір – бірімен тығыз байланыстағы мақсаттар, ұстанымдар, әдістері түрінде сипатталады. Бұл тұрғыдан алғанда әдіснамалық амалдың ұстанымға қарағанда атқаратын қызметінің ауқымы кең.

Біздің пайымдауымызша, акмеологиялық амалдың жүзеге асуы болашақ маман тұлғасы бағыттылығы мазмұнындағы, деңгейіндегі және оның теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік кәсіби даярлығының деңгейіндегі үдемелі өзгерістердің айқындалуын қамтамасыз етеді. Осы әлеуметтік-мәдени мән-мәтінде акмеология ғылымы ерекше маңызға ие болды. Ғылым кәсіптік іс-әрекет түрлерінің тиімді жүзеге асуының акме-формалары ретінде кәсібилік пен шығармашылық дамудың заңдылықтарын және технологияларын зерттейді. Сондықтан акмеологиялық амал болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру мәселесінің басқа салаларға ауытқымай зерттелуін қамтамасыз етеді деп санаймыз. Ал акмеологиялық амал туралы сөз қозғамас бұрын оған қатысты ұғымдарды талдаулар қажеттілігі туындайды.

«Акme» көне грек тілінен аударғанда «биік, шың, табыс, logos – ілім» ретінде анықталады. Гректер «акме» сөзімен адам өміріндегі есейген жастық кезеңді белгілейді, жастық шақтың осы кезеңінде адам өз қабілеттерінің жоғарғы шыңына жетеді, осы кезең адам күштерінің нығайып, қанат жайып, гүлденген кезі болып саналады.

Тұлғаны дамытудың акмеологиялық идеяларын көптеген ежелгі философтар еңбектерінен көруге болады. Антикалық философтардың жұмыстарында акменің пайда болуының философиялық алғы шарттары адам ойының шыңына жетуімен сипатталатын ерекше тиянақталғандық және жүйелілік сипатқа ие болады. «Акме» ұғымының дамуы төмендегі кезеңдерден өтті.

Айталық, С.Д. Пожарский антикалық философиядағы акмеологияның

дамуының төмендегі 3 кезеңін көрсетіп береді:

- табиғатты ой елегінен өткізу бағдарлары мәселелері қарастырылған біздің эрамызға дейінгі 600-450 жылдардағы классикалық философияның дамуы кезеңіндегі акмеология ұғымының дамуы (Анаксимандр (б.э.д.610-546 ж.ж.), Гераклит (б.э.д.520-460 ж.ж.), Пифагор (б.э.д.580-500 ж.ж.), Эмпедокл (б.э.д.490-430 ж.ж.), Демокрит (460-370 ж.ж.));

- адам ұғымының мәні қарастырылған біздің эрамызға дейінгі 450-322 жылдардағы акмеологияның дамуы (Сократ философиясының акмежетістіктері (б.э.д. 469-399 ж.ж.), Платон академиясы, Афинидағы Аристотель Ликейі, Александрия мектебі);

- б.э.д. 322-260 жылдар кезеңіндегі акмеология ұғымының дамуы және ол адам мәнінің, этикалық мәселелердің қарастырылуымен сипатталады (Антисфен, Пиррон Эпикур, Луций Аней Сенека, Эпиктет) [124].

Осылайша, ежелгі философтар адам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, адамның мәні, тұлғаның дербестілігі туралы мәселелер қойып, шешуге әрекет жасаған.

Одан кейін жаңа заман кезеңіндегі философияда адамды жетілдіру мен акмеге жету мәселелері табиғатты жеңу ретінде акмені зерделеу мән мәтінінде қарастырылды.

Ағарту кезеңі философиясында «акме» қоғамдағы адамның өнімді ойлауының факторы ретінде қарастырылады. Ағартушылар алдыңғы екі кезең ойшылдарына қарағанда «акмені» жетілу және наным, адамның жетілуін наным мен сенімге қатынасы тұрғысында ақыл-ойдың рөлінің артуынан көрді, шіркеулерге, абсолютизмге қарсы шықты, ғылым мен философияның даму еркіндігін қолдады.

Вольтер бойынша акмеге мына ұстанымдардың орындалуы барысында жетуге болады: а) адамның өз өмірін жетілдіру бойынша белсенді іс-әрекеті; тұлғаны жетілдіруді монархтардың көмегімен, «ақыл ой патшалығы» ретінде, бейбіт жолмен, жоғарыдан, өзі жаратқандарының жақсы өмір сүруіне қамқор болу арқылы жүзеге асырылады. Ж.Ж. Руссо жетілдіруді адамдарды бай және кедей, үстемдік етушілер және бағынушылар деп бөлетін жеке меншік негізі болып табылатын зұлымдық көздерін-теңсіздікті жоюда деп білді [125]. Ал Дидроның пікірінше, акмеге жетудің басты шарты адамның барлық жағынан үйлесімді жетілуі [126].

Немістің классикалық философиясында «акме» адамның моральдық жетілуі және оның өзін-өзі дамытуы ретінде қарастырылады. Иррационализм философиясы тұрғысынан алып қарағанда жетілдіру үдерісі ақылмен ойлаумен, таза болмыспен, логикамен, абсолютті ақылмен ғана шектелмейді. Жетілу ойлауға сыймайтын, белгілі бір күштің, болмыстың құпия бастапқы негізі ретіндегі ерік-жігер категориясы арқылы болуы мүмкін. Жетілу, өзгеріс идеяда көрініс беретін ерік арқылы жүзеге асады. Жетілу мен шыңға жетудің екі жолы болуы мүмкін: ақыл-оймен және логикамен (Гегель бойынша); ерік - жігер арқылы (Шопенгауэр бойынша). Акме ақыл оймен жүзеге асатын рационал іс-әрекет ретінде қарастырылады [127].

XXI ғасырдағы акмеологиялық білімнің қалыптасуының тарихи-философиялық тұжырымдамасын қарастырайық. Бұл кезеңде «акме» ұғымы «шыңдылық» және «нақтылық» түсініктері тұрғысынан ашылып көрсетіледі. Ғылыми танымның базалық элементтерінің бірі ретіндегі шың - жинақталған білімнің «акмесі» - ойлау іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Шыңдылықтың тарихи-философиялық негіздемесі акменің іргелі ұғымы болып табылатын абсолютті даналыққа қарай ілгерілей қозғалу үдерісі ретінде қарастырылады. Біріншісі – өсу және есею кезеңінде тұлғаның жетілуі. *Екінші* аспект – адамның ішкі әлемінде болатын, психикасында көрініс беретін және адам туралы басқа да ғылымдармен кешенді зерделенетін жетілдіру үдерісі ретіндегі өзгерістерді зерттеу. Үшінші аспект акмені нәтиже ретінде қарастыру – әлеуметтік және кәсіптік іс-әрекеттің шыңына жету.

Акмеологияны ғылым ретінде талдау жасаудан бұрын акме ұғымының кезеңмен дамуы мәселесіне тоқталайық. С.Д. Пожарский былайша қарастырады [128]:

1. Бірінші кезең, мұнда шың грекше άκμη (акме), тау символы, жетістіктің шегі, белгіленген жағдай ретінде анықталады.

2. Екінші кезең, мұнда шың дамудың ең жоғары нүктесі, кульминация (латынша culminis) немесе гүлдену символы (floruit ).

3. Үшінші кезең, көпөлшемді ұғым сияқты анықтамаға ие болды (ағылшынша top (шың).

Ғалым бұл ғылымның төмендегідей жіктемесін ұсынады:

- классикалық акмеология (адамды оның кемелдену кезеңіндегі дамуы тұрғысынан қарастыру):

- іргелі (базалық) акмеология (адамды біртұтас жүйе ретінде қарастыру);

- қолданбалы (салалық) акмеология (әлеуметтік білімнің белгілі бір мәселелері арқылы адамды қарастыру).

Акмеологияның генезисін және өзіндік тәжірибесін талдау негізінде С.Д. Пожарский келесі әдіснамалық ұстанымдарды қарастырады :

- шыңына жету ұстанымы (акмеология жеке іс-әрекеттің кез келген түрлерінің шыңына жету заңдылықтарын зерттейді);

- біртұтастық ұстанымы (акмеология ғылымның әртүрлі салаларынан алынған білімді синтездейді);

- тарихилық ұстанымы (акмеология әртүрлі тарихи кезеңдердегі акмеологиялықты айқындайды);

- жан-жақтылық ұстанымы (акмеология іс-әрекеттің барлық салаларындағы оның акмесін құрайтын шыңдарына жетуін зерделейді);

-дамытушылық ұстанымы (акмеология адамның өзін-өзі дамыту үдерісін оның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруы ретінде зерделейді);

- интегративтілік ұстанымы (акмеологияны интегративті ғылым ретінде тану).

«Акмеология» ғылыми термині өткен ғасырдың 20-шы жылдары ақыл-ой және әлеуметтік ізденіс, эвриология (П.Энгельмейер) [129], эргонология (В.Н.Мясищев) [130], рефлексология (В.М.Бехтерев)[131] ғылыми

бағыттарының пайда болуы барысында айқындалды. 1928 ж. Н.А. Рыбников акмеология ұғымын ересек адамдардың дамуы туралы ғылым ретінде енгізсе [132], ал XX ғасырдың ортасында белгілі ресейлік психолог Б.Г. Ананьев ғылым жүйесіндегі акмеологияның орнын анықтады, ересек адамның акме - дамуын азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіптік-еңбек сапалары негізінде қарастырды. XX ғасырдың 70-жылдары. Б.Г. Ананьев, Е.И. Степанова, Н.Н. Обозовтар акмеологияны жасампаз іс-әрекетті жетілдіру аясында қарастыруды ұсынды [133].

Акмеология кәсіби дамуды оңтайландыру жолдарын зерделейді, өзін-өзі барынша толық жүзеге асырудың, кәсібиліктің шыңына жетудің тәсілдерін белсендіре отырып адамды өзін-өзі кәсіптік дамытудың субъектісі ретінде ынталандырудың тәсілдерін жасайды.

Акмеология ғылым ретінде психология мен педагогикада жоқ ұғымдар жүйесін құрайды. Ол ұғымдарға келесілер жатады: есеюшілік, кәсіптік іс-әрекет, шеберліктің шыңы, кәсібилік. А.А.Деркачтың пікірінше, «Акмеология – бұл адамның шығармашылық әлеуетінің шыңына қол жеткізудің заңдылықтарын, жолдарын, тәсілдерін, шарттарын және есею кезеңінде іс-әрекет барысында оның өзін-өзі жетілдіруінің амалдарын зерттейтін кіріктірілген ғылым». «Акмеология – бұл адам туралы ғылымдар жүйесіндегі ғылыми білімнің және адамның кәсібиліктің шынына жетудің жаңа саласы» [134].

А.А.Деркач пен Н.В.Кузнецов кәсіптік дамудағы «акме» дегеніміз – осы адам үшін, оның белгілі бір уақыт кезеңіндегі кәсіптік дамуының деңгейін білдіретін психикалық қалып. Кәсіптік «акме» - бұл кульминация, шығармашылықтың шыңы мен оптимумы, ең жоғары өнімділік сәті, адам жасаған құндылықтардың ең жоғары мағыналы кезеңі деп сипаттаған [135].

Қазіргі уақытта адамның ғана емес, табиғаттың да дамуының заңдылықтарын зерделеудің акмеологиялық заңдары таралуда, демек аталған ғылыми бағыттың дамуының жаңа іргелі кезеңі басталды деген сөз. Акмеология тіршілік іс-әрекетін, адам мен табиғаттың жаратылыстану және технологиялық өзара әрекеттестігін тарихи-философиялық тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік береді. «Акме» ұғымын көптеген зерттеушілер өздерінше түсіндіруге талпыныс жасады. Олардың қатарына Н.В.Кузьмина, А.А. Деркач, А.А. Бодалев, В.Г.Зазыкин, В.Н.Максимова т.б. жатқызуға болады.

А.А. Деркач пен В.Г. Зазыкиннің пікірінше, жалпы (классикалық) акмеологияда «... ең аз дегенде үш ғылыми-әдіснамалық бағдар болды: жаратылыстану; қоғамдық – гуманитарлық; технологиялық...» [136]. А.А. Деркач ғылымның «акмеологиялық ұстанымдар мен заңдылықтар», «акмеологиялық кеңістік», «акмеограмма» және т.б. ұғымдарды қамтитын ұғымдық аппаратын жасады. Оның жіктемесі бойынша акмеология дамуының төрт кезеңін бөліп көрсетуге болады [137]:

- латенттік (жасырын) – бұл кезеңде ғылыми танымда акмеологиялық мәселелерді бөліп қарастыруға қажетті ғылыми және мәдениеттік алғышарттар қалыптасты;

- номинациялық (атаулы) – акмеологиялық білімнің қажеттілігі сезіліп,

жаңа ғылымды сипаттайтын «акмеология» термині пайда болған кезең;

- инкубациялық (өсіп-өну) – ғылымның пәні, оның нысандық өрісі қалыптасып, акмеологиялық теориялық және қолданбалы зерттеулер жүргізіле бастаған кезең;

- институттық (қоғамдық мәртебеге ие болуы) – акмеологияның өз алдына жеке ғылыми мәртебеге ие болған кезең, әлеуметтік құрылымдарды құру: акмеологиялық кафедралар мен факультеттер (Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей мемлекеттік қызмет академиясындағы кәсіптік іс-әрекеттің акмеологиясы мен психологиясы кафедрасы), жоғары оқу орындарындағы лабораториялар мен Халықаралық акмеологиялық ғылымдар академиясы. Екі жылдан кейін Санкт-Петербургте «Акмеологиялық ғылымдар академиясы»ғылыми қоғамдық ұйым құрылды (Н. В. Кузьмина, А. А. Деркач, А. М. Зимичев). 1995 жылы Санкт-Петербург акмеологиялық академиясы құрылды (А. М. Зимичев), ол қазір Санкт-Петербург психология және акмеология институты деп аталады, сондай-ақ ол жөнінде ғылыми мақалалар және «Акмеология» ғылыми-практикалық журналы басылып шығады.

Осылайша, әдіснамалық тұрғыда акмеология іргелі-қолданбалы сипаттағы кешенді ғылым басқа ғылымдарда зерделенбейтін болмыстың заңдылықтарын танып білумен айналысады. Акмеологияның нысанына есею кезеңінде даму үстіндегі тұлға жатады. Кең мағынадағы пәні – бұл есейген тұлғаның прогрессивті дамуына ықпал ететін немесе кедергі болатын объективті және субъективті факторлар, өзінің кәсіптік іс-әрекетіндегі, шығармашылығындағы, қатынастарындағы, дамуындағы нәтиженің ең жоғарғы деңгейіне қол жеткізе алатын жағдайлар, шарттар.

Акмеологиялық амал әдіснамалық қағидалармен қоса зерттелген нысанға қатысты көзқарастарға, сондай-ақ зерттеудің акмеологиялық әдістерін қолдану мен тәжірибелік міндеттерді шешуге негізделеді. Сондықтан оған сүйену арқылы сапасы жағынан жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге болады. Бұл нәтижелер психологиялық зерттеулердің нәтижелерінен өзгешелеу болады. Осы айырмашылықтарға ерекше назар аударған жөн, өйткені олар акмеологиялық білімнің өзгешелігі мен акмеологиялық зерттеудің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, зерттеу нысанына қатысты көзқарасқа және нысанның өзіне айрықша назар аударамыз. Мұны жеке тұлғаның дамуы мәселесін қарастырудың акмеологиялық және психологиялық амалдарына салыстырмалы талдау жасау арқылы көрсетейік.

Психология ғылымында ұзақ уақыт бойы жеке тұлғаның дамуы бұл – жеке адамның әлеуметтенуі мен тәрбиесі нәтижесінде оның әлеуметтік қасиеті ретінде қалыптасу үрдісі деп есептелген. Мұндай дамудың ішкі күші өсіп келе жатқан қажеттіліктер мен оларды қанағаттандырудың шынайы мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылық делінген. Жеке тұлғаның дамуы осы түсінік аясында жалпы түрде адамның жаңа әлеуметтік ортаға кіруі және онымен бірігу үрдісі ретінде қарастырылады. Бұл үрдістің үш негізгі сатысы бар:

- бейімделу сатысы (қолданыстағы құндылықтар мен ережелерді игеру, іс-әрекеттің сәйкес құралдары мен тәсілдерін меңгеру дегенді білдіреді);

- даралану сатысы («барлығы сияқты» болу қажеттілігі мен басқалардан өзгеше болуға ұмтылу арасындағы қарам-қайшылықтың пайда болуы);

- бірігу сатысы (өз ерекшеліктері мен айырмашылықтары арқылы көріну және қоғамның жеке адамды қабылдау қажеттілігі арасындағы байланыс ретінде) [138].

Психологияда жеке тұлға мәселесі бойынша көптеген зерттеулер бар. Ол барлық басқа мәселелермен байланысты орталық бағыт болып табылады. Б.Ф. Ломов айтқандай: «...психикалық құбылыстар іс-әрекеттер мен қарым-қатынаста қалыптасады, дамиды, көрініс табады, бірақ олар іс-әрекет пен қарым-қатынасқа тиесілі емес, олардың субъектілері – қоғамдық жеке адамға, жеке тұлғаға тиесілі. Іс-әрекет те, қарым-қатынас та өздігінен психикалық қасиеттерге ие болмайды, олар өздігінен пайда болмайды да. Бірақ бұл қасиеттерге жеке тұлға ие болады. Осылайша, қарым-қатынас мәселесі де, іс-әрекет мәселесі де жеке тұлға мәселесінде «түйықталады» [139].

Жеке тұлға мәселесін бұлайша түсіну жеке тұлғалық қағиданың тұжырымдалуына негіз болды, ол жеке тұлғамен байланысты психикалық қызметті, үрдістерді, жай-күй мен іс-әректті зерттеуді талап етеді. Жеке тұлғаны зерттеу психологияда дәстүрлі түрде бірнеше бағытта жүргізілген және әлі де жүргізілуде, олар – жеке тұлғаның тұрпаттамасы мен жіктемесін жасау, жеке тұлға тұжырымдамасын жасау, жеке тұлғаның мінез-құлқын, қабілетін, бағыттылығын, оның қарым-қатынасын бақылау. Сондай-ақ, орталық бағыттардың бірі мазмұндық-үрдістік сипатқа ие, оның мәні жеке тұлғаның бойында әр түрлі жағдайлар мен факторлардың ықпалымен болатын өзгерістерді анықтау. Бұл бағыттың өзегі жеке тұлғаның дамуын зерттеу болып табылады. Дәл осы жерде акмеология психологиямен өте тығыз байланысады. Бірақ көзқарастар мен тұғырлардың айырмашылығы көзге ерекше түседі.

Акмеология жеке тұлғаны дамытудың гуманистік бағытына бағдарлайды. Бұл ретте акмеологиялық амал С.Л. Рубинштейн ойларына жақын болып келеді, ол «...субъектінің даму деңгейін оның басқалар үшін қаншалықты жылулық пен шаттық сыйлағанынан анықтайды. Жоғары деңгей басқа адамдардың бойында нені және қалай өзгертіп, жетілдіргені арқылы бағаланады» - дейді [140]. Бұл ойды болашақ маман тұлғасын қалыптастыруда басшылыққа алу оның ізгіліктілік қасиеттерін ұстануға негіз болады. Ал адамсүйгіштік шығармашыл ұстаздың басты сапасы болуы тиіс. Жеке тұлғаның өзіндік маңыздылығы мен өзін-өзі көрсетуі гуманистік бағыттағы даралану бойынша оның бейімделуімен, даралануы және бірігуімен үйлесуі керек. Даму психологиясында диалектикалық байланыстар туралы сөз болған еді, яғни жеке тұлға даму барысында қоғамдық тәжірибені игерумен қоса дербестік пен тәуелсіздікке ие болады, бұл даралану мен әлеуметтену біртұтас тұлғалық даму үрдісінің өзара байланысты бөлігі деген сөз.

Акмеологияның мән-мағынасынан тұлғаның үдемелі дамуымен байланысты тұрақты байланыстарды бейнелейтінін түсінеміз. Қазіргі таңда теориялық акмеологиялық зерттеулерде тұлғалық-кәсіби дамуды, тұлғалық әлеуетті күшейтуді, кәсіби іс-әрекетте тұлғаның өзін-өзі көрсетуі сияқты

акмеологиялық заңдылықтарды негіздеуге әрекеттер жасалуда.

Б.Г. Ананьев кез келген дамудың негізінде ең алдымен интеллектуалды даму жатыр деген ой айтқан [141]. Жеке тұлғалық даму адамның білімі толып, дүниетанымы кеңейіп, зияткерлік білігі жетілген кезде, яғни әлеуеттің жаңартылмалы бөлігі жүзеге асқан кезде орын алады, оған оқыту барысында, ең бастысы өз бетінше оқу кезінде қол жеткізуге болады. Көбінесе интеллектуалды дамудың нәтижесінде жеке тұлғаның қарым-қатынасының адамгершілікке толып, сапасы жағынан өзгеше үлгі мен мінсіздікке бағдарлану қалыптасады. Бұл акмеологиялық және психологиялық ұстанымдар үшін ортақ нәрсе.

Дегенмен акмеология дамыған сайын акмеологиялық және психологиялық көзқарастардың жақындай түскені байқалады. Осындай жақындай түсудің кезеңдерін А.К. Маркова төмендегіше сипаттаған еді [142]:

- құрамдас бөлшекті амал тұрғысынан біртұтас жүйелі-құрылымдық амалға қарай;
- жүйелі-құрылымдықтан генетикалық, тарихи және серпіндіге қарай;
- технологиялықтан антропологиялық орталыққа қарай;
- шектеулі іс-әрекеттіктен субъектілікке қарай;
- қатаң ережеліден дараланған, ықтималға қарай;
- антропоорталықтан гуманистікке қарай;
- гуманистіктен акмеологиялыққа қарай.

Осылайша, есейген жеке тұлғаның дамуын зерттеуде психология мен акмеологияда ортақ және өзгеше көзқарастар бар. Бұл айырмашылықтар акмеологиялық білімнің және ғылым ретінде акмеологияның өзгешелігі мен өз алдына дербестігін сипаттайды.

Акмеология атқаратын қызметіне қарай әртүрлі салаларға бөлінеді. Атап айтсақ, әскери, медициналық, экстримальді жағдай акмеологиясы және педагогикалық. Акмеологияның пән ретінде құрылуы **педагогикалық акмеологияның** пайда болуына әкелді. «Педагогикалық акмеология» бүгінгі күні қолданбалы акмеологияның барынша көп қарастырылған бағыттарының бірі болып табылады. Педагогикалық акмеологияның қарқынды дамуы жалпы акмеологияның және оның қолданбалы бағыттарының қалыптасуына ықпал етті. Ал қысқаша айтқанда, педагогикалық акмеология – педагог еңбегінде кәсібилікке жету жолдары туралы ғылым.

Педагогикалық акмеологияға адамды тұлға, іс-әрекет субъектісі, индивид ретінде зерттеп, жалпы алғанда ақыл-ой әлеуеті қалыптасқан көпқырлы біртұтас адам ретінде оның жеке ерекшеліктерін анықтайды, адамның қол жеткізген нәтижелерін зерттеу негізінде оның әлеуетінің заңдылықтарын қарастырады. Сондықтан да педагогикалық акмеология білім сапасын арттыруда өте үлкен маңызға ие, болашақ педагогтардың кәсіптік даярлығының жаңа моделін құруға жол ашады және адам капиталды дамыту мәселесін тиімді шешуге бағытталады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында педагогикалық акмеологияның пәндік саласы кең, осы ғылым саласы тұлға кәсібилігінің түрлі

жақтары мен оның іс-әрекет кәсібилігінің деңгейлерін, сондай ақ педагог тұлғасының кәсіптік жетілуінің шыңына жетудегі шарттары мен заңдылықтарын зерттейді. Осыған орай оның пәндік саласына мыналар кіреді:

а) болашақ педагог-акмеологтың кезең кезеңімен қалыптасу үдерісін зерттеу;

ә) педагогикалық іс әрекетте кәсіби жетістіктерге жетудің мотивтерін анықтау, осыған байланысты білім алушылардың мотивтері, құндылықты бағдарлары, мақсаттарын зерттеу;

б) жеке оқу пәндері мен құралдарының білім алушылардың тұлғалық дамуына ізгілікті бағдарлануы;

в) магистранттың болашақ мамандығы бойынша кәсібилікке жетудің траекторияларын, акмеограммасын жасау;

г) болашақ мамандарды даярлаудағы акмеологиялық технологиялар әзірлеу және т.б.

Педагогикалық акмеология педагог тұлғасы жетілуінің деңгейлері мен кезеңдерін, сонымен бірге «шеберлік» деңгейін анықтайды.

Шеберлікке қарай ұмтылысты акметектоника сипаттайды. Акметектоника – «бұл іс-әрекет субъектісінің кәсіби «акмесін» моделдеу және дамыту, түзету, бағалаудың кешенді жүйесі, сонымен қатар субъектінің эталонға ішкі тұлғалық саналы қозғалысы болып табылады, осы қозғалыс өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, жүзеге асыру негізінде өз дамуының қозғаушы күшін анықтауға мүмкіндік береді» [143].

Сонымен қатар педагогикалық акмеология іс-әрекет кәсібилігінің деңгейлері мен кезеңдерін айқындайды. Олардың ішінде мыналар негізгі болып табылады :

- мамандықты игеруі;
- педагогикалық шеберлік;
- мамандықта педагогтың өзін-өзі өзектілендіруі;
- педагогикалық шығармашылық.

Мамандықты игеру деңгейі жоғары білім беру орындарында білім алу іс-әрекеті мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында кәсіптік білім алу іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Ал кәсіптік-педагогикалық іс-әрекет арқылы болашақ маманның педагог ретіндегі мамандықта өзін-өзі өзектілендіруі мен педагогикалық шығармашылықтың шындалуы жүреді. Педагогтің кәсіптік шығармашылығы – оның білімдер, дағдылар, біліктер мен кәсіби маңызды қасиеттері дамуының жоғарғы деңгейінде көрініс беретін және оның кәсіби іс-әрекетте жетістігін қамтамасыз ететін психикалық жаңа құрылым.

Міне осы соңғы екі деңгейлерге дейін (мамандыққа өзін-өзі өзектілендіруі мен педагогикалық шығармашылықтың шындалуы) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қандай негізін салушы жұмыс түрлері ұйымдастырылатынын қарастыруымыз керек.

Инновациялық әлеует кәсіби бағыттылығы бар креативтік іс-әрекетке дайындықты білдіреді. Жаңа тиімді алгоритмдерді және тұлғаның қайтадан

жасампаздық бағыттылығын игеруде іс-әрекеттің жоғары тиімділігіне әкелетін кәсіби құзіреттіліктің кәсіптік міндеттерін шешудің жаңа тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. А.А. Бодалев пен Л.А. Рудкевич жүргізген зерттеулер және жоғары нәтижелерге қол жеткізген мамандардың кәсіби іс-әрекетін талдау оларға ортақ белгіні – инновацияларға бейімділікті, жаңа және бейтаныс жайттарға дайындықты, әр нәрсені «байқап көруге» қажеттілікті анықтады [144].

Кәсіби білім беруде **акмеологиялық амалды** енгізудің мәні магистранттардың шығармашылық әлеуетін өзектендіретін зерттеуші және қалыптастырушы әсерлердің бағытын анықтаумен, олардың кәсіби және іскерлік жетістікке қол жеткізу мотивациясын көтерумен ашылады. Ол үшін оқыту мен тәрбиелеудің, өзін-өзі тәрбиелеу және дамытудың үдемелі қазіргі әдістемелері мен технологияларын игеруге магистранттарға жағдай жасалуы тиіс. Педагогтарды дайындау саласындағы осы көзқарасты жүзеге асырудың мақсаты – **тұлғаның акмеологиялық дайындығын** оның негізгі қасиеті мен кәсібилігінің басты көрсеткіші ретінде қалыптастыру.

Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында ғылыми-педагогикалық мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру көзделеді, ол болашақ маман тұлғасының интегралды сипаттамаларының бірі болып, оның кәсіби дамуының (өзін-өзі дамытудың) объектісіне айналады.

Болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудағы акмеологиялық амал шешімді қабылдау үшін ақпаратты жинақтауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді: нені және қалай жетілдіруге болады. Сонымен, іс-әрекет және тұлға кәсібилігі негізінде жатқан қасиетті дамытуға бағытталған тұлғаның қызығушылықтарын жүзеге асырудағы ықпал ету акмеологиялық болып табылады. Осы өзара әрекеттесу акмеологиялық мақсаттарға қол жеткізуді қамтиды (шығармашылық әлеуетті жүзеге асыру, игеру, дамыту, өзін-өзі жетілдіруге, өзектілендіруге бағытталған тиімді өмірлік стратегияларды қалыптастыру және т.б.).

Қорыта айтқанда, магистратура жағдайында болашақ мамандарды дайындаудың акмеологиялық негіздері осы үдерісті акмеологиялық әдіс-тәсілдер тұрғысынан қарастыруды көздейді. Акмеология әдіснамалық тұрғыдан іргелі-қолданбалы сипаттағы кешенді ғылым ретінде анықталады. Оның іргелілігі басқа ғылымдарда қарастырылмайтын шынайылық заңдылықтарын танып білумен нақтыланады. Акмеологияның қолданбалы сипаты практикаға бағдарланған акмеологиялық технологияларда көрініс береді.

Акмеология – адамның шығармашылық ғұмырына, кәсіптік шыңға жетуіне ықпал ететін факторлар мен заңдылықтарды зерттейтін ғылым; жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық пәндер тоғысында пайда болған, белгілі бір іс-әрекет саласында адамның жоғары дәрежеде акме дамуы жөнінде ғылым. Кемелденуді өздігінен білім алу, өзін-өзі түзету, өзін-өзі басқару құралдары арқылы өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілік деп қарастырады. Жеке тұлғаның дамуын зерттеуде психология мен акмеологияда ортақ және өзгеше көзқарастар

бар. Бұл айырмашылықтар акмеологиялық білімнің және ғылым ретінде акмеологияның өзгешелігі мен өз алдына дербестігін сипаттайды.

Акмеологияның жоғарыда сипатталған ерекшеліктеріне мән беру оның педагогикалық мәселелерді шешудегі әлеуетін ашуға мүмкіндік берді, біз қарастырып отырған «акмеологиялық дайындық» ұғымын негіздеуге ықпал етті. Олар жайлы жұмысымыздың келесі параграфында баяндалады.

### 1.3 Болашақ ғылыми-педагогикалық мамандардың акмеологиялық дайындығының мәні, мазмұны, құрылымы

Бүгінгі таңда белең алып отырған білім сапасының төмендігі, мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оның нәтижесінің болмауы, білімгерлердің өздігінен білім алу дағдысының төмендігі, олардың оқытушылармен бірлескен шығармашылық әрекеттеріндегі кемшіліктер көп жағдайда білім саласындағы шығармашылықтың болмауынан туындап отыр деп санаймыз. Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпыныстарын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылықпен еңбек етуге жол ашу болып табылады.

Жұмысымыздың алғашқы тақырыптарында қарастырылып кеткендей бүгінгі білім алушы орынында отырған тұлғаның ертең білімді ұстаз, тағылымды тәрбиеші, басқадан ойы озық тәлімгер болуы маман болып қалыптасудың баспалдақтарында басталады. Оның «акме» жағдайда табысты еңбек етуі студент, магистрант шақта бойына «шығармашылық» сапаларды, «креативтілік» қасиетті, кәсіпті меңгерудегі «белсенділікті», «шеберлікті» дарытумен тікелей байланысты. Сондықтан жұмысымызда бұдан әрі қарай бірізділікті сақтау логикасына сәйкес аталып кеткен ұғымдардың мәнін ашып, олардың өзара байланыстылығын және тәуелділігін көрсетіп, акмеологиялық дайындық тұрғысынан зерттеліп отырған мәселеде қандай орын алатынын анықтаймыз.

«Шығармашылық» ұғымына қызығушылық адамзат қоғамының өмір сүруі барысында сақталып келеді. Барлық кезеңдердің ғұлама ойшылдары шығармашылық үдерісінде табиғат пен әлем арасындағы үйлесімділік тетіктерін, табиғи және әлеуметтік катаклизмаларды болдырмаудың жолдарын, қоршаған әлем мен адам санасының дамуын зерттеп, көрсетеді.

Философиялық сөздікте «шығармашылықты – бұрын болмаған жаңа нәрсені жасап шығару», - деп түсіндіреді [145]. Үлкен энциклопедиялық сөздікте «шығармашылық» қайталанбайтын, тарихи–қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс–әрекет» деп түсіндіріледі [146]. Осы анықтамалардың негізінде «шығармашылық» ұғымын жаңа өнім жасау немесе бұрынғы өнімді жаңалап жетілдіру, іс–әрекеттегі қайталанбайтын, өзгеде жоқ, нәтижелі өнім алынатын адамның мақсатты әрекеті ретінде қарыстыра аламыз. Шығармашылыққа жаңа, тың нәрсе жасау тән десек, бұрыннан белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны

жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс деуге болады.

Н.А. Бердяев өзінің шығармашылықты зерттеу жұмысында, егер адам рухани бастаудан бас тартып, өзінің күштерін «технократиялық патшалықты» құруға жұмсаса, онда ол өзінің адами бейнесіне сенбейді, өзінің шынайы мазмұнынан алшақтайды деген, нәтижесінде жоғары шығармашылықтың қайнар көзі мен жоғары мақсаттылық қарастырылмай, шығармашылықтың бұлақтары жабылып, шығармашылықтың пәні жоғалады – деп түсіндіреді [147].

Сонымен, философиялық тұрғыдан, шығармашылықты талдау, мәселені шешу үдерісі ретінде адам қажеттілігін қанағаттандыратын тәсілдерді іздеу мен әлеуметтік қайшылықтарды шешудің табиғи байланысын бірге қарастыруда шығармашылық теориясы негізгі орын алады және қоғам өмірінің мәнін, адам мен оның философиясын түсінудің кілті болып саналады. Дегенмен жаңалық деп не нәрсені анықтауға болатындығы үнемі сұрақ туындатады. Осы сауалға жауап іздестіру барысында философтар «субъективті жаңалық» немесе «объективті жаңалық» деген ұғымдарды қолдануды ұсынған.

Психологияда шығармашылықты адамның табиғи іздестіру қажеттілігін қанағаттандыру теориясымен (С.М. Бондаренко, В.С. Ротенберг және т.б.) байланыстырады, сондықтанда, көптеген психологтар, шығармашылықты «іздестіру белсенділігі» ретінде анықтайды [148]. Осы тұрғыдан, іздестіру белсенділігін мәселелік жағдаяттың немесе сол жағдаятты шешу барысында субъектінің өзгеруіне бағдарланған белсенділік ретінде қарастырады. Іздестіру белсенділігінің көріністерін ірі ғалымдар мен шығармашыл тұлғалардың жоғары нәтижелі жұмыс еңбегінде байқалады, себебі олар күтпеген жағдайда, өздерінің бұрынғы қалыптасқан зерттеу жұмысын және жетістіктерін тастап, жаңадан басқа бір іс-әрекетке ауысып кететін болған.

Б.М. Теплов өз еңбектерінде адамның шығармашылық құраушысы ретінде оның қоршаған әлемді өзгерте алу мен түрлендіру қабілетін қарастырады. Ең бастысы әрекет етіп отырған адамның субъективті қызығушылығы болуы тиіс, ол бір қайталанбас дүние жасап отырғанына әбден сенуі керек, іс-әрекет құпия түрінде өтіп тұрса да, адамның қиялы мен ерігіне тәуелді болатынын айту керектігіне көңіл бөледі [149].

К.А. Абульханова-Славскаяның зерттеулерінде тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттесуінің күрделі динамикалық жүйесі ретіндегі іс-әрекет шығармашылықты дамытудың көзі болып қарастырылады [150]. В.Н. Дружинин адамның шығармашылық құраушысын жоғары интеллект пен шығармашылық қабілеттер жиынтығы ретінде тұжырымдайды [151]. Д.Б. Богоявленскаяның жұмыстарында адамның шығармашылық бастауы оның белсендігі болып анықталады [152]. Бұл сипаттамалар шығармашылық феноменінің жүйе екендігін және оның ішкі құрамалардан тұратынын дәлелдейді. Жалпы айтқанда, шығармашылық - өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін, өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің, түрткінің (мотивтің)

болуымен сипатталынады.Сонымен, жоғарыда қарастырылған анықтамаларды талдау негізінде, біз шығармашылық тек адам белсенділік танытып, әрекет болған жағдайда пайда болады  деп тұжырымдаймыз. Осы тұрғыдан алып, қарастыратын болсақ, бұл жерде тұлғаның ішкі белсенділігі үлкен маңызға ие.

Шығармашылық үдерістің ғылыми талдауы барысында оның кезеңдері, фазалары анықталынады. Шығармашылық кезеңдерін анықтауда көп жағдайда бақылау әдісі қолданылады.  Бұр ретте  батыс зерттеушілері  Дж. Гилфорд [153],  Е.П. Торренс [154] еңбектері орасан зор. Олар шығармашылық үдерістің әр кезеңінде тұлғаның бойында әр түрлі сапалық қасиеттер дамитындығын атап өтеді. Мысалы, алғашқы қезеңдерде жаңалықты сезіну, қарама-қайшылықтарға деген ілтипат, келесі сәттерде шығармашылыққа деген күдік, шығармашылық елес орын алады. Егер де белгісіздік кезеңінде табандылық, танымдық ой-қиялды дамытса, еңбектің нәтижесі тұлғаны  жоғары көңіл-күйге бөлеп, жаңа істерге,  шығармашылық әрекеттерге қанаттандырады.

ХХ ғасырдың соңында, ғалымдардың осы бағыттағы зерттеулерін жалпылап, Я.А. Пономарев шығармашылық үдерістің төрт фазасын анықтайды:

- «бірінші «саналы жұмыс» - дайындалу фазасы (жаңа идеяның интуитивті көрініс беруі);
- екінші фаза (санадан тыс жағдайындағы мидың жұмысы) – пісіп жетілуі (проблеманы санадан тысқары талдау).
- үшінші фаза (санадан тысқары туындаған идеяның саналы деңгейге өтуі) – яғни шабыттану (сана деңгейіне проблеманы шешудің идеясы жетеді, алғашқысында, ұстаным, болжам түрінде пайда болады).
- төртінші фаза (саналы түрдегі жұмыс) – идеяның дамуы, оның соңғы тұжырымдалуы мен тексерілуі» [155].

Сонымен, жоғарыда қарастырылған психолог-ғалымдардың тұжырымдарына сүйенетін болсақ, шығармашылық – бұл бірегей игілік және тұлғаның маңызды сапасы мен өзіндік ерекшелік түрлерінің бірі ретінде және тұлғаның табиғи, әлеуметтік әлемді қайта құрып, өзгертуге бағытталған санадан тысқары болатын және саналы әрекет негізінде пайда болатын шығармашыл тұлғаның ең маңызды ерекшілігі болып анықталған, психологияда «жағдаят үстілік белсенділікпен» түсіндірілетін құбылыс. Осы көзқарас тұрғысынан, шығармашылыққа бағытталған адам үшін бір шығармашылық мәселенің шешілуі аяқталған жұмыс емес, керісінше басқа жаңа іс-әрекеттің басталуы деген сөз. Психологтардың зерттеулерінде шығармашылық «қабілеттілік», «дарындылық», «креативтілік», «белсенділік» ұғымдарымен түсіндіріледі.ХХ ғасырдың  І – ші жартысында  неміс психологы В.Штерн алғашқылардың  бірі  болып  жеке тұлғаның тұтастық ұстанымынан келе дарындылық пен қабілетті барлық психологиялық үдеріс пен даралық сапаларды өзара тығыз қарастырады [156].

Қабілет – осы және басқа өндірістік іс-әрекетті табысты орындау жағдайы болып табылатын тұлғаның даралық психологиялық ерекшелігі. Қабілетті анықтаудағы ең басты үш кезең бар: біріншіден, қабілет бір адамды екінші адамнан ажыратады, екіншіден, дефектіге қарағанда, олар жетістікті

қамтамасыз етеді, үшіншіден, қабілет тек білім, дағды, шеберлікті меңгеруді жеңілдетеді.

Қабілет – жеке адам туралы ілімнің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Ғылымға алғаш рет қабілеттілік туралы ұғымды К.К.Платонов енгізген [157]. Қабілет ұғымына берілген психологиялық анықтамалардың саны өте көп. Мысалға, «қабілет деп - әрекеттің талаптарын қанағаттандыратын және үлкен жетістіктерге жеткізетін адамның қасиеттерінің синтезін айтады» (А.Н.Леонтьев) [158], «қабілет – білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері» (А.В.Петровский)[159], «қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті» (Т.Тәжібаев) [160].

Сонымен, қабілетті жеке даралықтың бір деңгейінде орналастыруға болмайды; басқа сапалармен әсерлесе олар барлық деңгейлер арқылы дамиды. Қабілет деп әр адамның белгілі іс-әрекет түріне икемділігін айтады немесе қабілет дегеніміз – мақсатқа бағытталған, тәлім-тәрбие жұмысына байланысты адамның бір іс-әрекетке ұйымдасқан түрде бейімделуі және оны нәтижелі етіп атқаруы. Қабілеттің екі деңгейі бар: өнімді (білімді жоғары дәрежеде игере алуын қамтамасыз етеді, әрекетті меңгеру); шығармашылық (жаңа, соны нәрсені жасап шығаруды қамтамасыз етеді).

Психологтардың көзқарасы бойынша «шығармашылық қабілет» субъектінің қандай да бір жаңалық табудағы әрекеті. В.А. Крутецкий өзінің шығармашылық қабілеттіліктің құрылымын зерттеген еңбегінде: «Егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық деген адамның ерекше қабілеттірінің жиынтығының бірлігі деуге болады» деп тұжырымдайды [161].

Ғылыми зерттеулерде дарындылық тұтастық сипаттама, қабілеттерді жүйеге біріктіру (Б.Б.Коссов) [162], адамның «жүйелік қасиеті» (Д.Б.Богоявленская) [163]. әрекет мақсатында қабілеттердің ықпалдасып көрінуі (В.Д.Шадриков) [164] деп қарастырылады.

«Дарындылық» ұғымы «қабілеттілік» ұғымына өте жақын. Дарындылық әрбір адамның ақыл – сана, оқу, шығармашылық, көркем өнер, адам аралық қатынастар түзу және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді. Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллект деңгейі анағұрлым жоғары. Дарындылық дәрежесінің артуы қажетті білімдерменептілік, дағдыларды игеріп әрі жетілдіріп баруға тікелей байланысты.

Дарындылық қандай бастапқы құрылым жағдайы мен жоғары нәтижеге жету мүмкін екенін көрсетеді. Бірақта бұл нәтижеге жете алмауы да мүмкін. Креативтілік – дарындылықтың маңызды сипаттамасының бірі екені туралы ойды Н.С.Лейтес еңбектерінен көреміз [165]. Осылайша, креативтілік ойлау дарындылығының компоненті (дарындылықтың басқа түрі сияқты) немесе оны дарындылықтың өз алдына жеке, ерекше түрі ретінде қарастыруға бола ма

деген сауал әлі де пікірталасты қажет етеді. Дарындылық – бұл «шығармашылық дарындылық» деген пікір де бар.

Д.Б.Богоявленская «шығармашылық» пен «шығармашылық дарындылық» өзі үшін синоним сөздер екенін айтады [166]. Осылайша, «шығармашылық дарындылық» дарындылықтың ерекше, өз алдына жеке түрі ретінде қарастырылмайды, ол жеке модальдық емес, кез-келген еңбек түріне тән. Шартты түрде айтсақ, «шығармашылық дарындылық» кез-келген әрекет орындаудың жоғары деңгейі ғана емес, сонымен қатар әрекет субъектісінің бастамасы бойынша оны дамыту, ол әрекет субъектісінің ұстанымы нәтижесінің сипаттамасы.

А.И.Савенков креативтілік дарындылық ретінде статистикалық емес, динамикалық сипаттама үнемі қозғалыста болатын, дамитын, сондықтан үнемі өзгеріп тұратынын ескеру қажеттігін айтады [167]. Автор аталған динамикалық бағыттың артықшылығын дарындылық ұғымының элитарлық болмау идеясынан көреді.Қазіргі таңда, креативтілікті зерттеу барысында қалыптасқан шығармашылықтың жаңа психологиялық тұжырымдамасы пайда болды. Осы тұжырымды түсіндіруде креативтілікті бағалаудағы психометриялық көзқарас қолданылады. Осы көзқарастың негізін салушыларына Дж. Гилфорд, Э.П. Торренс жатады.

Креативтілік – ағылшынның “Creativity” сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді, яғни шығармашылық психиканың даму тетігі мен негізі ретінде қарастырылады (Н.В. Кипиани [168], А.М.Матюшкин [169], Я.А. Пономарев [170], И.Н. Семенов [171] және т.б.). Оны зерттеу ойлау заңдылықтарымен байланыстырады (Н.Г. Алексеев [172], С.М. Бернштейн [173], В.С. Библер [174], О.К. Тихомиров [175], Э.Г. Юдин [176] және т.б.).

Педагогикада креативтілік мәселесіндегі күрт өзгеріс 70 жылдары басталды. Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог-жаңашылдар пайда болды. Мысалы, Ш.А.Амонашвили [177], И.П.Волков [178], С.Н.Лысенкова [179] , В.Ф.Шаталовтардың [180] жаңашылдық іс-тәжірибесі сол кездегі ұстаздар қауымының тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Олардың білім берудегі инновациялық жүйесі басылып, радио және теледидар бойынша жаңа әдістері насихаттала бастады, жаңашылдық нәтижелері тек педагогтарды ғана емес, білім мен тәрбиедегі шығармашылықтың психологиялық ерекшеліктері мен педагогикалық психологиядағы шығармашылық әрекет тетіктерін оқып-үйрене бастаған психологтарды да қызықтырады (И.А. Зимняя [181], Н.В. Кузьмина [182] және басқалар).

Қазақстандық ғалым Р.Омарова диссертациясында қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру - оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, шығармашылық қызығушылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылатынын айта келіп, «инновациялық креативті білім беру» ұғымына анықтама береді. Ғалымның

пайымдауынша «инновациялық креативті білім беру» –қазіргі мектептерде оқытудың шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделу арқылы танылатын әрбір жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттайтын интеллектуалдық үдеріс [183].

Креативтіліктің әмбебап танымдық шығармашылық қабілет ретінде қарастырылуы шет елдік психолог Дж. Гилфорд [184 ] еңбектерінің жарыққа шығуымен байланысты. Гилфорд ойлау операцияларының екі түрін ажыратып көрсетеді: конвергентті және дивергентті. Ол конвергентті ойлауға деген қабілеттілікті тесттік интеллектпен теңестіріп, оны IQ жоғары жылдамдықтағы тестпен өлшеуге болатынын көрсетеді. П.Торренс «креативтілікті» білім игеруде кездесетін қиындықтарды, білімдегі ақауларға немесе үйлесімдіктердің бұзылуына жоғары сезінушілік ретінде қарастырып, осы мәселелердің анықталуының, олардың шешімдерін іздестірудің, болжамдарды ұсынудың және оларды тексерудің, болжамдарды өзгерту мен қайта тексерудің, сонымен қатар шешімдердің нәтижесін қалыптастыру мен жариялаудың қабілеті болып табылады – деп түсіндірген. Креативтілік моделінің негізгі үш белгісі: ой ұшқырлығы (нәтижелігі-өнімділігі); жағдаяттардағы икемділік; тұлғалық ерекшелік, өзіндік шешім [185].

М. Воллах және Н. Коган өз еңбектерінде Гилфорд пен Торренстің және олардың шәкірттерінің интеллекті өлшеудің тестік үлгілерін креативтілікті өлшеуге қолдануын үлкен қателік ретінде қарастырады. Осылайша осы тестер интеллекті өлшеуге арналған тестер секілді IQ-ді өлшейтін болған [186]. Осы авторлар уақыттың қатаң лимиттеріне, жарысу ахуалына және жауаптардың дұрыстығының бір түрінде болатынына қарсы пікірлер айтқан, яғни креативтіліктің дәлдік өлшемін жоққа шығарған. Осы тұрғыдан олардың пікірлері Гилфордтың дивергентті және конвергентті ойлау түрлерін ажырату туралы ойларымен үйлеседі. М. Воллах және Н. Коганның пікірлері бойынша шығармашылықты көрсету үшін еркін ахуал қажет. Ең бастысы, шығармашылық қабілеттерді зерттеу мен тестілеуді кәдімгі шығармашылық жағдайда жүргізу керек. Сол кезде сыналушы тапсырманың мазмұны бойынша қосымша ақпаратты еркін пайдалана алады. Воллах пен Коганның бұл көзқарастары креативтілік пен интеллект арасындағы байланыс мәселесіне басқаша қарауға септігін тигізді. Шетел зерттеулерінің креативтілікке берген анықтамалары мен ұғымдарын талдай және жалпылай отырып, Р. Холлменн былай дейді [187]:

«Креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны (Маккеллар), жаңа байланыстар табу қабілеті (Кюби), жаңа қарым-қатынастардың пайда болуы (Роджерс), жаңа шығармалардың туындауы (Меррей), жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті (Лассуэль), жаңа шешімдерге әкелетін ақыл-ой іс-әрекеті (Жерар), жаңа ұғымға тәжірибені көшіру (Тейлор), жаңа констелляциялық мағыналардың елесі (Гизелин)».

Енді креативтілікті зерттеудегі *әлеуметтік-тұлғалық көзқарасты* талдап көрейік. Осы көзқарас тұрғысынан креативтілік тұлғаның жүйелі қасиеті ретінде анықталынады. Шығармашылықтың альтернативті тұжырымдамасын

психолог Эдварл де Боно ұсынады. Ол шығармашылық тетігін түсіндіруде латералды ойлаудың маңыздылығын көрсетті.

Шығармашылық ойлау, Эдварл де Бононың пікірінше, латералды ойлау дегенді білдіреді (lateralis – боковой) [188]. Зерттелінетін мәселенің барлық қырларын, соның ішінде ерекше логикалық ойлауда қолданылмайтын әдістерін қарастырады. Осы тұрғыдан латералды ойлайтын адам ешқашан қателеспейді екен.

Сонымен қатар, креативтілікті зерттеуде отандық ғалым Қ.М. Нағымжанова зерттелетін мәселенің тұжырымдамалық негізін қабылдау арқылы жүйені сапалы интерпретациясы креативтік ұғымының үш қырлылығын сипаттайды:

1. Педагогикалық креативті үдеріс оның эвристикалық мазмұнымен реттелетін, сонымен қатар идеяны анықтауда креативті нәтижеде жүзеге асырылған креативтілікті қалыптастыру мақсатында ізденістік-әрекеттік және коммуникативтік – бірлескен әрекет ретінде;

2. Педагогикалық креативті нәтижеде белсенетін жасаушы үдеріс, бұл материалдық құндылық ретіндегі жаңа зат, жаңа өнім, рухани аумақтағы жаңа нәтижені объективті және субъективті жасау ғана емес, бір мезетте тұлғаның креативті әлеуетін қалыптастыру болып табылады;

3. Педагогикалық креативтілік тұлғалық категория ретінде әлеуетті, рефлексивті және өзектенетін креативті қамтиды және креативті үдеріс пен нәтижеде тұлғаның өзін-өзі өзектендіруі негізінде оның даму динамикасын жүзеге асыратындығын атап көрсетеді. [23,92 б.]

Сонымен, көптеген зерттеушілер креативтіліктің анықтамасында тұлғаның ерекшелігіне немесе қасиетіне басты назар аударады. Креативтілікті қалыптастыру мәселесіне сәйкес жазылған еңбектерді саралай келе креативтіліктің мына төмендегі құрылымдық бөліктерін бөліп көрсетуге болады: аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой-пікірлерде тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисынды ойлау, жаңаны сезгіштік, әр нәрсеге күмән келтіру.Соңғы жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстарында креативтіліктің бірнеше сипаттамалық параметрлері қарастырылады. Соның бірін төмендегі суретте келтіріп отырмыз.




Сурет 1 - Креативтіліктің сипаттамалық параметрлері

Тұлғаның әлеуетінің маңызды элементтері ретінде И.А. Беспалов «акме-мотивацияны» анықтайды. Бұл тұлғаның ерекше психикалық құрылымы. Ол адамның өзін-өзі дамытудағы белсенділігін туындататын ұмтылыстардың барлық түрлерін қамтиды (мотивтер, қажеттіліктер, қызығушылықтар, мақсаттар, әдеттер және т.б.).

И.А. Беспаловтың пікірінше, акме-мотивацияның негізінде жетістікке қол жеткізу мотивациясы жатыр. Осы тұрғыдан алып қарағанда, шығармашыл тұлғаның акмеге қол жеткізуде ішкі ұстанымы болуы тиіс. Оны И.А. Беспалов тұлғаның акмеологиялық бағыттылығы деп анықтайды [189].

Осыған орай, болашақ мұғалімдерді кәсіби шығармашылыққа бағыттайтын оқу орындарының негізгі мақсаттары – әрбір білім алушының осы сипаттамаға сәйкес болып қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау болып табылады.

В.Д. Шадриковтың «кәсіби маңызды қасиеттер» тұжырымдамасы негізінде тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері – бұл кәсіби іс-әрекетті игеру жетістігіне және оның тиімділігіне әсер ететін іс-әрекет субъектісінің жеке қасиеттері [190]. Тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері кәсіптік білім беру барысында, болашақ мамандарды немесе магистранттарды оқу-кәсіптік қауымдастыққа тарту және оқу-кәсіптік іс-әрекетті игеру арқылы дамиды, жетілдіріледі. В.И.Андреев өзінің оқу-шығармашылық, оқу-зерттеушілік бағдарламасында ізденімпаздық пен жасампаздық іс-әрекеттерді дамытудың жолдарын көрсетіп, маңызды тұжырымдама жасаған. Олардың ең тиімділері ретінде мыналарды көрсеткен: іс-әрекеттің қарапайым түрінен күрделілікке біртіндеп көшу; күрделі тапсырмаларды орындай алатын студенттердің өзгелерге жәрдем

жасауын қалыптастыру; жаңа технологияларды пайдалану студенттің дағдылы іс-әрекеті болуы қажет; студенттің тапсырмаларды мұқият орындауын бақылауды біртіндеп күрделендіру, студенттің өзін-өзі бағалауына жағдай жасау; әрбір студенттің өз бетімен орындаған жұмыстарын ұжымдық жұмыстың құрамдас бөлігі ретінде қараудан бұрын шағын топтарда талқылап бағалау жұмысын жүргізу [191]. Іс-әрекет тиімділігі мәселесінің өзі де адамның кәсіптік маңызы бар қасиеттерінің айқын білінетін немесе жетіспеушілігі ракурсінде зерттелгені түсінікті. Зерттеулердің осы арнасында жүргізілген талдау кәсіптік маңызды сапалардың әртүрлі кешендері бола тұра, тұлғаның бір қатар қасиеттері болады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді, олар басқа да жағдайлармен бірге кез келген іс-әрекетті орындаудың тиімділігі үшін маңызды болып табылады. Оларға, Г.С. Никифиров атап көрсеткендей, ең алдымен жауапкершілік, өзін өзі бақылау, кәсіптік өзін өзі бағалау (кәсіптік өзіндік сана құрамдас бөлігі ретінде) және бұдан да әжептеуір айрықша – эмоциялық тұрақтылық, қауіптену жатады [192]. Осы қасиеттердің барлығы болашақта шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімнің бойынан табылуы тиіс. «Педагогикалық шығармашылық» және «педагогикалық шеберлік» ұғымдарын талдай отырып, М.М. Поташник олардың мағыналары жағынан ұқсастығын атап көрсетеді [193]. Ал Н.В. Кухарев педагогикалық шығармашылықты өлшеу педагогикалық шеберлікті өлшеумен бірдей емес деген пікірді айта отырып, педагогикалық шығармашылықты өлшеудің өлшемдерін жасаған [194] (кесте 1).

Кесте 1 - Педагогикалық шығармашылықтың өлшемдері (Н.В.Кухарев бойынша)

| Өлшемдері | Олардың қызметте байқалу түрлері (көрсеткіштері) |
|---|---|
| 1 | 2 |
| 1.Жаңашылдық және оның түпкіліктілігі | Материалды берудің түпкіліктілігі:<br>- білім беру мазмұнының түпкіліктілігі;<br>- пәнаралық байланыстардың түпкілікті негізі;<br>- жаңа әдістер, үлгілер, олардың түпкілікті байланысы;<br>- қолданылып жүрген әдістер, тәсілдер мен үлгілер дәрежесін өзгерту;<br>- жаңа авторлық әдістеме;<br>- жаңа педагогикалық технология;<br>- жаңа авторлық оқыту мен тәрбиелеу жүйесі;<br>- педагогикалық ізденістегі бейімделу дәрежесі. |
| 2.Ғылыми дәлелділігі | Педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетекші идеяларына сүйену:<br>- өзінің шығармашылық ізденістерінен негізгі ойды ескеру;<br>- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерге сүйену;<br>- басқа салалардағы: медицина, акмеология, философия, социология және т.б. білімдерді пайдалану. |

1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| 3.Әлеуметтік-психологиялық ерекшелігі | Педагогтің өзі үшін ізденудің ерекшелігі:<br>- әріптестер үшін ерекшелігі;<br>- оқушылармен шығармашылықпен жұмыс жүргізу бағытының дәрежесі;<br>- әлеуметтік тапсырыстар, ата-аналар сұраныстарының дәрежесі;<br>- білім беру жүйесіндегі шығармашылық ізденіске дем берушінің әрекет дәрежесі;<br>- барлық аймақтық білім беру жүйелерін дамытудағы тәжірибелер ерекшелігі. |
| 4.Болашақтылығы, қолайлылығы | Оқушылардың жұмысқа қабілеттелігін өсіру дәрежесі:<br>- педагогтер мен оқушылар қызметінің тиімділігі;<br>- педагогикалық нәтижені аймақтық жағдайлар мен әлеуеттік мүмкіндіктеріне сай тұрақты жақсартуы;<br>- оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тұрақты күшейту;<br>- сыртқы себептерді азайту есебінен ішкі бағыттағы себептерді кеңейту;<br>- болашақ тенденцияларды ескергенде материалдық шығын дәрежесі. |
| 5. Өзара әрекет тиімділігі | Педагогтің оқушыға ықпал ету дәрежесінің өзгеруі:<br>- педагогикалық нәтиженің сапалық, сандық көрсеткіштерінің динамикасы;<br>- оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне педагогикалық әрекеттердің сәйкестік икемділігінің дәрежесі;<br>- педагогтің өзінің оқушылардың ықпалын өзгерту дәрежесі;<br>- оқушыларды тұлға ретінде инновациялық, шығармашылық тұрғыда дамытудағы педагогтің тұлға ретіндегі ерекшелігі;<br>- жаңа әдістердің туындауы. |
| 6.Қанағаттанушылық | Педагогтің шығармашылық қызмет үдерісіне:<br>- педагогтің өз қызметінің нәтижесіне;<br>- оқушылардың қызметінің әр кезеңде нәтижеге жетуі;<br>- оқушылардың еңбектестік үдерісіне;<br>- оқушылардың педагог қызметін атқару үдерісіне;<br>- сезімдік-адамгершілікті жетілдірудің өзара нәтижелері;<br>- ақыл-ойдың өсуінің нәтижелері;<br>- өзіндік даму және өзіндік жетілу жолын таңдауына;<br>- педагог пен оқушылардың тұрақты шығармашылықты дамыту бағытына. |
| 7. Нәтиженің тұрақтылығы | - Педагогтің қызметі бойынша көрсеткіші;<br>- пәнді оқыту көрсеткіші;<br>- басқа педагогтердің пән бойынша көрсеткішіне қатысы;<br>- туыстас пәндерден сабақ беретін педагогтермен байланысы;<br>- білім беру жүйесіне қатысы. |
| 8. Бейімділігі | Өзіндік шығармашылыққа ынталандыруы:<br>- педагогикалық технологияны меңгеру шығармашылығының мүмкіндігі;<br>- педагогтің жеке қасиетіне сай әдістер мен технологияларға бейімделу мүмкіндігі;<br>- туыстас пәндерден сабақ беретін педагогтердің қызметіне, педагогикалық инновацияны пайдалану мүмкіндігі, бейімделуі;<br>- білім беру жүйесіндегі педагогтің қызметіне бейімділігі;<br>- әр түрлі жағдайға бейімділігі. |

Сонымен, болашақ мұғалімнің педагогикалық шығармашылығы мыналардан байқалады:

1. Алынған көрсеткіштерге талдау жасау;

2. Кезіккен мәселелерді, жағдаяттарды сезіну;

3. Нәтижеге жету жолында педагогикалық өзара әрекет жүйесін құру;

4. Өз қызметінде бағдарланған міндеттерді шешуді тұрақты түрде кері байланыс арқылы жүзеге асыру. Ал мұның барлығы мұғалімнің кәсібилігіне байланысты болмақ. Ол біріншіден, өзінің еңбегінің нәтижесін өлшеу біліктілігі мен қызметінде сапалы көрсеткіштерге жетуі. Екіншіден, практикалық қызметте педагогтің сапалық көрсеткішін зерттеу біліктілігі. Бұл шебер-педагогтің, шығармашыл-педагогтің өз қызметіне, оның нәтижесіне талдай жасай білу біліктілігін көрсетеді.

Кең мағынада, тұлғаның кәсібилігі еңбек субъектісінің қасиеттері мен түрлі сипаттамаларының даму деңгейіне қойылатын талаптарды қамтиды. Олар көп жағдайда кәсіби іс-әрекеттің жоғары тиімділігін айқындайды. Осы қасиеттер, сапалар мен сипаттамалардың түрлі психологиялық мазмұны бар. Тұлғаның кәсібилігіне қабілеттер дамуының үдерісінде және нәтижесінде қол жеткізуге болады. Бұл еңбек субъектісінің әлеуетінің маңызды сипаттамалары.

Болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру теориясында қарастырылатын тағы бір ұғым «кәсібилік». Кәсібилік – акмеологияның мазмұны жағынан кең тараған категориясы. Оны шешімдер қабылдаумен байланысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға жеткілікті тәжірибенің, білім, білік және дағдылардың деңгейін бейнелейтін мамандардың іскерлік және тұлғалық қасиеттерінің интегралды сипаты ретінде түсінеміз.

А.А. Деркачтың тұжырымдамасында кәсібиліктің дамуы процессуалдық жағынан жүйелік позициялар тұрғысынан, атап айтқанда іс-әрекет және тұлға кәсібилігінің шағын жүйелерінің дамуымен, өзін - өзі дамытуға және жетістікке жету, өзін - өзі рефлексивті ұйымдастырумен байланысты және тұлғаның шығармашылық әлеуетінің ашылуы аясында қаралады. Мұндай шағын жүйелер төртеу: іс-әрекет кәсібилігі, тұлға кәсібилігі және мінез-құлық нормативтілігі, өнімді Мен–тұжырымдамасының қалыптасуы. Іс-әрекет кәсібилігінің шағын жүйесі жоғары кәсіптік құзыреттілік пен іскерліктердің, шеберлік деңгейіндегі дағдылардың, сондай-ақ арнаулы базистік іскерліктердің үйлесімді сабақтастығын білдіреді [195].

Тұлғаның кәсібилігі іс-әрекеттің нәтижелілігіне әсерін тигізетін кәсіби-маңызды қасиеттердің және тұлғалық-іс-әрекеттік қасиеттердің дамуымен байланысты. Тұлғаның интегралды психикалық қасиеттері кәсіби-маңызды қасиеттері болып келеді – зейін, ес, қиял, сонымен қатар психологиялық сипаттамалар – эмоциялық жағымды күй, тұрақтылық, шыдамдылық және т.б. Өзін-өзі дамыту мен жетілдірудің ішкі реттеушісі болып анықталатын тұлғаның күштілігі мен оның еріктік қасиеттері. Кейде кәсіби-маңызды қасиеттер тобына тұлғалық-іс-әрекеттік қасиеттер жатады: ұйымдастырушылық; жауапкершілік; тәртіптілік; бастамашылдық; зеректілік.

Кәсібиліктің акмеологиялық инварианттары іс-әрекет ерекшелігінен

салыстырмалы тәуелсіздікке ие және іс-әрекеттің жоғары тұрақты жетістігін қамтамасыз ететін негізгі қасиеттер мен іскерліктер болып табылады. Олар, соның ішінде, субъектінің өзін-өзі дамытуға итермелейтін ішкі қозғаушы күштерден де көрінеді.

Тұлғаның креативтілігі міндетті түрде кәсіби іс-әрекетте міндеттерді шешудің жаңа тиімді амалдарын шығармашылықпен іздестіру барысында жүзеге асады. Психологтардың пікірінше, шығармашылық үдерістің өзі, сонымен оның барысында алынған жаңа нәтижелер тұлғаның шығармашылық белсенділігін күшейтеді.

Е.В. Селезнева көрсеткендей, өзін-өзі жүзеге асыруды оның барысында рухани мәнін өзін ашатын, жаңаратын және жетілдірілетін, адамның тұтас тұлғалық-әрекеттік жай-күйінің тереңін басымдықты өзгерту үдерісі ретінде қарау қажет. Бұл өзінің жеке басының сапалық, негізгі бастауларын дамытуды кейіннен «жоспарлай» отырып, өзінің тіршілік әрекетінің шын, ақиқат мақсаттарын ұғыну арқылы субъектінің мақсатты жұмысының нәтижесінде ғана болуы мүмкін. Осылайша, өзін-өзі жүзеге асыру адамның рухани ашылу шығармашылығы мен нысаны қызметін атқарады [196]. Өзін дамытуды субъективті түрде тұлға өзін-өзі жетілдіру үдерісі ретінде қабылдайды, ал адамның кәсіпқой ретінде және дербестік ретінде өзін өзі іске асыруы оның нәтижесі болып табылады.

А.К. Маркова кәсібиліктің мынадай деңгейлерін бөліп көрсетеді: кәсібилікке дейінгі, кәсібилік, үлкен кәсібилік деңгей [197]. Кәсібилікке дейінгі кезеңде субъект мамандықтың нормалары мен ережелерін меңгермейді, жоғары және шығармашылық нәтижелерге қол жеткізе алмайды. Кәсібилік деңгейінде ол кәсіпқойдың қасиеттерін жүйелі түрде меңгереді. Атап айтқанда: мамандықтың нормаларын игереді, іс-әрекетке жеткілікті жоғары нәтижелерге қол жеткізеді, өзін мамандыққа лайық деп саналы түрде игереді, яғни идентификациялайды. Жоғары кәсібилік деңгейінде субъект өзінің мамандығында белгілі шеңберден шығады және оны өзінің жеке үлесімен байытады. Кәсібилік емес (жалған кәсібилік) деңгейде субъект немқұрайлы, іс-әрекетті сырт көзге белсенді орындайды. Алайда оның кәсіби қалыптасуында деформация байқалады, олар мысалы, тиімсіз және іс-әрекет нормаларына сәйкес келмейтін орындаудан көрінеді. Оған зейнет жасына дейінгі адамдар жететін кәсібиліктен кейінгі деңгейде, адам «өткен уақыттағы кәсіпқой» болып табылады және өзінің кәсіби тәжірибесін үйрететін кеңесші, тәлімгер рөлін атқара алады.

Сонымен, кәсібилік акмеологияның басты категориясы болады. Ол жалпы және кәсіптік білім беру барысында қалыптасады. Оның әрі қарай дамуының («кәсіби акмеге жылжу») негізгі шарты болып кәсібилікке құндылықтық қатынас ретіндегі тұлғаның үздіксіз кәсіптік өзіндік білім алуы мен өзін-өзі дамыту қарастырылады.

Сонымен, кәсіби маман – бұл тұлға кәсібилігінің және іс-әрекеттің жоғары көрсеткіштеріне ие, жоғары кәсіби және әлеуметтік мәртебесі бар, жағымды әлеуметтік маңызға ие, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге, тұлғалық

және кәсіби жетістіктерге бағдарланған, тұлғалық және әрекетшіл нормативтік реттеудің серпінді дамушы жүйесінің субъектісі.

Мұндағы өзін - өзі дамыту алгоритмдері жүйесі:

- Тұлғалық – кәсіби өсу мақсатымен тұлғалық және кәсіби өзін өзі танудағы қажеттіліктерді жандандыруды;
- Психологиялық тұрғыда өзін-өзі диагностикалау және оларды игерудің негізгі тәсілдерімен танысуды;
- Кәсіби іс-әрекет объектілері мен субъектілеріне кәсіби және гуманистік құнды нұсқауларды, эталондар мен нормаларды қалыптастыруды;
- Іс-әрекет және адам кәсібилігі дамытуды;
- Өзін өзі кәсіби жетілдіруде қажеттілікті қалыптастыруды қамтиды.

Ал кәсіби іс-әрекет тиімділігі мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

- өнімділік – кәсіби технологиялардың белгілі бір жиынтығын іске асыру арқылы іс-әрекет мақсатына жету мүмкіндігі;
- интенсивтілік – іс-әрекеттің технологиялық құрамын іске асыру жылдамдығы;
- қауырттық – іздеген нәтижені алуға жеткізген «технологиялық» тізбек ұзындығының сипаттамасы;
- дәлдік – қимылдардың өз технологиясына сәйкестігі;
- сенімділік – іс-әрекет параметрлерінің шарттары өзгерген және күрделенген кездегі тұрақтылығы, экстремалды ахуал жағдайларында өнімді іс-әрекетті жүзеге асыру мүмкіндігі;
- ұйымшылдық – кәсіпкердің бүкіл уақыт көлеміндегі өнімді кәсіптік технологияларды іске асыру уақытының үлесі;
- жанамалық – іс-әрекеттік сыртқы жағдайларына назар аудару қажеттігі.

Кәсіби іс-әрекетте қоғамдық мәні бар жетістіктің болуының критерийі өзіне әріптес-мамандардың назарын аударған жетістіктерге қол жеткізу болып табылады. Еңбек субъектісінің жеке басы үшін өзінің бұрынғы нәтижелерінен асқанын және нәтиженің осы сәті үшін ең жоғары мүмкін жетістікке жетудің субъективтік критерийлері болып табылады.

Кәсіби даму мен жетілудің факторлары мен шарттарын зерттеудегі акмеологиялық бағыт мамандардың шығармашылық және инновациялық әлеуеттерін айырып көрсетеді. Мәселен, шығармашылық әлеует адамның жүйелі қасиеті ретінде қаралады, ол:

- жаңашылдық іс-әрекетке мұқтаждығымен, инновацияларға бейімділігімен;
- іс-әрекетінде айқындалатын қызығушылықтардың жасампаздығы, әрі қайта құруға бағыттылығымен;
- дамыған қиялмен, ассоциативтік байланыстардың, аналогияларды жеңіл қалыптастыруымен;
- интеллектуалдық жоғары даму деңгейімен;
- «идеяларды» генерациялау және әзірлеу дербестігімен сипатталады [198].

Авторлар іс-әрекет тиімділігінің шығармашылық тұрғыда өзін жетілдіру мәселелерімен байланысын ескере отырып, өзін өзі жетілдіру және кәсіби

жетістіктер мотивтерін жандандыру, сондай-ақ іс-әрекет барысында креативтік технологияларды игеру іс-әрекет креативтілігін арттырудың негізгі тәсілдері болатынын анықтады.

«Кәсіптік құзырлылық – кәсібиліктің маңызды құраушысы мен оның жоғары деңгейінің көрсеткіші. Кәсіптік құзырлылық осы құзырлылықтың әрқилы түрлері негізіне жататын белгілі бір бағыттағы кәсіптік міндеттерді табысты шешуде көрініс береді [199].

Сондықтан шеберлік кәсібиліктің бір бөлігін құрайтындығын байқау қиын емес. Акмеологияны зерттеуге үлкен үлес қосқан А.А. Деркач шеберлік пен кәсібилік белгілерінің ара қатынасын белгілеу негізінде акмеологиялық көрсеткіштердің, іс-әрекет кәсібилігі өлшемдерінің төмендегідей жүйесін ұсынды:

- іс-әрекеттің жоғары тұрақты өнімділігі және тиімділігі;
- оңтайлы қауырттылығы және еңбек қарқындылығы;
- іс-әрекеттің жоғары дәлдігі және сенімділігі;
- жоғары ұйымшылдығы;
- сыртқы факторлардан тәуелділіктің төмендігі;
- креативтілігі;
- оң әлеуметтік маңызды мақсаттарға жетуге бағыттылығы [200].

Шеберлік категориясы тұлғалықтың мағыналылығы, субъектінің іс-әрекеті мен даралығы, ересек адамның «кәсібилігінің» және «тұлғалығының» шыңы. Оны өлшеудің пәнін зерттеу барысында жасампаз іс-әрекет субъектісінің шеберлігінің белгілері: «өзіндік сананың жоғары деңгейі», «жауапкершілік», «өнім сапасы», «шығармашылық шыңы», «білімнің жоғарылығы (кәсібиліктің көрініс беруі)», «жетілудің шыңы» (өнімде), «ойлау өнері» (жасампаздану мен өнімділік барысында), «сөйлеу мәдениетінің шыңы» ретіндегі «мәдениеттіліктің жоғары деңгейін көрсету», «руханилықтың биік шыңына жету» (шыншылдық, ізгіліктілік, такт). «Шеберлікті» осындай синтетикалық тұрғыда түсіну іс-әрекет барысындағы тұлға «акмесі», «өнімге оның барынша енуі», «ізделінген нәтижеге қол жеткізу жолында болатын әртүрлі жағдайды және өзін өзі бағындырудың жоғары сатыларының жүйесі» ретінде ұғынылады.

Педагогикалық шеберлік ең алдымен қандай жағдай болмасын қажетті деңгейдегі дамуға қол жеткізуге болатын оқу үдерісін ұйымдастыру білігіне байланысты. Педагогтың кәсіптік шеберлігін жетілдірудің жаңа көзқарасы ЖОО-ғы білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған оның біліктілігін көтеру және өзін-өзі білімдендірудің түрлерін, сонымен бірге мазмұнын қарастырумен анықталады. Яғни бұл дегеніміз мета механизмдерді жүзеге асыру болып табылады, өйткені оның нәтижелілігі (өнімділігі) бітірушілердің және білімнің сапасында көрінеді.

Жоғары мектептің кәсіби ортасымен өзара әрекеттесуінде байқалатын кәсібилікке қол жеткізудің құралы ретінде педагогикалық шеберліктің төмендегі тетіктерін қарастырамыз:

- білімді толықтыру арқылы бейімделу;
- болашақ мамандықтың бейнесіне сәйкес кәсіби сәйкестік (идентификация);

- білім алушының ішкі белсенділігін күшейту.

Мұнда кәсібилікке қол жеткізу деп шеберлікті ғана емес, сонымен бірге аса маңызды тұлғалық-кәсіби қасиеттерді (мақсатқа талпынушылық, бастамашылық, ұйымшылдық және басқалары), мінездік ерекшеліктерін (табандылық, жауапкершілік және басқалары), интеллектуалдық қасиеттерді дамыту және шығармашылық әлеуетін ашуды да түсінеді. Нағыз кәсіби маманның қалыптасуы әрқашан маманның тұлғалық-кәсіби дамуымен байланысты

Сонымен, «шығармашылық», «креативтілік», «шығармашылық әлеует», «шығармашылық белсенділік», «педагогикалық шеберлік» категориялары өзара байланысты және тәуелді бола отырып, болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығының құрылымдық компоненттері болып табылады. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымызда педагогикалық шығармашылық акмеологияның негізгі қыры болып саналатын  іс-әрекет кәсібилігінің ең жоғарғы деңгейі ретінде қарастырылады. Педагогикалық шығармашылық кәсіби шығармашылықтың маңызды бөлігі ретінде тұлғаның кәсіби дамуының акмеологиялық бағыты болып табылады. Акмеологиялық тұрғыдан алғанда, педагогикалық шығармашылық пен шеберлік қатар жүретін үдеріс және болашақ маманның кәсіби сапасы болып анықталады.

Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында тұлғаның кәсіби іс-әрекетке акмеологиялық дайындығын қалыптастыру үдерісі оның **акмеологиялық бағыттылығын қалаптастырумен байланысты, ол** үдемелі  дамуға, кәсіби саладағы және жалпы өміршеңдіктегі барынша шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге бағдарлайтын тұлғаның жалпы бағыттылығының сапалық сипаты.

Тұлғаның акмеологиялық бағыттылығының кәсіби-педагогикалық мазмұны болашақ педагог-психологтарды өздерінің кәсіби іс-әрекетінде білім берудің акмеологиялық тұжырымдамасын жүзеге асыруға және акмеологиялық білімнің теориясы мен әдіснамасын игеруге бағдарлайды.

Магистрант тұлғасының акмеологиялық бағыттылығының қалыптасуы туралы көрсеткіштеріне төмендегілер жатады:

- кәсіби-педагогикалық құндылықтардың мазмұнын білу;
- кәсіби-іс-әрекет және кәсіби өзін-өзі дамыту мотивациясы контекстінде оларды тұлғалық-мағыналық ретінде қабылдау;
- кәсіби іс-әрекеттің және кәсіби өзін-өзі дамытудың әлеуметтік және жеке мақсаттарын ұғыну;
- өзіндік кәсіби жолын жобалау;
- кәсіби қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерінің қалыптасқандығы;
- рефлексиялық қабілеттердің болуы;
- өзін-өзі дамытуға және мамандықта шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу.

Келесі кезекте жұмысымыздың негізгі тірек ұғымы «акмеологиялық дайындықты» талдауға көшеміз. Ал ол үшін алдымен «дайын болу»,

«педагогикалық әрекетке дайын болу» сияқты мәселелерге тоқталған жөн.

Қазақ тілінің сөздігінде «дайын» ұғымы «даяр, әзір» сөздерінің синонимі ретінде қарастырылып, «дайындық» белгілі бір шаруаға әзірлік, қам жасаушылық деп түсіндіріледі [201].

Даярлау – бұл өзара байланысқан элементтердің (компоненттердің) тұтас кешені. Оның басты сипаттамалары тұтастық, құрылым, функция «байланыс» ұғымы арқылы нақтыланады. «Даярлау», «тұтастық» ұғымдары стратегиялық, ал «байланыс» даярлаудың түзілуі мен талдау құралы ретінде көріне отырып, конструктивті рөл атқара отырып, байланыстар топтамасын мәнді етеді. Білім берудегі байланыстарды құрылым аралық, пәндераралық және пәнаралық байланыстар деп бөлуге болады. Біздің зерттеп отырған – болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру үдерісі, жалпы кәсіби даярлықтың бір компоненті болып табылады.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде еңбекке, іс-әрекеттің алуан түрлеріне адамның дайындығы феномені туралы теориялық және тәжірибелік материалдар жеткілікті жинақталған. Дайындық ұғымы тұжырымдалып, дайындықтың мазмұны, құрылымы, негізгі параметрлері анықталып, оның көрініс беруінің динамикасы, ұзақтығы және тұрақтылығына әсер ететін шарттары айқындалды. Жалпы кәсіби іс-әрекетке дайындық іс-әрекетті тудыратын тұлғаның белсенді күйі ретінде қарастырылады; іс-әрекеттің салдары; кәсіби жағдаяттарға бағдарды анықтайтын сапа ретінде; мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің алғы шарты ретінде қарастырылады.

Мысалы солардың ішіндегі біздің зерттеуіміз үшін маңызы бар бір екеуіне тоқталар болсақ, жоғары өнімділік дәрежедегі іс-әрекетке «дайындық» немесе «дайын болу» ұғымын Б.Г. Ананьев «қабілеттердің көрініс беруі» деп [202], В.А. Крутецкий «іс-әрекетке дайындықты» тұлға қасиеттерінің синтезі ретінде қарастырады [203]. Барлық анықтамалар сайып келгенде ізделініп отырған дайындықтың мазмұнында келесі компоненттердің болуы керектігін анықтаған: мұғалімдік мамандыққа оң қатынас, педагогтың алуан түрлі әрекеттеріне оң қатынас; тұрақты кәсіби қызығушылықтар; педагогикалық іс-әрекеттің тұрақты мотивтері; оның нәтижелеріне қатысты жауапкершілікті сезіну; кәсіби іс-әрекеттің адекватты талаптары, тұлғаның сапалары, мінездің сипаттары; кәсіби маңызды білімдер, біліктер, дағдылар, оларды жұмылдыруға және белсендіруге қабілеттілігі; дамытылған педагогикалық қабілеттер; кәсіби міндеттерді шешудегі өзбетінше әрекет ету; эмоциялық, еріктік, сезімдік аймақтардың дамығандығы (шабыттылық, өз жетістігіне сенім арту, өзін-өзі басқару білігі, сенімсіздікті жою, қорқыныш пен үреймен күресу және т.б.); қабылдаудың, зейіннің және ойлаудың тұрақты кәсіби маңызды ерекшеліктері. Сонымен қатар, кәсіби іс-әрекетке дайындық кәсіби іс-әрекетке дайындаудың нәтижесі, салдарының да алар орнын айқындаған.

Тұлғаның кәсіби іс-әрекетке дайындығы құрылымында тұлғаның іс-әрекетке дайындығының саналы түрде ұғынбайтын күйі, ол арқылы тұлға өзінің қажеттілігін қанағаттандыратын бағдары қарастырылады. Бұл дегеніміз тұлғаның кәсіби іс-әрекетке дайындығы оның сол мамандыққа бағыттылығына

да тікелей тәуелді екендігін білдіреді. Атап өтсек, И.А. Кучерявенко дайындықты мүмкіндіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тұлғаның мотивациялық, танымдық, эмоциялық және ерік-жігерлік қасиеттердің жиынтығы арқылы оның жалпы психо-физиологиялық күйі ретінде; белгі бір әрекеттерді орындауға бағдарланған тұлғаның бағыттылығы ретінде қарастырады [204].

Кәсіби іс-әрекетке дайындық мәселесін тұлғалық-іс-әрекеттік тұрғыдан Л.А. Кандыбович тұлғаның барлық жақтарының көрініс беруіндегі оның біртұтастылығы деп есептейді [205]. А.А. Деркач кәсіби іс-әрекетке тұлғаның дайындығын зерттеу барысында оны маман тұлғасының барлық жақтарының біртұтас көрініс беруі ретінде қарастырып, оған танымдық, мотивациялық және эмоциялық компоненттерді кіріктірген. Ғалым дайындықтың құрылымындағы мотивациялық-құндылықтықты негізгі компонент ретінде анықтайды [206].

О.В. Юдина өзіне дейінгі жазылған еңбектерді талдай келе «дайын болу» категориясын ішкі сенімділік (құндылық механизмі), әрекетке деген қажеттілік (мотивациялық механизм), кәсіби сапалардың қалыптасқандығы (субъектілік механизм), кәсіпте жетілуге деген ұмтылыс (еріктік механизм), замануи құралдарды пайдалана алу (операционалдық механизм) түрінде сипаттайды [207].

Жоғары мектепте маман дайындау мәселесіне еңбектерін арнаған Г.К.Нұрғалиева жоғары білім беруді дамытудағы маңызды мәселелердің бірі ретінде қазіргі мамандарды дайындаудың сапасын арттыруды көтереді [208]. Ғалым еңбектерді зерделеу барысында «дайындау сапасы» ұғымының мағынасы «білім беру сапасы» ұғымымен салыстырғанда тар болып келетіндігі және мамандарды сапалы дайындау мыналарды көздейтіндігіне тоқталады:

- білім алушыларды берілетін білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту;
- олардың беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру;
- таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына деген білім алушылардың мотивациясын зерттеу;
- білім алушылардың өзіндік жұмысын қалыптастырушы біліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау;
- мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөліп көрсету.

Сонымен психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе «дайындық» ұғымы іс-әрекет теориясының категориясы ретінде қарастырылатындығын анықтадық. Сонымен бірге, бір жағынан, «дайындық» дайындау үдерісінің нәтижесі, екінші жағынан, бір нәрсеге бағдарлану ретінде түсіндірілетіндігін байқадық. Бұл пікірлер жұмысымызға қатысты «акмеологиялық дайындық» ұғымын нақтылауға ықпал етті.

Біздің пікірімізше «акмеологиялық дайындық» – бұл адамды кәсіби салада және жалпы өмірде ілгері дамуға, шығармашылықпен өзін-өзі жетілдіруге бағдарлайтын тұлғаның жалпы дайындығының сапалық сипаттамасы дей келе,

**магистранттардың акмеологиялық дайындығының мәнін төмендегіше сипаттадық**: болашақ маманның жоғары деңгейдегі ғылыми - педагогикалық әрекетіне негіз болатын акмеологиялық білімдері, жаңалыққа, жетістікке жетуге деген тұрақты мотивтері, педагогикалық шығармашылыққа қажетті кәсіби мәнді сапалары мен эмоционалдық еріктік аймақтарын біріктіретін кешенді сапасы. Акмеологиялық дайындық тұлға мен іс-әрекет кәсібилігінің құрамдас бөлігі. Іс-әрекетке дайындық ішкі қарама-қайшылықтарды жеңудегі және іс-әрекет жоспарлары мен бағдарламаларының шығармашылық жүзеге асырудың тұлғаның ішкі белсенділігінің біртұтас көрінісі ретінде сипаттауға болады. Магистранттардың акмеологиялық дайындығы сонымен қатар олардың жалпы кәсіби іс-әрекетке дайындығының арнайы түрі, психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін акмеологиялық бағыттылығының көрінісі деп айтуға да әбден болады. Іс-әрекетке акмеологиялық дайындық іс-әрекет субъектілерінің акмеологиялық деңгейімен, оның тиімді іс-әрекетке, өнімді тұлғалық-кәсібилік дамуға бағыттылығын көрсетеді. Осы айтылғандардың графикалық бейнесін төменде келтіріп отырмыз:




Сурет 2 - Магистранттардың акмеологиялық дайындығының құрылымы

Магистранттардың акмеологиялық дайындығы уақыт өте келе автоматты түрде білім алу барысында қалыптаса салмайды. Ол күрделі құрылымнан және олардың ішкі келісімділігінен тұратын көпфакторлы құбылыс. Аталып өткен компоненттерге сәйкес магистрант әртүрлі жағдаяттарда болып, оларды шешуге қатысып, солар арқылы өзі мен өзінің өмірін өзгертіп, тұлғалық және кәсіби дамуда өзінің акмесіне қарай жылжиды.

Біздің зерттеу жұмысымыздың аясында  сол себептен, магистранттарды жоғарыдан кейінгі білім жағдайында дайындау үдерісінің нәтижесі ретінде олардың акмеологиялық дайындығы болуы тиіс деген тұжырымға келдік. Себебі білім алуда, ғылыми ізденісте, басқа да шығармашылық әрекеттерде жоғары деңгейді көрсете алған магистранттың болашақ еңбек жолында биіктерде болатынына сенім бар.

# 2 ЖОҒАРЫДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА МАМАНДАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 2.1 Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандар дайындаудың қазіргі жағдайы мен стратегиялық бағыттары

Қазіргі кезде қоғам өмірінің барлық салаларында қарқынды өзгерістер орын алып, жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Бұл өзгерістерді дұрыс қабылдап, тиісінше, өз шығармашылық әлеуетін үнемі белсендіріп отыратын мамандар қажеттілігі күн санап артуда. Әсіресе қоғамның жаңа талаптарын орындайтын адамды тәрбиелеуде жаңашылдықпен ойлайтын, қиын педагогикалық шешімдерді қабылдайтын, мәселені тұжырымдай білетін, өзінің стереотиптерін өзгерте алатын шығармашыл педагог-мамандар дайындау ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастырылуда.

Жоғары білім берудің негізгі мақсаттарына:

- іргелі пәндерді игерген, еңбек және технологиялар нарығының жаңа талаптарына жауап беретін жаңа формациядағы маманды дайындау;
- білім беру үдерісін демократияландыру, білім берудің сапасын көтеру арқылы жоғары білім берудің бүкіл жүйесінің мотивациясын қалыптастыру;
- ЖОО-н басқарудың жаңа ұстанымдары мен тәжірибесін қалыптастыру, стратегиялық жоспарлауды ендіру және оның автономдығын көтеру;
- жоғары және жоғарыдан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз ету жатады.

Магистрлік білім теориялық білімнің, практиканың және мансапқа жету деңгейінің қосындысы болатын кешенді білім «өніміне» бағдарланатындықтан, білім алушыларға бәсекеге қабілетті маман болуға жол ашып береді. Шет елдік, отандық жоғарыдан кейінгі білім беру тәжірибесіне жасалған талдау магистрлік бағдарламаны жүзеге асырудың бірнеше шартты модельдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

Солардың бірі – бағыт бойынша бакалаврлық бағдарламаны, кәсіптік білім профилін және мамандандырылған магистрлік бағдарламаны қамтитын бірыңғай білім беру бағдарламасына сүйенетін **дәстүрлі модель**.

Негізгі бакалаврлық білім беру бағдарламасы негізінде құрылған магистрдің өзіндік білім алу бағдарламасынан түзілген **инновациялық модель**. Мұндай модель күрделі салалардағы сирек, бірақ өте қажетті мамандықтар бойынша мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Магистратурада бейінді ғылыми-зерттеу немесе қолданбалы салалардың өзекті сұраныстарына сәйкес жоғары білімнің әр сатысында игерілетін жалпы және арнайы құзырлықтардың жиынтығы қарастырылады. Қазіргі кезде заман талабына сай кез келген саланың маманы болуға мүмкіндік беретін құзырлылықтың басты екі түрі белгіленіп отыр. Олар – «пәндік» және «пәннен жоғары метапәндік» құзырлылықтар. Атап айтқанда, «пәндік» құзырлылыққа белгілі бір пәнді меңгеруге немесе белгілі бір саланы меңгеруге қажетті білім

мен білік жатқызылса, «пәннен жоғары метапәндік» құзырлылық ретінде адамның өз білімін пайдалану және одан әрі дамытуға бағытталған ақпараттық, коммуникативтік, бірлесе жұмыс жасай алу қабілеттері, өз әрекеттерін басқару дағдылары сияқты қасиеттері жатқызылады.

Магистрлік білім беру біздің елімізге демократиялық үрдістердің ықпалы мен білімді әлемдік кеңістікке кіріктіру нәтижесінде енген болатын. 1998 жылы Батыс Еуропаның 4 елі (Германия, Италия, Франция, Ұлыбритания) білім берудің жүйелері мен құрылымдарын сәйкестендіру жөнінде Сорбон декларациясын қабылдаған болса, 1999 жылы Еуропаның 30-ға жуық елінің білім беру өкілдері Болон декларациясына қол қойды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау бағытындағы құнды шешім болып табылатын 1997 жылғы Лиссобон конвенциясын Қазақстан басшылыққа алып, оқу жүйесіне ұтымды түрде пайдалануға шешім қабылдаған болатын. Себебі, кәсіптік білім берудің заманауи әдіс-тәсілдерінің басты ерекшелігі оның үздіксіздігі, мамандардың біліктілігін үнемі арттырып отыру, өмір бойы оқу (LLL) болып табылады. Ал Болон декларациясында осы мәселеге басты назар аударылған.

2010 жылдың 11-12 наурызында Болон үдерісіне қатысушы елдердің Білім министрлерінің II Болон Форумында (Будапешт қаласы, Венгрия және Вена қаласы, Австрия) Қазақстан Болон декларациясына қосылып, Болон үдерісіне 47-ші ел ретінде мүше болды. Осылайша Қазақстан жоғары білімді бірыңғай еуропалық талаптарға сәйкес біріздендіру міндетін алды, яғни, түбегейлі халықаралық интеграциялық үдерістерге толық мүше болды. Еліміздің Болон үдерісіне қосылуы отандық білімнің жаңа талаптары мен республиканың саяси-экономикалық таңдауына толық жауап береді. Бұл – білім сапасы мен бәсекелестік мүмкіндігін көтеру мақсатында жасалып жатқан игі қадам деп есептелінеді.

Магистратура және (PhD) докторантура деп аталатын екі сатылы модель Еуропаның көптеген елдерінің, АҚШ пен Австралияның университеттерінде жүргізіледі. Ол бакалавриаттан кейінгі оқу үдерісіндегі сабақтастықты, еңбек нарығының шапшаң өзгермелігі жағдайында түлектердің академиялық ұтқырлығын және сұранысқа ие болуын қамтамасыз ететіндіктен барынша икемді және тиімді болып келеді.

Әлемнің дамыған елдеріндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің құрылымы неғұрлым бірыңғайланған болып келеді. Осы бірыңғайлау бірінші ретте білім беру үдерісін үздіксіз үдеріс ретінде түсінумен және әр кейінгі білім беру деңгейінің кейінгі баспалдақтың білім беру деңгейімен айқындалады. Түрлі еуропалық елдерде және АҚШ-та магистрлерді дайындаудың локалдік және аймақтық ерекшеліктері ЖОО-ның деңгейінде ажыратылады.

Батыс Еуропада және АҚШ-да әлеуметтік қызмет ретінде кәсіптік тәрбие мен білім берудің теориялары мен тұғырларының жиынтығы жасалған. Олар екі бағытта қарастырылады: рационалдық (авторитарлық, технократиялық) және гумандық. Рационалдық бағытты жақтаушылар – білім беру ұйымдары мен қоғамдардың тәрбие жүйесінің міндеті берілген қоғамдық жүйеде өмірге

бейімделген, сәйкес әлеуметтік рөлдерін (азамат, қызметкер, отбасы, тұтынушы т.б.) табысты орындай алатын **«функционалды»** адамды қалыптастыру міндетін қояды. Олар тәрбие мен оқытуды нақты мақсатты, сәйкес міндеттері, мазмұны, әдістері мен формалары бар жұмысты басқару және бақылау ретінде қарастырады. Осы қағидалардың негізіне американдық педагог және психолог Бенджамин Блумның еңбегі жатқызылады. Блум таксономиясы мінез-құлықты танымдық (когнитивті), эмоционалдық және психологиялық моторлық дағдыларға негізделген білім беру үдерісінде жинақталғандармен анықталатын кәсіптік іс-әрекеттегі іс-қимыл бейнесі ретінде қарастырады. Оның нәтижесінде нақты кәсіптік дағдыларды бағалаудың критерийлерінің бірыңғай жүйесі қалыптасады.

Оқытудың рационалдық моделі «технологияландырылған үйрету» нәтижесінде репродуктивті деңгейде танымдық қабілеттерді дамытуды қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда тұлғаның кәсіптік білімінің мәнін құрайтын өз бетінше ойлауды, шығармашылық іс-әрекетті және коммуникативтік қабілеттерді дамытудың дидактикалық мақсаты жүзеге асырылуы мүмкін.

Дегенмен бұл бағыттағы білім беру міндеттері тар практикалық тұжырымдауға бағытталғандықтан шығармашыл тұлғаны дамыту мен оны әлеуметтендіру деп аталатын басты мақсатқа жауап бере бермейді.

Білім беру үдерісінің гумандық бағыты технократиялық қоғам іс-әрекетінің жағымсыз нәтижесіне жауап ретінде пайда болды және 1970 жылдары кеңінен тарала бастады. Оның негізгі идеясы оқыту үдерісін білім алушы тұлғасын дамытуға және өз бетінше дамытуға, оның өзіндік құндылығын мойындауға, өзін-өзі шығармашылықты өзектілендіру үшін жағдай жасауға бағдарланған. Гумандық білім берудің мақсаты - әлеуметтік және жалпы адами құндылықтарға сәйкес белсенді, түрлендіруші және шығармашылық іс-әрекетке бейім тұлғаны дамыту болып табылады.

Білім беруді гуманизациялау идеясы кәсіптік іс-әрекеттің сапасын анықтайтын “біліктілік” ұғымына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Әдеттегідей біліктілік ұғымы білім, білік және дағдыны қамтиды. Сондықтан кәсіптік дайындық сапасын анықтауға кәсіптік білім, білік және дағдыларды, сондай-ақ тұлғалық сапаларды (ынтымақтастық, коммуникативтік қабілеттер, топта жұмыс істеу қабілеттілігі және т.б.) сипаттайтын «құзырлылық» ұғымына сәйкес келеді. Кәсіптік білім берудің гумандық моделі АҚШ ғалымы Карл Роджерстің атымен тікелей байланысты. Ол адамды психикалық, әлеуметтік, кәсіптік және т.б. бағытта дамыту маңыздылығын мойындай отырып, әрбір адам өзін жеке тұлғалық дамытуға, «толыққанды қызмет ететін тұлғаны» қалыптастыруға басымдық беру қажет деп есептейді. Тұлғалық даму мен өсудің көзі мен қозғаушы күші адамның өзінде деген пікір білдіреді [209].

Ұлыбритания және Ирландия университеттерінде екі типтегі магистерлік бағдарламалар қарастырылады. Мысалы Ұлыбританияда магистрлерді дайындау бағдарламасы (Master Degree): мамандықтардың кәсіптік деңгейін арттыруға бағдарланған бағдарламалар және зерттеу іс-әрекеттеріне бағдарланады. Оқу жоспарлары әдетте күндізгі оқу бөлімінің 12 айына

шақталған. Алғашқы 6-9 айда магистранттар таңдаған пән бойынша пәндерді тереңінен оқып үйренсе, қалған уақытта зерттеу жұмысымен айналысып, магистерлік диссертация дайындайды. Оқу бағдарламасы міндетті пәндер (ғылыми білім және ғылыми-зерттеу әдіснамасының жалпы сауалдарына қатысты) мен мамандыққа қатысты пәндерін қамтиды. Зерттеу жұмысына жазғы мезгілде 3-4 ай беріледі, оқу магистерлік бағдарламалары диссертациясының көлемі – 10-15 мың сөзден тұрады. Емтихан мен диплом қорғау нәтижелері бойынша M.Phil (Master of Philosophy) философия магистрі дәрежесі беріледі. Айта кететін жағдай бұл дәрежені 1-2 жыл өткен соң магистрант супервайзердің жетекшілігімен өз бетінше орындалған ғылыми жұмысты орындап болған соң алады.

Америкалық жоғары білім беру жүйесінің ерекшелігі ЖОО-ның өз бетінше әрекет етуі мен автономиялығымен сипатталады. Бұл жаңа және аралас оқу пәндерін, жаңа мамандықтарын ойлап табуға, сонымен бірге оқытудың инновациялық әдістерін пайдалануға мүмкіндік береді. Әр білім алушының қызығушылықтары мен қабілеттеріне қарай және академиялық «кеңесшілерінің» (student advisors) көмегімен университеттің талаптарына сәйкес оқу жоспарлары жеке қалыптасады.

Америка еліндегі магистратура – екі жылдық және аяқталған жоғары білім (Graduate Decree) болып есептеліп, барлық америкалық университеттер үшін жалпы сипатта болады. Университеттердің көпшілігі екі деңгейлік құрылым бойынша жоғары білім береді. Ең ірі университеттердегі кейбір кампустер ғана ғылыми (Research) университеттер деп аталынады. Ол үшін олар магистратура мен докторантураны дамытады. АҚШ-тың жоғары мектебі нарықтың талаптарына жауап беретін академиялық еркіндік ұстамдарына және оқытудың іргелі бағыттылығына негізделеді. Академиялық дәрежелердің бүкіл жүйесі осы ұстанымдарға жауап береді: бакалавр – магистр – философия докторы (PhD). Ал олардағы білім бағдарламаларындағы айырмашылықтарды біз екі типке бөліп ажыратамыз: кәсіби іс-әрекетке бағыттайтын бағдарламалар және ғылыми-зерттеу жұмысына дайындайтын бағдарламалар.

Ұлыбритания және Ирландия елдеріндегі магистратура бір жылға кем, Британ аралдарындағы білім беру «тар» мамандандырылғанымен Америка еліндегі білім беруге эквивалентті болып келеді. Осы айырмашылықтар бакалавриат (американдық студент 3-ші курсқа дейін мамандықты таңдауға міндетті емес) және кәсіби магистратура (бірінші жылы мамандық үшін жалпы болып табылатын пәндер, ал «тар» мамандандырылған пәндер екінші курста оқылады) деңгейінде де байқалады. Осындай бағдарламалар бойынша әдетте диссертация жазылмайды [210].

Францияның жоғары білім беру жүйесі көпсатылығымен, оқыту бағыттарының саралануы мен толық мамандандыруымен сипатталынады. Оның күрделі құрылымы бар және классикалық типтегі университеттерде, Жоғары мектептерде, өнер, архитектура және арнайы мектептерінде қалыптасқан. Француз университетері «Лиценциат (3 жылдық оқыту) + Мастердің дипломы (2 жылдық оқыту) + Докторантура (3 жылдық оқыту)» дайындық құрылымын

құрып, магистранттарды ғылыми-зерттеушілік жұмысқа дайындаудың ерекше тәжірибесін дамытады. 2003 жылы «Nouvel Observater» және «Vie universitare» журналдары ғылыми қауымдастықтар тұрғысынан қазіргі ЖОО-ның жетістікпен дамуы үшін университеттік ғылым үшін оқу және ғылыми үдерістер арасындағы байланыстың болуы, университетте жүргізілетін ғылыми зерттеулердің саны мен сапасы ерекше маңызды болып табылады .

Бір жағынан, Франция университеттерінде зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу магистранттардың білім беру үдерістердің маңызды бөлігі болып табылады және магистратура мен университеттің ерекшеліктерін анықтайды, екінші жағынан, ЖОО-да зерттеулерді жүргізу зерттеудің іс-әрекет түрі ретіндегі мәртебесін көтереді, ғылыми мәдениетті қалыптастырады. Түрлі ғылыми зерттеу ұйымдары, орталықтары мен институттары бар Францияның ЖОО-ның серіктестігі өзекті ғылыми ізденіс бағдарламаларды ұйымдастыруға ықпалын тигізіп, түрлі кәсіби салалардағы зерттеудің бағыттарын түрлендіруге мүмкіндік береді.

2002 жылдан бастап Франциядағы магистерлік білім беру екі бағытта жүзеге асады: зерттеушілік және кәсіптік. Осындай ұйымдастырушылық амал заманауи ғылымның дамуымен айқындалады: ғылымның жаңа салалары пайда болады, пәнаралық зерттеулердің саны артады. Магистерлік білім беруде білім алушы кәсіби немесе зерттеушілік бағытты таңдау керек, сонымен қатар зерттеушілік және оқыту барысындағы дайындықтың бағытын өзгертуге де оның құқығы сақталады. Зерттеушілік магистерлік дәрежесі бітірушіге докторантураға түсуге мүмкіндік береді. Магистратурада арнайы кәсіби саласы бойынша және таңдаған іс-әрекет саласындағы зерттеушінің құзырлылықтары дамиды. Француз университеттерінің магистратурасында зерттеу әдістеріне оқытуға және магистерлік диссертацияның жазылуына аса зор көңіл бөлінеді. Француз магистранттары күрделілік дәрежесі мен көлемі және мазмұны жағынан түрлі зерттеу жұмыстарын орындайды. Осындай зерттеулердің үш түрі бар: «memoire d'etude» – магистратураның бірінші жылындағы оқу зерттеуі, «memoire de recheche» – ғылыми зерттеу және «memoire professionalise» – зерттеушілік және кәсіптік бағыттар үшін магистратураның екінші курсындағы кәсіби зерттеу [211].

Кейбір француз университеттерінде кәсіптік бағыты бойынша оқытылатын магистранттар үшін зерттеушілік жұмысты екі аптадан 3 айға дейінгі тағлымдамадан өтеді. Тағлымдамадан кейін магистранттар кәсіптік зерттеудің құрылымы мен мазмұнына жақын болатын есебін өткізеді. Егер таңдалған мамандығы бойынша магистранттың тәжірибесі болса, онда ол өзінің өтініші бойынша тағлымдаманы кәсіби зерттеу жұмысын жазуға ауыстырады. Осындай тағлымдамалардан магистранттар Еуроодақ елдеріндегі университеттерде өте алады, өйткені Францияның осы елдермен серіктестігі орнатылған. Франция магистратурасының білім беру бағдарламалары екі негізгі компоненттерді қамтиды: **білім беру** және **ғылыми-зерттеушілік**. Магистратурада білім алушылардың зерттеу құзырлылықтарын дамытуға мән беріледі.

Сонымен қатар Францияда магистранттарды дайындау бағдарламалары

бірнеше оқу орындарында ұйымдастыру тенденциялары байқалады. Айталық, бір модуль Францияның бір университетінде оқытылса, екінші модулі – басқа университетте немесе зертеушілік орталықтарда жүргізіледі. Демек ішкі академиялық ұтқырлық жақсы жолға қойылған деуге болады.

Германиядағы жоғары білім берудің ұстанымы – академиялық еркінділік – дипломның құрамына кіретін оқу пәндердің тізімін өзбетінше анықтауға мүмкіндік беретін жүйе. Германияда осындай жоғары білім беру жүйесіндегі оқу үдерісін ғылыми зерттеумен қатар жүргізеді. Осы ерекшеліктер оқу үдерісінің кестесін анықтайды, әр семестр дәрістік (14-20 апта) және дәрістік емес кезеңдерден құрылады, оның барысында студент өз бетінше ғылыми жұмыспен айналысады. Магистранттар үшін магистр ғылыми дәрежесіне ие болу дегеніміз – бұл гуманитарлық ғылымдар бойынша академиялық білім алу [212].

Ресейде магистрлерді дайындаудың тарихы 18 ғасырдың ортасында басталады. 1803 жылы І-ші Петрдің өкімі бойынша құрылған Ресейдің бірінші университетінде алғаш төрт бітірушіге магистр дәрежесі берілген. Кейін 1917 жылы түрлі себептермен магистрлерді дайындау үдерісі тоқтатылған. Одан кейін XX ғасырдың 90-шы жылдары магистратура қайта пайда болып, заманауи маманнан жоғары ұтқырлық пен үздіксіз білім алу даярлығын талап етті. Сонымен, Ресейде магистратура ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындаудың көпсатылы жүйесінің сатысы ретінде анықталады. Магистерлік дайындаудың тұжырымдамалық негізі мен мақсаттары білім беру үдерісі кезеңдерінің үздіксіздігі мен сабақтастығы, білім берудің көпдеңгейлілігі, бағдарламалардың өзара байланыстылығы туралы ой-тұжырымдарға негізделеді. Бұл жерде «көпдеңгейлік» ұғымы білім беру үдерісін кезең-кезеңмен ұйымдастыру ретінде түсіндіріледі. Әр кезеңде білім алушы өзінің мүмкіндігі мен қызығушылықтарына сәйкес білімділік деңгейіне ие болады. Әрбір білімділік деңгейінің өз мақсаттары, оқу мерзімдері мен сипаттамалық ерекшеліктері бар. Ал білім берудің «үздіксіздігі» өмір бойы оқу мен өздігінен білім алу ретінде түсіндіріледі. Мысалы, «Педагогика» бағытындағы магистратураның бітірушісі жоғары білім берудің психологиялық-педагогикалық мәселелерін зерттеуге, жоғары оқу мекемелеріндегі педагогикалық және ғылыми іс-әрекетке дайын болуы тиіс.

Педагогика магистрі белгілі бір пән бойынша ғылыми-зерттеу жұмысына бағдарланған білім беру және зерттеу міндеттерін шешуге; тәжірибелік білімдерді іріктеу, өңдеу және түсіндірудің заманауи технологияларын пайдалануға; зерттеудің заманауи әдістерін игеруге; түрлі оқу мекемелеріндегі оқытудың нәтижелерін талдауға; оқыту тәжірибесінде оқу пәндерінің жаңа мазмұнын жүзеге асыруға; білімділіктің деңгейін диагностикалауға дайын болу керек. Осы бағыттағы магистранттар өздерінің біліктілік деңгейіне сәйкес кәсіби іс-әрекеттің төмендегі түрлерін орындауға дайындалады:

- ғылыми-зерттеушілік;
- оқытушылық;
- түзету-дамытушылық;

- кеңес берушілік;
- мәдени-ағартушылық;
- ұйымдастырушылық-тәрбиелік;
- әлеуметтік-педагогикалық.

Ресейдің жоғары білім беру жүйесін реформалау кезеңінде магистрлерді дайындау үдерісін басты бағыт ретінде қарастырады, өйткені магистратура:

- университеттің ғылыми-педагогикалық әлеуетін максимальды түрде пайдалануға ықпал етеді, шығармашылық, ғылыми және ғылыми-әдістемелік іс-әрекетті ынталандырады;
- экономика, өндіріс, ғылымның және білім берудің қажеттіліктеріне жылдам жауап беруге ықпал етеді. Магистерлік бағдарламаларды саралап оқыту барысында болашақ кәсіби іс-әрекетке бейімделуге магистранттарға мүмкіндік береді;
- білім беру мазмұнын жаңарту мәселелеріне байланысты университеттердің факультетін дамытудың тиімді тетіктерін құруға және жаңа ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауға ықпал етеді [213].

Сонымен, магистратура жүйесін Ресейдің білім беру жүйесіне енгізу үдерісі ғылыми зерттеу жұмысына бағытталып жүрген студенттерге белгілі бір сала бойынша тереңдетілген теориялық дайындықтан өтуге мүмкіндік туғызады. Жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесін аяқтауға тамамдаған кезде жас маман өз мамандығы бойынша білім саласында еркін бағдарлана алады, пәнаралық сипаттағы жаңа идея ашық болады, ғылымда белгілі бір жетістіктерге жетуге мүмкіндік алады және ғылымнан кеткеннің өзінде өз мамандығы бойынша қажетті болады. Ерекше атап кететін нәрсе, осы жоғары оқу орнынан кейін білім беру жүйесі бұрынғы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің қарастырған ұстанымдарын үйлесімді түрде сақтап қалып, ашық, үздіксіз және инновациялық білім берудің идеяларын ықпалдастырады.

Болон үдерісіне енумен байланысты болған білім беру жүйесіндегі бірыңғайлану Европа елдеріндегі, АҚШ-ғы және Ресейдегі білім беру жүйелерін ұқсастылығын сипаттайды, сонымен қатар білім жүйелеріндегі айырмашылықтары да бар. Атап айтсақ, Ресейдің жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесімен Еуропа мен АҚШ елдеріндегі білім беру жүйесін салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтарды байқаймыз. Мысалы, Ресейде бакалавр – бұл маман иесі болудың бастапқы баспалдағы болса, еуропа елдерінде магистр дипломымен айналысатын бакалавр жоғары білімнен кейінгі білім берумен айналысады екен. Сонымен бірге, Ұлыбританияғы екі ғылыми дәрежелерге тоқталайық: Философия Мастері және философия докторы. Бакалавр дәрежесі бар студент магистерлік зерттеу жұмысын бастаған күннен бастап, Философия Мастері дәрежесіне ие болады. Ал егер сол зерттеуді аяғына дейін жеткізіп, қорғаса, онда ол Философия Докторы дәрежесіне ие болады екен.

Ал АҚШ-тағы білім беру жүйесін Ұлыбританиядағы білім беру жүйесімен салыстырғанда осындай айырмашылықтың күрделі болатынын анықтаймыз. Өйткені, Ұлыбританияда кез келген бакалавр диссертацияны (магистерлік

жұмысты) жазуға кіресе алады, ал американдық бакалаврлар бейінделген оқу пәндері бойынша жоғары ұпайлары болған жағдайда ғана диссертацияны жазуға құқылы, ал кейде зерттеу жұмысын жүргізудің және ғылыми басылымдардың болуымен байланысты зерттеу жұмысын жүргізу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар оқытушы құрамының ұсыныстарының болуы маңызды. Магистерлік жұмысты бастауға рұқсат алу үшін студент өтінішін жазады. Осы ереже АҚШ-тың тек кейбір университеттерінде сақталған. Егер зерттеу жұмысы аяқталып, тиісті органдарға өткізілмесе ол философия мастері немесе кандидаты дәрежесіне ие болады. Магистерлік жұмысы дайын болған жағдайда және осы жұмыс қабылданған болса, онда мамандығына байланысты философия кандидатына философия докторы дәрежесі ұсынылады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 36-шы бабы бойынша Жоғары оқу орнынан кейінгі білім – үздіксіз білім беру жүйесінің ең жоғарғы сатысы [3].

Қазақстандық білім беру жүйесі халықаралық білім беру кеңістігіне енуі үшін Қазақстан Республикасында жоғары және жоғарыдан кейінгі білім берудің келесі сатылары енгізілген:

- бакалавриат – бірінші деңгейдегі бағдарлама (орта білімнен кейінгі бірінші деңгей), ол 4 жылға дейін жалғасады.
- магистратура – екінші деңгейдегі бағдарлама (орта білімнен кейінгі екінші деңгей), ол 2 жылға дейін жалғасады және екі траекторияда жүзеге асады: бейіндік тереңдетілген дайындық және ғылыми-педагогикалық дайындық;
- докторантура - екінші деңгейдегі бағдарлама (орта білімнен кейінгі үшінші деңгей), 3-4 жылға созылатын жоғары білімнен кейінгі білім беру, ол екі траекторияда жүзеге асады: бейіндік докторантура және ғылыми докторантура.

Бакалавриат бағдарламасының мазмұны кең базистік кәсіби дайындықты қамтиды, ол кәсіби іс-әрекеттің жалпылама интегралды әдіснамасының іргелі пәндік мазмұнын игерген бакалаврды дайындап шығаруды мақсат етеді.

Қазақстанда магистратурада дайындық екі бағыт бойынша жүреді:

- бейіндік дайындық 1-1,5 жыл;
- ғылыми-педагогикалық дайындық бойынша оқу мерзімі – 2 жыл.

Бейінді магистратура терең кәсіби дайындықты меңгерген педагогика және психология салаларының мамандарын дайындайтын білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Бейінді магистратураның білім беру бағдарламаларына оқытудың қолданбалы сипаты тән, бейіндік дайындық барысында магистранттар өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге, өздігінен жаңа білімді шығармашылық меңгеру қабілетін қалыптастыруға; кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейін игеруге; ұйымдастыру дағдыларына үйренуге және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталады.

Еліміздің жоғары оқу орындарында оқытылу мерзімі мен бағытына қарай әртүрлі магистрлік бағдарламалар жүзеге асырылады. Оларды әр университет өздерінше таңдайды. Әсіресе экономика, бизнес, халықаралық қатынас, медицина және білім беру саласы бойынша көпбағытты бағдарламалар бойынша мамандар дайындалады.

Ғылыми-педагогикалық дайындық барысында магистранттар кәсіби практикадан өтіп, зерттеушілік іс-әрекетпен айналысады. Магистрлерді дайындау жүйесін Қазақстан мемлекетіне ендіру барысында өмір өзінің түзетулерін енгізіп отырғандығына тоқтала кеткен жөн. Атап айтсақ білім алушылардың шет елдік тағлымдамадан өтуі, қосдиплом алу, академиялық ұтқырлық бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру қарастырылған. Оның барысында жоғары білім берудің парадигмасы «teaching» форматында оқытудан «learning» форматына қарай өзгерді. Қазіргі таңда адамды «оқытпайды», керісінше адамның өзі «оқиды». Осы парадигманың шеңберінде адамның өмір бойы оқуы жүзеге асып, ал ЖОО белгілі шеңберде оның қызығушылықтарына сәйкес көмек береді.

Қазақстандағы және шет елдердің білім беру жүйелерінің көптүрлілігіне, оны құрылымдау мен инагурациялаудағы (академиялық дәрежені беру) түрлі амалдары мен айырмашылықтарына қарамастан, мамандарды дайындаудың көптүрлі жүйесі бағытындағы білім беруді бірыңғайландыру, білім алушылардың өз бетінше әрекет ету және ұтқырлық қабілетін дамыту, әр тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеретін оқытуды саралау тенденциясы байқалады.

Халықаралық білім беру кеңістігіне табысты бірігу қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың негізгі міндеттерінің бірі. Осы бағытта қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сай көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін модернизациялау жолдары белгіленген болатын. Мемлекеттік бағдарламада студенттердің академиялық ұтқырлығына, олардың жеке тұлғалық әлеуетін толыққанды жүзеге асыруына жағдай жасау қажеттігі айтылып, студенттің оқу іс-әрекетін жекелендіруді, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ететін вариативті бағдарлама құру ресми мәлімделді. Бұл бағдарламаның басымдықтарының бірі кәсіби міндеттерді өз бетінше, шығармашылық тұрғыда шеше алатын, кәсіби қызметінің тұлғалық және қоғамдық маңыздылығын ұғынатын, өз ісіне жауапты, кәсіби-құзыретті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау сапасын арттыру болып табылады. Сонымен бірге аталған бағдарламаның Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты - экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу [4,46].

Дарынды жас қазақстандықтарға әлемнің үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру еліміздегі адами капиталдың дамуына қосылған елеулі үлес болды. Соңғы жылдары аталған бағдарлама шеңберінде

бакалавр деңгейінде жоғары білім алған қазақстандық түлектер алдыңғы қатарлы шетел оқу орындарында магистратура және докторантура деңгейінде білімдерін жалғастыруда.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына [214] сәйкес жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылым саласындағы стратегиялық мақсаттар бойынша 2020 жылға қарай Қазақстанның жоғары білім беру сапасы білім беру саласындағы әлемнің ең үздік тәжірибелеріне сәйкестеніп, жоғары оқу орындарының түлектері жұмыс берушілер тарапынан сұраныста ие болуы қажет. Аталған стратегиялық даму жоспарында да адами ресурстарды дамыту еліміздің осы басымдықтардың бірі ретінде айқындалған.

Университет магистратурасы педагогикалық жүйенің ерекше типі ретінде «Жоғары мектеп оқытушысы» деп аталатын негізгі қосымша кәсіптік білім беру бағдарламасымен қатар жоғары оқу орындары оқытушыларының педагогикалық іс-әрекеттерін магистранттардың мақсатты түрде игерту мәселесін қойып отыр. Олардың педагогикалық іс әрекетінің құрылымында зерттеу компоненті жетекші орын алады. Магистранттардың ғылыми зерттеу жұмыстары олардың нақты мектептер мен қаланың жоғары оқу орындары шешетін қандай да бір педагогикалық мәселені шешуге бағытталған кешенді практикаға бағдарланған бағдарламаларын жүзеге асыруда басты назарда ұсталады. Олар өздерінің өзіндік іс-әрекеттері барысында зерттеу мәселесін анықтаулары, тақырыбын нақтылаулары, оның мақсатын, міндеттерін, пәнін, нысанын, болжамын тұжырымдаулары, жұмыстың кезеңдерін анықтаулары, эксперименттің базасын анықтаулары тиіс. Сондықтан магистратурада оқытылатын теориялық оқу курстарының негізгі мақсаты әрбір магистрантқа зерттеу компоненттерін анықтауда, олардың мазмұнын ашып көрсетуде, қарастырылып отырған мәселе шеңберінде магистранттардың қызығушылықтары мен талаптарын қанағаттандыруда көмек көрсету болып табылады.

Жоғарыдан кейінгі басқышта білім алу адамның болашақ әлеуметтік кәсіптік мақсаттарына сәйкес біліктерді, құндылықты бағдарларды және әлеуметтік ұстанымдарды қалыптастырумен тығыз байланысты. Еліміздің бірнеше ЖОО-ның магистрлерді дайындау бағдарламаларына жасалған талдау нәтижесі Қазақстанда магистратура даму сатысында екендігін, онда әлі де болса ұйымдастыру тұрғысында, сәйкес білім беру бағдарламаларын мазмұнын қалыптастыру және оларды әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету сияқты мәселелердің бар екендігін көрсетті. Енді соларға тоқтала кетейік.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Магистратура және PhD докторантура институтында 46 мамандық бойынша магистрлер дайындалады. Оқу жоспары бойынша теориялық компонентке енетін пәндерді оқытуға 34 кредит жұмсалса, ғылыми-зерттеу компоненті пәндері үшін 11 кредит бөлінген. 6М010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарларын талдап көрейік. Абай атындағы ҚазҰПУ-де: «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері», «ЖОО

интерактивті оқыту», «Менеджмент психологиясы», «Қарым қатынас мәдениеті және педагогикалық этика», «Қолданбалы психологияның негізгі бағыттары»;

– Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-де: «Қазіргі білім беру технологиялары», «Педагогтың психологиялық сауаттылығы мен құзыреттілігі», «Іскерлік қарым-қатынас этикасы мен психологиясы», «ЖОО-дағы педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі», «ЖОО-дағы психологиялық пәндерді оқыту әдістемесі», «Білімдегі сапа менеджмент жүйесі», «Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру»;

– Шәкәрім атындағы СМУ-де «Болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық әдіснамасы мен әдістері», «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері», «Әлеуметтік-психологиялық тренингтің негіздері», «Қарым-қатынас мәдениеті және іскерлік әдебі», «Білімдегі сапа менеджмент жүйесі», «Психология менеджменті», «Білім беруді ізгілендіру және гуманитаризациялау»;

– Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Педагогикалық шеберлік негіздері», «Ұйымдастыру психологиясы», «ЖОО педагогикалық пәндерді оқытудың әдістемесі», «Оқыту теориясы мен практикасы» деп аталатын пәндер белгілі біз қарастырып отырған мәселенің тиімділігіне белгілі бір дәрежеде ғана ықпалын тигізеді.

Болашақ маманның кәсіби қызметке араласуы барысында жетістіктерге жетуі оның ғылыми зерттеушілік дағдыларының қаншалықты қалыптасқандығына тәуелді. Бұл ретте магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысын (МҒЗЖ), ғылыми зерттеу практикасы маңызды орын алады. МҒЗЖ – магистранттардың оқу зерттеу және оқудан тыс ғылыми-зерттеу жұмыстары мен бірге ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарының синтезін құрайды. ЖОО-да МҒЗЖ-ның жүйесін ұйымдастырудың негізгі ұстанымы – оның кешенділігін қамтамасыз ету. МҒЗЖ-ның басты мақсаты – зерттеушілік білім-біліктері мен дағдылар кешенін игеру арқылы магистранттардың шығармашылық белсенділігін дамыту. Магистранттардың оқу зерттеу жұмысы оқыту үдерісін белсенді таным іс-әрекетіне айналдыруға, шығармашылық ойлауын дамытуға, зерттеу біліктерін игеруге мүмкіндік береді. Сонымен, магистранттардың оқу зерттеу (МК және ТК) және ғылыми-зерттеу жұмысы біртұтас үдеріс, бірақ олар өз бетінше әрекет ету дәрежесімен ажыратылады. Ал педагогикалық практикада магистранттар оқыту әдістемесі бойынша білім, білік, дағдыларын және құзырлылықтарын қолданады. Ғылыми зерттеу практикасы барысында зерттеу деректерін көрсету мен эксперименталды мәліметтерді өңдеудің, баяндаудың қазіргі ғылыми зерттеу әдістері және отандық, шетелдік, ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін өзінің магистерлік диссертациясын дайындау кезінде пайдаланады.

6М010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті жұмыс оқу жоспарларының ерекшеліктерінің бірі ғылыми-зерттеу жұмыс модулі бойынша

курстық жұмыс орындалатындығында. Мұның басты себебі мынада, барлық мамандықтар бойынша бірінші курстың екінші жартысында магистранттар өздерінің магистрлік зерттеу тақырыптарына сәйкестендіріле таңдалған белгілі бір тақырып бойынша курстық жұмыс орындайды. Нәтижесінде бірінші курсты бітірген магистрантқа өзінің магистрлік диссертациясының теориялық бөлімін жөнінде қандай да бір қорытынды жасауына мүмкіндік туады. Осы жоғары оқу орнында оқитын магистранттардың бір тобы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылатын және университет ректоры қаржыландыратын ғылыми жобаларға қатыстырылады. Сонымен қатар, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Магистратура және PhD докторантура институтының 6М010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистратурасының 1-ші жарты жылдығында таңдау компонентінде «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері» деп аталатын пән оқытылады. Осы пәннің оқу жылының 1-ші семестрінде оқытылуы болашақ мамандарға 1-ші курстың соңында курстық жұмыс арқылы магистерлік жұмыстың теориялық бөлімін бітіруге, ал 2-ші курстың 3-ші семестрінде магистерлік диссертацияны толығымен аяқтауға мүмкіндік береді.

Ал Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-де, Шәкәрім атындағы СМУ-де, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде педагогикалық зерттеу жұмысының әдіснамасы таңдау компонентінде таңдау пәні ретінде оқу жылының 1-ші семестрінде оқытылады: «Ғылыми-педагогикалық эксперимент нәтижелерін математикалық өңдеу» (Қызылорда), «Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері» (Семей), «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі» (Ақтөбе).

Осы пәндерді оқыту нәтижесінде магистрантар ғылыми зерттеулер әдіснамасы саласында, ЖОО-дағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық іс-әрекет барысында, заманауи білім беру технологиялары бойынша, ғылыми жобаларды және кәсіби саласы бойынша зерттеулерді орындауда құзыретті мамандар болып қалыптасады. Осылайша магистранттарда түрлі құзырлылықтар қалыптастыру ойластырылған:

- педагогикалық іс-әрекетте – түрлі білім беру сатыларында оқу тәрбие үдерісін ұйымдастырудың және жүзеге асырудың заманауи әдістер мен технологияларды қолдану қабілеті;
- ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде – ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау және нақты білім беру және зерттеу міндеттерін шешу барысында оларды қолданудың білігі; ғылымның заманауи әдістерін пайдалана отырып, ғылыми зерттеуді өз бетінше жүзеге асыруға даярлығы;
- әдістемелік іс-әрекетте – оқытудың әдістері, технологиялары мен тәсілдерін әзірлеу мен іске асырудың және оларды қолдану нәтижесінде олардың нәтижелерін талдау қабілеті.

Магистерлік диссертацияны дайындау мен қорғау нәтижесінде магистратураны бітірер алдындағы кезеңде мемлекеттік стандартта қарастырылған магистерлерді дайындаудың талаптары мен деңгейіне жауап

беретін оқытудың көрсеткіштері қалыптасады.

Жұмысымыздың қосымша бөлігінде келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, таңдау модуліне енетін пәндердің ішінде магистранттардың кәсіби шеберлігін шыңдауға мүмкіндік беретін пәндердің жеткілікті деңгейде еместігін бірден байқауға болады (қосымша А). Болашақ маманның шығармашылығын арттырып, кәсіби шеберлікке дайын болуын қамтамасыз ету тұрғысынан талданған оқу бағдарламаларының әлеуеті әлсіз екендігі байқалады. Оқу жоспарындағы пәндер белгілі бір сала бойынша маман дайындауға бағытталған. Бұл жағдай бакалавриат деңгейіндегі «пән мұғалімдерін» дайындаудың жалғасы іспетті. Демек өмірді алға жылжытатын шығармашыл тұлғаға, мамандығын ерекше сүйіп, еңбегінің биік шыңдарына көтерілу арқылы пайдалы, сапалы болатын адамдарға зәру қоғамда магистратура деңгейінде болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылыққа бағытталуы мәселесінде әлі де атқарар істер көп екендігін байқатады. Бұл мәселе неғұрлым мақсатты, уақытылы шешілетін болса, еліміздің өркениетке жетуі жылдамдайтыны белгілі. Сондықтан жұмысымызда бұдан әрі қарай жоғарыдан кейінгі білім сатысындағы стратегиялық бағыттарға тоқталуды жөн көрдік.

Бұл ретте ***магистрлер дайындау бағдарламаларын жетілдіру*** мәселесін алға шығарған болар едік. Оларда болашақ маманның кәсіби әрекетін шығармашылық деңгейде жүргізуге ықпал ететін арнайы курстарды жобалау және тәжірибеге ендіруді дұрыс жолға қойған жөн деп білеміз. Басты бағыт магистрлердің педагогикалық шеберлікке қатысты қолданбалы білік дағдыларын қалыптастыруға қатысты элективті пәндердің бір бірімен байланыстылығын қамтамасыз ету болғаны дұрыс.

***Екіншіден*** болашақ мамандардың инновациялық үрдістерге дайындығын арттыру сол арқылы озық технологияларды меңгерген, практикада қолдана алатын, кәсіби деңгейі жоғары, жаңалыққа жақын креативті тұлға ретінде өзін көрсете алу дайындығының сапасын арттыру.

***Үшіншіден*** жоғары, одан кейінгі басқыштарда білім беру үрдісін ұйымдастырушылар (ректорлар, проректорлар, декандар мен кафедра меңгерушілері) жоғары оқу орнының мамандары арасында шығармашыл оқытушы болу идеясын популярландырулары қажет. Бұл мақсатта оқытушылардың біліктілігін жетілдірудің барлық мүмкіндіктерін сарқа пайдалану, кәсіби шебер оқытушылар құрамын арттырумен тұрақты айналысулары қажет.

### 2.2 Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру тұжырымдамасы

Жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық мамандарды дайындау еліміздің индустриалды - экономикалық даму бағдарламаларын жүзеге асырудың негізгі тетігі болып табылады. Әсіресе педагогикалық мамандар дайындаудың сапасын арттыру арқылы барлық саладағы білім беруді әлемдік стандарттар деңгейіне көтеруге болады. Сондықтан болашақ білім саласы

мамандарының кәсібилік, шеберлік, шығармашылық қабілеттерін оқу орнында білім алу барысында алдын ала, оза дамыту мен белгілі бір деңгейде қалыптастыру қазіргі педагогика мен психология ғылымдарындағы өткір мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикада көтеріліп жатқан тың тақырып болғандықтан оны тиімді шешу үшін теориялық негіздер айқындалып, тұжырымдамалық, әдістемелік базалар әзірленуі тиіс.

Осыған орай диссертациялық зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің бірі жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру тұжырымдамасын дайындау болғандықтан бұдан әрі қарай осы бағыттағы жұмысымыздың сипаттамасына көшеміз.

«Тұжырымдама» ұғымының (*conceptio)* латын тілінен аудармасы түсінік, мағына, көзқарас дегенді білдіреді [215]. Нақтылайтын болсақ тұжырымдама – белгілі бір құбылыстарды түсінуге, мағынасын ашуға қатысты жеке көзқарас, белгілі бір үрдістерді жүйелеуге байланысты жетекші идея. *Педагогикалық тұжырымдама* – бұл (жеке немесе өзгеден алынған) кәсіби идеялардың сипатталған және негізделген құрылымдалған жиынтығы ретінде қарастырылады.

Белгілі бір әрекеттің тұжырымдамалық негізін жасау оны нобайлау үрдісіндегі күрделі мәселелердің бірі. Сондықтан қарастырып отырған мәселеге қатысты авторлық тұжырымдаманың сипаттамасын беру алдында жалпы педагогикалық тұжырымдама жасаудың кейбір тәсілдеріне талдау жасап кетуді орынды деп есептейміз.

Тұжырымдамалаудың өзі бұл ретте әртүрлі қызмет атқарады және оның көрінісі төмендегідей болуы мүмкін: 1) эмпирикалық жинақталып жатқан тәжірибенің тұжырымдамалық негіздемесі; 2) даму бағытындағы әрекеттің үлгі жобасын фактілерге тірек етілмеген априорлық тұжырымдалуы; 3) тұжырымдамалық жобалар мен әрекеттің даму моделін салыстыруға ықпал ететін абстрактілі негіздемелер.

Осыған сәйкес тәжірибеде бар педагогикалық тұжырымдамаларды талдау мен жасауда әртүрлі тәсілдердің қолданылғанына көз жеткіздік. Оларға мыналар жатады:

- аспектілік тәсіл - сипатталатын объектідегі белгілі бір аспектілерді бөліп алып, оларды критериалдық-теориялық тұрғыдан безендіру;
- жүйелілік тәсіл – объект басынан бастап жүйе түрінде қабылданып, оның тұжырымдамалық сипаттамасының жүйелілік талдау логикасына сәйкестендірілуі;
- генетикалық тәсіл – бұл тәсіл аясында тұжырымдама объектінің генезисін, оның ішіне енетін процессуалдық бейнені сипаттау болып табылады.

Бізге дейінгі жасалған тұжырымдама авторлары мұндай әрекеттің өзіндік қиындықтарының бар екендігіне тоқталады. Оларға тұжырымдама жасаудың технологиясы, құралдары мен тәсілдерінің болмауы, оның әдіснамалық қамтамасыз етілуі мен өзінің негізделуін бағалаудың өлшемдерінің болмауы т.б. жатады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың аясында болашақ мамандардың жоғары кәсібилік жағдайында еңбек етуге дайындаудың тұжырымдамасын жасауда магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың тұжырымдамасын жасаудың ***ғылыми алғы шарттарын*** айқындау міндеті тұрды. Оларды мамандарды дайындау теорияларының акмеологиялық заңдылықтары; жүйелілік, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған білім беру әдіснамасы, субъектілік, акмеологиялық амалдар құрайды.

Теориялық акмеология акмеологиялық заңдар мен заңдылықтардың сипаттамасын жасайды. Қазіргі таңда акмеологиялық заңдар мен заңдылықтардың түрлері туралы көптеген дискуссиялар болуда, осындайда психологиялық заңдар мен заңдылықтармен салыстырылып, ұқсатылады. Расында олардың арасында біраз ұқсастықтар бар болғанымен де, олардың айырмашылықтарын да көрсету маңызды болып табылады.

*Біріншіден,* акмеологиялық заңдылықтар объективті тұрақты байланыстар және қатынастармен анықталынады. Мысалға, тұлғаның дарындылығы мен оның кәсібилікке қарай жылжуы арасындағы байланыстар мен қатынастар. Сонымен қатар, тұлғаның өзін-өзі басқару деңгейі мен кәсібилікке қарай жылжудың динамикасы арасындағы тұрақты байланыс. Бұл жерде байланыс пропорционалды болып табылады. Осындай тұрақты байланыстар мен қатынастар көптеп кездеседі.

*Екіншіден,* акмеологиялық заңдылықтар объективті және субъективті болып табылады. Олардың объективтілігі әрекеттегі шарттармен анықталынады: кәсібилікке және кәсіпқой адамдарға қатысты болатын қоғамдағы құндылықтар, стандарттар.

*Үшіншіден,* тұрақтылық қасиетімен сипатталатын заңдылықтар қайталанушылықпен ерекшеленеді. Тұрақтылық пен қайталанушылық, мысалға кәсібилікті дамытумен байланысты акмеологиялық әдістер мен технологиялардың көптүрлілігін сипаттайды.

*Төртіншіден,* акмеологиялық заңдылықтар психологиялық заңдылықтармен ұқсас болып келеді (Б.Ф. Ломовтың жіктемесі бойынша), адам психикасы дамуының үдерістеріне қатыстылығымен анықталынады [216].

*Бесіншіден,* акмеологиялық заңдылықтар «басылымдықтар-заңдары» жіктемесіне жатады.

*Алтыншыдан,* психологиялық заңдылықтармен салыстырғанда акмеологиялық заңдылықтар вариативті болып келеді. Мысалы, іс-әрекет кәсібилігі жоғары нәтижелігінің тұрақтылығымен сипатталынады, ал тұлға кәсібилігі «қатаң» стандарттар мен мінез-құлықтың тұлғалық нормалармен ерекшеленеді, әрине бұл заңдылықтардың вариативтілігін төмендетеді. Сонымен қатар, стандартталған акмеологиялық технологияларды қолдану тұлғалық даму үрдісін анықтайды.

Зерттеу тақырыбына орай талданған теориялық-әдіснамалық әдебиеттердегі түйінді ойларды қорыту жоғары оқу орынының магистратура деңгейінде білім алушылардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың авторлық тұжырымдамасын жасауға негіз болды. Себебі мұндай тұжырымдама тәжірибеде әлі болған жоқ.

***Тұжырымдаманың негіздемесі***

Заманауи қоғамда мамандардың кәсіби деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және прогрессивті технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде. Еуропалық жоғары білім беру аймағына енуді көздейтін Болон процесіне қосылу туралы шешімнің қабылдануы да айрықша мәнді шара. Бұл оқиғаны білім беру жүйесінде көрініс алған елеулі тарихи оқиға десе болады. Болон процесінің шешімі жоғары білім беру саласы қызметкерлерінің алдына бірқатар мәселелерді, соның ішінде жаңа қоғамның бәсекеге қабілетті мамандардарды қалыптастыру, яғни заманауи ақпараттық технологияны меңгерген болашақ мамандарды даярлау мәселесін қойып отыр.

Магистратура – жоғары мектептің болашақ оқытушысына қажетті психологиялық-педагогикалық сауаттылықты және жалпы гуманитарлық өй өрісті дамытумен байланысты зерттеушілік және іргелі пәндік құзіреттіліктерді орындау үшін ғылыми-педагогикалық кадрлардың мәселесін шешеді. Онда білім алушылардың оқу, ғылыми-кәсіптік іс-әрекеттерге тартылуы, басқа да болашақ мамандығының қыр - сырларын жетік меңгеруге бағытталған іс - шараларға қатысулары олардың кәсіби маңызды қасиеттері мен сана – сезімдерінің дамуын, түрлі құзыреттерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Акмеологиялық тұжырымдаманы әзірлеу және қазіргі таңдағы жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесіне оны ендіру магистранттардың кәсіби және ғылыми тұрғыдағы шығармашылығының дамуына ықпал ететін, соның негізінде олардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыра отырып ғылыми-кәсіби іс-әрекетте жетістікке қол жеткізу үшін тұлғалық ресурстарын пайдалануға мүмкіндік беретін маңызды фактор болып табылады. Ұсынылып отырған жоғары оқу орнынан кейінгі білім жағдайында мамандарды дайындаудың акмеологиялық тұжырымдамасы кәсіби іс-әрекетті жетістікпен жүзеге асыруға ЖОО-ның болашақ оқытушысының субъективті (жасай аламын) және объективті (жасай алады) дайындығын қамтамасыз ететін ұстанымдар мен заңдылықтарды ашатын әдіснамалық, теориялық және әдістемелік сипаттағы негізгі ережелердің сипаттамасын қамтиды.

Осыған орай, жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандар дайындаудың акмеологиялық тұжырымдамасын жасаудың **мақсаты** – тұлғаның негізгі қасиеті және оның кәсібилігінің маңызды көрсеткіші ретіндегі акмеологиялық дайындығын қалыптастыруға бағытталған акмеологиялық-педагогикалық ықпал етудің жолдары мен шарттарын айқындау.

Бұл тұжырымдама магистратураның дамушы жүйе ретіндегі «ішкі құрылымын» сыртқы әлеуеметтік сұраныстарға қарай өзгертіп, оның зерттеп отырған мәселені шешудегі мүмкіндіктерін толық пайдалануды көздейді.

***Тұжырымдаманың жетекші идеясы*** – мына төмендегі тірек түсініктерге негізделеді:

- шығармашылық-тұлғаның өмір сүру тәсілі;
- кәсібилік, шеберлік - болашақ маманның педагогикалық шығармашылықтың биігіне шығудың нақты жолдарының бірі;

- жоғарыдан кейінгі білім жағдайында магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру білім мазмұнының шығармашылыққа бағытталуы, шығармашылық іс әрекеттерге қатысу барысында субъектілік танытуы білімдік ортаның акмеологиялануына тікелей байланысты.

***Тұжырымдаманың теориялық негіздері:***

Бұл тұжырымдаманы жасауда төмендегі кеңестік, отандық ғалымдар еңбектері басшылыққа алынды.

*Ең алдымен* адамды басты құндылық деп есептеп, оның даралығын сақтау, оқыту барысында өзін - өзі іске қосатындай жағдай жасаудың қажеттілігіне баса көңіл бөлетін гуманистік бағыттағы педагогиканың ұстанымдары негізге алынды. (Ш.А.Амонашвили [217], О.С.Газман [218], В.А.Сухомлинский [219], Ы.Алтынсарин [220], А.А.Бейсенбаева [221]т.б.).

*Екіншіден* оқыту философиясындағы әр адамның «мені» мен «әлеуметтенуі» арасындағы үйлесімділік идеясының нәтижесінде жасалып жатқан жалпы педагогикалық және дидактикалық теориялардағы жеке тұлғаның дамуы жайлы тұжырымдамалық идеялар ескерілді. (В.И.Андреев [222], Д.Б.Богоявленская [223], А.М.Матюшкин [2224], Б.П.Никитин [225] т.б.)

*Үшіншіден* қазіргі білім беруде қалыптасып келе жатқан, білімдік үрдіске қатысушылардың барлығының субъектілігін жүзеге асыратын дамыта оқыту, тұлғалық-бағдарлы оқыту, сыни ойлауды дамыту т.б. жүйелердің ғылыми-теориялық қорытындылары назарға алынды. (В.В.Давыдов [226], Л.В.Занков [227], В.В.Сериков[228], Д.Б.Эльконин [229], И.С.Якиманская[230], Д.Дьюи [231] т.б.).

*Төртіншіден* жеке тұлғаның дамуына қолайлы әсер ететін дамытушылық орта жасау жайлы ғалымдардың ой-пікірлері басшылыққа алынды. (В.И.Слабодчиков [ 232], В. Мануйлов [233] т.б.).

*Бесіншіден* жоғары оқу орындары мен дипломнан кейінгі білім жүйесіндегі оқыту үрдісінің әртүрлі дидактикалық аспектілерін қарастырған зерттеулердің негізі ұстанымдары пайдаланылды. (В.Г Рындак [234], М.Ә. Құдайқұлов [235] т.б. ).Бұл идеялар қазақстан қоғамының барлық саласын инновациялық тұрғыда жаңғырту идеясына сәйкес адам капиталын дамытуға бағыттайтын білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес келеді.

Тұжырымдаманың әдіснамалық негізі ретінде алынған *акмеологиялық амал* білім алушылардың тұлғалық және іс-әрекеттік кәсібилігін дамытуға және моделдеуге әрі ішкі әлеуетін жүзеге асырып, жоғары жетістікке жетуге, акмеологиялық дайындығын қалыптастыруға қызмет етеді. Бұл амал педагогикалық үдерісті білім алушыларды оқыту мен дамытуда шыңына шығуға, өзін іс жүзінде көрсетуге талпыныс, жетістікке сұраныс сияқты факторларды ескере отырып, ұйымдастыруды құрылымдайды. Акмеологиялық амалдың жүзеге асуы болашақ маманның акмеологиялық дайындығы мазмұнындағы, деңгейіндегі және оның теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік кәсіби даярлығының деңгейіндегі үдемелі өзгерістердің айқындалуын қамтамасыз етеді, ал амеологиялық білім адамдарға тұлғалық және кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі. Сондықтанда,

акмеологияның ең маңызды міндеті – тұлғаның үдемелі дамуына ықпал ететін жалпы және ерекше шарттар мен факторларды анықтау. Басқаша айтқанда, акмеология зерттейтін және әзірлейтін барлық құбылыстар, оның дамуын және қатынастарын үйлесімді ету үшін нақты тұлғаның пайдасына бағытталған.

Білім алушылардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру бойынша педагогтың іс-әрекеті оқу үдерісін құру және оны басқарудың теориялық амалдары ашып көрсетілетін базалық ұстанымдарға сүйенуді талап етеді. Оларға төмендегілер жатады:

- *Ізгілендіру ұстанымы* әрбір жеке тұлғаның құндылығы мен бірегейлігін мойындауға, оған сыйласымды қатынас жасауға назар аударады.

- *Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымы* адам және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының, өзінің кәсіби дамуы мен шығармашылыққа қол жеткізуінің объективті заңдылықтарын көрсететді.

- *Субъектілік белсенділік ұстанымы* тұлғаны белсенді субъект, бастамашы ретінде қарастырады.

- *Адам психикасы дамуының психологиялық заңдылықтарын ескеру ұстанымы* (жас және жеке дара ерекшеліктері, жеке тұлғаның әлеуеттік мүмкіндіктері).

- *Рефлексиялық басқару және өзін-өзі басқару ұстанымы* білім беру үдерісіндегі әрбір субъектінің өз әрекетін ұйымдастыруын және өзгелермен қарым-қатынасын қалыптастыруын, өзіндік талдау жасауын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

- *Өз әрекетін ұйымдастыру ұстанымы* субъектінің өз мүмкіндігінен бастап, бірлескен әрекетке дейін және дербестікке қажеттілік сипатына ие, болашағын талдауға белсенді қатысуын болжамдайды.

- *Жалпы дидактикалық ұстанымдар* ғылымилық, жүйелілік, реттілік, көрнекілік, қолжетімділік, беріктік, оқытудың практикамен байланысы, тұлғаның акмеологиялық дайындығын қалыптастыруға бағытталған, білімді жүйелілікпен меңгеру және оның тәжірибелік сипаттағы міндеттерді шешу үшін қолдану қажеттілігін айқындайды.

- *Бірлескен шығармашылық іс-әрекет ұстанымы* білім алушылардың әрекетіндегі кәсіби-шығармашылық бастауына, олардың өзін іс-жүзінде акмеге қарай жылжуына бағдарланған екі жақты (педагогтар мен магистранттар) міндетті іс-әрекет барысында педагогикалық үдеріс субъектілірінің өзара әрекеттестігін ойластырады. Енді акмеологиялық тұжырымдаманың мазмұнына тоқталатын болсақ, ол жоғары оқу орнының болашақ оқытушысы өзінің кәсіби іс-әрекетін табысты жүзеге асыруға субъективті және объективті дайындығын қамтамасыз ететін ұстанымдарды, құрылымды, детерминанттарды, заңдылықтарды ашып көрсететін әдіснамалық, теориялық және әдістемелік сипаттағы негізгі қағидалар жиынтығы болып табылады.

Біздің жұмысымыз болашақ маманның *акмеологиялық дайындығын қалыптастыруды* зерттеумен байланысты болғандықтан, болашақ маман тұлғасының кәсібилігін дамыту жолдарын іздестіруді мақсат етеміз. Осы тұрғыдан, субъектілік ұстанымына ерекше назар аударамыз.

Акмеологиялық зерттеулердің ерекшеліктеріне сәйкес А.С. Огневтың

пікірінше, болашақ маман тұлғасы субъектілігінің мынадай сипаттарын қарастыра аламыз [236]:

- жаңа жағдайда немесе материалда белсенді түрде бағдарлану;
- саналы түрде ұғыну (өз іс-әрекетінің құрылымын, тұлғалық қасиеттерін, өмірлік жолының кезеңдерін);
- бастамашыл, өз бетінше мақсат қоюшылық, жоспарлау мен болжаушылық;
- өзін-өзі реттеуге ұмтылу (өзін-өзі басқару, өзін-өзі түзету), өзін-өзі басқарудың жолдарын білу;
- өз дамуының қарама қайшылықтарын ұғыну, оларды жою, баланс пен үйлесімдікті орнату;
- өзін-өзі дамытуға және өзгертуге үнемі бағытталушылық;
- өзін-өзі жүзеге асыруға және шығармашылық тұрғыдан жаңаруға ұмтылушылық;
- өз кәсіби жолын интеграциялау, өзінің және өзгелердің кәсіби тәжірибесін құрылымдау.

Акмеологиялық тұжырымдамада біз болашақ ғылыми-педагогикалық мамандардың акмеологиялық дайындығын олардың *рухани-адамгершілік жауапкершілік* сияқты құндылықтары және деонтологиялық сапалары ретінде қарастырамыз. Деонтология - парыз, міндет мәселелерімен айналысатын этиканың бір бөлігі бола тұрып әлеуметтік-тарихи, мәдени дәстүрлерге қажетті адамдардың мінез-құлқын зерттейді. Қай қоғамда, қай мемлекетте болсын адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар кез келген адам бойында болуға тиіс сапалар. Рухани - адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Ол өз қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін - өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт - бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері, қабылдаған шешімі мен оның нәтижесі үшін жауапкершілікті сезіне білу деп түсініледі.Рухани – адамгершілік қасиет адамға өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту және соның негізінде адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет - дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. Рухани - адамгершілік өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Болашақ педагогика саласының маманы кәсіби әрекетте қандай биіктіктерге жетпесін ең алдымен рухын жоғары ұстап, адами қалпын сақтауы тиіс.

**Жауапкершілік** — адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі. Өсіп келе жатқан адамда жауапкершілікті тәрбиелеу үшін

мұғалімнің өзінде де жауапкершілік болуы тиіс. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып, оған жауапты да күрделі істерді атқаруға сенім артады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді. Біздің зерттеу жұмысымыздың аясында болашақ ғылыми педагогикалық мамандардың қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Осы факторлар олардың акме жағдайға көтерілуінің негізі.

**Тұжырымдаманы жүзеге асыру шарттары:**

1. Тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін: білім берудегі акмеологиялық ұстанымдарға сүйену; білім алушылардың тұлғасының мотивациялық – мінез құлықтық, когнитивтік және эмоционалдық-бағалаушылық салаларын бағытты, акмеологияға бағдарлай отырып дамытуды жүзеге асыру; білім алушыларға және олардың жеке іс-әрекетіне қарай оқытушының позициясының өзгеруі; жоғары оқу орындарында акмеологиялық тұжырымдаманың жүзеге асыратын ғылыми педагогикалық кадрларды мақсатқа бағыттай отырып даярлауды ұйымдастыру.

2. Педагогикалық мамандықтарда білім алушылардың педагогикалық және психологиялық, әдістемелік, технологиялық циклдар бойынша пәндерінің мазмұндарын акмеологиялық идеялар тұрғысынан қайта қарап, жаңғырту. Оларды оқытушының еңбегінің мәні мен ерекшелігін, оның тұлғалық сапаларына қойылатын талаптары, кәсіби педагогикалық өсудің, педагогикалық шеберлік пен кәсібилікке жетуге бағдарланған жетілдірудің теориялық заңдылықтары мен тиімді жолдары бейнелеуі тиіс.

3. Жоғары оқу орнынан кейін білім беру деңгейінде кәсіпқойлықты дамытудың әдістемелік негіздерін жетілдіру. Жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде білім алушыларды ақпараттарды пайдаланушы позициясынан өзінің білімін және өзінің әлеуетін шығармашылықпен пайдаланушы позициясына (оның ішінде қимылдар мен іс-әрекетті реттеу құралы ретінде ақпараттар көмегімен) өткізуді жүзеге асыруда дәстүрлі дидактиканы жаңғырту талап етіледі. Іскерік ойындар, педагогикалық және психологиялық тренингтер, жеке оқу шығармашылықты өнімдерді презентациялау сияқты практикалық сабақтардың формаларын пайдалану.

4. Шығармашылықты қабілеттерді, сыни ойлау қабілеттерді дамыту технологияларын, ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы дәрістер оқытудың заманауи формаларын, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану. Ізденушілік, пікірталастық, жеке және топтық семинарларды ұйымдастыру, магистранттарды ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылатын және университет ішілік ғылыми жобаларды орындауға тарту.

5. Білім алушылардың жетістіктері бағалаудың жаңа формасы ретіндегі

магистрант портфолиосын құру. Оның барлық оқылатын пәндер шеңберінде жүзеге асырылуын қадағалау.

6.Кафедра ғалым-педагогтарының ғылыми мектебін құру, оған қызығушылықтарына қарай магистранттар мен докторанттардың қатысуын іске асыру.

7. Оқу үдерісін шығармашылықпен құру және білім алушылармен тиімді өзара әрекеттестікті ұйымдастыру біліктерін қамтитын оқытушылық құрамның кәсібилігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

**Тұжырымдамадан күтілетін нәтижелер**

Жоғары оқу орнынан кейін білім беру кезеңінде мамандар дайындаудың акмеологиялық тұжырымдамасын жасау және оны кәсіптік педагогикалық білім беру жүйесіне енгізу білім алушылардың шығармашылық әлеуетіне әсер ете отырып, оның акмеологиялық дайындығын қалыптастыру арқылы кәсіби іс-әрекетте табыстарға жету үшін қажетті тұлғалық ресурстарды айқындау және оларды жетілдіруге, ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.Тұжырымдама сонымен қатар магистранттардың бірінші курстан бастап ғылыми зертханалардың, кафедралардағы оқытушылардың іс-әрекет мазмұнымен және жұмыс бағытымен таныстыруды, білім алушылардың тұрақты акмебағытталған ортада шығармашылық әрекеттің субъектісі болуын қарастырады. Бұл жағдай болашақ мамандардың педагогикалық ақиқаттың әртүрлі көріністерінің айнасы бола тұрып, қарама-қайшылықтарды көре білу, түсіну, талдау, салыстыру, модельдеу, болжау сияқты операцияларда көрініс береді, педагогикалық міндеттер мен қарама-қайшылықтарды тиімді шеше алуға қабілеттілігінде байқалатын педагогикалық ойлауын дамытады. Тек сонда ғана ойлау шығармашылық әрекеттің негізгі ұйытқысы болып, әлеуетке әсер етеді.

Арнайы ұйымдастырылған акмеологиялық ортада педагогикалық ойлау кәсіби ойлау қабілеті ретінде қалыптасады да, ол тәрбиелік тәжірибені түсінуге, талдауға, салыстыруға, жалпылауға, бағалауға және педагогикалық теорияларды тұжырымдауға, әдістемелік құралдарды жасауға, жалпы айтқанда шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ескі үйреншікті ойлаудың жүйесі бұзылған жағдайда ғана (ескі стереотиптер, сенімдер, бағалаулар, ой қорытындылары), өзгерген өмірдің логикасына сәйкес қайта түрленіп, сапасы жағынан өзгереді. Осындайда сенімдердің, ұғымдардың, көзқарастардың, идеялардың, теориялар мен тұжырымдардың жаңа жүйесі құрылып, ойлаудың жаңа типі пайда болады. Тұжырымдама тәрбие мен оқыту үдерістерінің жаңа технологияларын жасауға, заманауи жүйелерді құруға, тиімді педагогикалық әрекеттердің амалдарын, құрылымдарын, түрлері мен әдістерін анықтауға бағыттайды.

**Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың ресурстық қамтамасыздандырылуы:**

1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыздандырылуы: Бұл тұжырымдаманың негізгі ережелері Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі

тұжырымдаманың негізгі мақсаттарына, Үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінде жаңа формацмя мұғалімдерін қалыптастыру тұжырымдамасының идеяларына сәйкес келеді.

2. Ғылыми-зерттеушілік тұрғыда қамтамасыз етілуі: жоғарыдан кейінгі білім беру үдерісінде магистранттардың шығармашылығын дамыту бойынша отандық және шетелдік тәжірибені ғылыми талдап қорытындылау; мәселенің ғылыми-теориялық негіздерін айқындап мақсатты дайындалған оқу бағдарламасы т.б.

3. Магистранттардың акмеологиялық дайындығын әдістемелік қамтамасыздандырылуы акме-тұлғаның маңызды компоненті ретінде кәсіби-маңызды қасиеттерді қалыптастырудың акме-технологиялар мен акметренингтерді қолдану; магистранттардың акмеологиялық білімін тереңдету мен кеңейту мақсатында таңдау курсын әзірлеу және т.б.

### 2.3 Жоғарыдан кейінгі білім беруде мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Зерттеу алдына қойған мақсаттардың бірі – жоғарыдан кейінгі білім беруде мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың моделін жасау үшін біз жалпы педагогикалық құбылыстарды модельдеуге қатысты еңбектерді зерделедік. Соның нәтижесінде олардың мақсатына қарай түрлерінің болатындығын, модель әртүрлі мақсатта, әрқандай негізде жасалатындығын анықтадық. Мысалы: модельдейтін объектінің сипатына қарай, деңгейлеріне қарай немесе заттық, математикалық, белгілік, ойша құрылымдық т.б. модельдеу түрлері айқындалды. Қызметіне қарай «үлгі модельдер», «орын басушы» модельдер болып жіктелетіндігі белгілі болды. Алғашқысы объекті мен құбылыстың қалауымыздағы жағдайын бейнелейтін прогностикалық сипатта болса, екіншісі объектілердің нақты жағдайын белгілеп, олармен жұмыс жасау арқылы алынатын нәтижеге нұсқайды. Дегенмен модельдеуге бірыңғай жіктеме жасау «модель» ұғымының мәнінің әртүрлі түсіндірілетіне қарай қиындық туғызады.

Модель – зерттелуге тиісті құбылыстардың (заттар, үрдістер, жағдаяттар) жобадағы бейнесі болғандықтан иллюстрациялық, таратушылық, түсіндірмелік және болжаушылық қызметтер атқарады. Педагогикада модельдеу педагогикалық жүйелерді сипаттауда қолданылады және ол бес кезеңнен тұрады:

- зерттеу объектісін анықтау;
- түпнұсқа-объект туралы білімдерді жинақтау;
- модельдеудің қажеттілігін негіздеу;
- құрылымдар мен негізгі тіректерді таңдау;
- зерттелінетін объектілерді таңдау.

Модельдеудің маңызды танымдық қызметі-жаңа теориялардың ашылуына серпін беріп, бастауы болу. Кейде теория алғашында құбылысқа түсініктеме беретін модель түрінде пайда болып, алғашқы жұмыс болжамы ретінде көрінеді. Модельдеу барысында эксперименттің жаңа идеялары мен формалары

туындап, бұрын белгісіз фактілер ашылады. Әрекеттің типіне қарай модельдеуге берілетін сұраныс нақтыланып отырылады. Мысалы басқару міндеттерін шешудің моделі мына мәселелерді ескеруі керек:

- тәжірибелік модель нақты жағдайда басқарушылық мәселелерді шешудің әртүрлі жолдарын тексеруге мүмкіндік береді;
- мекеменің даму бағдарламасын жасауда белгілі бір басқарушылық шешім қабылдаудың ғылыми негізделген болжамын жүзеге асыруға көмектеседі.

Білімдік модельдер жайлы сөз ете отырып В.Г.Онушкин «суреттеушілік модельдер» білімдік тәжірибенің мәні, құрылымы, негізі элементтері жайлы түсінік береді; «функционалдық модельдер» білім беруді әлеуметтік ортамен байланыс жүйесінде көрсетеді; «прогностикалық модель» білімдік тәжірибенің болашағын теориялық тұрғыдан дәйектейді деген пікір білдіреді [237]. Шындығында ондай модельдер көптеп кездеседі және практиктер тәжірибесінде басшылыққа алынады. Ғылыми жұмыстағы модельдеудің мәні зерттеушінің алдына қойған мақсат міндеттерімен байланысты. Модельдеу барысында мәселенің бастапқы, өзгеруге тиісті сапасынан басқа жаңа сапасының нобайы шығады. Модельдеу басқа да жалпы ғылыми және арнайы әдістермен бірге ең алдымен тәжірибелі-экспериментте қолданылады. Тәжірибе барысында зерттеу нысанасына алынған объект не құбылыстың моделі зерттеудің негізгі құралы қызметін де атқарады. Бұл туралы Б.С.Гершунский болжау негізіндегі тәжірибелі-эксперимент әдісінің мәні мына төмендегі үш кезеңді кезекпен жүзеге асыру екенін атап өтеді:

- зерттеу объектісінің аса мәнді параметрлері бойынша прогностикалық моделін жасау, яғни «армандағы объектінің» бейнесін құру;
- объектінің нақты образдарын құру және оларды тәжірибеде тексеру;
- теориялық модельді жетілдіру, жалпыға тарататын прогностикалық ұсыныстар жасау [238].

Эксперименттік модельдеудің прогностикалық қызметі зерттеу объектісін рефлексиялауды дұрыс ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Модельдеу тәжірибені рефлексиялық талдау нәтижесінде пайда болып, оның жаңа нәтиже алу үшін өзгерістер жасайтындығы жөнінде айтқан болатынбыз. Ал «нені өзгерту», «нені қалдыру» керек екендігі тек болжам ғана болады. Болжамның дұрыстығы модельдің беріктілігімен қамтамасыз етіледі. О.В.Москаленконың пікірінше, модель зерттеліп отырған пәннің, жүйенің, құрылымның, оларды іске асыратын тетіктердің және деңгейлердің мән-мағыналық сипаттарын қамтиды, сонымен қатар іс-әрекеттің тиімді жағдайына, қызмет етуіне ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіншілік береді [239]. Тәрбие жүйесін модельдеудің мүмкіндіктерін аша отырып Е.Н.Степанов оны танымдық және практикалық әрекет әдісі деп анықтайды. Ол арқылы тәрбие үрдісінің мәні, компоненттері мен сапасы бейнеленеді. Оның қазіргі жағдайы мен болашағы жайлы жаңа ақпарат алынып, тәрбиелік тәжірибенің даму болашағының заңдылықтары, қызмет ету тенденциялары белгіленетіндігін жазады [240].

Модельдеу барысында зерттеуші назары тәжірибенің өзгеріске келуге

тиісті жақтарына аударылады, сондай-ақ кейбір бөліктеріне (нормалар, құралдар, өнімдер, әрекет субъектілері т.б.) Модельдеу - нақты өмірдің құбылыстарын бейнелейтін құрал ғана емес, модель түрінде шығатын теориялардың жүзеге асуы арқылы алынған білімнің ақиқат екенін тексеретін критерий. Біздің жағдайымыздағы магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың моделі–бұл кәсіпқой адамның идеалды бейнесі немесе тұлғалық-кәсіби дамуының эталоны мән-мағыналық қасиеттерін қайталайтын объектілер мен белгілердің жүйесі. Акмеологияда әзірленген моделдердің саны көп емес, қазіргі таңда олардың теориялық және әдіснамалық негіздері дайындалуда. Қолданбалы акмеологияның осы бағыты қалыптасу үстінде, сондықтанда басым көпшілігінде жасалған акмеологиялық модельдерді жалпылап, жүйелеумен айналысады. Психология ғылымында жасалған модельдерді зерттеу жұмысы, олардың сұлбасы бойынша акмеологиялық модельдерді құруға мүмкіндік береді. Бұл жағдай психологиялық және акмеологиялық модельдердің пәндер мен объектілер саласының ұқсастығымен айқындалады. Осы феноменді нақты үдерістік талдау негізінде қарастырып көрейік. Бірінші ретте теориялық зерттеулер негізінде болжам жасалады, содан кейін оның негізінде белгілі бір тұжырымдамалық модель жасалады. Осы тұжырымдамалық модельде теориялық білім деңгейінде жалпылама байланыстар, сапалар мен қатынастар бейнеленеді. Мұндай теориялық зерттеу жұмысы нақты модельді жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай, теориялық-әдіснамалық талдаудың негізінде құрылған модель зерттелетін құбылыстың психологиялық мәнін ашу керек. Ол үшін бірінші ретте нормативті модельдің мазмұнын анықтаймыз. Қойылған міндеттер мен зерттелетін объектінің ерекшелігі келесі талаптардың сақталуын қажет етеді:

- біріншіден, іс-әрекет және дамудың шарттары туралы ақпарат, сонымен қатар іс-әрекет субъектісіне әсерін тигізетін факторлар туралы, олардың әсер ету сипаты, яғни іс-әрекетті реттеу функциясы туралы мағлұмат болуы тиіс;
- екіншіден, кәсібилік деңгейіне дейін дамытуға жататын іс-әрекет субъектісінің тұлғалық сипаттамалары туралы ақпарат болуы тиіс.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде еңбекке, іс-әрекеттің алуан түрлеріне адамның дайындығы феномені туралы теориялық және тәжірибелік материалдар жеткілікті жинақталған. Дайындық ұғымы тұжырымдалып, дайындықтың мазмұны, құрылымы, негізгі параметрлері анықталып, оның көрініс беруінің динамикасы, ұзақтығы және тұрақтылығына әсер ететін шарттары айқындалды. Жалпы кәсіби іс-әрекетке дайындық іс-әрекетті тудыратын тұлғаның белсенді күйі ретінде қарастырылады; іс-әрекеттің салдары; кәсіби жағдаяттарға бағдарды анықтайтын сапа ретінде; мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің алғы шарты ретінде қарастырылады. Осыған орай, магистрлердің акмеологиялық даярлығын қалыптастырудың: құрылымдық компоненттері, осы мәселені нәтижелі ететін жолдар, шарттар мен оларды жүзеге асыру кезеңдері, болашақ мамандарды кәсібилік баспалдақтарына бастайтын құралдар мен формалары нақтыланған құрылымдық-мазмұндық **моделі** әзірленді (сурет 3).




Сурет 3 – ЖОО-нан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Енді жоғарыдағы суреттегі модельдің құрылымына сипаттама берейік. Алдымен модельдің әдіснамалық негізі ретінде алынған акмеологиялық амалдың, тұжырымдамалық негізінің алдыңғы параграфтерде сипатталып кеткенін айта кетейік.

Ал болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру шарттары келесі тарауда арнайы қарастырылатын болады. Демек бұл параграфта компоненттер, кезеңдер, құралдар мен тәсіл формаларға тоқталатын боламыз.

Зерттеу мәселесін шешуге арналған модель 4 компоненттен тұрады. Олар: *мотивациялық-құндылықты, мазмұндық, әрекеттік, рефлексиялық.*

**Мотивациялық-құндылықты** компонент акмеологиялық дайындықтың психологиялық астарларын жинақтайды. Мотив – субъект қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты іс-әрекетке ояту; субъект белсенділігін тудыратын және оның бағыттылығын анықтайтын ішкі және сыртқы шарттардың жиынтығы; тұлғаның әрекет таңдауы және қылықтарының негізінде жататын себеп; іс-әрекет бағыттылығын таңдауды анықтаушы және оятушы зат.

Педагогика және психология түсіндірме сөздігінде (Мотив; фран.***motif***, *лат.* ***Moveo*** - *қозғаймын*) – субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы түрткі ретінде қарастырылады.

«Түрткі» термині субъектінің белсенділігін туғызатын түрлі құбылыстар мен күйлерді білдіру үшін қолданылады. Түрткі – адамды түрлі іс-әрекетке итермелейтін себеп. Кісінің өз қажетін өтеуі оның түрткілеріне байланысты [241].

Кез келген іске деген мотивация немесе түрткі табысты болудың алғышарты болып табылады. Мотиві жоғары мамандар үнемі белсенді, бастамашыл, мақсатқа қарай бағыттылығы тұрақты, табандылық сияқты сапалармен сипатталады. Ондай мамандарға кедергілерден тайсалмайтын қайта оларды жеңуде өршелене түсетін қайсарлық тән.

Мәселені шешуде олар қалыптан тыс әдістерді таңдап, өзіне жауапкершілік ала біледі. Өзіне деген сенімділігі мен ішкі түрткілердің тегеуріні оны табыстарға жігерлендіреді. Алайда тұлғаның өзіндік бағасының сәйкес адекватты болуының маңызы зор.

Әрине, жақсы оқытушы болу, жасаған жұмысыңнан қанағат табуды тек мотивтің жоғарылығы шешеді десек артық айтқандық болар еді. Сананы қалта билеген заманда оқытушы еңбегінің өз дәрежесінде бағаланбауы, тұрмыстық, мәселелердің шешілмеуі, солардың салдарынан оның психикалық денсаулығының төмен болуы сияқты экономикалық әлеуметтік факторлардан тауы шағылып жүргендер көп кездеседі.

Мұндай жағдай оның педагогикалық әрекетке құлықсыз болуына, сенімінің азаюына тіпті қызметтен біржолата кетуіне соқтырып жатады.

Дегенмен мамандығын шексіз сүйетін, оны кездейсоқ таңдамағандардың тынымсыз шығармашылық әрекеті мәртебеге жеткізетіні анық. Елімізде

қаншама тәрбиеші, мұғалім, оқытушы, ғалым білім саласының ауыр жүгін алға сүйреп келеді. Бұл осының дәлелі.

**Мазмұндық компонент** болашақ магистрлерді дайындаудың мемлекеттік стандарттарында сәйкес белгіленген міндетті, базалық және элективті пәндер құрайды. Дегенмен болашақ маманның акмеологиялық дайындығын жүзеге асыруда педагогикалық шығармашылықты, шеберлікті дамытатын элективті пәндер бір бірімен байланыста оқытылғаны жөн.

Болашақ ғылыми-педагогикалық мамандар оқытушылық және ғылыми жұмыстарда жиі кездесетін қалыптан тыс жағдайлар, осындай сәттерде іске қосылуға тиісті мінез құлықтық алгоритм, жеке дара қабілеттер мен қасиеттер, педагог еңбегіндегі дәстүрлілік пен жаңашылдық, тіпті озық тәжірибемен әйгілі болған беделді адамдар еңбегі мен шығармашылық жолдары жайлы білімдер жиынтығы ұсынылуы тиіс деп санаймыз.

Тіпті осы айтылғандар қамтылған педагогикалық акмеологияны оқып үйренуге негізделген модульдік бағдарлама жасап, арнайы дайындық жүргізу де артықтық етпейді деп санаймыз. Біздің жағдайымызда магистратурада «Педагогикалық акмеология» атты элективті курс тәжірибеден өтті. Әрине, бір ғана пәнді оқыту негізінде алға қойған мәселе түбегейлі шешілуі мүмкін емес екендігі түсінікті. Дегенмен ұсынылған арнайы курстан да басқа «Оқытудың интерактивті әдістері», «Ынтымақтастық педагогикасы», «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері» т.б., пәндермен бірлестікте ізделініп отырған феноменді қалыптастыруға ықпал етеді.

Магистрлік деңгейінде білім алушылар ғылыми – зерттеу жұмыстарымен мақсатты түрде айналысады. Бұл жұмыстар нәтиже алуға бағытталғандықтан шығармашылықпен тікелей байланысты. Белгілі бір мәселе бойынша зерттеу жүргізіп, теория мен практика үшін пайдасы бар жаңалықтар ашу үшін оның теориясы мен әдіснамасын, сонымен қатар барлық процедурасын ретімен жүргізе алу тетіктерін білулері тиіс. Демек бұл бағытта да қосымша білімдер мен біліктер қажеттілігі белгілі.

**Әрекеттік компонент** білім алушының өзінің танымдық әрекетін ұйымдастырушы өзі болатындай етіп, тұтастай білім берудің әдістемелік және технологиялық жағын инновациялауға бағытталған. Зерттеуімізде әрекеттік компоненттің екі құрамдас бөлігі қарастырылады. Олар: оқытушының әрекеті және білім алушының әрекеті.

Оқытушының әрекеті магистранттың ішкі әлеміне әсер ететін, оның шығармашылық белсенділігін тудыратын, әдіс құралдар арқылы дамытушылық креативтілік орта жасаудан тұрады. Оларды сипаттай кетсек, оқытушы: магистранттардың белсенді танымдық әрекетін ұйымдастырады, басқарады, ғылыми шығармашылық жұмыстарына қызығушылығын белсендіреді, интеллектуалдық өсуіне жағдай жасайды, оқу-білік дағдыларын жоспарлауды меңгеру білігін қалыптастырады, білім алушылардың өзіне сенімділігін, бағдарланушылығын дамытуға ықпал етеді, бақылау жасау, әрекет қорытындысын болжай алу дағдыларын жетілдіреді.

Магистрант: ғылыми - педагогикалық әрекетті жобалау, жоспарлау,

ұйымдастыру, нәтижесін қорытындылау сияқты компоненттерді меңгереді, өзіндік шығармашылық әрекетін басқарады, ғылыми - зерттеу жұмыстарының мақсатын ұғынады оны жүргізудің логикасын, зерттеу жұмыстарының әдіс - тәсілдерін меңгереді, өз бетінше оқу біліктерін дамытады, оқу үрдісінде кездесетін қиыншылықты жеңуге еріктік аймақтарын бағыттайды, өзіндік басқару және өз іс - әрекеттеріне баға беруге машықтанады.

Бұдан магистрлер дайындайтын профессор оқытушылардың акмеологиялық деңгейінің жоғары болуы тиіс екендігін байқау қиын емес.

Өйткені білім беру, ғылым жолына бағыттау - шығармашылық әрекеттер, сонымен қатар педагогикалық үрдіс кездейсоқ сәттерге толы болады.

Осындай сәттерде импровизация жасай алу тек шығармашыл, шебер оқытушы қолынан келер іс.

Педагогикалық импровизация Б.А.Тұрғынбаеваның еңбегінде мұғалім әрекетіндегі суырып салмалыққа баланса [242], А.К.Маркова педагогикалық импровизацияны «күтпеген педагогикалық шешімдерді тауып, оны жүзеге асыра білу» деп түсіндіріп, оның төрт кезеңнен тұратынын атап көрсетеді:

- педагогикалық ойдың жарқ етуі;
- педагогикалық мақсаттың мәнін бір сәтте ұғынып, оны жүзеге асырудың жолдарын жылдам таңдай алу;
- педагогикалық идеяны жұртшылық алдында нақтылы түрде көрсете алу;
- ой қорытып көрсеткен педагогикалық идеяны тез арада талдай білу [243].

Келесі әрекет иесі білім алушы тұлға дамуындағы «Өзі» тұжырымдамалық идеяға сәйкес өзін өзінің тұлғалық, кәсіби, акмеологиялық жетілуін басқару, жүзеге асыруы тиіс.

Осы екі жақты әрекеттің үйлесімін тауып, бір арнаға тоғысуы біз іздеп отырған акмеологиялық дайындықтың қалыптасуын мүмкін етеді.

**Рефлексивтік компонент** біздің зерттеуімізде тұлғаның өз әрекеті мен оның нәтижелеріне беретін өзіндік бағасы ретінде сипатталады.

Өзіндік баға адамның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімділігін арттырады. Оның айналасындағылармен қарым қатынасын жақсартып, өзіне сын көзбен қарауын және талап қоя білуін, жетістікке де, сәтсіздікке де шыдас беруін қамтамасыз етеді. Ол әлбетте ойлану нәтижесінде орын алады.

Р. Декарт ақылды аздырмас үшін көбірек ойлану, пайымдау қажеттігін айтқан екен [244]. Болашақ маманды да рефлексияға үйрету, кәсібилік пен шеберлікке апаратын жол деп санаймыз.

Магистрант негізінен білімді өздігінен алады, сол арқылы өзін өзі дамытады, өзгертеді, қайта құрады. Бұлардың бәрінде де рефлексияның алатын орны ерекше. Ол өзінің алып жатқан білімінің мазмұнын, көңіл күйі мен эмоционалдық жағдайын, жасаған әрекеттері мен оның қорытындыларын рефлексиялайды.

Адамға сыртқы дүние оның ақыл - ойы, сезімі, көңіл -күйі, тәжірибесі арқылы әсер ететіні заңды нәрсе. Дегенмен жоғары оқу орындарындағы білім берудің дәстүрлі теориясы мен қазіргі тәжірибесі еліміздің дамытудың мемлекеттік талабына сәйкес келмей, білім алушылардың өзін - өзі жүзеге

асыру, өзін - өзі дамыту, өзіндік рефлексия жасау, кәсіби карьерасын жоспарлау сияқты қажеттіліктерімен қарама-қайшылыққа келіп жататындығы белгілі.

Белгілі психолог С.Л.Рубинштейн атап көрсеткендей, өмірдің кез - келген сәтіне әсер ететін жағдайлар – осыған дейін басымыздан кешен ой елегінен өткізген және іштей тындырған жұмысымыздың нәтижесі [140, с. 59].

Рефлексивтік іс-әрекет болашақ маманға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Ал рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Рефлексияның қай түрі болмасын мақсатпен тікелей байланысты. Мысалы шығармашылық рефлексия – мақсатқа жету нәтижесі, қорытынды ғана емес, жаңа білім мен жаңа мақсаттарға бастама бола алады.

Мұндай рефлексия тұлғалық құндылық сапаларын және өзіндік даму бағытын айқындауы, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған шығармашылық іс-әрекетте ішкі жан дүниесі ресурстары арқылы ой қорытуы болып табылады. Біздің тәжірибемізде ол жеке, топтық және ұжымдық жағдайда ұйымдастырылып отырылды. Ондай рефлексияның формалары да әртүрлілігімен ерекшеленеді. Рефлексия болашақ маманға дербестік, бәсекеге қабілеттілік сияқты кәсіби маңызды сапаларын жетілдіруге көмектеседі.

Болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығының құрылымы белгіленген соң оның көрсеткіштері мен өлшемдерін айқындау міндеті тұрды.

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне орай олар төмендегіше анықталды (кесте 2).

Кесте 2 - Магистранттардың акмеологиялық дайындығының құрылымдық компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және зерттеу әдістері

| Компоненттері | Өлшемдері | Көрсеткіштері | Зерттеу әдістемелері |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Мотивациялық-құндылықты | 1.Ғылыми-педагогикалық әрекетке деген оң қатынасы мен қызығушылығынның болуы;<br>2.Әрекетке жетістікке жетуге деген ұмтылыстары;<br>3.Азаматтық санасы мен ізгілікке бағыттылығы. | 1.Шығармашылықпен жұмыс жасауға мүмкіндіктің болуы, арнайы білімді игеруге, нақты еңбектің мазмұнын тануға талпынысының болуы;<br>2. Жетістікті өзіндік іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастырып, ғылыми-педагогикалық әрекетте кездесетін кедергілерден өтуге ұмтылысының болуы;<br>3.Жұмыста өзіндік нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, ғылыми жаңалық ашуды мақсат етуі;<br>4.Өзінің рухани әлемін, моральдық бейнесін жетілдіруге, адамгершілік қасиеттерін дамытуға ұмтылысының болуы. | 1. Е.М. Павлютенков жасаған мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау әдістемесі<br>Мотивтер топтамасының шығармашылық шкаласы (9 және 10 пікірлер)<br>Мотивтер топтамасының танымдық шкаласы (7-8-ші пікірлер).<br>Мотивтер топтамасының моральдық шкаласы Ұ(3-4 ші пікірлер)<br>2. А. Мехрабианның білім алушының жетістік мотивациясын зерттеу әдістемесі |
| Мазмұндық | 1.Акмеологиялық білімдер;<br>Педагогикалық акмеология негіздері<br><br>2.Шығармашылық педагогикасы (кәсібилік, шеберлік, құзыреттілік жайлы) білімдер;<br><br>3.Оқытудың инновациялық технологиялары жайлы білімдер | 1.Акмеология негіздері жайлы білу;<br>2.Педагогикалық шығармашылық теориясынан хабардар болу;<br>3.Инновациялық технологиялардың философиясын ұғыну. | 1. Білім алушылардың акмеологиялық категориялар туралы түсінігінің деңгейін анықтауға арналған сауалнама.<br>2.Т.И. Ильинаның жоғары оқу орындарында оқу мотивациясын зерделеу әдістемесі<br>«Білім жинақтау» шкаласы (4, 17, 28-ші пікірлер).<br>3. Е.И. Роговтың шығармашылық әлеует пен креативтілікті диагностикалау тестісі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Әрекеттік | 1.Ғылыми-шығармашылық әрекетін өзіндік басқару;<br><br>2.Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау, әрекет мақсатын ұғыну;<br><br>3.Оқу біліктерін дамытуға, өздігінен зерттеу жұмыстарының әдіс-тәсілдерін қолдану. | 1.Оқу үдерісі барысында шығармашылық тапсырмаларды орындау (эссе, презентациялар, портфолио, ғылыми жобалар, мақалалар мен тезистер.)<br>2.Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін қолдану;<br>3.Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған байқаулар мен тренингтерге, оқытушылық семинарлар мен конференцияларға қатысу. | 1.Элективті курстың барысында семинар сабақтарындағы практикалық тапсырмаларды бағалау өлшемдері.<br><br>2.«Мамандықтың үздік магистранты» байқауының бағалау өлшемдері.<br><br>3. Акмеологиялық тренингтің барысында кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасуына аналитикалық сипаттама беру. |
| Рефлексивтік | 1.Құндылықтық талаптарға сәйкес ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің мақсатын ойластыру;<br>2.Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі жетістікті болу үшін өз әрекеттерін логикалық деңгейде қайта ойластырып, қарастыру және орындау;<br>3.Өзіндік талдау мен өз іс-әрекетін бағалау негізінде оның нәтижелілігін сипаттау. | 1.Мақсаттың маңыздылығын бағалау;<br>2.Нәтиженің жетістілігін анықтауда, сыни тұрғыдан ойлау;<br>3. Өз іс-әрекетінің тиімділігін бағалау, іс-әрекет нәтижесінің маңыздылығын бағалау, өз іс-әрекеті мен оның нәтижесі үшін жауапкершілікті болу. | А.В. Карповтың тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесі<br>1-категория: 7 тең немесе одан жоғары болса, рефлексиясы өте жоғары дамыған.<br>2-категория: 4 -7 аралығында болса, орташа дамыған рефлексия.<br>3- категория: 4-тен төмен болса, төменгі деңгейдегі рефлексия. |

Зерттеу барысында болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың **әдістерін** айқындадық. Оларға ең алдымен шығармашылықты дамытуға бағытталған педагогикалық және ақпараттық - коммуникациялық технологияларды, сонымен қатар арнайы құрастырылған

тренингтерді, оқытудың белсенді әдістерін жатқыздық. Бұл әдістерді өзіміз ұсынған «Педагогикалық акмеология» элективті курсын жүргізуде тәжірибеде қолдандық. Олар жайлы жұмысымыздың эксперименттік бөлігінде кеңінен тоқталатын боламыз.

Ал **формалар** топтық, ұжымдық жұмыстар, кіші - гірім зерттеулер сонымен қатар екі жыл қатарынан ұйымдастырылған «Мамандықтың үздік магистранты» сайысы түрінде жүргізілді. Магистранттар дайындаудың қазақстандық үлгісінде алғаш рет қолданылып отырған аталмыш сайыс туралы кеңірек тоқталуды жөн көрдік.

Мұғалімдер арасында жүргізілетін сайыстардың олардың біліктілігін арттырудың құралы ретінде қарастыратын Е.М. Пахомованың зерттеу жұмысында жарыс сайыстар нәтижесінде мұғалімнің мамандыққа қатысы жақсарып, кәсібилігі артып шығармашылығы жетіледі деген пікірін дәлелдейді [245]. Диссертация Ресейдегі «Жыл мұғалімі» сайысының бірнеше жылдық нәтижелерін қорытындылай келе, оның мұғалімдердің шығармашылығын арттырудағы маңызы айқындалады.

Біздің ойымызша кәсіби сайыстар бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырады. Бәсеке дегеніміз, бір жағынан, іс-қимыл жасайтын салада ұнамды нәтижеге жету үшін жүріп отыратын жарыс, қандай да бір еңбекті жүргізудің қолайлы жағдайына ие болу үшін, пайданы мол алу үшін тауар өндірушілердің бір-бірімен күресі. Екінші жағынан, ол нарық субъектілерінің өнімді өндіру мен оны өткізудегі және капиталды қолдану сферасындағы ара қатынастары. Форма жағынан сайыс ұйымдастырудың нормалары мен ережелерінің, мемлекеттік және жеке құрылымдардың директивалары мен іс-қимыл әдістерінің жүйесі.

Біздің зерттеу жұмысымыз барысында жүргізілген сайыстар магистранттардың дүниетанымының кеңеюіне, ойлау жүйесінің креативтілігінің дамуына, теориялық және практикалық білімдерді аса бір шеберлікпен қолдана білуге, қалыптан тыс жағдаяттарды ұтымды шешуге жағдай жасады деп білеміз. Бір жағына бұл форма бір мамандық иелерінің кәсіби қарым - қатынасқа түсу мүмкіндігі. Сайысқа дайындалу мен оның кезеңдер бойынша ұйымдастырылып өткізілуі сәттерінде оған қатысушылардың эмоцияналдық сезімдік сапаларының жетістікке жетуді ынталандыруы, өзінің білетіні мен жасай алатынын таразыға салудағы сын сағаттарда ішкі күш қуатын жұмылдыруға өлшеусіз әсері болатындығы байқалды. Кәсіби шығармашылық сайыстарға қатысу уақыты (шамамен екі айдай уақыт) білім алушылардың арнайы ұйымдастырылған акмеологиялық ортада болуын қамтамасыз етеді. Бұлар жайында диссертациямыздың тәжірибелі эксперименттік бөлімінде толық баяндалатын болады.

Сонымен магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру моделі олардың еңбек нарығы жағдайында бәсекелестікке қабілеттілігін қалыптастыруды, болашақ маманның әмбебап (жалпы ғылыми, инструменталдық, әлеуметтік-тұлғалық) және кәсіби құзырлылықтарын дамытуды көздейді және бітірушінің құзырлылықтарынының жұмыс берушінің талаптарымен келістіруді нәтижелі етеді.

# 3 ЖОҒАРЫДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА МАМАНДАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

## 3.1 Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың шарттары

Болашақ педагогикалық мамандарды шығармашылық әрекетке дайындығын қалыптастыру қазіргі кездегі жоғары оқу орындары үшін өте өзекті мәселелердің бірі екендігі белгілі. Осы мәселеге байланысты әрбір болашақ маманның бойында қарқынды дамыған ғылыми техниканың жетістіктерін меңгере алу, жаңашылдық ізденіске ұмтылу, сияқты белгілері толығымен қалыптасуы тиіс. Осы туралы Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында былай делінген: «Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қойылатын талаптары соңғы жылдары күрделенді. Жаңа қоғам мұғалімі – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық тұрғыдан білімді, шығармашыл тұлға, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы бар, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқа түрлерін меңгерген біліктілігі жоғары маман» [246]. Осы бағдарламалық идея біздің ғылыми ізденісіміздің де арқауы болды. Оны жүзеге асыру белгілі бір шарттардың орындалуымен тікелей байланысты екендігі түсінікті. Бұр ретте осындай шарттар жиынтығын анықтап, олардың тиімділігін тәжірибеде сынақтан өткізу міндеті тұрды. Анықталған шарттарды сипаттамас бұрын «шарт» ұғымының мәнін ашып, ғылыми зерттеудегі шарттың алатын орнын анықтап алған жөн деп есептейміз.

«Шарт» ұғымының ғылыми еңбектерде талдануына тоқталар болсақ, философиялық энциклопедиялық сөздікте «шарт» ұғымы келесі мағынада түсіндірілетіндігін анықтадық: тіршілік ететін және онсыз өмір сүре алмайтын орта; белгілі бір жағдай [247]. Осы екі түсіндірмеде «шарт» ұғымы заттың тіршілік ететін, онсыз өмір сүре алмайтын қоршаған ортаға деген қатынасын білдіретін категория ретінде қарастырылатындығын көруге болады.

Психологияда адам дамуын жеделдететін немесе керісінше тежейтін ішкі және сыртқы себептер ретінде сипатталса, педагогикада адамның физикалық, адамгершілік, психикалық тұрғыда дамуына, білімденуі мен тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін табиғи, әлеуметтік, сыртқы және ішкі әсерлер жиынтығы деп қарастырылады.

Мысалы Ю.К. Бабанский әсер ету аумағына қарай шарттарды *сыртқы* және *ішкі* деп екіге бөліп қарастырады. Сыртқыға: табиғи географиялық, қоғамдық, өндірістік, мәдени жағдайлар, т.б ал, оқу-материалдары, моральдік-психологиялық ахуал, оқыту әдістері мен технологияларын ішкі шарттарға жатқызады [248]. Ал А. Семенова және В. Стасюк кәсіптік педагогика бойынша анықтама-сөздікте «шарттарды» мамандарды кәсіби дайындаудың біртұтас

өнімді педагогикалық үдеріске ықпал ететін «жағдайлар» –деп сипаттайды [249].

Көп жағдайда педагогикада «шартты» педагогикалық жүйенің тиімді жүзеге асуына әсер ететін факторлар, жағдайлар, шаралар жиынтығы ретінде түсінеді. Педагогикалық шарттар «бір үдерістің табысты өтуіне ықпал ететін»; «педагогикалық ыңғайлы орта»; «қойылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісіндегі шаралардың жиынтығы» ретінде қарастырылады.

Белгілі бір білім беру міндеттерін шешуге ықпал ететін шарттарды анықтауға арналған зерттеулерді талдау жұмысы олардың үш негізгі топтарын анықталғандығын мәлімдеуге мүмкіндік береді:

- ақпараттық (білім берудің мазмұны; педагогикалық үдерістің когнитивтік негізі);

- технологиялық (білім беру іс-әрекетін ұйымдастыру құралдары, түрлері, әдіс-тәсілдері, кезеңдері; педагогикалық үдерістің үдерістік-әдістемелік негізі);

- тұлғалық (мінез-құлық, іс-әрекет, қарым-қатынас, білім беру үдерісі субъектілерінің тұлғалық сапалары; білімберу үдерісінің психологиялық, акмеологиялық негізі).

Б.В.Куприянов, С.А. Дынинаның пікірінше, шарттар білім беру үдерісі заңдылықтарының бір жағын сипаттайды [250]. Ал В.И. Андреевтің көзқарасы бойынша, шарттар – бұл «мақсатты түрде таңдалатын, құрастырылатын және қолданылатын мазмұн элементтерінің, әдістерінің (тәсілдерінің), сонымен қатар мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті оқытудың ұйымдастырушылық түрлерінің нәтижесі» [251]. Бұл анықтамалар шарттардың адамның тұлға, маман ретінде қалыптасуын нәтижелі ететін әсерлер екендігіне көз жеткізеді. Арнайы түрде ұйымдастырылған шарттар педагогикалық үдерісті реттеу, оның компоненттерінің бір-біріне сәйкестендіру мүмкіндігіне ие.

Сонымен біздің зерттеуіміздің аясында болашақ мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың шарттарын жасау мақсаты тұрды. Оларды акмешарттар деп атауға да болады. Білім беруде «акмеологиялық шарттар» ұғымының пайда болуы «педагогикалық үдеріс» ұғымымен тығыз байланысты. Педагогикалық үдерістің өзі педагогикалық жүйенің функционалдық сипаты, оның тұлғалық-дамытушылық әлеуетінің жетекші факторы болып табылады. Акмеологиялық шарттар негізінен өнімділігі жоғары және төмен кәсіби іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижесін *салыстырмалы талдау арқылы* анықталынады (Н.В. Кузьмина, А.А. Деркач, және т.б.).

Біз зерттеу жұмысымыздың міндетіне сай жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыруды табысты ететін педагогикалық - психологиялық шарттар жиынтығын жасап, тәжірибеден өткіздік. Ал олар мына төмендегі шарттар:

1. Жоғарыдан кейінгі білім беру үрдісінің мазмұнының акмеологиялық дайындықты қалыптастыруға бағыттылығы.

2. Магистранттардың акме дайындығын тиімді ететін технологиялар,

тренингтер, белсенді әдістер мен шығармашылық сайыстар қолдану;

3. Білім алушының шығармашылық әрекеттердегі субъектілігін дамыту;

4. Магистранттардың акме-дайындығына әсер ететін педагогикалық орта түзу.

Енді осы шарттардың сипаттамаларына тоқталамыз. Магистратура жағдайында болашақ мамандарды «акме» деңгейде еңбек етуге дайындауда білім беру мазмұнының арнайы бағыттылығы болғаны жөн. Дегенмен біз жұмысымыздың алғашқы тарауында тоқталып кеткендей қазіргі педагогикалық тәжірибеде бұл мәселенің тиімді шешілуі жеткілікті дәрежеде ойластырылмаған. Ендеше алғашқы кезеңде болашақ маманның акме-педагог болып қалыптасуына ықпал ететін білім берудің мазмұнын жобалау қажеттігі туындайды.

Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені). Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады.

И.Я.Лернердің пікірінше, білім мазмұны дегеніміз – білім алушыға берілетін білім, іскерлік және дағды жүйесі, шығармашылық іс-әрекет, эмоциялық қарым-қатынас жүйесі [252]. Ең бастысы, білімнің мазмұны жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамытуды көздейді. Білім мазмұны мына төмендегідей түрлерге ажыратылады:

- күнделікті болмыс туралы негізгі ұғымдар, терминдер және ғылыми білімдер;
- көзқарастарды дәлелдеуге керекті күнделікті өмірден және ғылымнан алынған фактілер;
- болмыстың әртүрлі объектілері және құбылыстары арасындағы байланыстарды көрсететін ғылымның негізгі заңдары;
- белгілі бір объектілер, олардың арасындағы байланыс туралы ғылыми білімдер;
- ғылыми іс-әрекет тәсілдері, танымдық әрекеттер және ғылыми білімді алу жайлы білімдер;
- әртүрлі өмір құбылыстарын бағалау нормалары туралы білімдер.

Біздің жағдайымызда осы айтылғандарға педагогикалық әрекетте жетістіктерге жету жайлы акмеологиялық білімдерді де қосқан болар едік. Себебі болашақ маманның алдымен жалпы шығармашылықтың теориясы, шығармашылық педагогикасы жайлы білімдері болуы тиіс. Содан кейін «акме» ұғымының мәнін түсінуі шарт. Демек бұл мәселелер арнайы қарастырылатын пәннің оқу бағдарламасында болуға тиісті кәсіби шеберлікке дайындықтың алғышарттарының бірі болады. Сол себептен магистранттардың болашақ кәсіби маман ретінде өзін-өзі өзектендіру ерекшеліктерін, акмеологиялық зерттеулерді тәжірибемен ұштастыра отырып, ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруға бағдарланған арнайы таңдау курсының мазмұнын қарастыруды мақсат еттік.

Жоғарыдан кейінгі білім беру үрдісінің мазмұнының акмеологиялық дайындықты қалыптастыруға бағыттылығын жүзеге асыру мақсатында

жоғарыдан кейінгі білім беру мазмұнына болашақ маманның акмеологиялық дайындығын қалыптастыруға бағдарланған «Педагогикалық акмеология» тақырыбындағы таңдау курсын енгізу біздің зерттеу жұмысымыздың когнитивтік блогын құрайды, ал технологиялық-акмеологиялық блогына тәжірибеге бағытталған арнайы акметренингтер мен акме бағыттағы технологиялар мен әдістерді қолдану жатады.

Төмендегі кестеде «Педагогикалық акмеология» элективті курсының оқу тақырыптық жоспары келтіріледі.

Кесте 3 - Педагогикалық акмеология» элективті курсының оқу тақырыптық жоспары

| Тақырып атауы | Сағат саны | | | |
|---|---|---|---|---|
| | лек | прак | моөж | мөж |
| Педагогикалық акмеология ғылымының пайда болуының алғышарттары | 1 | | 2 | 2 |
| Педагогикалық акмеологияның ғылым ретіндегі сипаты | 2 | 1 | 2 | 2 |
| Педагогикалық акмеологияның басты объектісі ретіндегі дамушы педагог | 1 | | 2 | 2 |
| Акмеологиялық заңдар мен заңдылықтар | 1 | | 1 | 1 |
| Кәсіби іс-әрекет субъектісі ретіндегі ересек адам дамуы феноменологиясының акмеологиялық және психологиялық аспектілері | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Педагог еңбегінің ерекшелігі (акмеологиялық іс-әрекет) | 1 | | 1 | 1 |
| Педагогикалық іс-әрекетте АКМЕні пайдалану тәжірибесі | 1 | 1 | 2 | 2 |
| Педагогикалық іс-әрекеттегі акмеологиялық тренингтер | 1 | 2 | 2 | 2 |
| Акмеологиядағы модельдеу | 1 | | 2 | 2 |
| Барлығы | 10 | 5 | 15 | 15 |

«Педагогикалық акмеология » тақырыбындағы таңдау курсының маңызы зор. Бұл пәнді оқытудың негізгі мақсаты магистранттардың акмеология саласындағы іс-әрекеттің негізгі білімдері, біліктері мен тәсілдерін игеруімен; тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту мен өздігінен жүзеге асыру тәсілі ретіндегі іс-әрекетке және болашақта кәсібиліктің шынына қол жеткізуге бағытталумен, өзін-өзі жетілдіруге бағдарланумен, шығармашылық жеке және

ұжымдық ойлауды және акмеологиялық ойлауды дамытумен, акмеологиялық тұрғыдан бағдарланған тұлғаны кәсіби дайындау барысында қалыптастырумен, оқу іс-әрекетіне танымдық қатынасын дамытумен анықталынады. Осыған орай, болашақ магистрлерді кәсіби дайындауда келесі міндеттердің орындалуы маңызды:

- Педагогикалық акмеологиялық теорияның заманауи мәселелері туралы магистранттардың білімдерін жалпылау және жүйелеу.

- Болашақ мамандығы бойынша кәсіби шыңға өздігінен жылжудың заңдылықтарын талдау.

- Болашақ мамандығы бойынша өз кәсібінде акмеологиялық технологияларды зерттеп, қолдану (оқытудың тұлғаға бағдарланған технологиялары, пәнге бағдарланған технологиялар, білім алушылардың жетістіктерін бағалау технологиясы, интербелсенді технологиялар және т.б.).

Магистратура жағдайында болашақ маманның акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың біз ұсынып отырған келесі шарты – ***шығармашылық әрекеттердегі тұлғаның субъектілігін дамыту***. Осы шартты орындауда ең бастысы - субъектілік бағыт бойынша іс-әрекетті белсенді түрде жүзеге асырушы тұлға болып табылады.

Іс-әрекет субъектісі ұстанымын көптеген зерттеушілер нақтылай түсті. Мәселен, Н.В. Кузьмина педагогикалық іс-әрекет жетістігі мәселесін зерттей отырып, оны педагогикалық жүйенің көп деңгейлі жүйесін және оның компоненттерін әзірлеуде қолданды [92, с. 118].

А.К. Абульханова-Славскаяның пікірі бойынша, іс-әрекет субъектісі – ең алдымен бар болғаны тұлғаның жаңа және қайта жасалған сапасы. Ол қабілеттерді, мақсаттар мен қажеттіліктерді қарапайым есепке алу ғана емес, адамның барлық психикалық құрылым жүйесінің толық қайта құрылуы нәтижесінде пайда болады. Бұл жаңа қасиеттердің қалыптасуы кризисті жай-күйлер арқылы дамудың ұзақ жолынан өтеді [60, с. 56]. Тұлғаның көкейкесті қабілеттері, мотивтері, өзін өзі бағалауы және адамға қойылатын кәсіптік жаңа талаптар арасында пайда болатын қарама-қайшылықтар іс-әрекет субъектісінің даму процесіндегі қозғаушы күштер болып табылады.

Таным және іс-әрекет бірлігі ұстанымын іске асырудың алғашқы кезеңдерінде, тұлғаның өзінен туындайтын, іс-әрекеттің шығармашылық сипатына назар көбірек аударылды. Кейінірек, тұлғаның іс-әрекетті айқындамайтыны және тұлғаның дамуын іс-әрекетпен тұтастай байланысты еместігі фактісі мойындалды. Іс-әрекет субъектісінің өзі ішкі және сыртқы детерминациялардың ара қатынасын айқындауда белсенді, ол іс-әрекетінде ішкі және әлеуметтік талаптар бостандығын, жалпылық және дара ерекшеліктің стандарттау және даралық деңгейлерін өзі анықтайды. Субъект өзінің кәсіптік іс-әрекетіндегі ақиқаттың осы полюстерінің арасындағы қайшылықтарды шешуге өздігінен бастамашылық жасайды. К.А. Абульханова-Славская бұл үдерісті былайша суреттейді: субъекті болған соң адам іс-әрекетті ұйымдастырудың жеке тұлғалық тәсілін жасайды. Бұл тәсіл тұлғалық қасиеттерге, мақсат пайымдауға және іс-әректтегі мотивацияға, дәл осы іс-әрекеттің объективті сипаттамаларына сәйкес болады. Іс-әрекет тәсілі дегеніміз

осы негізгі параметрлердің барынша оңтайлы интегралды, композициясы. Осылайша, субъект іс-әрекетінің біріктіруші және үйлестіруші инстанциясына айналады. Тұлға субъект ретінде реттегіштікті сол уақытында жүзеге асырады және өзін өзі реттеу механизмі екі қатарға сай: іс-әрекеттік талаптары мен шарттарын және тұлғалық мүмкіндіктерді, жай-күйді, қабілетті сәйкестікке келтіретін негізгі қызметтік механизм түрінде көрінеді. Өзін өзі реттеу нәтижесінде жағымсыз қалыптардың дамуының алдын алады, ал іс-әрекет бірде мотивациялық, бірде ерік-жігер тарапынан реттеледі. Субъекті категориясы іс-әрекетке – инициативаға және жауапкершілікке деген қатынасындағы тұлғалық қасиеттерді толық талдауға мүмкіндік береді. Бұл орайда, Е.А. Абульханова-Славская жауапкершілікті іс-әрекеттің кешенді реттегіштік тетігі ретінде және сонымен қатар тұлғаның ерекше әрекет ету сапасы деген анықтама береді. Жауапкершілікті тұлға белгісіз жағдайларға қарамастан, себеп емес, мүмкіндіктерді іздестіре отырып, уақыттың өн бойында іс-әрекеттің белгілі бір деңгейі мен сапасын анықтайтын кепіл болып табылады.

Еңбек субъектісінің қызығушылығына орай дамушы тұлға ретіндегі акмеологиялық деп аталған бағыт субъект-тұлғалық, антропоцентрлік бағытқа жақын. Ол еңбек субъектісі анағұрлым жоғары жетістікке, адамның өзін-өзі толық көрсетуін жұмылдырушы бағдар беретін жағдайларды анықтауды қарастырады. Бұл болашақ мамандардың өзінің кәсіптік жеке тұлғалық профилін саналы игеруге, кәсібилікке жетудің жеке тұлғалық стратегиялары мен оған жақындау траекторияларын (акмеограммалар) жасауына үлкен мән беруге ықпалдандырады.

Осы тұрғыдан, магистранттар іс-әрекет субъектісі ретінде оқытудың мақсаткерліктен бастап, жоспарлау, өз білімін алу әрекетін жүзеге асыру бақылау мен түзетушілікке дейінгі барлық кезеңдерінде бастамашылыдықты жүзеге асырып, қолдап отыруды мақсат етеді. Тек осы жағдайда ғана магистранттар өз ресурстарын есепке ала отырып, өз таңдауын жасап, оның нәтижелеріне өзі жауап береді. Бұл олардың қалыптасқан даралығын, қайталанбастығын көрсетеді.

Магистрант тұлғасының көкейкесті қабілеттері, мотивтері, өзін - өзі бағалауы және адамға қойылатын кәсіптік жаңа талаптар арасында пайда болатын қарама-қайшылықтар іс-әрекет субъектісінің даму үдерісіндегі қозғаушы күштері болып табылады.

Сонымен, магистранттар іс-әрекет субъектісі ретінде өздерінің ішкі және сыртқы детерминациялардың ара қатынастарын айқындауда белсенділік танытып, өзінің дара ерекшеліктерінің даму деңгейлерін өздері анықтайды. Магистрант өзінің кәсіптік іс-әрекетіндегі ақиқаттың осы полюстерінің арасындағы қайшылықтарды шешуге өздігінен бастамашылық жасайды, яғни субъект болған соң магистрант өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жеке тұлғалық тәсілін жасайды. Бұл тәсіл тұлғалық қасиеттерге, мақсат пайымдауға және іс-әрекеттегі мотивацияға, дәл осы іс-әрекеттің объективті сипаттамаларына сәйкес болады. Іс-әрекет тәсілі дегеніміз осы негізгі параметрлердің барынша оңтайлы интегралды композициясы. Магистранттар субъект ретінде өздерін өздері реттеу нәтижесінде жағымсыз қалыптардың

дамуының алдын алады, ал іс-әрекет бірде мотивациялық, бірде ерік-жігер тарапынан реттелінеді.

***Осыған орай, іс-әрекет субъектісі*** ұстанымы негізінде, біріншіден, шығармашылықтың шарты болып табылатын, кәсіптегі болашақ маман тұлғасының толық және қанағаттанарлық өзін-өзі көрсетудің жолдары қалыптасады, осы ұстаным жоғары деңгейдегі кәсіби іс-әрекеттің және түрлі кәсіби мамандардың тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Белсенді әрекет жағдайында білім алушылардың өзара, олардың оқытушылар т.б арасындағы субъект-субъектілік қарым-қатынасы жүзеге асады, сол арқылы өнімді-креативтілік іс-әрекеті барысында магистранттардың ғылыми-практикалық тәжірибесі жүзеге асады. Бұл айтылғандарды сурет түрінде төмендегідей бейнеледік (сурет 4).




Сурет 4 - Магистрант тұлғасының ортада субъектілермен бірлескен іс-әрекеті

Болашақ мамандарды шығармашылық өнімді еңбекке дайындаудың мазмұны анықталған соң, сол мазмұнды игертуде қолданылатын жаңашылдық әдістер мен технологиялардың алатын орны ерекше. Жоғары оқу орнынан кейін мамандар дайындауда *акмеологиялық технологиялар мен тренингтерді қолдану* арқылы оқу үдерісін белсенді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Тек белсенділік қана тұлғаның кәсіби әрекетке дайын болуын нәтижелі ететіні белгілі.

Акмеологиялық тренингтер магистранттың оқу кезеңіндегі интегративті іс-әрекетін құралдармен қамтамасыз етуге бағытталған. Олардың көмегімен оқу үдерісі жүзеге асырылады. Бұл технологиялар кәсіби жауапкершілікті дамытады, яғни білім беру мамандарын даярлау сапасын арттыру мақсаты ретінде қызмет етеді.

«Акмеологиялық технология - кәсіби дамудың жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға, қасиеттері мен сапаларын дамытуға бағытталған құралдар жиынтығы [253].Бұл анықтамадан акмеологиялық технологиялар болашақ мамандардың ішкі әлеуетін дамытуға, кәсібилігін және бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік беретіндігін анық байқауға болады.

А.А. Деркач пен В.Г. Зазыкин қысқаша акмеологиялық сөздікте «акмеологиялық технологияларды» «психологиялық технология» ұғымына жақын категория ретінде қарастырады, бірақ бұл ізгілікті мазмұнға ие болғанымен, барынша тар, яғни акмеологиялық технологиялар болашақмаманды кәсіби тұрғыда дамытуға, оның тұлғалық әлеуетін ашып көрсетуге бағыттылығымен ерекшеленеді [254].

А.П. Ситников акмеологиялық технологияларды психологиялық тұрғыда «психотехнология» ретінде қарастырады. Аталған ұғымды технологиялық тұрғыда қарастыру базалық акмеологиялық категорияларды нақтылауға ықпал етеді, яғни мұнда кәсіби шеберлік ең алдымен өнімді психотехнологиялар мен кәсіптік іс-әрекет технологиялар кешенін меңгеру ретінде қарастырылады [255].

Н.В. Кузьмина акмеологиялық технологиялар төмендегідей міндеттер жүйесін шешу барысында жүзеге асырылатындығын өз жұмыстарында қарастырады [256]:

- жоғары өнімді (білім алушылар көрсеткен нәтижелер бойынша); аз өнімді; орта өнімді іс-әрекеттер жүйесіне салыстырмалы бақылау жасау;
- іс-әрекетті өз бетімен қайта ұйымдастыруда ынталандыруға аз өнімді жұмыстардың мүмкін болатын стратегиясы туралы өз бетінше шешім қабылдау;
- жеке авторлық іс-әрекеттер жүйесі жобасында пайдалануға болатын салыстырмалы бақылауларда тұжырымдалған идеялар, стратегиялар, технологиялар туралы өз бетінше шешім қабылдау.

В.Н. Максимова акмеологиялық технологиялар білімді ізгілендіру факторы болып табылатындығын және олар жеке тұлғалардың әлеуметтік маңызды құндылықтарына (денсаулық, отбасы, адамгершілік, өмір, азаматтық) және субъектінің тіршілік әрекетіндегі акмеологиялық құндылықтарына (өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, біртұтас және орнықты даму, руханилық, өмірлік жетістік, даралық), сондай-ақ кәсіби сапаларға (қабілеттілік, құзырлылық, бағыттылық, эмпатиялық сапалар, ерік-жігер, іскерлік) басымдық беру негізінде жасалатындығын атап өтеді. Автор сонымен бірге оқытудың акмеологиялық технологиялары кез келген педагогикалық технологиялардың барлық қырлары мен рет-тәртібін жүзеге асырады және басқаларға қарағанда кешенді болып табылады деген пікір айтады [257].

В.Н.Тарасованың пікірінше, акмеологиялық технологиялардың белгілеріне мыналар жатады: креативтілікті дамытуға бағытталуы; кешенділік; қызмет етіп отырған жүйені жоғары жетістіктерге жетуге өзін- өзі жылжуына мүмкіндік беретін факторларға жүйелі ықпал етуді қамтамасыз етуі; жеке тұлғаның өзін-

өзі дамытуын және кәсіби іс-әрекет үдерістерін оңтайландыруы; қоршаған әлеммен және өзімен-өзі мақсатты қарым-қатынас орнатуы [258].

Л.Е.Варфоломеева акмеологиялық технологиялардың төмендегідей ерекшеліктерін тұжырымдап берді [259]:

- инварианттылығы;
- комбинаторлығы (басқа да әдістемелердің элементтерімен бірлестікте болуы);
- көп қызметтілігі (білім беру үдерісі субъектілерінің әртүрлі рөлдік қызметтерді атқаруда пайдаланылады);
- бейімділігі (олардың қолданудың нақты шарттарына икемділігі);
- болжаушылығы (қажет нәтижеге жетудің жолдарын іздестірудің бағыттарын көрсетеді).

Акмеологиялық технологиялар басқа технологиялардан ізгілікті бағыттылығымен ерекшеленеді.

Акме-технологиялар жеке тұлғаны кәсіби маман тұрғысында дамытуға бағытталған. Акмеологиялық технологиялардың бағыттылығы жеке тұлғаны ізгілікті дамытуға негіз бола алады. Акмеологияда өзін-өзі танудың, өзін-өзі бағалаудың және өзін-өзі дамытудың ізгіліктік технологиялары жасалды және олар табысты қолданылуда. Осыған байланысты, акмеологиялық технологиялар қашанда әрбір білім алушыға бағытталған, олар нақты тұлғаны кәсіби тұрғыда дамыту үшін пайдаланылады.

Бұл технологиялардың мәні акмеологиялық ықпал болып табылады.

Сондықтан бұл технологиялардың басты әдісі іштей немесе сырттай жүзеге асатын акмеологиялық ықпал болып саналады. Акмеологиялық ықпал – тұлғаның немесе топтың дамуына әсер ететін ізгілікті мазмұнды және мақсатты бағытталған ықпал.

Бұл жағдайда психологиялыққа қарағанда акмеологиялық ықпал өз кезегінде сол әсердің мазмұнын анықтайды. Сонымен, тұлға мүддесін, оның дамуын көздейтін және ізгілікті бағыттылықты кез-келген психологиялық әсер акмеологиялық бола алады.

Акмеологиялық ықпал нәтижесінде өзін-өзі реттеу деңгейін көтеру адамның өз-өзіне, күшіне сенімділігін қалыптастырып, олардың жұмыс істеу қабілетін, күйзеліске төзімділігін арттырады, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Шешім қабылдау қабілетін дамыту тұлғаның сипаты ретінде әлеуметтік белсенділікпен бірге оның мақсатқа бағытталған мінезін тәрбиелеуге көмектеседі.

Сондай-ақ акмеологиялық ықпал тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашып көрсетуге жағдай жасайды.

Осы талдаудың нәтижесіне сүйенетін болсақ, акмеологиялық ықпалдың мәні оның кәсіби маманды дамытудың қуатты құралы бола алатындығында. Технологиялық тұрғыдан алып қарағанда акмеологиялық ықпал құралдары анағұрлым әрқилылығымен ерекшеленеді.

Бұл өзіндік білім алу немесе өзін-өзі оқыту нұсқаларының бірі ретіндегі арнайы бағдарламалар мен әдістемелер көмегімен өзін-өзі дамыту бойынша

арнайы тренингтер, практикумдар, іскерлік немесе рөлдік ойындар, жеке жұмыстар болуы мүмкін; бұл жұмыстар акмеологтың көмегімен немесе өз бетінше жүзеге асырыла алады. Осылайша, акмеологиялық ықпалды қолдану маманның кәсіби деңгейін көтеруіне және келешекте өсуіне мүмкіндік береді.

Акмеологиялық технологиялардың басты мақсаты – субъектілік қасиеттердің дамуына ықпал ету. Осы жағдайда тұлғаға акмеологиялық ықпал мотивациялық және құндылықты-мағыналық тұрғыда жүзеге асырылады.

Акмеологиялық технологиялардың негізгі міндеттерінің бірі - арнайы тәсілдермен, техникалармен тұлғалық және кәсіби менін өзектілендіруге мүмкіндік беретін адамның дамуында, өзіндік санасында, өзін - өзі жүзеге асыруында талап етілетін қажеттілікті қалыптастыру және бекіту .

Акмеологиялық технологиялар білім алушыны біртұтас және орнықты дамытуға, әрбір магистранттың жетістіктерге жетуіне, ішкі мотивациясын қалыптастыруға бағытталған .

Осылайша, акме-технологиялар:

- тұлғаға (кәсібилік жүйелі қасиетті дамыта отырып), іс-әрекетке (оны жасап шығаруға бағыттай отырып), шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруда таңдау еркіндігі бар түрлендіруші субъект (білім беру үдерісінің өнімді моделін құруға мүмкіндік бере отырып іс-әрекет шартын ауыстыра отырып) араласқан үдеріске көпқырлы жағымды ықпалдың сызықты емес, ретті жүйесі;

- тұлғаның ақыл-ойына бір тұтастықта әсер етеді. Акмеологиялық технологиялар магистранттардың болашақ кәсіби іс-әрекетінің жағымды жеке тәжірибесін (білім, білік және дағдыларын) молайтады;

- білім беру және педагогикалық технологиялармен үйлесімдікте болады және психотехниканы қамтиды. Сондай-ақ, акмеологиялық технологиялар түзету, өзін-өзі түзету, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру үдерісін оңтайландырады, осы үдерістерді басқарады және кәсіби іс-әрекеттің тиімділігін арттырады.

Акмеологиялық технологиялардың өзіндік ерекшеліктері бар, олар адам туралы, оның кәсібилік пен шеберлікке қарай өзіндік қозғалысының заңдылықтары, тұлға және жеке өзіндік тәсілмен шығармашылықпен жүзеге асырылатын іс-әрекет субъектісі қамтылатын білім беру және педагогикалық жүйелердің өнімді моделдері туралы білімнің жинағы болып табылатын акмеологиялық ғылымның пәнінен туындайды. Біз акмеологиялық технологияларды сапалы нәтижені болжауға, білім беру міндеттері сапасына бағдарланған және білім алушылардың ары қарай дамуына алғы шарт бола алатын стратегияны таңдауға мүмкіндік беретін магистрантармен өзара әрекеттесудің мақсатқа бағытталған логикалық тұрғыда құрылған жүйе ретінде қарастырдық.Сонымен, акме-технологиялар маманның акмеологиялық дайындығының қалыптасуына ықпал ететін біртіндеп күрделеніп отыратын кәсіби практикалық міндеттерді шешуге бағдарланады.

Магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың келесі шарты білім алушылардың аталмыш сапасына әсер ететін педагогикалық орта жасау деп санаймыз. Мұндай **орта** жүйелілік амал негізінде құрылады және ол

ашық, динамикалық интегративті жүйе ретінде анықталынады. Жалпы педагогикалық орта әртүрлі білімдік жүйелердің ерекшеліктерін көрсететін әлеуметтік педагогикалық феномен болып табылады. Орта субъектілерін кеңістік арқылы басқару негіздерін қарастырған ғалымдар (Т.В. Менг, А.Ш. Мухетдинов, Ю.С. Мануйлов т.б.), орта амалын оқу орынының әлеуметтік және психологиялық ахуалын, ұйымдастырушылық құрылымдарын, білімдік мекеменің мүмкіндіктерін бар тәжірибесін тиімді пайдалану, тарату әрі толықтыру ретінде қарастырады.Педагогика ғылымы әдіснамасындағы орта амалы білім алушылардың дамуы мен қалыптасу үрдісін арнайы ұйымдастырылған кеңістік арқылы ұйымдастырудың теориясы мен практикасын білдіреді. Педагогикадағы бұл бағыт авторитарлы амалға балама болып табылады және оның өзіндік тарихы бар. Атап айтсақ, Ж.Ж. Руссоның «Еркін тәрбие», И.Г. Песталоцци «Ауыл жастарын тәрбиелеу» [260], Я.А. Коменский «Ұлы дидактика» [261], А.С. Макаренко «Азаматты ұжымда тәрбиелеу» [262], Дж. Локк «Джентльменді тәрбиелеу» [263], Я. Корчак «Тәрбиелеу ортасының эмпирикалық типологиясы» [264] атты еңбектер білімдік орта жасаудың үлгісін құрайды.

Сонымен қатар экологиялық тұлғалық орта (В.А. Ясвин [265] т.б.), коммуникативтік бағытты орта (В.В. Рубцов [266] т.б.), антропологиялық-психологиялық орта (В.И. Слободчиков [267] т.б..), экопсихологиялық (В.И. Панов [268), психодидактикалық (В.П. Лебедева, В.А. Орлов[269]) орталар жайлы зерттеулер біз көтеріп отырған акмеологиялық орта жасауға негіз бола алады.Ғылыми зерттеулерді талдау барысында акмеологиялық орта мәселесінің зерттелуі акмеология ғылымының шеңберінде (А.А. Деркач, И.О. Соловьев [270] және т.б.) жүргізілгенін байқатады. Мысалы, А.А. Деркачтың пікірі бойынша, акмеологиялық орта тұлғаның әлеуетін ашудағы жоғары дәреже деңгейге көтерілу үшін табиғи немесе жасанды жағдайларды моделдеумен анықталынады.Акмеологиялық ортаның интегративтілігі келесі идеялардың негізінде талданады: ортаны моделдеу (А.В. Левин [271]); білім беру жүйелерін акмеологиялық тұрғыдан түрлендіру (К.А. Абульханова-Славская, А.А. Деркач, В.Н. Максимова, Ю.А. Лунев [272] және т.б.).Педагогика-психология мамандықтағы магистранттарды даярлауды қамтамасыз ететін интегративті жүйе ретіндегі акмеологиялық орта олардың акмеологиялық дайындығының дамуына ықпал етеді. Акмеологиялық дайындық осы орта әсерінің жобаланған нәтижесі болып анықталынады.

Акмеологиялық ортаны құрудың шарттарына төмендегілер жатады:

- ортаның акмеологиялық әсерін күшейту үшін оны интелектуализациялау (интеллектуалдық қабілеттердің дамуын қамтамасыз ету барысында магистранттар интеллектуалдық міндеттерді шешуге даяр болады, ол үшін элективті курс барысында оларға көптеген интеллектуалдық тапсырмаларды орындауды талап ету қажет. Осы кезде магистранттарды логикалық ойлауы, зейіннің тұрақтылығы, мағыналық есте сақтау қабілеті, өзін-өзі басқара алу қабілеті дамиды);
- акмеологиялық тұрғыдан өзін-өзі дамытуға жағдай жасау, тұлғалық-

кәсіби өсуге жағдайлар тұғызу (магистрант кәсіби дамуы тұрғысынан өзін-өзі тануға даяр болады, өздігінен білім алуға және ізденуге әрекеттер ұйымдастырады, өзбетінше орындалатын тапсырмалардың басым болуы);

- сыртқы және ішкі сапалы байланыстардың көп болуы, кәсіби өзараәрекеттестікті ұйымдастыру (акмеологиялық ортада профессорлық құрамға кіретін кәсіби мамандармен қарым-қатынастың ұлғаюымен байқалады);
- құндылықтық қатынастардың болуы (нәтижелілік тұрғысынан қарым-қатынас жасаудың құндылығы, яғни әрбір қарым-қатынас барысында өз мамандығы бойынша нәтижелі ақпараттардың болуымен сипатталынады);
- шығармашылық іс-әрекетке жағдайдың жасалуы (түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындай, шығармашылық ізденістерін жүзеге асыру – эссе, ғылыми жоба, шығармашылық байқаулар және т.с.);
- магистранттардың ерікті түрде және еріксіз түрде болатын танымдық әрекеттерін шектемеу (ең бастысы олардың қызығушылығын оятатын тренингтерді жүргізу);
- ортаға бейімделу (қарым-қатынаспен қанағаттанарлық күйде болу, жағымды психологиялық ахуалдың болуы, кәсіби-маңызды қызығушылықтарын қанағаттандыру);
- креативтілігін, шығармашылық әлеуетін өзектілендіру.

Жоғарыда көрсетілген шарттардың сақталуы акмеологиялық ортаның әсерін күшейте түседі, сондықтанда магистранттар осындай ортада өз белсенділіктеріне сәйкес түрлі ортаның кәсіби жағдайларында акмеге қарай жылжитын тұлға болып қалыптасады.

*Сонымен, біз акмеологиялық ортаны магистранттарды дайындау үдерісін қамтамасыз ететін интегративті жүйе ретінде қарастырамыз.* Акмеологияда «интегративтілік» дифинициясының мәні акмеологиялық ортаны біртұтас құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы біртұтастылықта үдерістік және нәтижелілік қырларының бірріккендігін байқаймыз. ЖОО-ның білім беру ортасы әлеуметтік байланыстар, іс-әрекет және қатынастар жиынтығы ретінде қарастырылады. Онда болашақ маман тұлғасы белгілі бір рөлді атқарып, өз мәртебесіне ие болады, қоғамдық мағыналы іс-әрекеттің субъектісі ретінде өзінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. ЖОО-дағы әлеумет акмеологиялық орта ретінде бірлескен іс-әрекет және қарым-қатынастың сипаттамаларының жиілілігі мен мазмұны бойынша, ынтымақтастықтың жоғары эмоциялық, интеллектуалдық ахуалымен ерекшеленеді.

**Жоғарыдан кейінгі білім беру мекемесіндегі акмеологиялық орта** – бұл тұлға дамуының сатылы үдемелі сипатын айқындайтын, «акме» феноменімен ерекшеленетін тұлғаның акмеологиялық дайындығы қалыптасуына негіз болатын, тұлғаның өзін-өзі дамыту мен жетілдірудегі рөлін күшейтетін, қоршаған әлеуметпен тиімді қатынастарын орнату үшін өз мүмкіндіктерін пайдалану қабілеттілігін дамытатын параметрлердің жиынтығы (сурет 5).

**Акмеологиялық орта параметрлерінің сипаттамалары**

| Физикалық-мерзімдік | Мазмұндық параметрлері | Субъектілік-тұлғалық |
|---|---|---|
| **Ортаның физикалық сипаты:** оқу аудиториялары, кітапхана, дәріс залдары, кафедралар, компьютерлік сыныптар, мультимедиялық кабинеттер, конференц-зал және т.б.. **Мерзімдік параметрлері:** сабаққа және тәрбиелік іс-шараларға қатысуының жиілілігі, ғылыми зерттеушілік жұмысты жүргізу мерзімі; магистрант тұлғасына тәрбиелік және әлеуметтендіру | - оқу бағдарламаларының мазмұнын игеру сапасы;<br>- ғылыми және ғылыми-педагогикалық зерттеулердің мазмұнын дайындау сапасы;<br>- ғылыми тағылымдамадан өту сапасы;<br>- академиялық ұтқырлылық;<br>- ғылыми-зерттеу және педагогикалық тәжірибеден өту сапасы;<br>- ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу сапасы;<br>- ғылыми жобалар мен олимпиадаларға және байқауларға қатысу сапасы;<br>- акме-технологиялық тренингтерге қатысу сапасы;<br>жеке дара оқыту және дамыту траекторияларының сапасы (МӨЖ, МОӨЖ). | - профессор-оқытушылар құрамындағы субъектілердің әсері;<br>- оқытушы және ғылыми жетекші тұлғасының әсері;<br>- әкімшілік бөлім субъектілерінің әсері;<br>- топтағы магистранттардың субъект-субъект қарым-қатынасы. |

Сурет 5 - Акмеологиялық орта параметрлерінің сипаттамалары

Акмеологиялық ортада міндетті және таңдау пәндерін игеру барысында білім алушы мен оқытушы арасындағы субъект-субъектілік қарым-қатынасы жүзеге асады, ал өнімді-креативтілік іс-әрекеті барысында магистранттардың ғылыми-практикалық тәжірибесі жүзеге асады. Сонымен болашақ педагогика саласының магистрлерінің акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың шарттары жайлы айтылғандарды қорытындылай келе, «дайын болу» деген олардың инновациялық жұмыстарға әзір болуын білдіреді, кәсіби құзырлылық, педагогикалық шеберлік пен педагогикалық бағыттылық сияқты сапаларының болуын талап етеді дегіміз келеді. Бұл сапалар ұстаздың жаңа білімдерге, жаңалықтарға ашықтығы, ғылымды игеруі, оқушының дамуының ерекшеліктерін білуі оған жағдай жасауы арқылы нәтижелі болады. Акмеологиялық дайындығының қалыптасқандығы болашақ маманның өзінің кәсіби әрекетін талдай алуымен, өзінің «дамуының жақын аймағын» анықтай алуымен, соған байланысты даму болашағының құралдары мен жолдарын белгілей білуімен сипатталады. Тұлғалық деңгейінің жоғарылаған сәтінде болашақ маманның коммуникативті құзырлылығы, ісіне деген жауапкершілігі артып, әрқырлылығы, табандылығы, батылдығы байқалады. Бұлар оның өзін-

өзі биіктерге бастай алатын жаңа сапалық деңгейі деп білеміз.Мұғалімнің акмеологиялық позициясы оның «жақын даму аймағына» бағытталған жаңашылдық әрекетте қалыптасады. Сондықтан жоғары және жоғарыдан кейінгі білім басқышындағы білімдік үрдіс инновациялық педагогика талаптарына бағындырылуы тиіс. Сонда ғана болашақ маманның «акме позицияда» ұстанған бағытында нық тұра алатын болады, оның бойында толқу, сенімсіздік сезімдері азаяды. Шығармашылық әрекет барысында орын алуы мүмкін болатын сәтсіздіктерге де дайын болуы қамтамасыз етіледі.Осы айтылғандар зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік эксперимент барысында сыннан өткізілді. Жұмысымызда бұдан әрі қарай осы бағыттардағы жасалған жұмыстарымыз сипатталады.

### 3.2 Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығының бастапқы диагностикасы

**Эксперимент жүргізудің мақсаты:** Жоғары оқу орнынан кейінгі білімде магистранттардың білім алу үрдісіндегі акмеологиялық дайындығының қалыптастыруын анықтау болып табылады. Тәжірибелік жұмыс Республиканың оқу орындарында, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура институтының және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 6М010300 - «Педагогика және психология» мамандығы, 6М010200 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», 6М010100 - «Мектепке дейінгі білім беру», 6М010500 - «Дефектология», 6М050300-«Психология» мамандықтары бойынша білім алып жатқан магистранттардың қатысуымен жүргізілді. Ол үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) өткізілді.Экспериментке 298 магистрант қатысып, 148 - бақылау тобында, 150 - тәжірибелік тобында болды.

Тәжірибелік жұмыс төмендегі ретпен жүзеге асырылды:

- тәжірибелік жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындау;
- диагностикалық әдістемелер таңдау және жүргізу;
- тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін математикалық – статистикалық әдістері арқылы өңдеу, сипаттау.

Зерттеу жұмысымыздың *айқындаушы эксперименті* барысында магистрандардың бастапқы акмеологиялық дайындық деңгейін анықтау үшін әдістемелер кешені қолданылды. Атап айтсақ:

- білім алушылардың акмеологиялық категориялар туралы түсінігінің деңгейін анықтауға арналған сауалнама;
- мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау мақсатында білім алушыларға арналып жасалған Е.М. Павлютенковтың әдістемесі;
- жоғары оқу орындарында оқыту мотивациясын зерделеу Т.И.Ильинаның әдістемесі;
- білім алушының жетістік мотивациясын зерттеу А. Мехрабианның әдістемесі;
- шығармашылық әлеуеті мен креативтілікті диагностикалау тесті (Е.И.Рогов);

- Холлдың «Эмоциялық интелект (EQ)» тестісі;

- А.В. Карповтың тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесі.

Сауалнамаға 6М010300 - «Педагогика және психология» мамандығы, 6М010200 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», 6М010100 - «Мектепке дейінгі білім беру», 6М010500 -«Дефектология», 6М050300- «Психология», мамандықтарының (Абай атындағы ҚазҰПУ, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ) 120 магистранты қатысты. Магистранттардың акмеологиялық дайындығының мотивациялық-құндылықты компонентінің сипаттамасын зерттеуде мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау мақсатында білім алушыларға арналып жасалған Е.М. Павлютенковтың әдістемесін қолдандық (қосымша Б). Әдістеме нақты сыналушының мамандық таңдаудағы қандай да бір мотивтерінің рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Сыналушыға мамандық туралы 18 пікірден тұратын сұрақ-жауап ұсынылады. Бұл пікірлер мотивтердің 9 тобын (әлеуметтік, моральдық, эстетикалық, танымдық, шығармашылық, еңбектің мазмұнымен байланысты, материалдық, беделділік, утилитарлық) тұрғыда айқындайды. Біз өзіміздің зерттеуіміздің мақсатынасәйкес төрт параметрді ғана алуды жөн санадық: *«әлеуметтік, беделділік, танымдық, шығармашылық».* Осы параметрлер бойынша сандық нәтижелері төменде көрсетілген (кестелер 4-5).

Кесте 4 - Магистранттардың әлеуметтік, беделдік мотивтерін анықтау кезеңіндегі зерттеудің көрсеткіштері мен деңгейлері

| Бақылау тобы | | | | | Тәжірибелік топ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Әлеуметтік мотивтер | | Беделділік мотивтер | | № | Әлеуметтік мотивтер | | Беделділік мотивтер | |
| | көрсет кіш | Деңгей | көрсет кіш | деңгей | | көрсет кіш | деңгей | көрсет кіш | деңгей |
| 1 | 6 | О | 5 | О | 1 | 7 | О | 6 | О |
| 2 | 5 | О | 5 | Т | 2 | 6 | О | 7 | О |
| 3 | 5 | О | 3 | Т | 3 | 5 | О | 5 | О |
| 4 | 5 | Т | 5 | О | 4 | 4 | Т | 5 | О |
| 5 | 7 | О | 5 | О | 5 | 5 | О | 7 | О |
| 6 | 4 | Т | 5 | О | 6 | 4 | Т | 6 | О |
| 7 | 6 | О | 5 | О | 7 | 6 | О | 7 | О |
| 8 | 4 | Т | 4 | Т | 8 | 5 | О | 7 | О |
| 9 | 3 | Т | 5 | О | 9 | 4 | Т | 4 | Т |
| 10 | 5 | О | 4 | Т | 10 | 3 | Т | 5 | О |
| ... | | | | | ... | | | | |
| 148 | 3 | О | 4 | Т | 150 | 5 | О | 2 | Т |
| | **725:148 =4,9≈5** | | **666:148 =4,5≈5** | | | **675:150 =4,9≈5** | | **705:150 =4,7≈5** | |

Ескерту - 8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей); 5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей); 5 ұпайдан төмен – 0%-59% (төменгі деңгей)

Жоғарыда берілген кестеде салыстырмалы түрде бақылау және тәжірибелік топтардағы магистранттардың әлеуметтік және беделділік мотивтерінің көрсеткіштері ұсынылған. Барлық топтарда әлеуметтік және беделділік мотивтерінің орташа көрсеткіші 5-ке тең. Бұл орташа деңгей болғанымен де болашақта акмеге қарай ұмтылатын, кәсіби маман боламын деген магистранттар үшін жеткілікті көрсеткіш емес. Олар болашақ акме-маман ретіндегі көрсеткіші кемінде 8 ұпай болғаны қанағаттанарлық деп қабылданады, ал ең жоғарғы көрсеткіш 10 ұпай. Бұл 100%-дық көрсеткіш. Алайда осындай көрсеткішке ие болған сыналушылар болмады.

Кесте 5 - Магистранттардың танымдық, шығармашылық мотивтерін анықтау кезеңіндегі зерттеудің көрсеткіштері мен деңгейлері

| Бақылау тобы | | | | | Тәжірибелік топ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Танымдық мотивтер | | Шығармашылық мотивтер | | № | Танымдық мотивтер | | Шығармашылық мотивтер | |
| | көрсеткіш | деңгей | көрсеткіш | Деңгей | | көрсеткіш | деңгей | көрсеткіш | Деңгей |
| 2 | 7 | О | 6 | О | 1 | 4 | Т | 5 | О |
| 3 | 5 | О | 5 | О | 2 | 5 | О | 8 | Ж |
| 4 | 6 | О | 4 | Т | 3 | 3 | Т | 4 | Т |
| 5 | 6 | О | 5 | О | 4 | 8 | Ж | 6 | О |
| 6 | 7 | О | 4 | Т | 5 | 6 | О | 4 | Т |
| 6 | 5 | О | 5 | О | 6 | 5 | Т | 5 | О |
| 7 | 7 | О | 5 | О | 7 | 5 | О | 3 | Т |
| 8 | 4 | Т | 3 | Т | 8 | 6 | О | 4 | Т |
| 9 | 3 | Т | 4 | Т | 9 | 7 | О | 5 | О |
| 10 | 5 | О | 4 | Т | 10 | 4 | Т | 4 | Т |
| ... | | | | | ... | | | | |
| 148 | 7 | О | 3 | Т | 150 | 5 | О | 2 | Т |
| | **754/148=5,1≈5** | | **651/148=4,4** | | | **735/150=4,9 ≈5** | | **750/150=4,7 ≈5** | |
| Ескерту - 8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей); 5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей); 5 ұпайдан төмен – 0%-59% (төменгі деңгей) | | | | | | | | | |

Жоғарыда берілген кестеде салыстырмалы түрде бақылау және тәжірибелік топтардағы магистранттардың **танымдық** және **шығармашылық** мотивтерінің көрсеткіштері ұсынылған. Егерде бақылау тобында танымдық көрсеткіштерінің коэффициенті 5-ке тең болса - орташа деңгей, шығармашылық мотивтері 4,4 –ке тең болса, онда төменгі даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Ал тәжірибелік топта – танымдық және шығармашылық мотивтердің коэффициенті 5-ке тең. Сондықтанда бұл

көрсеткішті біз орташа деңгей ретінде бағаланады.

Бұдан шығатын қорытынды магистранттардың әлеуметтік, беделділік, танымдық, шығармашылық мотивтерінің дамуы орташа немесе орташадан төмен екенін көреміз (қосымша В), сол сияқты бұл көрсеткіштер жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу жағдайында магистранттардың мотивациясын қалыптастыру бойынша арнайы жұмысты ұйымдастыру қажеттілігін дәлелдейді.




Сурет 6 - Магистранттардың әлеуметтік мотивін анықтау барысындағы алынған жауаптардың қорытынды көрсеткіштері

Бақылау тобында барлығы 148 сыналушы болса, олардың ішінде 35 сыналушы «иә» деп жауап берген. Демек олар өз еңбегімен қоғамдық прогреске ықпал етуге болашақта ұмтылатын, жоғары жалпы адамзаттық құндылық пен қажеттіліктерге әлеуметтік тұрғыдан бағыт ала алған сыналушылар (сурет 6).

Ал 12 сыналушы *«Таңдаған мамандығым арқылы еліміздегі білім беру жүйесінің дамуына үлес қосып, қоғамымызға пайда әкелуге болады»* деген жауапты таңдағанда, өз ойларына сенімсіздікпен қарап, *«иә деп айтуға болады»* жауабын берген. Сонымен бірге, бақылау тобындағы 68 сыналушы жауап беруге қиналған, ал 25 сыналушы «жоқ деп айтуға болады» десе, 8 сыналушы «жоқ» деп жауап берген.

Тәжірибелік топтағы сыналушылардың жауаптары да осындай. Бірақ олардың жауаптарынан өзіндік пікірді айтуда өздеріне сенімділігі басым болғанын байқаймыз («49 сыналушы жауап беруге қиналған»).

***Беделділік*** мотивтерін зерттеу барысында сыналушылардың жауаптары

төмендегідей (сурет 7):

- 72 сыналушы – «иә» деген, яғни олардың пікірлері бойынша *«Таңдаған мамандығым достарым мен таныстарым арасында бағаланады, кәсіби өсуге септігін тигізеді».* Бұл сыналушылар өз мамандығын таңдағанда кәсіби мансапқа жетуді көздеген;
- 16 сыналушы *«иә деп айтуға болады»* деген;
- 21 сыналушы «жауап беруге қиналамын» десе, 26 сыналушы – «жоқ деп айтуға болады», ал 13 сыналушы «жоқ» деп жауап берген. Яғни бұл магистранттар мамандықты таңдағанда ең бастысы қоғамға пайдалы еңбек етуді ойлаған, мансапқа ұмтылмайтындықтарын білдіреді.

Тәжірибелік топтағы сыналушылардың жауаптарынан кәсіби мансапқа жетуді мақсат еткен сыналушылардың саны бақылау тобымен салыстырған аз, бірақ олар өз жауаптарына сенімсіздік білдірді («37 сыналушы жауап беруге қиналған»).




Сурет 7 - Магистранттардың беделділік мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың қорытынды көрсеткіштері

Ал ***танымдық*** мотивтерді таңдау барысында бақылау және тәжірибелік топтардағы сыналушылардың жауаптары төмендегідей (сурет 8):

- 43 сыналушы (бақылау тобы) және 35 сыналушы (тәжірибелік топ) танымдық мотивтерін таңдаған, олардың пікірінше, *«Мамандығым бойымдағы бар қабілетттерді пайдалануға, өзімді үнемі жетілдіруге мүмкіндік береді».*

Осы сыналушылардың жауаптарынан олардың болашақта акмеге қарай ұмтылатынын байқаймыз, бірақ тек ұмтылыс ретінде қалмай, әрі қарай әрекет түрінде іске асу керек. Ол үшін біз өзіміздің тәжірибелік жұмысымызда бірнеше қалыптастырушы жұмыс түрлерін ұйымдастырамыз.

- 5 сыналушы (бақылау тобы) және 10 сыналушы (тәжірибелік топ) өз мүмкіндіктерін 100% *«пайдалана алмаймыз»* деген пікірде болған.




Сурет 8 - Магистранттардың танымдық мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың қорытынды көрсеткіштері

Сыналушылардың ***шығармашылық мотивтерін*** зерттеуде анықтағанымыз: бақылау тобында 65 сыналушы, ал тәжірибелік топта 52 сыналушы «жауап беруге қиналған», яғни қалыптастырушы тәжірибе барысында осы магистранттармен шығармашылық жұмысты ұйымдастыруда басты назар аудару қажеттілігін туындатады (сурет 9). Тек 18 сыналушы (бақылау тобы) және 11 сыналушы (тәжірибелік топ) *«Бұл мамандықта шығармашылықпен айналысуға үлкен мүмкіндіктер болады», «Өз еңбегімнің ерекше тұстарын сезінуге көмектеседі»* деген пікірлерді білдірген. Яғни осы жауаптардан магистранттардың танымдық және шығармашылық мотивтерін дамыту қажеттілігінің туындап отырғанын байқаймыз.

**Магистранттардың шығармашылық мотивін анықтау**




Сурет 9 - Магистранттардың шығармашылық мотивін анықтау барысында алынған жауаптардың қорытынды көрсеткіштері

Магистранттардың әлеуметтік, беделділік, танымдық және шығармашылық мотивтерін анықтау барысында алынған сұрақ-жауап тапсырмаларының пайыздық қорытынды көрсеткіштері төмендегідей:

Сыналушылардың 30%-ы «жауап беруге қиналамын» деп белгілеп, ұсынылған мотивтерді таңдауда сенімсіздік білдіреді. Ал әлеуметтік мотивтер бойынша «иә» деген жауапты таңдағандардың саны – 21%, бұл мамандықты таңдауда қоршаған ортаның пікіріне сүйенетінін көрсетеді, 39% - жауап беруге қиналады. Салыстырмалы түрде қарағанда қоғамда белгілі бір мансапқа ие болуға мүмкіндіктің болуымен, қызмет бойынша мансапқа жетуге ұмтылумен байланысты сыналушылардың 42 % беделдік мотивтерді таңдаған, ал танымдық мотивтерді таңдаған сыналушылардың саны - 26%, оның ішінде шығармашылық мотивтерді таңдаған респонденттердің саны 10%-ға тең. Осыған орай түйіндейтініміз, педагогикалық және психологиялық мамандықтар бойынша оқитын магистранттардың алғашқы қызығушылықтары жоғары білімнен кейінгі білім алу немесе магистрант болуды мақсат етумен сипатталынады. Болашақ маманның ең бастысы осы мамандықты сүю, ғылыммен айналысу және кәсіби өсу ұмтылыстармен ерекшеленуі дәрежесі төмен. Білім алушылардың болашақ педагогикалық еңбегінде жетістікке жетулері олардың «жетістік» ұғымының мәнін оның әлеуметтік және психологиялық астарларын түсінумен байланысты. Осыған орай, магистранттардың акмеге немесе жетістікке қарай ұмтылуының басты шарты

болатын осы бағыттағы пайым деңгейін анықтау мақсатында А. Мехрабианның «Білім алушының жетістік мотивациясын зерттеу әдістемесін» қолдандық. (қосымша Г). Ол жетістікті анықтайтын 36 пікірден құрылған. Сыналушылар барлық пікірлерді мұқият оқып, олардың субъективті пайдалылығы, әлеуметтік маңыздылығы, ұнамдылығы тұрғысынан қарастыра отырып, әрбір пікірді 1-5 ұпайлар шеңберінде бағалайды. Жауаптарды өңдеу жұмысының нәтижесінде магистранттардың *жетістікті экстериоризациялау* («жетістік өмірдің материалдық деңгейі», «жетістік – сәттілік», «жетістік – мойындату», «жетістік – билік») бойынша, сол сияқты *жетістікті интериоризациялау* («жетістік өзіндік іс-әрекеттің нәтижесі», «жеке жетістік», «жетістік– психикалық күй», «жетістік– кедергілерді жеңу», «жетістік – қабілеттілік») бойынша жетістік мотивациясының даму деңгейлері анықталды (кесте 6).

Кесте 6 - Тәжірибенің басында анықталған магистранттардың жетістік мотивациясының көрсеткіштері мен деңгейлері

| Бақылау тобы | | | | Тәжірибелік топ | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Жетістікті экстерио ризациялау | Жетістікті интериоризациялау | Жетістік мотивация сының даму деңгейі | № | Жетістікті экстериоризациялау | Жетістікті интерио ризациялау | Жетістік мотивациясының даму деңгейі |
| 1 | 67 | 86 | 153 | 1 | 55 | 45 | 100 |
| 2 | 49 | 52 | 101 | 2 | 46 | 51 | 97 |
| 3 | 63 | 80 | 143 | 3 | 72 | 80 | 152 |
| 4 | 63 | 81 | 144 | 4 | 53 | 58 | 111 |
| 5 | 60 | 68 | 128 | 5 | 47 | 52 | 99 |
| 6 | 69 | 91 | 160 | 6 | 68 | 82 | 150 |
| 7 | 55 | 79 | 134 | 7 | 62 | 73 | 135 |
| 8 | 75 | 94 | 169 | 8 | 59 | 81 | 140 |
| 9 | 75 | 73 | 148 | 9 | 60 | 79 | 139 |
| 10 | 48 | 64 | 112 | 10 | 66 | 80 | 146 |
| ... | | | | | | | |
| 148 | 51 | 39 | 90 | 150 | 43 | 53 | 96 |
| | 9324:148 = 63 ұпай Орташа | 10064 :148= 68 ұпай Орташа | 19240:148= 130 ұпай Орташа | | 8400:150= 56 ұпай Орташа | 8700:150= 58 ұпай Төменгі | 17100:150 = 114 ұпай Төменгі |

Бұдан шығатын қорытынды магистранттардың жетістік мотивациясының даму деңгейі орташа немесе орташадан төмен екенін көреміз, сол сияқты бұл көрсеткіштер жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу жағдайында

магистранттардың мотивациясын қалыптастыру бойынша арнайы жұмысты ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді.

Магистранттардың акмеологиялық дайындығының **мазмұндық компонентінің сипаттамасын** зерттеу үшін білім алушылардың акмеологиялық категориялар туралы түсінігінің деңгейін анықтауға арналған сауалнаманы (Қосымша Д) пайдаландық және Т.И. Ильинаның төмендегі: «Білім жинақтау; «Мамандықты игеру»; «Диплом алу» сияқты үш көрсеткіштен тұратын жоғары оқу орындарында оқу мотивациясын зерттеу әдістемесін қолдандық (қосымша Е).

Сонымен, тәжірибенің басында магистранттардың әрбір сұрақ төңірегіндегі акмеологиялық білімінің пайыздық көрсеткіштерін анықтадық. Сауалнамаға қатысқан магистранттардың «акмеология» ғылымы жайындағы қарапайым түсініктері, кәсіби құзырлылықтың мәні, педагогикалық шығармашылық пен шеберлік жайлы түсініктері бақылау және эксперименттік топтардағы 298 магистранттың 37% - «орташа», 35%- «орташадан сәл жоғары», 11%- «орташадан жоғары», 9%- «жоғары», 8%- «өте жоғары» көрсеткіштеріне ие болды.

Бақылау тобының магистранттарының орташа деңгейдегі көрсеткіші – 37%, тәжірибелі топтың орташа деңгейі - 35%, бақылау тобының жоғарығы деңгейдегі көрсеткіші - 15%, тәжірибелік топтың жоғарығы көрсеткіші - 14%.

Сауалнама сұрақтарының нәтижесі магистранттардың акмеология ғылымы туралы аз мөлшерде игергендіктерін, болашақ оқытушылар ретінде өздерінің кәсіби өсуіндегі баспалдақтардың қандай болатындығын анық түсіндіре алмайтындығын байқатты. Магистранттардың акмеологиялық білім бойынша төмен деңгей көрсетуінің себебі педагогикалық мамандар дайындау мазмұнында кәсіби шығармашылыққа байланысты арнайы пәндердің жүргізілмеуінен, жетістікке жету, табысты болу мәселесінің педагогикалық және психологиялық тұрғыда қарастырылмауынан туындап отыр деп санаймыз.

Кез келген мамандық иесінің еңбекте табыстарға жетуі үшін сол мамандықты адаспай, дұрыс таңдауының маңызы өте зор. Сондықтан бізге білімгерлердің осыған қатысты түсініктерін айқындап алу міндеті тұрды.

Магистранттардың болашақ ғалым ретінде қалыптасуы мен жетілуіне қатысты олардың болашақ кәсіби іс-әрекетінің мазмұны, рөлдік құрылымы, кәсіби қызметтері мен міндеттері туралы, сонымен бірге сапалары, білімдері, біліктері, дағдылары, құзыреттеріне қатысты ғылыми көзқарастары қалыптасқандығы туралы қажетті ақпарат алу үшін Т.И. Ильинаның төмендегі: «Білім жинақтау; «Мамандықты игеру»; «Диплом алу» сияқты үш көрсеткіштен тұратын жоғары оқу орындарында оқу мотивациясын зерттеу әдістемесін қолдандық (қосымша Е). Бұл жұмыстың нәтижелері 7 кестеде келтірілді.

Кесте 7 – Магистранттардың «Білім жинақтау»; «Мамандықты игеру»; «Диплом алу» мотивтерін анықтау барысында алынған сұрақ-жауап тапсырмаларының пайыздық қорытынды көрсеткіштері

| Топтардың категориясы | Сыналушылардың саны | «Білім жинақтау» | «Мамандықты игеру» | «Диплом алу» |
|---|---|---|---|---|
| Бақылау тобы | 148 | 50 | 23 | 75 |
| Тәжірибелік топ | 150 | 78 | 9 | 63 |
| Пайыздық көрсеткіштер | 100% | 43% | 11% | 46% |

Жоғарыдағы кестеден магистранттардың мамандықты таңдауда ең басты өлшем ретінде «Диплом алу» (формальды түрде білім игеру барысында диплом алуға ұмтылу, емтихан және сынақ тапсыру барысында оңай жолдарын іздестіру) мотивтерін таңдағанын көреміз - 46%, одан кейін «Білім жинақтау» (білім жинақтауға ұмтылу, білуге деген ұмтылушылық) - 43%, «Мамандықты игеру» (кәсіптік білімді игеруге және кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыруға ұмтылу) - 11%. Әрине «Білім жинақтау» мотивтерінің басым болғаны өте жақсы, бірақ болашақ маман өзінің кәсіби мамандығын үлкен жетістікпен орындауы үшін жинақтаған білімдерін кәсіби іс-әрекетте қолдана білу керек, ол үшін кәсіби өсу мотивациясы болғаны абзал. Болашақ мамандар жақсы кәсіби маман боламын, осы мамандықты өте жақсы игеремін деген қызығушылықпен оқығанда ғана болашақ мамандардың кәсіби еңбекте шыңға жетуі жүзеге асады.

Маманның акмеологиялық дайындығында оның шығармашылық әлеуеті мен креативтілігінің алатын орны зор. Бұл ретте алдымызға эксперментке қатысушылардың осы сапасын анықтау міндетін қойдық. Е.И.Роговтың еңбегінен алынған сауалнамадағы сұрақтар сұхбаткердің білуге құмарлықтарының мүмкіншіліктерін, өздеріне деген сенімділіктерін, тұрақтылықты, көру және есту жадымен, дербестікке деген талпынысын, сонымен бірге ой жинақтау қабілетін диагностикалайды (Қосымша Ж).

Осы диагностикалық жұмысымыздың нәтижелері төмендегідей болды:

Магистранттардың шығармашылық әлеуеті мен креативтілігі дамуының деңгейі орташа немесе орташадан төмен екенін көреміз (Е.И. Рогов бойынша). Мысалы, бақылау тобының көрсеткіші – 33,3 ұпай (орташа коэффициенті – 4,7) болатын болса, тәжірибелік топтың көрсеткіші – 29 ұпай (орташа коэффициенті – 4,4) (сурет 10). Олардың шығармашылықпен жұмыс жасауына бойларындағы үрей, сәтсіздіктерден қорқу, тағы да басқа кедергілер теріс ықпал ететіндігін байқатты.




Сурет 10 - Тәжірибенің басында анықталған магистранттардың шығармашылық әлеуеті мен креативтілігінің көрінуі

Сонымен, шығармашылық әлеует пен креативтілікті дамыту үшін арнайы қалыптастырушы жұмысын ұйымдастыруды кажет екендігін көрсетеді. Магистранттардың шығармашылық әлеуеті мен креативтілігі дамуының жоғары болуы олардың шығармашылыққа мотивтерінің жоғары деңгейде болуымен сипатталынады.

Ғылыми және педагогикалық әрекетте жоғары нәтижеге бастайтын тұлғаның сезімдері мен оның рухани адамдық қасиеттері біздің зерттеуіміздегі акмеологиялық дайындықтың әрекеттік компонентінің құрамындағы сипаттар. Шынайы кәсіби маман болу үшін педагог-психологтар өз бойында болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажетті кәсіби-маңызды қасиеттерді қалыптастыру керек. Олар тек ғылыми-педагогикалық іс-әрекеті барысында қалыптасатын қасиеттер. Сол қасиеттерді анықтауда Т.И. Ильинаның сауалнамасындағы қасиеттерге қатысты сұрақтар бойынша жауаптары анықталды.

**«Өзіңізге тән қандай қасиеттеріңізді бағалайсыз?»** - «аққөңілдік, бауырмашылдық, басқа адамдардың жағдайын еске алушылық», «алға ұмтылушылық, еңбекқорлық», «үнемі жақсы жетістіктерге жетуге талпыныс, тәрбиелілік», «табандылық, сабырлық», «шыдамдылық», «жауапкершілік, адалдық, шынайылық», «белсенділік», «көшбасшылық, жаңашылдық, шығармашылық», «адамгершілік» және т.б.;

- **«Өзіңіздің қандай қасиетитеріңізден аулақ болғыңыз келеді?»** - «қатты сезімталдық, көп эмоцияны ішіме сақтаймын, өкпелегіштік», «бүгінгі жұмысты ертеңге қалдыру», «жалқаулық, жалған сөйлеу, әлсіздік», «ашушандық, қызбалық, сабырсыздық», «жалқаулық, ұяндық, сенімсіздік», «еріншектік», «қызбалық» және т.б.

- **«Қандай қасиетіңіз оқуға сізге кедергі жасайды?»**- «сасқалақтау, ұялу», «ешқандай», «үлгермеушілік», «еріншектік», «жалқаулық», «сенімсіздік», «шыдамсыздық», «менменшілдік», «өзіме деген аса жоғары сенімділік», «алаңдаушылық» және т.б.

- **Өзіңіздің қандай қасиеттеріңіз оқуға көмектеседі?»**- «қызығушылық», «білімге құмарлық», «өмірге деген ынталылығым, жоғары дәрежелі маман болуды армандаймын», «әрқашан тырысамын», «жауапкершілік, ынтызарлық», «шығармашылық», «білімге құштарлық», «белсенділік», «іздемнімпаздық, алға ұмтылушылық», «сабырлылық».

Осы жауаптардан біз сыналушылардың болашақ мамандыққа қажетті кәсіби-маңызды қасиеттердің тізімін айқындадық: «жауапкершілік, «сабырлылық, бауырмашылдық, үнемі жақсы жетістіктерге жетуге талпыныс, тәрбиелілік, еңбекқорлық, білімге құмарлық, табандылық, адалдық, шынайылық, жаңашылдық, шығармашылық.

Сонымен қатар, болашақ мамандықты жетістікпен игеруге, қызметін шығармашылықпен, креативтілікпен орындау үшін кедергі келтіретін жағымсыз қасиеттердің болатынын анықтадық: «үлгермеушілік, еріншектік, жалқаулық, жалған сөйлеу, ашушандық, қызбалық, сабырсыздық, ...».

Болашақ маманның **«эмпатиясын»** зерттеу үшін Холлдың «Эмоциялық интелект (EQ)» тестісін қолдандық (Қосымша И ). Осы әдістемені қолдану барысында болашақ педагогикалық және психологиялық саладағы мамандықтар үшін маңызды кәсіби қасиеттері болып анықталынатын «Өз эмоцияларын басқару» және «Эмпатия» шкалаларына мән бердік. Әдістеменің талаптарына сәйкес «Өз эмоцияларын басқару» және «Эмпатия» қасиеттерінің жоғары даму деңгейлері 14-ке тең болуы тиіс. Бірақ зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде көрсеткіштердің барлығының мәні орташа және орташадан төмен деңгейде болып анықталды.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген нәтижелер бойынша әрбір кәсіби мәнді сапалардың мәні орташа немесе орташадан төмен деңгейде екендігі анықталды. Осыған орай кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту қажеттілігі бар.

Бақылау және тәжірибелік топтардағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының рефлексивті компоненттің сипаттамасын зерттеу үшін А.В. Карповтың тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесін пайдаландық. Болашақ маманның акмеге жылжуы міндетті түрде рефлексиялық ойлаудың сипаттарымен ерекшелінеді (қосымша К). Ол үшін магистранттардың бойында өзін тану қабілеті, мамандық іс-әрекетін мен өз мінез-құлқын бағалау қабілеттері қалыптасу керек.

Магистранттардың рефлексиялық ойлауының даму деңгейін анықтау үшін оларға сұрақ-жауаптың бірнеше пікірлері ұсынылады, ұсынылған жауаптың нұсқаларына сәйкес тиісті санды қою керек. Әдістеменің нәтижелерін жинақталған ұпайлардың соммасына қарй үш түрлі категорияларға жатқызамыз:

1-категория: 7 тең немесе одан жоғары болса, рефлексиясы өте жоғары дамыған.

2-категория: 4 -7 аралығында болса, орташа дамыған рефлексия.

3- категория: 4-тен төмен болса, төменгі деңгейдегі рефлексия.

Жоғарыда көрсетілген кагориялар бойынша магистранттардардың 52%-ы төменгі деңгейдегі көрсеткіштерді көрсетті, ал 33%-ы – орташа деңгей, 15%-ы- жоғары деңгей (сурет 11). Сонымен сыналушылардың басым көпшілігінің көрсеткіштері жоғары деңгейде емес, яғни қалыптастырушы тәжірибелік жұмысты жүргізу керек дегенді білдіреді.




Сурет 11 - Бақылау және тәжірибелік топтардағы магистранттардың рефлексиялық ойлауының даму деңгейлері

Бақылау тобындағы магистранттардың рефлексиясының орташа және жоғары дамуының көрсеткіштерінің пайыздық қатынастағы мәні - 22%, ал тәжірибелік топта - 26%. Сонымен, анықтау экспериментінің нәтижелерін талдау барысында біз анықталған көрсеткіштерінің орта және орташадан төмен деңгейлерін байқадық, *бұл қалыптастырушылық эксперименттің* жүргізілуінің қажеттілігін айқындайды.

### 3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперимент және оның нәтижелері

Қалыптастырушы экспериментті жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- магистранттардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыруға қажетті теориялық таным-түсініктерін толықтыру;
- жоғарыдан кейінгі білім беру үрдісінде инновациялық технологияның әдістерінің барлық мүмкіндіктерін толық пайдалану;
- магистранттардың зерттеліп отырған сапасын қалыптастыруға бағытталған акме- тренингтер жүргізу;
- педагогикалық мамандықтарда оқитын магистранттар арасында «Мамандықтың үздік магистранты» байқауын өткізу;

- қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін шығарып, тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу.

Бірінші мақсат бойынша зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы эксперименті барысында «Педагогикалық акмеология» тақырыбындағы арнайы элективті курс бағдарламасы жасалып, тәжірибеден өтті.

*Курстың мақсаты:* магистранттардың акмеологиялық категориялар туралы түсінігінің қалыптасуына, адам дамуының негіздік детерминанттары мен заңдылықтары, негізгі ұстанымдары мен тетіктері, акме-педагогтың сипаты туралы түсініктер алуына ықпал ету.

**«Педагогикалық акмеология»** пәнін оқу нәтижесінде магистранттар акмеологиялық ғылымның негізгі ұғымдар мен ережелерін игеріп, оқу сабақтарында және өзіндік жұмыс барысында өзінің оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың акмеологиялық әдіс-тәсілдерін, кәсіби және рухани мәселелерді шешуде игерілген білімдерді пайдалану біліктерін қалыптастырып, ұжымдық ойлау іс-әрекетін жүзеге асыру тәсілдерін игеріп, ұлы адамдардың жетістіктерін талдау негізінде, шығармашылық іс-әрекетті жетістікпен жүзеге асырудың шарттарының сипаттамасын білетін болады.

Курс бағдарламасын меңгеру барысында қазіргі заман талабына сәйкес оқытудың белсенді және ақпараттық-коммуникациялық технологияның барлық әдістері қолданылды.

Курс бағдарламасының бірінші «*Педагогикалық акмеология ғылымының пайда болуының алғышарттары*» тақырыбы бойынша қазіргі даму жағдайындағы педагогикалық акмеологияның пәні, объектісі, проблемалық алаңы, басты мақсаттары мен міндеттері, категориялық аппараты, қоғамтану және адамтану жүйесінде акмеологияның орны, акмеологияның қалыптасу кезеңдері талданды. Тақырып бойынша дәріс интерактивті оқыту арқылы, эвристикалық- шығармашылық, жаңа шешім қабылдауға бағытталған түрде өткізілді. Интерактивті оқыту – жаңа білімді, диалог, полилог түрінде меңгеруді мақсат ететін танымдық үрдіс. Магистранттарға білім беру ісін интерактивті жағдайда ұйымдастыру топ құру, проблемаларды тұжырымдау, қарама-қайшылықтары бар, әртүрлі пікір туғызатын мәселелерді анықтап алудан басталды. Ең бастысы сабақта магистранттар алдына қойған мәселелердің түсінікті екеніне көз жеткізу қажет. Бұдан соң проблема диалог, полилог түрінде алдымен кіші топтарда, содан соң ұжымда талқыланды.Білім алушы мен ұсынушы субъектілері арасындағы бірдей белсенділікті көздеген бұл әдіс магистранттардың топта бірлесіп жұмыс атқару және басқарушылық қабілеттерін, эмоцияларын , сөйлеу мәдениетін дамытуға, түйін жасауды, шешендікті, танымдық белсенділігін арттыруға ықпалын тигізді.

Екінші «*Педагогикалық акмеологияның ғылым ретіндегі сипаты*» тақырыбында педагогикалық акмеологияның іргелілігі, ізгіліктік бағыттылығы, ықпалдастық сипаты, педагогикалық акмеологияның пәнаралық байланыстары, заманауи педагогиканың әдіснамалық негізі ретіндегі акмеологиялық амал (тұғыр), педагогикалық акмеологияның жалпы және нақты әдіснамалық ұстанымдары: детерминизм, ізгіліктік, дамушылық, кешенділік, жүйелілік,

субъектілік, белсенділік, тұлға мен іс-әрекет бірлігі  талқыланды. Дәріс сабағы бағдарламалық формада жүргізілді. Бағдарланатын формалар мен әдістер үшін нақты алгоритм түзілді. Алгортммен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты - оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар,  ізденіс қабілетін дамыту Түзілген алгоритм негізінде жұмыс жасау магистранттардың өз бетінше білім алу, танымдық белсенділікті арттыру, білім сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпалы мол.

*«Педагогикалық акмеологияның басты объектісі ретіндегі дамушы педагог» атты* үшінші тақырыпта тұлға дамуының негізгі теориялық бағыттары мен заңдылықтары, тетіктері сипатталды. Бұл сабақта оқу үрдісінде қатысушылардың барлығынан бірдей белсенділік пен бастамашылдықты талап ететін өзара белсенділік оқыту формасының бірі – ой қозғау әдісі қолданылды. Дәріс басталмас бұрын магистранттардан тақырып бойынша не білетіндіктері анықталды және қарастырылып отырған мәселеге байланысты өзінің білімінің жеткіліксіз екенін сезіну арқылы оқуға деген ынта-ықыласын арттыру көзделді. Ой – қозғау әрекетінің ережесі таныстырылды. Олар: ойға келген барлық идеяларды ортаға салу, оларды сынға алмау, бір-бірін тыңдау, сапалы ой айту керек деп сескенбей, күтпеген, фантастикалық ұсыныстарды ашық айту. Мәселені талқылау үшін топтар құрылды, топ мүшелері мәселені шешудің жолдарын ойларында қарастыра бастайды. Берілген уақыттан кейін әрбір білім алушы  өзінің вариантын ортаға салды. Бұл идеяны топтың бір мүшесі қағазға түсіріп, жинақтап отырды. Екінші кезеңде әрбір идея, ұсыныстың мәселені шешудегі мүмкіндігі талқыланды. Сабақта ой қозғау әдісінің тиімді қолдану магистранттардың  шығармашылық әлеуетін дамытуға септігін тигізді.

*«Акмеологиялық заңдар мен заңдылықтар»* төртінші тақырып бойынша акмеологиялық заңдылықтардың түрлері, олардың жалпылама сипаты, психологиялық заңдылықтармен ұқсастығы мен айырмашылықтары. Түрлі кәсіби саладағы тұлғалық-кәсіби дамудың акмеологиялық заңдылықтары зерделенді. Сабақта магистранттарға «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісі қолданылды. Дәріс басталмас бұрын дәптерлеріне екі бағаннан тұратын кесте сызу ұсынылды. «Маған өте қатты әсер еткен үзінді» бағанына білім алушылар берілген мәтін бойынша белгіленгін уақыт аралығында өздеріне қатты әсер еткен тұстарын бірінші бағанға жазды. «Соған байланысты пікірім» бағанына арнайы уақытта пікірін жазу берілді. Әр тыңдаушының жазған үзінділері мен пікірлері кіші топтарда талқыланды да, ең өзектілері немесе ортақ көзқарасқа келмеген мәселелер ұжымда талданды. Дәріс барысында осы әдісті қолдану білім алушылардың оқытушымен бірге жаңа ақпаратты меңгеру, түсіну үшін белсенді жұмыс жасауына ықпал етті. Ой туғызу, пікір қалыптастыру, көзқарасты дәлелдей алу дағдыларын қалыптастырды.

*«Кәсіби іс-әрекет субъектісі ретіндегі ересек адам дамуы феноменологиясының акмеологиялық және психологиялық аспектілері»* атты бесінші тақырыпта білім алушылар  презентациялар жасады. Іс-әрекет  және дамуға кәсіби қатынасы, тұлғалық-кәсіби өзін-өзі анықтау мен дамытудың акмеологиялық кеңістігі, педагогтың өзін-өзі өзектендіруі мәселелері қарастырып, оларды презентациялар арқылы ғылыми негізде түсіндірді. Білім

берудің қазіргі заман талаптарына сай магистранттардың қажеттіліктері мен оқып-үйрену ерекшеліктерін ескере отырып, икемдеп түрлендіруге зор мүмкіндік беретін презентациялар сапалы жасалынды. Пән мазмұнын игеруде слайд-презентациялар дайындау оқытудың тиімділігін арттырады. Презентациялар дайындау әдісі магистранттардың шығармашылық ойлауын, жобалау негізінде өзін-өзі білімдендіруін, өзін-өзі жетілдіруін, ойлаудың тереңдігін дамытуына мол әсерін тигізді.

Курс бағдарламасының *«Педагог еңбегінің ерекшелігі (акмеологиялық іс-әрекет)»* алтыншы тақырыбы бойынша дәріс пікірталас түрінде өткізілді. Пікірталас – түйткілді мәселе жайлы еркін пікір алмасу болып табылады. Бұндағы басты нәрсе – айтар ойды фактілерге сүйене, логикаға сыйғыза отырып дәлелдей алу. Магистранттар акме-педагогтың сипаты, акме-педагогты диагностикалау, педагог кәсібилігінің акмеологиялық көрсеткіштері мен өлшемдері, кәсібиліктің деңгейлері, кезеңдері, сатылары мен педагогтың акмеологиялық құзіреттілігінің құрылымы туралы пікірлерін ортаға салды.

*«Педагогикалық іс-әрекетте АКМЕні пайдалану тәжірибесі» жетінші* тақырыбында оқыту мен тәрбиелеудің заманауи теориялары және оларды тәжірибеде қолдану жағдайы туралы магистрант портфолиосын әзірледі. Портфолио - білім алушының дамуын, оның жетістіктерін көрсететін көпмақсатты құжат болып табылады. Магистранттардың алған білімдердің нәтижесін портфолионың талаптарына сәйкес білім алушының ынтасы мен дамуын байқауға болады. Тақырыптық портфолиода ұсынылған материалдар олардың білім нәтижелерін көрсететін жұмыстарының жиынтығы болады. Магистранттар білімдік, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативтік бағыттарда практикалық тұрғыдағы белсенділігін көрсетті. Сонымен, магистранттар білім алу мен өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында дайындаған тақырыптық (белгілі бір тақырып бойынша жинақталады) портфолиосы олардың болашақтағы мамандығы бойынша кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға ықпалын тигізді..

*«Педагогикалық іс-әрекеттегі акмеологиялық технологиялар»* атты сегізінші тақырыбында акмеология мен психологиядағы «технология» категориясы, акмеологиялық технологиялардың ерекшеліктері, акмеологиялық технологиялардың түрлері және олардың мазмұны эвристикалық әңгімелесу, проблемалық талдау, зерттеушілік интербелсенді әдістер арқылы түсіндірілді. Осы әдістер арқылы магистранттардың идеяларды жинақтауға, ойлауға, олардың шығармашылық өзіндік дамуын қамтамасыз етуге көмектесті.

*«Акмеологиядағы моделдеу»* тоғызыншы тақырыбы акмеологиялық моделдерді әзірлеу барысындағы жүйелілік сипаттамалар, акмеологиялық модельдердің түрлері, бағдарламалық-мақсаттылық бағыттылықтың акмеологиялық тренингтері бойынша талданды.

Дәріс – білім алушыларды білім, ғылым саласындағы жаңа бағыттар жайлы түсініктер беру үшін негізінен жаңа идеяны насихаттау, жаңа хабарламалар жасау, жаңа тәжірибені жеткізу мақсатында қолданылатын кең тараған оқыту әдістерінің бірі. Дәрістің маңызды сапасы оның ғылымилығы, өмірмен байланыстылығы, өміршеңдігі. Қазіргі таңда дәрістерде оқытушы

тарапынан дайын материалды меңгертпей, білім алушыларға жаңа ақпаратты өздігінен игеруге мүмкіндік бергеніміз жөн. Бағдарлама бойынша өткізілген магистранттардың өзін ойландыруға бағытталған әрбір дәрістерде оқытудың белсенді әдістері мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өткізу тиімді екеніне көз жеткіздік. Оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, креативтілігін дамытты. Магистранттар оқу бағдарламасына сәйкес дәріс сабақтарында теориялық мағлұматтарды игерумен қатар, өз бетінше ізденістерін арттырып жеке, жұптық, топтық формада шығармашылық жұмыстарымен айналысты.

Зерттеу жұмысымыздың эксперименттік бөліміндегі тәжірибелік сабақтарда білім алушылар мәселені талқылауға қатысу барысында алған мәліметтеріне әрі қарай тереңдей түсу, ол білімдерді өз бетінше толықтыру, өз тәжірибесін басқаның тәжірибесімен салыстыру сияқты мәселелері шешілді. Сонымен қатар білім алушыларды белсендірудің жолдарын іске асырудың құралдары тиімді пайдаланылды. Мұндай сабақтар барысында білім алушылар хабарламалар жасау, презентациялар әзірлеу, бірлескен шағын зерттеулер жүргізу жұмыстары барысында идеялармен алмасу, ойларын толықтыру, талдау, өзіндік талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Семинар сабақтарында білім алушылар оқытудың белсенді әдістерін тиімді қолдана отырып, өзіндік талдау, сыни ойлау, ой қорыту, жинақтау, өзіндік пікірін қорғау арқылы әрбір тақырыптың мазмұнын терең меңгерді.

***Сонымен, тәжірибелік жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңіндегі технологиялық бөлігіне тәжірибеге бағытталған акметренингтер жатады.***

Акмеологиялық тренингтер магистранттардың біртұтас және орнықты дамуына, әрбір магистранттың жетістіктерге жетуіне, оның ішкі мотивациясын қалыптастыруға, сонымен бірге акмеологиялық дайындығының қалыптасуына бағытталған. Бұл жерде біздің зерттеуімізге сәйкес *акмеологиялық дайындықты қалыптастыруда* магистранттың болашақтағы кәсіби іс-әрекетінің өнімділігін жасау үшін маңызды ішкі күштерін, оның әлеуеті мен резервтерін дамыту маңызды болады.

Сол себептен, біз құрастырған акмеологиялық тренингтердің басым жақтары мыналар:

- тұлғалық жетістіктерге жетуге бағдарлануы;

- орнықты ішкі мотивациясының болуы, басымдылық негізінде магистрантты дамытуы мен тәрбиелеуі;

- рухани және адамгершілік тұрғысындағы құндылықтық бағдарлануының болуы;

- ынтымақтастыққа қабілетті танымдық іс-әрекеттің субъектісі ретінде магистранттың өзін-өзі дамытуы;

- оза оқытуға сүйене отырып, оқытудағы табыстылықты арттыру тактикасының болуы.

*Акмеологиялық тренингтердің* негізгі ерекшелігіне магистранттардың

өзін-өзі дамыту кезеңдерін жүзеге асыру жатады:

- өзін-өзі өзектілендіру, жетістіктерге жетуге қажеттілікті қалыптастыру;
- өзінің кемшіліктері мен жетістіктеріне өзіндік талдау;
- өзінің нәтижелеріне өзіндік талдау;
- шығармашылық жұмыстарында өзін-өзі жүзеге асыру;
- өзінің жұмысын өзі ретке келтіру;
- магистранттың өзіндік санасын білім беру субъектісі ретінде дамыту.

*Әсер ету бөліктері:*

- шығармашылықты дамыту;
- рефлексия;
- жұмысқа қабілеттілікті сақтау;
- қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық.

Осыған орай, акме-тренингтің басым құрылымдық жақтары акмеологиялық дайындықтың төрт компонентін дамытуға бағдарланған. Мысалға, акмеологиялық дайындықтың әрекеттік компонентінің сипаттамаларын дамыту ісі болашақ мамандардың кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлерін қамтиды. Болашақ педагогтар мен психологтардың кәсіби-маңызды ортақ қасиеттеріне төмендегілер жатады: *жауапкершілік, эмоциялық тұрақтылық, бақылағыштық, эмпатия, тыңдай білу білігі, рухани-адамгершілік, рефлексия, креативтілік және т.б.*.

**Акме-тренингтердің мақсаты:** педагог-психолог мамандығы бойынша магистранттардың шығармашылық әлеуетін дамыту мен кәсіби өсуге ұмытылысын дамыту.

*Міндеттері:*

- магистранттардың креативті ойлауын дамыту;
- болашақ мамандықтарына қажетті кәсіби-маңызды қасиеттерін дамыту және өзін-өзі дамытуға, өзектілендіруге дайын болуға ықпал ету;
- өзінің педагогикалық көзқарастары мен ұстанымдарын талдауға, тұлға және кәсіби маман ретінде өзінің жеке қасиеттерін ескеруге дайын болу мотивациясын қалыптастыру және олардың кәсіби іс-әрекеттің дамуына әсерін тигізетінін ұғыну, мамандыққа деген қатынасындағы маңызды өзгерістерді өндіру қабілеттерін қалыптастыру;
- өзін-өзі тану мен дамытуда белсенді позициясын ұстануға бағдарлау және рефлексиялық ойлауын дамыту.

*Акме-тренингті құрастыру барысында* ізгіліктік, дамытушылық, субъектілік ұстанымдар басшылыққа алынды. *Технологиялық үдеріс* бірізді, жүйелі түрде ұйымдастырылды, оның барысында тренингтік сабақтардың ережелері сақталынды.

Эксперимент барысында қатысушылар алдымен акмеологиялық тренингтердің негізгі бағыттарымен танысты, соның ішінде болашақ маманның кәсіби-маңызды қасиеттерін дамыту жолдарын зерттеп, оның әдіс-тәсілдерін игерді. Нәтижесінде акмеологиялық әсер ету маңыздылығын ұғынып, оқытушының басқаруымен акме-тренингтердің жоспарын әзірледі. Бұл акме-тренинг құрылымында бірнеше тақырыптар қамтылған:

1. «Өзінің Менін ұғыну».

2.«Командалық даму».

3.«Креативтілік туралы пікір қалыптастыру».

4. «Креативтілік туралы пікірді дамыту».

5. «Тұлғалық өсу».

6. «Кәсіби өсу».

7. «Эмпатияны дамыту».

8. «Эмоциялық тұрақтылықты дамыту».

Әр тақырып бойынша магистранттар белгілі бір кәсіби-маңызды қасиеттермен танысып, педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі олардың маңыздылығын ұғынды.

Акме-тренинг бағдарламасы 9 бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің *мақсаты* – магистранттың белгілі бір кәсіби маңызды қасиетін дамыту.

*Бірінші бөлім «Өзінің Менін ұғыну».* Осы бөлімнің жаттығулары магистрантқа өзінің әлсіз және мықты қасиеттерін ұғынуға көмектеседі, оларды біртұтас қарастыруға мүмкіндік береді, өз мінез-құлығының түрткілерін анықтауға, оларды түсінуге ықпал етеді.

*Екінші бөлім «Командалық даму».* Осы бөлімнің жаттығулары топта бірлесе жұмыс жасауға, өзгенің пікірін қабылдауға және оны тыңдай білуге үйретеді, сонымен бірге ынтымақтастықта жұмыс істеу стилімен танысады.

*Үшінші және төртінші бөлімдер «Креативтілік туралы пікір қалыптастыру мен дамыту».* Осы бөлім шығармашылық үдерістің кезеңдерін және креативтіліктің көрініс беруіне теріс ықпал ететін кедергілерді ұғынуға ықпал етеді. Тренингтегі жаттығулар тұлғаның қасиеті ретінде қарастырылатын креативтіліктің белгілі бір жақтарын дамытуға бағытталған: өзгешелік, танымалдық, қиял, интуиция, ойлау жылдамдығы, тапқырлық, бақылағыштық және т.б.

*Бесінші бөлім «Тұлғалық өсу».* Бұл бөлімнің жаттығулары жаңа тәжірибені сезіну, өз құндылықтарын ұғыну, бақылағыштық қасиетін дамыту және шығармашылық қиялын оятуға бағытталған, таным іс-әрекетіне жалпы қабілеттілігін дамытуға, кез-келген іс-әрекетте тұлғаның жетістігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

*Алтыншы бөлім «Кәсіби өсу».* Жаттығулар кәсіби сана сезімді дамыту, біліктерін ұғыну, кәсіби қабілеттеріне сенімділігін арттыруға бағытталған. Кәсіби міндеттерді саналы түрде ұғыну арқылы тұлғалық жауапкершілік сферасын ұғынады, өз жауапкершілігіне сәйкес әрекет ету механизмдерін игереді., сонымен қатар болашақ мамандығы бойынша кәсіби нормаларды орындаудың маңыздылығын түсінеді.

*Жетінші және сегізінші бөлім «Эмпатияны дамыту».*«Эмпатия» ұғымымен таныстыру. Жаттығулар магистрантқа өзінің сезімдері мен сезінулерін ұғыну, психологиялық бақылағыштықты дамыту, партнердің вербалды емес белгілерін «оқу» дағдыларын қалыптастыру, партнердің сезімдерін түсіну дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар рефлексиялық ойлауды дамытып, өз іс-әрекетінің нәтижелерін өзіндік бағалау

тұрғысынан қарастыру дағдыларын жаттықтырады. Рефлексияның дамуы барлық жаттығулардың аяқталуымен сұрақтар арқылы анықталынады. Рефлексияның дамуы өз ойлары мен сезінулерін үнемі айтып беру арқылы жүзеге асады, олар кері байланыспен толықтырылып тұрады.

*Тоғызыншы бөлім «Эмоциялық тұрақтылықты дамыту».* Осы бөлімнің жаттығулары арқылы магистранттар өзін-өзі басқару тәсілдеріне үйренеді, кәсіби бейімделу барысында болашақ маманның эмоциялық тітіркенуін болдырмауға бағдарланған жаттығуларды, стрестік жағдайлардағы өзін-өзі басқару дағдылары мен мінез-құлық ережелерін игереді.

Тренингтік сабақтарда кәсіби-маңызды қасиеттерді дамыту бойынша жаттығулармен таныстыру ұсынылды, тұлғалық және кәсіби өсу мотивациясы дамытылды, сонымен бірге тұлғаның қасиеті ретіндегі креативтіліктің кейбір жақтарын дамытуға арналған тапсырмалар кіріктірілді.

Солардың бірі «Өзін-өзі басқару тәсілдерін» үйрету, «Эмоциялық тұрақтылықты дамыту» тақырыбындағы 2 сағаттық тренингтер. Осы тренингтің негізгі міндеті болашақ оқытушыларға өздерінің кәсіби бейімделуі барысында арнайы жаттығулар арқылы болашақ маманның эмоциялық тітіркенуін болдырмауға дағдыландыру.

Магистранттар аудиторияда өздеріне кішігірім мастер-класс ұйымдастырып, тренингтік сабақтар барысында өз тәжірибелерімен бөлісті.

***«Эмоциялық тұрақтылықты дамыту»*** **тренингі.**

**Тренингтің мақсат-міндеттері:**

1.Өзін-өзі басқару тәсілдеріне үйрету.

2.Кәсіби бейімделу барысында болашақ маманның эмоциялық тітіркенуін болдармауға бағдарланған жаттығуларды игеру.

**Қолданылатын әдістер кешені:**

Тапсырма №1: Менің эмоцияларым.

Тапсырма №2: «Сезінушіліктер мен эмоциялық күй» кестесін толтыру.

Тапсырма №3: Жағдаяттар.

Тапсырма №4: Бақылау тәжірибесі.

Тапсырма №5:Әңгіме құрастыру.

Тапсырма №6: Дәйек сөз бен қанатты сөздер.

Тапсырма №7: Өзін-өзі басқару тәсілдері.

**Күтілетін нәтиже:** Өзін-өзі басқару қабілеті.

**Тренингтің барысы:**

**Тапсырма №1: Менің эмоцияларым.**

Сұрақтарға жауап беру:

1.Қарым-қатынаста мен өзімнің эмоцияларымды қалай басқарамын?

2. Қоршаған адамдарға мен қалай көрінемін – эмоционалды немесе ұстамды және суық адам?

3. Адамдармен қарым-қатынаста қандай эмоциялар басым болады?

4. Менің сезімдерімді өзге адамдар оңай сезініп, түсіне ме?

5. Басқа адамдармен қарым-қатынас барысында мен өз эмоцияларыма ерік беремін бе?

6. Өз эмоцияларым арқылы басқа адамдардың мінез-құлқын басқаруға тырысамын ба, мысалы, нашар көңіл күймен және ренішпен? Мен басқа адамдарға өзімнің ойлағанымды істете аламын ба?

7. Басқа адамдармен қарым-қатынас жасау барысында эмоционалды болу керек пе?

8. Басқа адамдар менімен қарым-қатынасқа түскенде эмоционалды болса, мен қалай жауап беремін?

9. Өзге адамдарда қандай эмоциялар маған ұнайды? Қандай эмоциялар жағымсыз және үрей тудырады?

10. Өзгелер эмоциясын білдірмегенде мен не істеймін?

Магистранттар осы сұрақтарға өздерінің ойларына сәйкес жауаптарын берген соң, болашақ мамандыққа сәйкес маңызды кәсіби қасиеттердің құрылымындағы эмоциялық құраушылардың дамуының бағыттылығы туралы қорытынды жасады.

**Тапсырма №2: «Сезінушіліктер мен эмоциялық күй» кестесін толтыру**

| | | |
|---|---|---|
| Жағымды | Бір мағыналы емес | Жағымсыз |
| Қуаныш | Мұң | Ашу |
| Шаттану және т.б. | Күдіктену және т.б. | Реніш және т.б. |

**Тапсырма №3: Жағдаяттар**

Бөлек бланктерде үш түрлі жағдаятты еске түсіріп, жазу. Оларда жақын адамымыз өз қылығымен сізге жағымды әсер қалдырады; үш жағдаят жақын адамның өз қылығымен Сізді ренжіткені, ызаландырғаны туралы болу керек.

**Тапсырма №4: Бақылау тәжірибесі**

Бір апта бойына өзіңіздің және жақын адамдарыңыздың сезімдерін бақылау. Сезімдерді білдіру, оларға жауап беру білігін көрсету. Бланктың келесі бетінде жағдаятты сипаттап жазу, болуы мүмкін кедергілер мен қиындықтарды көрсету.

**Тапсырма №5: Әңгіме құрастыру**

«Шындыққа ұласатын бақытты күн» тақырыбында әңгіме жазу. (Онда өзінің өмірлік сценарийін жазып шығу).

**Тапсырма №6: Дәйек сөз бен қанатты сөздер**

Өзінің сенімділігін арттыратын дәйек және қанатты сөздердің мысалдарын келтіру (5 мысалдан кем болмау керек).

**Тапсырма №7: Өзін-өзі басқару тәсілдері**

Өзін-өзі басқарудың үш тәсілін мысал ретінде келтіру, оларды тренинг қатысушыларына ұсыну.

Білім алушылардың шығармашылық ойлауы мен елесін дамытуға бағытталған *«Креативтілік туралы пікір қалыптастыру мен дамыту»* тақырыбындағы тренингте тұлғаның ішкі ресурстарын жұмылдыруға, оның креативтілігін дамытуға бағытталған акмеологиялық тренинг қолданылды. Акме-тренингтің негізгі міндеттері: креативтіліктің кедергілерін ұғыну мен

болдырмаудың амалдарын жасау, кедергі келтіретін кәсіби стереотиптерді жою. Тренингке қатысушылар тренермен қатар оқу үдерісінде белсенді рөл атқарып, өзіндік тәжірибесін қайта ұғынып, жүйеледі. Тренингтің міндетті атрибуттары: рөлдік ойындар, сахналау ойындары, жаттығулар мен тапсырмалар. Тренингтің өтілу реті тренингке қатысушылардың белсенділігінің көрініс беруіне ықпал етті: физикалық (түрлі суреттер салынды, схемалар мен түрлі қимыл-қозғалыстар жасады және т.б.); коммуникативтік (сұрақтарды талқылап, сұхбатқа түсті, топтық жұмыста қатынастар орнатып, идеяларды ұсынды және т.б.); танымдық (интеллектуалдық): қосымшалар мен түзетулер, өз пікірлерін білдірді, өз тәжірибесімен бөлісті, проблеманың себебін анықтады; креативтілік: жеке немесе топпен бірге идеяларды өндірді, оларды талдап, дәйектемелер келтірді.

Сонымен қатар, креативтілікті дамытуға арналған тренингтерді жүргізу барысында магистранттар оқытушымен бірге өз креативтілігін сезінуге дағдыланды. Ол үшін тренер-оқытушы оларға жеке немесе ұжымдық міндеттерді шешу варианттарының көптүрлілігін көру қабілеттілігін дамытуды ұсынды. Магистранттарға кәсіби, яғни оқытушылық жағдайға байланысты мәселелерді шешу тапсырмалары берілді. Оның барысында магистранттар мәселе шешілуінің көптүрлі жолдарын ұсынып, ең тиімдісін анықтады. Осылайша магстранттардың креативті қасиеттерін дамыту үшін, олардың ойлау жылдамдығын, тапқырлығын, бақылағыштығын, қиялын дамытуға бағдарланған психологиялық жаттығулар ұсынылды. Мысалы, «шатасу» жаттығуы барысында креативті шешімді талап ететін топта проблемалық ситуацияны моделдеді. Топтағы идея генераторын, орындаушысын және ұйымдастырушысын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен, қатар «Ой-толғау» жаттығуы барысында жағымды ойлау негізінде өзінің күшті қасиеттерін «STOP кадр» ойыны магистранттардың экспрессиялық дағдыларын дамытып, өмірлік жағдайларға өзінің қатынасымен басқа қырымен карауға мүмкіндік берді.

Тренер оқытушы креативтіліктің маңызын магистранттарға түсіндіру үшін, біріншіден, оның сипаттамасымен таныстырды, одан кейін тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуда креативті ортаның ерекшеліктерін магистранттармен бірге зерттеді. Осындай тренингтік сабақта магистранттар топ болып, арнайы шығармашылық ортаны құру барысындағы міндетті түрде келесі қағидалардың сақталуын қамтамасыз ету керектігін түсініп, қорытынды жасады:

- орта ізгіліктік ұстаным негізінде құрылады;
- шығармашылық ортада әр тұлғаның ерекшеліктері ескеріледі;
- шығармашылық жұмыс барысында тұлғаға өз шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға еркіндік берілді. Нәтижесінде, бірлескен шығармашылық әрекет магистранттардың ынтымақтастық, шыдамдылық, ынталылық сияқты адами қасиеттерді ұғынуына ықпал етеді, олардың өз күшіне, өзінің қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктеріне сенімдерін арттырды, жауапкершілікке, дербестілікке тәрбиелейді.

Жүргізілген осындай тренингтік сабақтардың ерекшеліктері: тренингтік сабақта субъект-субъектілік қатынастар орнатылады, тренер мен тренингке қатысушылар арасындағы байланыстар субъектілік көзқарас тұрғысынан құралады (магистратура оқытушысы мен магистранттар).

Сонымен акмеологиялық тренингті жүргізу барысында ең бастысы – білім алушылардың танымдық әрекеттен болашақ мамандығы аясында өзін-өзі жетілдіруге, өзінің акмеге қарай ұмтылыстарын қалыптастыру бағытында кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің элементтерін орындауға және сол іс-әрекетке дайындық барысындағы өзінің әрекеттеріне баға беруге, оларды талдауға бағытталды.

Осылайша мамандар дайындауды технологияландыру, инновациялау нәтижесінде акме орта құрылып, ол магистранттардың болашақта зерттеу барысында қарастырылып отырған сапа деңгейінде жұмыс жасау мотивтерін арттырады.

Тәжірибелік эксперименттік жұмысымыздың келесі бір бағыты болашақ мамандар үшін арнайы іс-шараларды ұйымдастыру жатады. Сондай бір тиімді іс-шара «Мамандықтың үздік магистранты» деп аталды.

Магистранттар арасында конкурс ұйымдастырудың негізгі міндеті - шығармашылықпен ізденетін магистранттарды анықтау, магистранттардың кәсіби шеберлігін, дағдысын және теориялық дайындығын жетілдіру. Байқауға қатысушылар өздерінің педагогикадан, психологиядан және әдістемеліктен білімін, жоғары мәдениеттілігін, тәжірибе жүзінде инновациялық технология бойынша жоғары білім деңгейін көрсетуі қажет. Сайысқа екі жылда 25 магистрант қатысты. 2014 жылы ақпан айында ұйымдастырылған байқаудың алғашқы турына қатысқан 14 магистранттың 6 соңғы турға жетті. Байқау 3 кезеңнен тұрды.

Алғашқыда «үй тапсырмасы» ретінде белгіленген ***магистрант портфолиосын*** жинақтап тапсыру міндеті тұрды. Сайыскерлер жасаған портфолиоларын ұйымдастыру комитетіне тапсырған соң екінші турға қатысуға мүмкіндік алды. Екінші кезеңде қатысушылар өз қалаған пәндері бойынша ашық сабақтар өткізді. Ол сабақтарды талдаудың критерийлері төмендегідей:

- өз пәнін жетік білуі, эрудициясы;
- педагогикалық және әдістемелік шеберлігі;
- оқытудың қазіргі технологиясын пайдалануы;
- шешендік шеберлігі;
- сабақтың мақсатын таңдау негіздемесі және технологиясы;
- дамыта оқытуға бағытталуы.

Қазылар алқасы белгіленіп, сабақтарға қатысып, бағаланды.

3 кезеңде магистранттардың қорытынды сайысы ұйымдастырылды. (қосымша Л). Сайыстың шешуші кезеңі 4 турдан тұрды. Олар:

1. Өзін-өзі таныстыру (визит картасы, 3-5 мин).

2. Ұстаз шеберлігі – ұлылық негізі (Педагогикалық жағдаяттарды шешу 7-10 мин).

3. Шешендік өнер (берілген тақырыпты қорғау).

4. Өз өнерін көрсету(10 мин).

Өзін-өзі таныстыру турында магистранттар берілген уақыт аралығында өздерін таныстырды. Бұл таныстырулар өлең түрінде, балалар бақшасының тәрбиеленушілерінің қатысуымен көрініс арқылы т.б. формада көрсетілді. Бұл сайыстың бағалау критерийлері: таныстыру формасы, әртістік шеберлігі, сыртқы бейнесі, орындау шеберлігі.

«Ұстаз шеберлігі – ұлылық негізі» турында магистранттар берілген тақырыптар бойынша педагогикалық жағдаяттарды шешті. Педагогикалық ситуацияларды шешуде мына критерийлер басшылыққа алынды: жауаптың тапқырлығы, жылдамдық және нақтылығы.

От ауызды орақ тілді, нақты шешендік өнерлерін паш ететін «шешендік өнер» сайысында сайыскерлер интерактивті тақтадан ұяшықтарды таңдап, сол ұяшықта берілген тақырыптарды қорғады. Шешендік өнер кезеңінде сайыскерлеріміз: *«Менің университетім- менің тағдырым», «Педагогика ..... ғылым ретінде», «Адалдық пен әділдік», «Жаңа форматты мұғалім» тақырыптары* бойынша сөз сөйлеп, оларды ашуға тырысты. Бұл сайыстың барысында тазалығы мен сауаттылығы, ойдың тереңдігі, қызықты фактілердің болуы, дикция, тыңдаушыға әсер етуі, тиімділігі есепке алынды**.**

«Өз өнерін көрсетуі» сайысында сайыскерлеріміз өздерінің бойындағы қасиеттерін, өнерлерін әсем әнмен, мың бұралған биімен, алтын қолды қол өнермен және сахналық қойылымдармен көрсетті. Бұл сайыстың бағалау критерийлері: сахна мәдениеті, орындау шеберлігі, сыртқы келбеті, техникалық жабдықталуы.

Осы конкурстың нәтижесінде «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»мамандығының магистранты Жұмабаева Жазира Аманжолқызы «Үздік магистрант 2014» байқауының жеңімпазы атанып, тағайындалған ақшалай және заттай сыйлыққа ие болды.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінен кейін осы эксперименттің ***бақылау кезеңі ұйымдастырылып***, өткізілді. Оның мақсаты – тәжірибелік жұмыстың нәтижесін талдау, ұсынылған зерттеу міндетінің тиімді шешімдерін тексеру, магистранттардың акмеологиялық дайындығының сапалық және сандық өзгерістері пайда болу деңгейін анықтау.

Магистранттардың мамандық таңдаудың негізгі мотивтерінің сапалық және сандық өзгеруін анықтау мақсатында ***бақылау кезеңінде*** Е.М. Павлютенковтың әдістемесін, Т.И. Ильинаның жоғары оқу орындарында оқу мотивациясын зерделеу әдістемесін, А.Мехрабианның «Білім алушының жетістік мотивациясын зерттеу әдістемесін», Е.И. Роговтың «Шығармашылық әлеуеті мен креативтілігін диагностикалау» тестісін, Холлдың «Эмоциялық интеллект EQ», А.В. Карповтың тұлға рефлексиясын диагностикалау әдістемесін екінші рет пайдаланып, қолдандық.

Кесте 8 - Тәжірибенің бақылау кезеңінде анықталған магистранттардың әлеуметтік және беделділік мотивтерінің көрсеткіштері мен деңгейлері

| Бақылау тобы | | | | | Тәжірибелік топ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Әлеуметтік мотивтер | | Беделділік мотивтер | | № | Әлеуметтік мотивтер | | Беделділік мотивтер | |
| | көрсет кіш | деңгей | көрсет кіш | деңг ей | | көрсет кіш | дең гей | көрсет кіш | дең гей |
| 1 | 7 | О | 7 | О | 1 | 10 | Ж | 9 | Ж |
| 2 | 6 | О | 8 | О | 2 | 10 | Ж | 10 | Ж |
| 3 | 6 | О | 6 | О | 3 | 9 | Ж | 9 | Ж |
| 4 | 7 | О | 8 | О | 4 | 9 | Ж | 9 | Ж |
| ... | ... | ... | .... | ... | ... | ... | ... | .... | ... |
| 148 | 8 | О | 6 | О | 150 | 10 | Ж | 9 | Ж |
| | **978:148=6,6** | **О** | **1169: 148=7,9** | **О** | | **1440:150= 9,6** | **Ж** | **1395:150= 9,3** | **Ж** |
| Ескерту - 8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей); 5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей); 5 ұпайдан төмен – 0%-59% (төменгі деңгей) | | | | | | | | | |

Бақылау және тәжірибелік топтардағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының мотивациялық-құндылықтық компонентінің құраушылары – әлеуметтік және беделділік мотивтерінің айырмашылықтары айтарлықтай өзгерген. Мысалы, бақылау тобындағы әлеуметтік мотивтердің орташа мәні – 6,6 ұпайға тең болса, тәжірибелік топтағы магистранттардың әлеуметтік мотивтері – 9,6 ұпай. Ал беделділік мотивтер бақылау тобындағы – 7,9 ұпай, тәжірибелік топта – 9,3 ұпайға тең. Бұл айтарлықтай, екі топтың арасындағы үлкен айырмашылықты білдіреді.

Кесте 9 - Тәжірибенің бақылау кезеңінде анықталған магистранттардың танымдық және шығармашылық мотивтерінің көрсеткіштері мен деңгейлері

| Бақылау тобы | | | | | Тәжірибелік топ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Танымдық мотивтер | | Шығармашылық мотивтер | | № | Танымдық мотивтер | | Шығармашылық мотивтер | |
| | Көрсет кіш | Деңгей | Көрсет кіш | деңге й | | көрсетк іш | деңге й | Көрсет кіш | деңге й |
| 1 | 8 | О | 7 | О | 1 | 8 | О | 10 | Ж |
| 2 | 7 | О | 9 | Ж | 2 | 8 | О | 10 | Ж |
| 3 | 8 | О | 5 | О | 3 | 8 | О | 9 | Ж |
| 4 | 7 | О | 8 | О | 4 | 10 | Ж | 10 | Ж |
| ... | | | | | | | | | |
| 148 | 8 | О | 6 | О | 150 | 10 | Ж | 9 | Ж |
| | **157:21 =7,4** | | **127:21=6,1** | | | **182:21 ≈8,7** | | **195:21=9,3** | |
| Ескерту - 8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей); 5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей); 5 ұпайдан төмен – 0%-59% (төменгі деңгей) | | | | | | | | | |

Бақылау және тәжірибелік топтардағы магистранттардың танымдық және шығармашылық мотивтерінің дамуында да өзгерістер бар. Бақылау тобындағы танымдық мотивтерінің көрсеткіші - 7,4 ұпай, ал тәжірибелік топта – 8,7 ұпай, шығармашылық мотивтер –6,1 ұпай, тәжірибелік топта – 9,3 ұпай. Бұл

көрсеткіштер де бір бірінен ажыратылады.

Осыдан тәжірибелік топтағы магистранттардың акмеологиялық дайындығындағы мотивациялық-құндылықты компонентінің дамуында ұлғаю жағына қарай өзгерістердің болғанын байқаймыз.

Бақылау тобындағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының мотивациялық-құндылықты компонентін сипаттайтын әлеуметтік, беделдік, танымдық және шығармашылық мотивтерінің деңгейі орташа деңгейде, анықтау кезеңіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда 3-7 аралығындағы пайызға өскен, себебі бұл топтарда қалыптастырушы тәжірибелі жұмыстар жүргізілмесе де, магистранттардың білім беру стандарттарына сәйкес барлық пәндер мен ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырлған, яғни осы пәндердің әсері болған. Бұл нәтижелердің диаграмма түріндегі бейнесін 12 суреттен көруге болады.




Сурет 12 - Бақылау тобындағы магистранттардың тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі мотивтерінің даму көрсеткіштері

Тәжірибелік топтағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының мотивациялық-құндылықты компонентін сипаттайтын әлеуметтік, беделдік, танымдық және шығармашылық мотивтерінің деңгейі орташа деңгейден жоғары деңгейге көтерілген. Өйткені осы тәжірибелік топта қалыптастырушы кезңінде жоспарланған барлық жұмыс түрлері ұйымдастырылған. Бақылау кезеңінде магистранттардың әлеуметтік мотивтері – 4,9 ұпай, беделділік мотивтері – 4,7 ұпай, ал танымдылық – 4,9 ұпай, шығармашылық – 4,7 ұпайға тең болды. Қалыптастырушы тәжірибелік жұмысы ұйымдастырылғаннан кейін тәжірибелік топтағы магситранттардың барлық мотивтері өзгеріске ұшырады: әлеуметтік – 9.6, беделділік – 9,3 ұпай, танымдық – 8,7 ұпай, шығармашылық – 9,3 ұпай. Бұл нәтижелердің диаграмма түріндегі бейнесін 13 суреттен көруге болады.




Сурет 13 - Тәжірибелік тобындағы магистранттардың тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі мотивтерінің даму көрсеткіштері

Мотивтердің тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі кезеңдердегі даму көрсеткіштері диаграмма түрінде 14 суретте көрсетілген.




Сурет 14 - Бақылау және тәжірибелік топтардағы магистранттардың мотивациялық-құндылықты компонентіндегі тәжірибеге дейінгі (Т.Д.) және тәжірибеден кейінгі (Т.К.) мотивтерінің даму динамикасының көрсеткіштері

Магистранттардың акмеологиялық дайындығының ***мазмұндық компонентінің сипаттамасын*** зерттеу үшін білім алушылардың акмеологиялық категориялар туралы түсінігінің деңгейін анықтауға арналған сауалнаманы пайдаландық және Т.И. Ильинаның төмендегі: *«Білім жинақтау;*

*«Мамандықты игеру»; «Диплом алу»* сияқты үш көрсеткіштен тұратын жоғары оқу орындарында оқу мотивациясын зерттеу әдістемесін қолдандық (қосымша Е).

Тәжірибенің соңында білім алушылардың акмеологиялық категориялар туралы түсінігінің деңгейін әрбір сұрақтар бойынша пайыздық көрсеткіштерін анықтадық. Сауалнамаға қатысқан магистранттардың «акмеология» ғылымы, кәсіби құзырлылықтың мәні, педагогикалық шығармашылық пен шеберлік жайлы түсініктері анықталды. Осы диагностиканың нәтижесінде *бақылау тобындағы* сыналушылардың 37% - «орташа», 35%- «орташадан сәл жоғары», 11%- «орташадан жоғары», 9%- «жоғары», 8%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды.

*Эксперименттік топтағы* магистранттың 32% - «орташа», 30%- «орташадан сәл жоғары», 15%- «орташадан жоғары», 11%- «жоғары», 12%- «өте жоғары» деңгейлеріне ие болды (сурет 15).




| | Орташа | Орташадан сәл жоғары | Орташадан жоғары | Жоғары | Өте жоғары |
|---|---|---|---|---|---|
| Бақылау тобы | 37 | 35 | 11 | 9 | 8 |
| Эксперименттік топ | 32 | 30 | 15 | 11 | 12 |

Сурет 15 - Бақылау және тәжірибелік топтардағы сыналушылардың акмеологиялық категориялар түсінігінің көрсеткіштері

Т.И. Ильинаның төмендегі: *«Білім жинақтау; «Мамандықты игеру»; «Диплом алу»* сияқты үш көрсеткіштен тұратын жоғары оқу орындарында оқу мотивациясын зерттеу әдістемесін қолдану барысында магистранттардың акмеологиялық білімді игерудің деңгейінде өзгерістердің сипатын байқадық. Нәтижелердің көрсеткіштері (кесте 10) және диаграмма (сурет 16) түрінде бейнеленген.

Кесте 10 - Магистранттардың «Білім жинақтау»; «Мамандықты игеру»;

«Диплом алу» мотивтерін бақылау кезеңіндегі қорытынды көрсеткіштері

| Бақылау тобы | | | | | | | Тәжірибелік топ | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | «Білім жинақтау» | | «Мамандықты игеру» | | «Диплом алу» | | № | «Білім жинақтау» | | «Мамандықты игеру» | | «Диплом алу» | |
| | көрсеткіш | деңгей | көрсеткіш | деңгей | көрсеткіш | деңгей | | көрсеткіш | деңгей | көрсеткіш | деңгей | көрсеткіш | деңгей |
| 1 | 12,6 | Ж | 8 | О | 7 | О | 1 | 12,6 | Ж | 10 | Ж | 10 | Ж |
| 2 | 11,4 | Ж | 6 | О | 6 | О | 2 | 10,8 | Ж | 10 | Ж | 10 | Ж |
| 3 | 1,4 | Ж | 5 | О | 5 | О | 3 | 12,6 | Ж | 9 | Ж | 9 | Ж |
| 4 | 9 | О | 9 | Ж | 8 | О | 4 | 12,6 | Ж | 10 | Ж | 9 | Ж |
| ... | | | | | | | .. | | | | | | |
| 148 | 9,6 | О | 9 | Ж | 7,5 | О | 150 | 12,6 | Ж | 10 | Ж | 7,5 | О |
| | 218 | | 169 | | 153 | | | 253,8 | | 198 | | 197 | |
| | 10,8- 12,6 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей) 7,5-10,ұпайлар – 60%-84%-(орташа деңгей) 7,4 ұпайдан төмен - 64%-(төменгі деңгей) | | 8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей); 5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей); 5 ұпайдан төмен – 0%-59% (төменгі деңгей). | | 8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей); 5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей); 5 ұпайдан төмен – 0%-59% (төменгі деңгей) | | | 10,8- 12,6 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей) 7,5-10,6ұпайлар – 60%-84%-(орташа деңгей) 7,4 ұпайдан төмен - 64%-(төменгі деңгей) | | 8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей); 5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей); 5 ұпайдан төмен – 0%-59% (төменгі деңгей). | | 8,5-10 ұпайлар – 85%-100% (жоғары деңгей); 5-8,4 ұпайлар – 60%-84% (орташа деңгей); 5 ұпайдан төмен – 0%-59% (төменгі деңгей) | |




Сурет 16 - Магистранттардың бақылау кезеңіндегі «Білім жинақтау», «Мамандықты игеру», «Диплом алу» мотивтерінің көрсеткіштері

Жоғарыда ұсынылған диаграмма бойынша бақылау тобындағы және тәжірибелік тобындағы сыналушылардың жауаптарында үлкен айырмашылықтарды байқаймыз. Тәжірибелік топтың сыналушыларының жауаптарынан білім жинақтау (бақылау тобы – 79%, тәжірибелік топ -100%) мен мамандықты игеру (бақылау тобы – 74%, тәжірибелік топ -84%) бойынша мотивтерінің маңыздылығын ұғынады, яғни бұл акмеге қарай ұмтылыстың белгісін білдіреді.Ал «Диплом алу» шкаласы бойынша екі топтың көрсеткіштері бірдей (60%). Екі топтың магистранттары диплом алуды маңызды деп санамайды, бұл жерде олар үшін ең бастысы – білімді жинақтау мен мамандықты игеру. Төменде берілген А.Мехрабианның әдістемесінің нәтижесі бойынша бақылау мен тәжірибелік топтарындағы магистранттардың өз іс-әрекетінде жетістікке бағытталуының айырмашылықтарын байқаймыз.

Кесте 11 - Тәжірибенің бақылау кезеңінде анықталған магистранттардың жетістік мотивациясының көрсеткіштері мен деңгейлері

| Тәжірибелік топ | | | | Бақылау тобы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Жетістікті экстериоризациялау | Жетістікті интериоризациялау | Жетістік мотивациясының даму деңгейі | № | Жетістікті экстериоризациялау | Жетістікті интериоризациялау | Жетістік мотивациясының даму деңгейі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | 89 | 94 | 153 | 1 | 78 | 80 | 146 |
| 2 | 83 | 86 | 149 | 2 | 64 | 69 | 122 |

11 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 84 | 85 | 143 | 3 | 72 | 80 | 152 |
| 4 | 75 | 91 | 151 | 4 | 74 | 58 | 135 |
| ... | | | | | | | |
| 148 | 85 | 97 | 156 | 150 | 81 | 71 | 140 |
| | 83 ұпай | 91 ұпай | 151 ұпай | | 74 ұпай | 72 ұпай | 139 ұпай |
| | Жоғары | жоғары | жоғары | | орташа | Орташа | орташа |

Төменде берілген Е.И. Роговтың тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен креативтілігін диагностикалау әдістемесі бойынша бақылау мен тәжірибелік топтарындағы магистранттардың нәтижелерінде динамикалық өзгерістер байқалады. Егер тәжірибеден кейінгі жағдайда бақылау тобындағы сыналушылардың шығармашылық әлеуеті мен креативтілігінің көрсеткіштері – 41,3 ұпайға тең болса (орташа деңгей), тәжірибелік топта – 48, 7 ұпай (жоғары деңгей). Осы нәтижелердің көрсеткіштері 12 кестеде және 17 суретте бейнеленген.

Кесте 12 - Бақылау кезеңінде анықталған магистранттардың шығармашылық әлеуеті мен креативтілігі дамуының көрсеткіштері мен деңгейлері

| Бақылау тобы | | | | Тәжірибелік топ | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Шығарма шылық әлеует пен креативтілі к | № | Шығармашы лық әлеует пен креативтілік | № | Шығармашылы қ әлеует пен креативтілік | № | Шығармашы лық әлеует пен креативтілік |
| 1 | 41 | 26 | 39 | 1 | 48 | 26 | 58 |
| 2 | 43 | 27 | 35 | 2 | 36 | 27 | 51 |
| 3 | 47 | 28 | 38 | 3 | 51 | 28 | 49 |
| 4 | 48 | 29 | 41 | 4 | 45 | 29 | 45 |
| ... | | ... | | ... | | | |
| 25 | 40 | 148 | 41 | 25 | 55 | 150 | 49 |
| | | | 41,3-орташа-71,9% | | | | 48,7-жоғары-90% |




Сурет 17 - Тәжірибенің бақылау кезеңінде анықталған магистранттардың шығармашылық әлеуеті мен креативтілігі дамуының көрсеткіштері

Холлдың «Эмоциялық интеллект EQ» тестісін жүргізу барысында болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері дамуының деңгейін анықтауға мүмкіндік болды (кесте 13).

Кесте 13 - Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының дамуының көрсеткіштері

| Бақылау тобы | | | | | | Тәжірибелік топ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Эмоциялық тұрақтылық | Креативтілік | Эмпатия | Рухани-адамгершілік | Рефлексия | № | Эмоциялық тұрақтылық | Креативтілік | Эмпатия | Рухани-адамгершілік | Рефлексия |
| 1 | 2 | 3 | 7 | 5 | 4 | 1 | 5 | 5 | 11 | 4 | 4 |
| 2 | 5 | 3 | 7 | 5 | 3 | 2 | 3 | 4 | 10 | 5 | 5 |
| 3 | 4 | 2 | 5 | 3 | 3 | 3 | 5 | 5 | 8 | 4 | 5 |
| 4 | 4 | 3 | 6 | 5 | 4 | 4 | 5 | 5 | 9 | 5 | 5 |
| .. | | | | | | .. | | | | | |
| 148 | 3 | 5 | 14 | 3 | 4 | 15 0 | 5 | 4 | 9 | 5 | 5 |
| | 3,6-орта | 3,2-орта | 7,8-орта | 4,2-орта | 3,6-орта | | 4,6-жоғар ы | 4,6-жоға ры | 9,4-жоғары | 4,6-жоғары | 4,7-жоғары |

Бақылау тобындағы магистранттардың «эмоциялық тұрақтылығы» (3,6 ұпай), «креативтілігі» (3,2 ұпай), «эмпатиясы» (7,8 ұпай), «рухани-адамгершілік қасиеттері» (4,2) мен рефлексиясының (3,6 ұпай) дамуы орташа деңгейде, ал тәжірибелік топтағы магистранттардың «эмоциялық тұрақтылығы» (4,6 ұпай), «креативтілігі» (4,6 ұпай), «эмпатиясы» (9,4 ұпай), «рухани-адамгершілік қасиеттері» (4,6 ұпай) мен рефлексиясының (4,7 ұпай) дамуы жоғары деңгейде.

Магистранттардың рефлексиялық ойлауының динамикалық даму деңгейін анықтау үшін А.В. Карповтың тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесі қайталанып жүргізілді. Оның нәтижелері диаграмма түрінде ... суретте көрсетілген. Қалыптастырушы тәжірибеден кейінгі кезеңде бақылау тобындағы магистранттардың төмеңгі көрсеткіші - 24%-ы тең, орташа көрсеткіші - 58%-ға тең, жоғары көрсеткіш – 18%, ал тәжірибелік топтағы магистранттардың орташа көрсеткіші 65%, жоғары көрсеткіш – 35% (сурет 18). Сонымен тәжірибелік топтағы магистранттардың рефлексиялық ойлауының дамуы айтарлықтай өскен, яғни қалыптастырушы тәжірибелік жұмыстың тиімділігін дәлелдеді.




Сурет 18 - Магистранттардың тәжірибеден кейін бақылау кезеңіндегі рефлексиясының даму көрсеткіштері

Енді осы анықталған акмеологиялық дайындығының әрбір компонеттінің параметрлері бойынша магистранттың ортақ мәндегі мотивациялық-құндылықты, мазмұндық, әрекеттік және рефлексивті компоненттерінің көрсеткіштері диаграмма түріндегі 19 суретте бейнеленген.




Сурет 19 - Бақылау тобындағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының анықтау және бақылау кезеңдеріндегі даму көрсеткіштері




Сурет 20 - Тәжірибелік тобындағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының анықтау және бақылау кезеңдеріндегі даму көрсеткіштері

Жоғарыда көрсетілген диаграммаларда тәжірибелік жұмыстың басында және соңында жүргізілген бақылау және тәжірибелік топтарындағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының құрылымдық компоненттерінің салыстырмалы көрсеткіштері бойынша динамикалық өзгерістердің болғанын байқаймыз.

Бірақ бақылау тобындағы көрсеткіштер орташадан төмен және орташа деңгейдегі пайыздық коэффициенттермен бейнеленген.

Егер анықтау кезінде бақылау тобындағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының мотивациялық-құндылықты компонентінің көрсеткіші – 62,5% болса (дамудың орташа деңгейі), бақылау кезеңінде осы көрсеткіш 74%-ға дейін көтеріледі, бұл да орташа деңгейдегі дамудың коэффициенті. Ал Тәжірибелік топтағы магистранттардың анықтау кезеңіндегі акмеологиялық дайындығының мотивациялық-құндылықты компонентінің көрсеткіші – 58% болса, бақылау кезеңінде – 93% (жоғарғы деңгей).

Анықтау кезеңінде бақылау тобындағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының мазмұндық компонентінің көрсеткіші – 54% болса (орташадан төмен деңгей), бақылау кезеңінде осы көрсеткіш 73%-ға дейін көтеріледі, бұл да орташа деңгейдегі дамудың коэффициенті.

Ал Тәжірибелік топтағы магистранттардың анықтау кезеңіндегі акмеологиялық дайындығының мазмұндық компонентінің көрсеткіші – 58% болса (орташадан төмен), бақылау кезеңінде – 91% (жоғарғы деңгей).

Анықтау кезеңіндегі бақылау тобының әрекеттік компонентінің дамуы - 49 %-ға тең, бақылау кезеңінде - 72%, анықтау кезеңіндегі тәжірибелік топта -58 % (орташадан төмен), бақылау кезеңінде - 90% (жоғары деңгей).

Анықтау кезеңіндегі бақылау тобының рефлексиялық компонентінің дамуы - 52%-ға тең, бақылау кезеңінде - 76%, анықтау кезеңіндегі тәжірибелік топта -66 % (орташа), бақылау кезеңінде - 96% (жоғары деңгей).

Қалыптастырушы кезеңнен кейін бақылау жұмысын жүргізу барысында бақылау тобы мен тәжірибелік топ арасында айырмашылықты анықтадық.

Тәжірибеден кейінгі кезеңде бақылау тобындағы магистранттардың акмеологиялық дайындығы құрылымындағы компоненттердің (мотивациялық-құндылықты, мазмұндық, әрекеттік және рефлексиялық) көрсеткіштері орташадан төмен және орташа деңгейдегі, ал тәжірибелік топтың көрсеткіштері жоғары деңгейдегі нәтижелер диаграмма түрінде 21 суретте бейнеленген.

Бұл қалыптастырушы тәжірибеден кейінгі өзгерістердің болғанын, яғни тәжірибелік топтағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының даму деңгейінің артқанын көрсетеді.




Сурет 21 -Тәжірибелік жұмыстың бақылау кезеңіндегі бақылау тобы мен тәжірибелік тобындағы магистранттардың акмеологиялық дайындығының құрылымдық компоненттерінің көрсеткіштері

Ең бастысы тәжірибелік топтың респонденттерінің акмеологиялық дайындығы қалыптасуына акмеологиялық шарттарының ықпалы болған.

Тәжірибе барысында сапалық және сандық көрсеткіштерді салыстырудың нәтижесінде тәжірибе басында құрылған магистранттар тобының нәтижелерін бақылау тобының нәтижелерімен салытырғанда айтарлықтай өзгерістердің болғанын байқаймыз.

Сонымен, алынған мәлімет жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижесінің оң болғанын және тәжірибелік топтардағы магистранттарды акмеологиялық амал тұрғысынан дайындау үдерісінің тиімділігін дәлелдейді.

| 1. Ғылым тарихы мен философиясы<br>1.Шет тілі<br>3. Психология<br>4. Педагогика<br>5.Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. | 1.Этнопедагогиканың қазіргі заманғы мәселелері<br>2.Этнопсихологияның негізгі мәселелері<br>3.Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметтің ғылыми-практикалық негіздері<br>4.Білімді ақпараттандыру және электронды оқыту негіздері<br>5. ЖОО интерактивті оқыту | 1.Ғылым тарихы мен философиясы<br>2.Шет тілі /кәсіби/<br>3.Педагогика<br>4. Психология<br>5.Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері | 1. Қазіргі білім беру технологиялары<br>2. Педагогтың психологиялық сауаттылығы мен құзыреттілігі<br>3. Іскерлік қарым-қатынас этикасы мен психологиясы<br>4.Ғылыми-педагогикалық эксперимент нәтижелерін математикалық өңдеу<br>5. ЖОО-дағы педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі<br>6. ЖОО-дағы психологиялық пәндерді оқыту әдістемесі | 1. Ғылым тарихы мен философиясы.<br>2. Шет тілі.<br>3.Педагогика<br>4.Психология<br>5. Менеджмент.<br>6.Болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық әдіснамасы мен әдістері.<br>7.Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. | 1.Тұлға өзіндік сана мәселелері.<br>2.Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері.<br>3.Заманауи педагогиканың әлеуметтік-этникалық мәселелері.<br>4.Заманауи психологияның жағдайы, тенденциялары мен тарихы.<br>5. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің негіздері. | 1. Ғылым тарихы және философия<br>2. Ағылшын тілі<br>3. Психология<br>4. Педагогика<br>5. Оқыту теориясы мен практикасы | 1.Психологиялық-педагогикалық диагностика<br>2.Болашақ мамандарды кәсіби іс әрекетке даярлаудың әдіснамасы мен әдістемесі<br>3. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі<br>4. Педагогикалық конфликтология<br>5. Педагогикалық шеберлік негіздері |
| **Мамандық бойынша қосымша модуль** | | | | | | | |
| 1.Курстық жұмыс<br>2. МҒЗЖ | | 1.Курстық жұмыс<br>2.МҒЗЖ | | 1.Курстық жұмыс<br>2.МҒЗЖ | | 1. Курстық жұмыс<br>2.МҒЗЖ | |
| **2 курс** | | | | | | | |

| Міндетті пәндер | Таңдау пәндері | Міндетті пәндер | Таңдау пәндері | Міндетті пәндер | Таңдау пәндері | Міндетті пәндер | Таңдау пәндері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Психологиядағы және білім берудегі мәдени-тарихи және әрекеттік амал<br>2.Педагогика мен психологиядағы математикалық әдістер<br>3.Әлеуметтік және ұйымдастырушылық психология<br>4.Менеджмент психологиясы<br>5.Қарым қатынас мәдениеті және педагогикалық этика<br>6.Қолданбалы психологияның негізгі бағыттары | 1. Психология және білім берудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тұрғыда қарау | 1.Білімдегі сапа менеджмент жүйесі<br>2.Кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық-психологиялық негіздері<br>3.Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері<br>4.Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру | 1. Психология және білім берудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тұрғыда қарау | 1. Тұлғаның заманауи мәселелері<br>2. Қарым-қатынас мәдениеті және іскерлік әдебі<br>3.Білімдегі сапа менеджмент жүйесі<br>4.Психология менеджменті<br>5.Білімберуді ізгілендіру және гуманитаризациялау | | 1.Әлеуметтік педагогика<br>2. Психологиялық-педагогикалық коррекция<br>3. Психологиядағы және білім берудегі мәдени-тарихи және әрекеттік амал<br>4. Ұйымдастыру психологиясы<br>5. Педагогикалық психология<br>6. Әлеуметтік психология<br>7.ЖОО педагогикалық пәндерді оқытудың әдістемесі |
| **МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ҚОСЫМША МОДУЛЬ** | | | | | | | |
| 1. Ғылыми зерттеу практикасы<br>2. Педагогикалық практика<br>3. МД бітіру<br>4. Кешенді емтихан<br>5. Магистрлік диссертация қорғау | | 1.Педагогикалық практика<br>2.Ғылыми зерттеу практикасы<br>3. МҒЗЖ<br>4. Кешенді емтихан<br>5.Магистрлік диссертация қорғау | | 1.Педагогикалық практика<br>2. Ғылыми зерттеу практикасы<br>3.МҒЗЖ<br>4. Кешенді емтихан<br>5.Магистрлік диссертация қорғау | | 1.Педагогикалық практика<br>2. Ғылыми зерттеу практикасы<br>3.МҒЗЖ<br>4. Кешенді емтихан<br>5.Магистрлік диссертация қорғау | |

## ҚОСЫМША Б

## Е.М. ПАВЛЮТЕНКОВ ЖАСАҒАН МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫҢ НЕГІЗГІ МОТИВТЕРІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Е.М. Павлютенков жасаған мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау әдістемесі магистратурада білім алушыларға арналып өзгертілген. Ол нақты сыналушының мамандық таңдаудағы қандай да бір мотивтерінің рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Сыналушыға мамандық туралы 18 пікірден тұратын сұрақ-жауап беріледі. Бұл пікірлер мотивтердің 9 тобын айқындайды.

**Нұсқау**: Ұсынылып отырған сұрақ-жауаптардың қайсысы Сіз таңдаған мамандыққа қандай мөлшерде қатысты екендігін бағалаңыз. Жауап 5 түрлі болуы мүмкін:

«Иә» ; «Иә деп айтуға болады» ;«Жауап беруге қиналамын» ; «Жоқ деп айтуға болады»; «Жоқ» .

Сіздер осы пікірлерді мұқият оқып және сәйкесінше өз бағаларыңызды тиісті бағанға «+» арқылы белгілейсіз. Жауап парағы

| № | пікірлер | иә | иә деп айтуға болады | жауап беруге қиналамын | жоқ деп айтуға болады | жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Еліміздегі білім беру жүйесінің дамуына үлес қосу арқылы қоғамымызға пайда әкелуге мүмкіндік береді. | | | | | |
| 2 | Таңдаған мамандығым қандай да болмасын ортада толеранттылық қатынастарды орнатуға себептеседі. | | | | | |
| 3 | Әрқашан бір ұжымда болуға, оның істеріне тікелей қатысуға мүмкіндік береді. | | | | | |
| 4 | Өзімнің рухани әлемімді жетілдіруге жағдай жасайды. | | | | | |
| 5 | Өз еңбегімнің нәтижесіне қуануға мүмкіндік береді. | | | | | |
| 6 | Еңбекке деген сүйіспеншілігімді арттырып, оның пайдасын сезіндіреді. | | | | | |
| 7 | Бар қабілетімді мүмкіндігінше | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | толық пайдалануға жағдай жасайды. | | | | | |
| 8 | Үнемі өзімді-өзім жетілдіріп отыруға мүмкіндік жасайды. | | | | | |
| 9 | Шығармашылықпен айналысуға үлкен мүмкіндіктер береді. | | | | | |
| 10 | Өз еңбегімнің ерекше тұстарын сезінуге жағдай жасайды. | | | | | |
| 11 | Үлкен ақыл-ой еңбегін қажет етеді. | | | | | |
| 12 | Үлкен  күш қуатты қажет етеді. | | | | | |
| 13 | Жоғары жалақы беріледі. | | | | | |
| 14 | Тұрақты болашақты қамтамасыз етуге болады. | | | | | |
| 15 | Достарым мен таныстарымның арасында бағаланады. | | | | | |
| 16 | Тез біліктілікті арттыруды және кәсіби өсуді қамтамасыз етеді. | | | | | |
| 17 | Өз уақытымен жұмысқа тұруға мүмкіндік береді. | | | | | |
| 18 | Докторантураға түсуге және онда оқуымды  қамтамасыз етеді. | | | | | |

**Мәліметтерді өңдеу**

Мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау үшін әрбір мотив топтарының ұпайлар санын есептеу қажет. Ұпай саны көп мотивтер мамандық таңдауда негізгілері болып саналады.

**Мотивтер топтары:**

– Әлеуметтік (1 және 2 пікірлер) – өз еңбегімен қоғамдық прогреске ықпал етуге ұмтылу, жоғары жалпыадамзаттық құндылық мен қажеттіліктерге әлеуметтік бағыттылық.

– Моральдық (3 және 4 пікірлер) – өзінің рухани әлемін, моральдық бейнесін жетілдіруге және адамгершілік қасиеттерді дамытуға ұмтылу.

– Эстетикалық (5 және 6 пікірлер) – еңбек эстетикасына, әдемілікке, үйлесімділікке, сұлулықты қабылдауға, іс-әрекеттен ляззат алуға ұмтылу.

– Танымдық (7 және 8 пікірлер) – арнайы білімді игеруге, нақты еңбектің мазмұнын тануға ұмтылу.

– Шығармашылық (9 және 10 пікірлер) – жұмыста өзіндік нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, ғылыми жаңалық ашуға ұмтылу, шығармашылықпен жұмыс жасауға мүмкіндіктің болуы.

– Еңбектің мазмұнымен байланысты (11 және 12 пікірлер) - еңбектің барысы туралы білімі, ақыл-ой және физикалық еңбекке бағыттылық.

– Материалдық (13 және 14 пікірлер) – материалдық тұрғыдан қамсыздануға ұмтылу.

– Беделділік(15 және 16 пікірлер) –таныстары арасында бағаланатын мамандықтарға ұмтылу, қоғамда белгілі бір мәртебеге ие болуға мүмкіндіктің болуы, қызмет бойынша мансапқа жетуге ұмтылу.

– Утилитарлық (17 және 18 пікірлер) – адамдарды басқаруға ұмтылу, еңбектің тазалығы мен жеңілдігі, жоғары оқу орындарына бағдарлану.

## ҚОСЫМША В

Магистранттардың әлеуметтік, беделділік, танымдық және шығармашылық мотивтерін анықтау барысында алынған сұрақ-жауап тапсырмаларының пайыздық қорытынды көрсеткіштері

| Берілген сұрақтар | | Сыналушылардың саны | иә | иә деп айтуға болады | жауап беруге қиналамын | жоқ деп айтуға болады | жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Әлеуметтік (1 және 2 пікірлер) – өз еңбегімен қоғамдық прогреске ықпал етуге ұмтылу, жоғары жалпыадамзаттық құндылық пен қажеттіліктерге әлеуметтік бағыттылық. «Еліміздегі білім беру жүйесінің дамуына үлес қосу арқылы қоғамымызға пайда әкелуге мүмкіндік береді.» «Таңдаған мамандығым қандай да болмасын ортада толеранттылық қатынастарды орнатуға себептеседі.» | Б.Т. | 148 | 35 | 12 | 68 | 25 | 8 |
| | Э.Т. | 150 | 27 | 20 | 49 | 39 | 15 |
| **Пайыздық көрсеткіштер** | | **100%** | **21%** | **11%** | **39%** | **21%** | **8%** |
| Беделділік(15 және 16 пікірлер) – таныстары арасында бағаланатын мамандықтарға ұмтылу, қоғамда белгілі бір мәртебеге ие болуға мүмкіндіктің болуы, қызмет бойынша мансапқа жетуге ұмтылу. «Достарым мен таныстарымның арасында бағаланады.» «Тез біліктілікті арттыруды және кәсіби өсуді қамтамасыз етеді.» | Б.Т. | 148 | 72 | 16 | 21 | 26 | 13 |
| | Э.Т. | 150 | 54 | 19 | 37 | 34 | 6 |
| Пайыздық көрсеткіштер | | **100%** | **42%** | **12%** | **19%** | **21%** | **6%** |
| Танымдық (7 және 8 пікірлер) – арнайы білімді игеруге, нақты еңбектің мазмұнын тануға | Б.Т. | 148 | 43 | 32 | 59 | 9 | 5 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ұмтылу.<br>«Бар қабілетімді мүмкіндігінше толық пайдалануға жағдай жасайды.»<br>«Үнемі өзімді-өзім жетілдіріп отыруға мүмкіндік жасайды.» | Э.Т. | 150 | 35 | 28 | 41 | 36 | 10 |
| Пайыздық көрсеткіштер | | **100%** | **26%** | **20%** | **34%** | **15%** | **5%** |
| Шығармашылық (9 және 10 пікірлер) – жұмыста өзіндік нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, ғылыми жаңалық ашуға ұмтылу, шығармашылықпен жұмыс жасауға мүмкіндіктің болуы.<br>«Шығармашылықпен айналысуға үлкен мүмкіндіктер береді.»<br>«Өз еңбегімнің ерекше тұстарын сезінуге жағдай жасайды.» | Б.Т. | 148 | 18 | 15 | 65 | 29 | 21 |
| | Э.Т. | 150 | 11 | 22 | 52 | 36 | 29 |
| Пайыздық көрсеткіштер | | **100%** | **10%** | **12%** | **39%** | **22%** | **17%** |

## ҚОСЫМША Г

## БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІК МОТИВАЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

*(А.Мехрибиан)*

**Нұсқау**: Сізге жетістікті анықтайтын 36 пікір ұсынылады. Барлық пікірлерді мұқият оқып шығыңыз. Сіз оларды субъективті пайдалылығы, әлеуметтік маңыздылығы, ұнамдылығы тұрғысынан қастырыңыз. Әрбір пікірді 1-5 ұпайлар шеңберінде бағалаңыз.

1. Жетістік – қуаныш сезіміне бөлейді
2. Жетістік – жеке жағдаяттағы тұлғаның орнықты көзқарасы
3. Жетістік – көздеген мақсатқа сәтті жету
4. Жетістік – материалдық тәуелсіздік
5. Жетістік – бар мүмкіндікті қалауыңа қарай жүзеге асыру
6. Жетістік – билік, басқаларға ықпал ету
7. Жетістік – өзін-өзі бекіту
8. Жетістік – қоғамда ерекшелене алу
9. Жетістік – рухани тепе-теңдік, эмоционалдық тұрақтылық
10. Жетістік – өзіңді, өзіңнің мүмкіндіктеріңді толық көрсету
11. Жетістік – оқуда және жұмыста жақсы нәтижелерге қол жеткізу
12. Жетістік – ыңғайлы жағдайдың тууы
13. Жетістік – адамдарға бұйрық беру мүмкіндігі
14. Жетістік- қоғамды мойындату, мақұлдау
15. Жетістік – өзін-өзі жақсы сезіну, жақсы көңіл күй
16. Жетістік – әлемді шарлау
17. Жетістік – қауіпсіздікке деген сенімділік
18. Жетістік – шығармашылықта өзіңді көрсету
19. Жетістік – материалдық жағдайдың жақсаруы
20. Жетістік - адамның ішкі күшінің көзі
21. Жетістік – кәсіпқойлық, шеберлік
22. Жетістік –көп жағдайда болатын сәттілік
23. Жетістік – қоршаған ортада Сіздің беделіңіздің мойындалуы
24. Жетістік – жоғары әлеуметтік бедел
25. Жетістік – өзін өзі жүзеге асыру
26. Жетістік – махаббатқа, денсаулыққа сену
27. Жетістік – жоғары идея үшін қызмет ету
28. Жетістік – кәсіпкерлікте өз ісіңнің болуы
29. Жетістік – күтілетін нәтижелерді жүзеге асыру
30. Жетістік – қажетті ортаға түсуге мүмкіндік
31. Жетістік – жоғары жағымды эмоциялық күйде болу
32. Жетістік – танымал болу, өзгелерге маңызды болу
33. Жетістік –өзбетінше, тәуелсіз болу, әрекеттердің еркіндігі

34. Жетістік – өзгелер үшін шешім қабылдау мүмкіндігі
35. Жетістік – жанына жағымды, қызықты жұмыс.
36. Жетістік – еңбектің нәтижесі.

**Нәтижелерді өңдеу.**

Жетістікті экстериоризациялау
Жетістік өмірдің материалдық деңгейі – 4, 17, 20, 29
Жетістік – сәттілік – 3, 13, 23, 31
Жетістік – мойындату – 8, 15, 25, 33
Жетістік – билік – 6, 14, 24, 35

Жетістікті интериоризациялау
Жетістік өзіндік іс-әрекеттің нәтижесі – 5, 12, 22, 30
Жеке жетістік – 11, 18, 26, 27
Жетістік – психикалық күй – 1, 9, 16, 32
Жетістік – кедергілерді жену – 2, 7, 21, 34
Жетістік – қабілеттілік– 10, 19, 28, 36
Әрбір параметр бойынша ұпайлардың саны есептеледі (әрбір параметрдің максимальды бағасы 20 ұпай).

## ҚОСЫМША Д

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІГІНІҢ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

1. «Акме» ұғымының мәні неде «Акмеологияны» қалай түсінесіздер?
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

2. Акмеологияның ғылым ретіндегі дамуына үлес қосқан ғалымдарды атаңыз?________________________________________________________________

3. Акмеология ғылымының негізгі мақсатын қалай тұжырымдауға болады?_________________________________________________________________

__________________________________________________________________________

4. Акмеологияның басқа ғылымдармен өзара байланысын ашып көрсетіңіз.______________________________________________________________
5.

5.«Акмеологиялық орта» деген ұғымды қалай түсінесіз?
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________

6. Кәсіби іс-әрекетті акмеологиялық тұрғыда сипаттаңыз.________________________

__________________________________________________________________________

7. Кәсіби құзырлылықты акмеологиялық категория ретінде қарастыруға бола ма? Неге?_______________________________________________________________

__________________________________________________________________________

8. Оқытушы «акме» жағдайына қандай баспалдақтар арқылы жетеді?______________________________________________________________
__________________________________________________________________________

***Жауабыңызға рахмет!!***

## ҚОСЫМША Е

## Т.И. ИЛЬИНАНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУ МОТИВАЦИЯСЫН ЗЕРДЕЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Осы әдістемені жасау барысында автор басқа да белгілі әдістемелерді пайдаланды. Оның үш шкаласы бар:«Білім жинақтау» (білім жинақтауға ұмтылу, білуге деген ұмтылушылық); «Мамандықты игеру» (кәсіптік білімді игеруге және кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыруға ұмтылу); «Диплом алу» (формальды түрде білім игеру барысында диплом алуға ұмтылу, емтихан және сынақ тапсыру барысында оңай жолдарын іздестіру).

**Жауап беру парағы**

Факультет ……………………. Курс ……… Топ ……… Фамилия…………………Аты …………………… Тегі…………………..
Парақты толтыру мерзімі …………...

**Нұсқау**: Төмендегі пікірлермен келісушілігіңізді «+», немесе келіспеушілігіңізді «-» белгілерімен белгілеңіз.

1. Сабақтардың жағымды ахуалы – еркін пікір айту ахуалы.
2. Әдетте мен тынымсыз жұмыс істеймін.
3. Менің уайымнан және тынымсыз жұмыстан кейін басым сирек ауырады.
4. Менің ойымша, болашақ мамандығыма қажетті бірнеше пәнді өзбетінше оқып-үйрене аламын.
5. Өзіңізге тән қандай қасиеттеріңізді бағалайсыз? ______________________________________________________________________

___________________________________________________________________
6. Мен таңдаған мамандыққа өмірді арнау керек деп ойлаймын.
7. Сабақта қиын проблемаларды қарастырудан қанағаттанатындай сезімде бола аламын.
8. Жоғары оқу орындарында біз жасап жүрген жұмыстардың көпшілігінің мағынасы жоқ.
9. Өзімнің мамандығым туралы әңгімелеу мен үшін үлкен ғанибет.
10. Мен алып жатқн мамандығым бойынша жұмыс істемеуім мүмкін, сондықтан жақсы білім алу үшін ерекше күш салудың қажеті жоқ деп есептеймін.
11. Қазіргі уақытта жоғары білім алудың қажеті жоқ деп есептеймін.
12. Мамандығымды дұрыс таңдағандығыма сенімдімін.
13. Өзіңіздің қандай қасиеттеріңізден аулақ болғыңыз келеді? ______________________________________________________________________

___________________________________________________________________
14. Мен ыңғайлы жағдай болып қалса, емтихан тапсыру барысында қосымша материалдарды қолданамын.
15. Өмірдің ең тәтті кезеңі – жастық уақыт.
16. Менің ұйқым тынышсыз және түнде көп оянамын.

17. Мен мамандықты толық игеру үшін барлық оқу пәндерін бірдей тереңдікте оқып, үйрену керек деп есептеймін.
18. Мүмкіндік болса мен басқа оқу орнына түсер едім.
19. Мен әдетте алдымен барынша жеңіл тапсырмаларды орындаймын, ал күрделілерін кейінге қалдырамын.
20. Мен үшін мамандық таңдау қиынға соқты.
21. Мен кезкелген жағымсыз оқиғалардан кейін уайымсыз ұйықтаймын.
22. Менің мамандығымның мені моральдық және материалдық тұрғыда қанағаттанушылық сезімге бөлейтініне сенімдімін.
23. Менің ойымша, достарым оқуға маған қарағанда анағұрлым қабілетті.
24. Мен үшін магистратураны бітіріп, диплом алу ең маңызды мәселе.
25. Практикалық тұрғыдан ойлап қарайтын болсақ осы оқу орны мен үшін өте ыңғайлы.
26. Әкімшіліктің ескертуінсіз ақ оқуға менің күш қайратым жеткілікті.
27. Мен үшін өзімнің өмірім әрқашанда қандай да бір тынымсыз еңбекпен байланысты.
28. Емтиханды көп күш салмай-ақ тапсыруға болады.
29. Қызығушылықпен оқуға болатын жоғары оқу орындары бар деп ойлаймын.
30. Қандай қасиетіңіз оқуға сізге кедергі жасайды? ____________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
31. Мен әр түрлі іспен қызығушылықпен айналысамын, бірақ оның барлығы өзімнің мамандығыма тікелей байланысты.
32. Өз уақытында тапсырылмаған емтихан немесе орындалмаған жұмыс маған ұйқы бермейді.
33. Магистратураны бітіргеннен кейін жоғары жалақылы жұмыс істеу мен үшін маңызды емес.
34. Топтың жалпы шешімін қолдау үшін жақсы көңіл –күйде болуым қажет.
35. Мен магистратураға қоғамда беделге ие болу үшін түстім.
36. Мен сабақты емтиханды жақсы тапсыру үшіе емес, кәсіпқой маман болу үшін оқимын.
37. Менің ата-аналарым кәсіпқой мамандар, сондықтан мен оларға ұқсағым келеді.
38. Қызмет бабымен көтерілу үшін де жоғары білімнен кейінгі білім қажет деп ойлаймын.
39. Өзіңіздің қандай қасиеттеріңіз оқуға көмектеседі? ____________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
40. Мамандығыма қатысы жоқ оқу пәндерін оқу маған қиындыққа соғады.
41. Мүмкін болатын сәтсіздіктер мені барынша үрейлендіреді.
42. Менің жақсы оқу үшін мені қызықтыратындай және ынталандыратындай жағдайлар болып тұру керек.
43. Менің ғылым жолындағы бағытым айқын.

44. Менің достарымның барлығы магистратура бітірген, мен де олардан қалғым келмейді.
45. Топты бір нәрсеге сендіру үшін менің қызу жұмыс істеуіме тура келеді.
46. Әдетте менің көңіл-күйім әрқашанда көтеріңкі.
47. Менің таңдаған мамамдығым көңіліме ыңғайлылық, тазалық және жеңілдік сезімін ұялатады.
48. Магистратураға түскенге дейін өз мамандығым жайлы әр түрлі әдебиетті көп оқыдым.
49. Өзімнің мамандығымды маңызды және оның болашағы бар деп санаймын.
50. Мамандығым жайлы менің білімім оны таңдауға жеткілікті болды.

## Нәтижелерді өңдеу және түсіндіру

## Сұрақ-жауап кілті

«Білім жинақтау» шкаласы
- 4-ші пікірмен келісу ( «+» ) – 3,6 ұпай; 17 -ші пікірмен келісу – 3,6 ұпай; по п. 26-ші пікірмен келісу – 2,4 ұпай;
- 28-ші пікірмен келіспеу( «–» ) – 1,2 ұпай; 42-ші пікірмен келісу – 1,8 ұпай.

Максимум – 12,6 ұпай.

«Мамандықты игеру» шкаласы
- 9 -ші пікірмен келісу – 1 балл; 31-ші пікірмен келісу – 2 ұпай; 33 -ші пікірмен келісу – 2 ұпай; 43-ші пікірмен келісу – 3 ұпай; 48-ші пікірмен келісу – 1 ұпай и по п. 49-ші пікірмен келісу – 1 ұпай.

Максимум – 10 ұпай.

«Диплом алу» шкаласы
- 11-ші пікірмен келіспеу – 3,5 ұпай;
- 24-ші пікірмен келіспеу – 2,5 ұпай; 35-ші пікірмен келісу – 1,5 ұпай; 38-ші пікірмен келісу – 1,5 ұпай және 44-ші пікірмен келісу – 1 ұпай.

Максимум – 10 ұпай.

5, 13, 30, 39-шы пікірлер сұрақ-жауаптық мақсатына сәйкес нейтралды, олар өңдеуге жатпайды.

Алғашқы екі шкала бойынша мотивтердің басым болуы магистранттың өзінің болашақ мамандығына қанағаттанарлықпен қарайтынын дәлелдейді.

## ҚОСЫМША Ж

**Фамилиясы, аты-жөні:**__________________________
**Жасы:**_________________ **Мерзімі**______________________

**Шығармашылық әлеуеті мен креативтілікті диагностикалау тесті (Е.И.Рогов бойынша)**

*Сұрақтар сұхбаткердің білуге құмарлықтарының мүмкіншіліктерін, өз-өздеріне деген сенімділіктерін, тұрақтылықты, көру және есту жадымен, тәуелсіздікке деген талпынысын, дерексіздендірілу мен ой жинақтауды диагностикалайды. Бұл көрсеткіштер автордың ойынша, шығармашылық әлеуеттің құрамдасы болып табылады.*

**Тестке нұсқау:** берілген жауап нұсқаларынан біреуін таңданыз.

1. Сізді қоршаған орта жақсаруы мүмкін деп санайсызба?
1. иә;
2. жоқ;
3. иә, тек кейбір жағдайларда.
2. Қоршаған ортаның айтарлықтай өзгеруіне өзіңіз қатыса аламын деп ойлайсызба?
1. иә, көп жағдайларда;
2. жоқ;
3. иә, кейбір жағдайларда.
3. Сіздің кейбір ойларыныз, таңдап алатын қызмет аясында, елеулі табыс әкеледі деп есептейсіз бе?
1. иә;
2. менде ондай ойлар кайдан болсын?
3. елеулі табыс болмасада, аздаған жетістіктер болуы мүмкін.
4. Болашақта өте маңыздырөл ойнап, бір нәрсені негізімен өзгертемін деп санайсызба?
1. иә, сөзсіз;
2. екіталай;
3. мүмкін.
5. Әлденені істеймін деп шешкен кезде, іске асатынына сенімдісізбе?
1. әрине;
2. істей аламынба деген күмән жиі туындайды;
3. сенімсіздіктен көрі, сенімділік басым.
6. Өзіңізге мүлде беймәлім, қазіргі сәтте өзінізге құзырсыз, бір іспен айналысуға ықыласыныз туындайма?
1. иә, әр беймәлім мені қызықтырады;
2. істей аламынба деген күмән жиі туындайды;
3. барлығы істің өзімен мән-жайына байланысты.

7. Сізге бейтаныс бір іспен айналысуға тура келеді. Ол істе мүлтіксіздікке қол жеткізуді қалайсыз ба?
1. иә;
2. не болып шықсада, жақсы;
3. иә, егер бұл қиын болмаса.
8. Егер сіз білмейтін іс ұнаса, сіз ол туралы барлығын білуді қалайсыз ба?
1. иә;
2. жоқ, ең бастысын үйрену қажет;
3. жоқ, мен тек өз құмарлығымды
9. Сіз сәтсіздікке тап болсаныз, ...:
1. біраз уақытқа дейін дұрыс мағынасына қарамастан, алған беттен қайтпайсыз;
2. іске аспайтындығына көз жеткізген соң, бұл іске қол сермейсіз;
3. еңсерілмейтінкедергі екендігіне көз жеткізгенше, өз ісіңізді жалғастыра бересіз.
10. Мамандықты... сүйене отыра тандау керек:
1. өз мүмкіндігін мен келешегіне;
2. тұрақтылыққа, маңыздылыққа, мамандықтын қажеттілігіне;
3. мәртебе мен басымдылықты қамтамасыз етуіне.
11. Саяхаттағанда сіз өтіп кеткен бағдар бойынша жылдам жол таба аласызба?
1. иә;
2. жоқ;
3. иә, егер ол жер ұнап есте қалатындай болса.
12. Әңгімелесуден кейін сіз оның барысында айтылғанның барлығын еске түсіре аласызба?
1. иә;
2. жоқ;
3. маған қызықтының барлығын еске түсіре аламын.
13. Сіз басқа тілдегі сөзді естіп, мағынасын түсінбей-ақ, оны қатесіз буындап қайталай аласызба?
1. иә;
2. жоқ;
3. қайталаймын, тек мүлдем қатесіз емес.
14. Қолыныз бос кезде ... артық көресіз:
1. оңаша қалып, ойланғанды;
2. топпен болуды;
3. жалғызба, топпенбе болу маған бәрі бір.

15. Сіз бір іспен айналысып жүрсіз. Сіз оны тоқтатуға тек қана ... бел байлайсыз:
1. іс бітіп, сізге тамаша орындалғандай көрінгенде;
2. атқарылған іспен азды-көпті ризасыз;
3. іс атқарылған сияқты, бірақ оны бұданда артық орындауға болар еді. Бірақ, қажеті не?
16. Сіз оңаша қалғанда ...:

1. дерексіз болсын, бір нәрселер туралы армандағанды ұнатасыз;
2. қалай да болса, нақты бір істі табуға тырысасыз;
3. анда-санда армандағанды ұнатасыз, бірақ сіздің жумысыныզға қатысты.
17. Сізді бір ой рухтандырған кезде, сіз оны ... ойлайсыз:
1. қай жерде және кіммен болмасын;
2. тек оңашада
3. тек тыныштық бар жерде.
18. Сіз бір ойды қорғаған кезде:
1. егер қарсы пікір білдірушілердің дәлелдері сендірерлік болса, одан бас тартасыз;
2. қандай дәлелдер келтірілседе, өз пікіріңізді ұстанасыз;
3. егер тойтарыс қатты болса, өз ойыңызды өзгертесіз.

**Тест нәтижесін өңдеу және түсіндіру:**

*Тест нәтижесін өңдеу*

Ұпайлар келесі үлгі бойынша есептеледі:
«а» жауабы – 3 ұпай, «б» - 1 ұпай, «в» - 2 ұпай.

*Тест нәтижесін түсіндіру:*

- 48 ден жоғары ұпай саны – мол шығармашылық таңдауға мүмкіндік беретін, сізде айтарлықтай шығармашылық әлеует бар. Егер іс жүзінде өз қабілеттілігіңізді қолдана алсаныз, сізгешығармашылықтың алуан-түрлері қол жетімді болады.
- 18 – 47 ұпай – сізде туындылар жасауға мүмкіншілік тудыратын қасиеттеріңіз бар, бірақ сіздің шығармашылығыңыздың кедергілері де кездеседі. Ең қауіптісі – қорқыныш, әсіресе міндетті түрде жетістікке жетуді бағыттайтын адамдарда. Сәтсіздік үрейі шығармашылықтың негізі - елестету (қиялдау) қабілетін шырмаландырады. Қорқыныш әлеуметтік те болуы мүмкін, қоғамдық айыпталушылықтан қорқу. Жаңа ойлар кенеттік, таң қалу, мойындамаушылық, қоршаған ортаның айыптаушылығы сатыларынан өтеді. Жаңаны айыптауға, басқаларға жат жүріс-тұрысқа, көзқарасқа, сезімдерге шығармашылық белсенділікті шырмаландырады, шығармашыл тұлғаны жояды.

# ҚОСЫМША И

## Холлдың «Эмоциялық интеллект (EQ)

*Нұсқау:*

Төменде өздеріңіздің өмірлеріңізге қатысты болатын жағдайлар ұсынылған. Егер осы жағдаймен келісетін болсаңыз, «+» белгісін жанындағы бағанға қойып шығыңыз.

Толығымен келіспеймін (-3 ұпай).
Негізінен келіспеймін (-2 ұпай).
Келіспеуге болатын шығар (-1 ұпай).
Келісуге болатын шығар (+1 балл).
Негізінен келісемін (+2 ұпай).
Толық келісемін (+3 ұпай).

*Тесттік материал:*

| | **Пікірлер** | **Ұпай (келісу дәрежесі)** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **-3** | **-2** | **-1** | **+1** | **+2** | **+3** |
| 1 | Мен үшін теріс және оң эмоциялар өмір сүру үшін қажетті білім көзі болып табылады. | | | | | | |
| 2 | Теріс эмоциялар менің өмірімде не нәрсені өзгерту керектігін түсінуге көмектеседі. | | | | | | |
| 3 | Маған біреу сырттай басымдылық көрсетсе, мен тыныштықты сақтаймын. | | | | | | |
| 4 | Мен өз сезімдерімнің өзгеріске ұшырағанын бақылау алшамын. | | | | | | |
| 5 | Қажет болған жағдайда, мен тыныштық сақтап, зейінімді шоғырландыра аламын, бұл өмірімнің талаптарына сәйкес әрекет ету үшін керек. | | | | | | |
| 6 | Қажет болғанда, мен кең спектрдегі оң эмоцияларды шақыра аламын, мысалы: көңілді күйді, қуанышты, ішкі көтеріңкі көңіл күйді, әзілді. | | | | | | |
| 7 | Мен өзімнің ішкі көңіл күйімді бақылаймын. | | | | | | |
| 8 | Мені бір нәрсе ренжітсе, мен өз сезімдерімді оңай басқара аламын. | | | | | | |
| 9 | Мен өзге адамдардың проблемасын тыңдауға қабілеттімін. | | | | | | |
| 10 | Мен теріс эмоцияларға мән бермеймін. | | | | | | |
| 11 | Мен басқа адамдардың эмоциялық қажеттіліктеріне сезімталмын. | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Мен басқа адамдарға оларды тыныштадыра алатындай әсер ете аламын. | | | | | | |
| 13 | Мен өзімді қиындықтарға қарсы  қайта-қайта төтеп бере аламын. | | | | | | |
| 14 | Мен өмірлік қиынтықтарға үлкен шығармашылықпен қараймын. | | | | | | |
| 15 | Мен басқа адамдардың көңіл күйіне, ұмтылыстарына, қалауларына дұрыс жауап беремін. | | | | | | |
| 16 | Мен тыныштық, шоғырлану, дайындық  жағдайына оңай өте аламын. | | | | | | |
| 17 | Уақыт болғанда мен өзімнің теріс эмоцияларымды талдап, олардың себептерін анықтауға тырысамын. | | | | | | |
| 18 | Мен аяқ асты болғанреніштен кейін тез тынышталамын. | | | | | | |
| 19 | Шынайы сезімдерімді танып білуім «жақсы көңіл күйді» сақтау үшін маңызды. | | | | | | |
| 20 | Мен басқа адамдардың эмоцияларын жақсы түсінемін, олар анық болмаған жағдайдың өзінде. | | | | | | |
| 21 | Мен адамның бет-әлпетіне қарай эмоцияларды жақсы танып білемін. | | | | | | |
| 22 | Мен қажет болған жағдайда жағымсыз сезімдерімді оңай тоқтата аламын. | | | | | | |
| 23 | Мен қарым-қатынастағы белгілерді жақсы танып оқи аламын. | | | | | | |
| 24 | Адамдар мені басқалардың сезімдері мен сезінулерін жылдам анықтап біледі деп есептейді. | | | | | | |
| 25 | Өздерінің шынайы сезімдерін ұғынатын адамдар өз өмірлерін жақсы басқарады. | | | | | | |
| 26 | Мен басқа адамдардың көңіл-күйін жақсарта аламын. | | | | | | |
| 27 | Адамдар арасында болатын қатынастыр бойынша меннен кеңес алуға болады. | | | | | | |
| 28 | Мен басқа адамдардың эмоцияларына қарай тез өзгере аламын. | | | | | | |
| 29 | Мен өзгелерге өздерінің ұмтылыстарын пайдаланып, жеке мақсаттарына жетуге көмектесемін. | | | | | | |
| 30 | Мен жағымсыз жағдайдан кейін өзімді қолға алып, уайымнан тез шығып кетемін. | | | | | | |

**5 шкала бар:**

«Эмоциялық мағлұматтылық»  - 1, 2, 4, 17, 19, 25 пунктері.

«Өз эмоцияларын басқару» - 3, 7, 8, 10, 18, 30пунктері.

«Өзін-өзі мотивациялау» - 5, 6, 13, 14, 16, 22пункттері.

«Эмпатия» - 9, 11, 20, 21, 23, 28пункттері.

«Басқа адамдардың эмоцияларын басқару» - 12, 15, 24, 26, 27, 29 пункттері.

Әр шкала бойынша (+ немесе -) жауаптары есептелінеді, неғұрлым (+) көп болса, соғұрлым осы шкала бойынша эмоциялық көрініс басым болады. Оның интерпретациясы төмендегідей өлшемдермен анықталынады:

- *14 және одан жоғары — жоғары деңгей;*
- *8–13 — орташа деңгей;*
- *7 және одан төмен - төменгі деңгей.*

Эмоциялық интеллект бойынша интегративті деңгей барлық шкалалардың ұпайлар соммасымен, келесі сандық көрсеткіштермен анықталынады:

- *70 және одан жоғары — жоғары деңгей;*
- *40–69 — орташа деңгей;*
- *39 және одан төмен — төменгі деңгей.*

## ҚОСЫМША К

### Тұлға рефлексиясының даму деңгейін диагностикалау әдістемесі (А.В.Карпов бойынша)

**Нұсқау:**

Сұрақ-жауаптың бірнеше пікірлеріне өз жауаптарыңызды ұсынасыз. Ұсынылған жауаптың нұсқаларына сәйкес тиісті санды қою керек.

1- Мүлдем дұрыс емес.
2- Дұрыс емес.
3- Дұрыс емес сияқты.
4- Білмеймін.
5- Дұрыс сияқты.
6- Дұрыс.
7- Өте дұрыс.

Жауаптарды таңдағанда көп ойланудың қажеті жоқ. Дұрыс немесе дұрыс емес деген жауаптар осы әдістемеде болмайды, тек өзіңіздің қатынасыңызды білдіресіз.

**Пікірлер:**

1. Бір қызық кітапты оқып болған соң, мен өзгелермен бірге талдағанды ұнатамын.6
2. Кенеттен маған біреу сұрақ қойса, ойыма бірінші келген ойды айта саламын.2
3. Біреуге телефонмен хабарласпас бұрын, алдыменен оған не айтатынымды ойланып, жеткіземін.7
4. Бір қателікті жіберген соң, оны ұзаққа дейін ойымнан шығара алмаймын.5
5. Бір нәрсені ойлағанда және біреумен әңгімелесу барысында, осы ойдың немесе әңгімелесудің басталуына қандай ойлар себеп болғанын білу мен үшін қызықты.6
6. Бір қиын тапсырманы орындамас бұрын, сол алдағы қиындықтарды ойламауға тырысамын.2
7. Мен үшін ең бастысы - өз іс-әрекетімнің соңғы нәтижесін көру, ал оған жетудің қадамдары мен үшін маңызды емес. 3
8. Кейде маған басқа адамдардың көңілі толмағанның себебін түсіну қиын. 6
9. Мен өзімді өзге адамның орнына жиі қоямын.4
10. Мен үшін алдағы болатын жұмыстың барысын елестету маңызды. 7
11. Мен үшін маңызды хатты жазу қиынтыққа соғады, егер алдын ала жоспар құрылмаса.3
12. Мен өзімнің сәтсіздіктерімнің себептерін ойлағаннан бұрын, әрекет еткенді дұрыс деп санаймын.7
13. Қымбат затты сатып алу кезінде мен оңай шешім қабылдаймын.1

14. Әдетте мен бір нәрсені ойластырсам, өз ойымда барлық мүмкін нұсқаларды талдап, ойларымды жүзеге асырамын.7

15. Мені өз болашағым ойландырады.5

16. Көп жағдайда ойыма келген бірінші ой арқылы тез әрекет етуге тырысамын.7

17. Кейде мен ойланбастан шешімдер қабылдаймын.1

18. Бір әңгімені аяқтап болған соң, мен ойша сол шешімді талдап, өзім қабылдаған шешімді орындап шығуға тырысамын. 7

19. Егер кикілжін туындаған болса, сол кикілжіңге себеп болған адамды іздегенде өзімнен бастаймын. 3

20. Бір шешім қабылдамас бұрын мен оны әбден ой елегімнен өткіземін.7

21. Кейде қоршаған адамдар менен тиісті қылықты күткен де мен олардың көңілінен шықпағандықтан ұрыс –керіске ұрынамын. 1

22. Бір кісімен әңгімелесуді бастамас бұрын, мен ойша онымен диалог жүргіземін.3

23. Менің сөздерім және қылықтарым үшін басқа адамдардың пікірлері мені ойландырмайды.1

24. Біреуге сын айтпас бұрын, оны ретжітпеу үшін қалай айтуды алдын ала ойластырамын. 4

25. Басқа іспен айналаса отырып, қиын есептің шешімін ойластырып отырамын. 7

26. Біреумен ренжіскенде өзімді көп жағдайда кінәлі сезінбеймін.3

27. Айтқан сөзім үшін көп жағдайда өкінбеймін. 7

**Нәтижелерді өңдеу:**

Ұсынылған 27 пікірлердің 15-сі тура пікірлер (пікірлердің реті: 1, 3,4,5,9,10,11,14,15,18,19,20,22,24,25), ал қалған 12-сі – кері пікірлер. Қорытынды шығарғанда жауаптардың ұпайларын қосып, ортақ жиынтығын шығару керек. Одан кейін шыққан ұпайлардың жиынтығын төменде ұсынылңан кесте арқылы стеналарға ауыстырасыз.

| Стеналар | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тесттік ұпайлар | 80 және одан төмен | 81 – 100 | 101 – 107 | 108 –113 | 114 –122 | 123 –130 | 131 –139 | 140 – 147 | 148 – 156 | 157 – 171 | 172 және одан жоғары |

Нәтижелерді түсіндіру барысында алынған ұпайлар жинағын үш категорияның біреусіне жатқызамыз:

1-категория: 7 тең немесе одан жоғары болса, рефлексиясы өте жоғары дамыған.

2-категория: 4 -7 аралығында болса, орташа дамыған рефлексия.

3- категория: 4-тен төмен болса, төменгі деңгейдегі рефлексия

## ҚОСЫМША Л

### Магистрантардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыруға бағдарланған акме-тренингтік бағдарлама

| Тренингтің тақырыбы: | Тренингтің мақсаты: | Қолданылатын әдістер кешені: | Күтілетін нәтиже | Са-ғат |
|---|---|---|---|---|
| «Өзінің Менін ұғыну» | 1.Жеке ерекшеліктерін диагностикалау, өзі туралы саналы түрде қабылданбаған көзқарастардың көрініс беруі, кері байланысты орнату.<br>2. Өзгермелі әлемдегі өз өмірінің тәжірибесін ұғыну, шығармашылық қабілеттердің қалыптасуына кедергі болатын жеке кедергілерін түсіну. | 1. «Қарлы үйіншік» танысу ойыны.<br>2. «Мен қандаймын және мен қандай болғым келеді?».<br>3. «Сиқырлы магазин» жаттығуы.<br>4. Тренингті аяқтау. «Шеңбер бойынша марапаттау». | Өзін-өзі ұғыну. | 2 |
| «Комданда-лық даму» | 1.Бір бірі туралы түсініктерін кеңейту.<br>2.Белсенді тыңдау, кері байланысты орнату дағдыларына, талдауға үйрету.<br>3.Топтағы үрейлік деңгейін төмендету, жағымды ахуал құру.<br>4. Бір-бірін қолдау нормаларын ендіру. | 1.«Команда – бұл…», команданың тіршілік ету ұстанымдары.<br>2. «Бізді біріктіреді …».<br>3. «Жыртқыштар» ойыны. Жағымды хал-ахуалды құру, үрейлікті төмендету, қимыл-қозғалыс іс-әрекеті арқылы жалпытоптық өзараәрекеттесуді бір-біріне көмек беру нормаларын ендіру.<br>4.Тыңдай білу қабілетін дамыту:<br>– Жоғарыдан | Топтық ынтымақтастықтың қалыптасуы. | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | төмен қарай қарағанда сен не сездің?<br>– Төменнен жоғарыға қарай қарағанда сен не сездің?<br>– Бір деңгейде қарағанда сен не сездің?<br>– Конструктивті әңгімені қандай деңгейде құруға оңай болады?<br>5.Топты біріктіруге арналған «Лабиринт» тапсырмасы.<br>6. Ризашылықты білдіру жаттығуы. | | |
| «Креативтілік туралы пікір қалыптастыру». | 1.Жаңа ұғымдар, бейнелер, идеялар, кодтарды қабылдауға дайындықты қалыптастыру.<br>2.Жағдаятты талдаудың жаңа тәжірибесін қалыптастыру.<br>3.Жеке немесе ұжымдық міндетті шешу варианттарының көптүрлілігін көру қабілеттілігін дамыту.<br>4.Креативті қасиеттерді дамыту: ойлау жылдамдығы, тапқырлық, бақылағыштық, қиял. | Шығармашылық қабілеттерді жұмылдыруға бағытталған жаттығулар. | Креатив-тілікті сезіну. | 2 |
| «Креативтілік туралы пікірді дамыту». | Өзіндегі креативтілікті сезіну және оны дамыту.<br>1. Креативті ортаның сипаттамаларын | «Шатасу» ойыны. Креативті шешімді талап ететін топта проблемалық ситуацияны | Креативті-лікті сезіну. | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұғыну;<br>2. Креативті үдерісті басқару дағдылары мен біліктерін қалыптастыру. | моделдеу. Топтағы идея генераторын, орындаушысын және ұйымдастырушысын анықтауға мүмкіндік береді.<br>«Карусель» ойыны.<br>Позитивті өзін-өзі ашу үшін мүмкіншілік, танысу, өзінің күшті қасиеттерін іздестіру мен ұғыну.<br>«Қызықтыру» ойыны.<br>Реакцияның жылдамдығын жаттықтыру, интеллектуалдық жаттығу.<br>«Стоп кадр» ойыны.<br>Экспрессиядағдыларды дамытады, өмірлік жағдайларға өзінің қатынасымен басқа қырымен карауға мүмкіндік береді. | | |
| «Тұлғалық өсу». | 1. Өз құндылықтары мен ойларын қалыптастыру өзараәрекеттесудің маңыздылығы мен күрделілігі туралы рефлексивті ойлау.<br>2. Жаңа тәжірибені сезіну, өз құндылықтарын ұғыну, бақылағыштық қасиетін дамыту және шығармашылық қиялын ояту. | 1.«Сиқырлы таяқша» сергіту сәті.<br>2. «Адам» ертегісімен таныстыру.<br>3. «Жаңа көзқарас» ойыны.<br>4.«Көзіңді байла» ойыны.<br>5. «Марапаттау» жаттығуы. | Өзінің тұлғалық қасиеттерін ұғыну. | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Кәсіби өсу». | 4. Өзінің кәсіби түрткілерін мен қажеттіліктерін анықтау. Өзіндің санасезім мен өзін-өзі зерттеуін дамыту.<br>5. Өзінің кәсіби біліктерін ұғыну. Өз тұлғасының күшті жақтарын анықтау.<br>6. Өзінің кәсіби қабілеттеріне сенімділігін арттыру мен дамыту. | Өзінің құндылығын ұғындыруға бағытталған жаттығулар.<br>Резюме – бұл білімалушының өзін-өзі тануы мен дамытуының нәтижелерін қорытындылау, өзі, өзінің күшті және әлсіз жақтары туралы пікірлердің трансформациясы, өзін-өзі қабылдау.<br>«Педагог тұлғасы» жаттығуы.<br>«Менің күшті қасиеттерім» жаттығуы. | Өзінің кәсіби қасиеттерін ұғыну. | 2 |
| «Эмпатияны дамыту». | 1. «Эмпатия» ұғымымен танысу.<br>2. Өзінің сезімдері мен сезінулерін ұғыну.<br>3.Психологиялық бақылағыштықты дамыту.<br>4. Партнердің вербалды емес белгілерін «оқу» дағдыларын қалыптастыру.<br>5.Партнердің сезімдерін түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>6.Рефлексия дағдыларын жаттықтыру. | 1. Заттың иесі туралы әңгімелеп беру.<br>2. Жағдаяттарды талдап, сахналау.<br>3. «Сөйлейтін ім-ишаралар».<br>4. «Менің күй жағдайымның түсі».<br>5. Қорытынды рефлексия. | Партнердің жағдайын түсіну. | 2 |
| «Эмпатияны дамыту». | 1. Өзінің сезімдерін ұғыну, өзінің ішкі дауысын тыңдау білігін дамыту. | Болашақ педагогтың эмпатиясын дамытуға бағдарланған | Өзінің ішкі дүниесін де-гі | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2. Өзінің күйін ұғыну мен вербализациялау қабілетін дамыту. | жаттығулар. | күйді сезіну. | |
| «Эмоция лық тұрақты-лықты дамыту». | 1.Өзін-өзі басқару тәсілдеріне үйрену.<br>2. Кәсіби бейімделу барысында болашақ маманның эмоциялық тітіркенуін болдармауға бағдарланған жаттығуларды игеру. | Эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыратын жаттығулар. | Өзін-өзі басқару қабілеті. | 2 |

## ҚОСЫМША М

**«Мамандықтың үздік магистранты»**
**байқауын өткізу туралы**
**Е Р Е Ж Е**

### Негізгі ережелер

1. «**Мамандықтың үздік магистранты**» байқауының негізгі міндеті – шығармашылықпен ізденетін магистранттарды анықтау, магистранттардың кәсіби шеберлігін, дағдысын және теориялық дайындығын жетілдіру (шыңдау).
2. Байқауға қатысушылар өздерінің педагогикадан, психологиядан және әдістемеліктен білімін, жоғары мәдениеттілігін, тәжірибе жүзінде инновациялық технология бойынша жоғары білім деңгейін көрсетуі қажет.

### Байқауға қатысушылар

1. Байқауға өз қалауы бойынша әрбір мамандықтан магистранттар қатысады. Педагогикалық жұмыс өтілі, жасы, санаты шектелмейді.

2. Байқауға қатысу үшін үміткерлер өзін-өзі немесе топтың қалауымен ұсынуына болады.

### Байқаудың мазмұны

1. Байқаудың барысында шығармашылықпен ізденетін магистранттар анықталады.
2. Байқау 2 кезеңнен тұрады. I кезеңде пән бойынша **ашық сабақ** және магистрант **портфолиосын** жинақтап өткізеді. 2 кезеңде магистранттардың қорытынды сайысы ұйымдастырылады.
I кезең бойынша қатысушылар өзі таңдаған тақырыпта өзінің тобында ашық сабақ өткізеді. Магистрант портфолиосын жинақтап конкурстық комиссияға өткізеді.
3. Байқауға қатысушы магистранттардың пән бойынша беретін ашық сабағы төмендегідей өлшемдер бойынша бағаланады:

- өз пәнін жетік білуі, эрудициясы;
- педагогикалық және әдістемелік шеберлігі;
- оқытудың қазіргі технологиясын пайдалануы;
- шешендік шеберлігі;
- сабақтың мақсатын таңдау негіздемесі және технологиясы;
- дамыта оқытуға бағыттауы.

Қорытынды сайыс 4 турдан тұрады:

1. Өзін-өзі таныстыру (визит картасы, 3-5 мин).
2. Ұстаз шеберлігі – ұлылық негізі (Пед. ситуациядан шығу 7-10 мин).
3. Шешендік өнер (берілген тақырыпты қорғау)
4. Өз өнерін көрсету(10 мин).

## Байқауды ұйымдастыру және бағалау

Байқауды жүргізу үшін ұйымдастыру комитеті мен әділқазылар алқасы ұйымдастырылады. «**Мамандықтың үздік магистранты**» байқауының жеңімпаздары сыйлықтармен марапатталады.

## Әділқазылар алқасы

1. Әділқазылар байқауға қатысушылардың өткізген ашық сабақтары мен портфолиосын бағалайды.
2. Әділқазылар байқауға қатысушылардың кәсіптік шеберлігін, шешетін мәселенің маңыздылығын, дәйектілігін, эрудициясын, идеясын бағалайды.

## Ұйымдастыру комитетінің құрамы

1. Тұрғынбаева Б.А.- п.ғ.д., профессор
2. Бекжанова Б.Ж. – «Педагогика және психология» мамандығының докторанты

## Әділқазылар алқасының құрамы

1. Тұрғынбаева Б.А.- п.ғ.д., профессор
2. Манкеш А.Е. - п.ғ.д., профессор
3. Жундыбаева Т. – п.ғ.к., доцент
4. Елкеева А.Б. - п.ғ.к., доцент
5. Базарбекова Р.Ж. - п.ғ. к., доцент

## Байқауға қатысу

«Мамандықтың үздік магистранты» байқауына қатысушылар ұйымдастыру комитетіне төмендегі құжаттарды **20.02.2014** ж. дейін түсіруі сұралады.
«Мамандықтың үздік магистранты» байқауының І кезеңі **24-28 ақпан** аралығында,
ІІ кезең **5 наурызда** өтеді.

1. **Өтініш** (оқу орнынан байқауға қатысатын магистранттың аты-жөні, туған жылы, білімі, мамандығы, хоббиі (айналысатын әуесі, өнері).

**«Мамандықтың үздік магистранты» сайысына қатысушы сайыскерлердің өткізілетін ашық сабақтарының тізімі**

**24 – 28 ақпан аралығы**

| Фамилиясы, аты - жөні | мамандығы | Пәні | Тақырыбы | Күні, уақыты |
|---|---|---|---|---|
| Турумбетова Бағила Өмірқызы | Педагогика және психология | Ынтымақтастық педагогикасы | Ынтымақтастық педагогикасына үлес қосқан шетелдік педагогтар. Монтэссори және Штеинер теориялары | 24 ақпан сағ 9 -00 ауд 411 |
| Абдишова Акнур Мерекебаевна | Педагогика және психология | Психологиялық жағымды орта қалыптастыру | Білім беру ортасында кездесетін қауіп-қатерлер | 24 ақпан сағ 11-00 |
| Жұмабаева Жазира Аманжолқызы | БОПӘ | Ғылым мен бастауыш білимнің өзекті мәселелері | Бастауыш окыту педагогикасы саласында ғылыми білім берудің заманауи әдістері | 25 ақпан сағ 9-00 |
| Ауезова Айжан Абилдаевна | Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу | Мектепке дейінгі білім берудің теориялық – әдіснамалық аспектілері | Бала және социум | 26 ақпан сағ 8-00 |
| Мачалкина Марина Александровна | ДОиВ | Методологические аспекты подготовки детей к школе | Психологические готовности к обучению в школе | 27 ақпан сағ 8-00 |
| Ертуғанұлы Жанұзақ | БОПӘ | Жоғарғы білім беру жүйесінде педагог ғалымнын этикасы | Карым-катынас психологиясы | 27 ақпан сағ 11-00 |